Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 821.512.0(043) Қолжазба құқығында

ЖАЛҒАСБАЕВА КАНАГАТ БАЙМУРАТОВНА

Түркі халықтар айтысының трансформациялануы

«8D02304 – Әдебиеттану»
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Даутова Г.Р., PhD
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Prof.Dr. Gıyasettin Aytaş
Гази университеті
(Анкара, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР 3
КІРІСПЕ 5
1 АЙТЫС ЖАНРЫНЫҢ ЖИНАЛУЫ, ЖАРИЯЛАНУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ
1.1Түркі халықтары айтысының зерттелу тарихы 10
1.2Түркі айтыстарының жанрлық классификациясы 21
1.3 Түркі халық айтыстарының типологиясы 35

2 АЙТЫСТЫҢ ЗАМАНАУИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ
2.1 Интернет фольклордағы айтыстың көрінісі 75
2.2 Айтыстың уақыт талабына сай трансформациялануы 109

ҚОРЫТЫНДЫ 135
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР 138
ҚОСЫМША

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі ұғымдарға сәйкес анықтамалар қолданылған:

Архитектоника – грек тілінен аударғанда біртұтас, бүтіндік дегенді білдіреді. Әдеби шығарманың біртұтастығы, бүтіндігі, басты құрамдары мен жеке бөліктерінің сәйкестігі, үйлесімділігі. Архитектоника шығарманың құрылыс бітімінің негізінен тұтастығы, бүтіндігі, құранды бөліктерінің жарасым, үйлесім табуы.

Атышма – мұнда басты мақсат көрерменді қызықтыру болып табылады. Жыраулардың бірін-бірі жеңуі, тығырыққа тіреуі маңызды емес. Жырлы сөздерімен қарсыласынан жоғары көрінуге тырысады, жыр жолдарында тар аяқ сияқты поэзияның қиын элементтері қолданылмайды

Баделіктер (Баде сусын ішкендер) (Бәде ішу – Бута алу) - бәделік жыраулар түсінде Қызырдың қолынан баде сусын ішіп, содан кейін толқып, халық жырын шырқап, дәл осы сәттен бастап саз ойнаған.

Бадесіздер және шебердің жанында болмағандар - Бұл ақын-ашық жыраулар – оқыған өлеңдерінің әсерінен өлең жазуға тырысатындар.

Бәдік айту - магиялық ғұрып. Бәдік атауының түп-төркіні парсының «бадхох» «бадху» деген сөзінен шыққан. Бәдік термині, кейбір зертеушілерге сүйенетін болсақ «бәд» түбірінен шыққан.

Дейішме - бұл екі немесе одан да көп жыраудың кез келген тақырыпта өлең жолдарымен сөйлесуі. Дейішмеде жеңу, балағаттау, тығырыққа тіреу жоқ. Сезім, пікір, сенім, жағдай, қабылдау мен көзқарастарды ашу өте маңызды

Дилдөнмез-дилтепренмез герайлы - бұл сегіз буын мен «л, р» үнсіз дауыссыз дыбыстарын қолдану арқылы айтысатын айтыстың түрі болған.

Дилдөнмез тежнис – айтылуы қиын сөздерді қолданып, өзара айтысу түрі.

Докундурма – классикалық түрік әдебиетінде теріс пайдалану (қорлау) айтысына жақын түрі.

Дудакдегмез – б, п, м, ф, в дауыссыз дыбыстарын қолданбай, айтысу түрі. Айтыс барысында ақындар екі еріннің арасына ине салып қойып айтысады. Егер жоғарыда айтылған дыбыстарды қолданса, ине еріндеріне кіріп, еріні қанаған ақын жеңілген болып саналады.

Интернет айтыс – қазіргі технологияның даму тетіктеріне байланысты айтыстың желіде орындалуы.

Интернет фольклор (е-фольклор) – фольклорлық шығармалардың интернетте мультимедиялық, әлеуметтік желілерде жариялануы.

Каршылашма - кем дегенде екі ақынның тыңдаушының көңілін көтеру немесе бір-бірінен артықшылығын көрсету мақсатында белгілі бір заңдылық аясында өлеңмен жарысуы.

Менталитет – адамдардың жекелік және қоғамдық санасының ерекшелігі, олардың әлеуметтік орта, ұлттық дәстүр және тағы басқа арқылы

көрінетін өмірлік ұстанымы, мәдениеті өзін-өзі ұстау үлгісі, ойлау қалпы, ділі, танымы.

Модификация – қайта өзгерту, кейбір бөліктердің, элементтердің, белгілердің, заттың қасиетінің өзгеруі, оның басқа сапалы жағдайға ауысуын қарастыратын өзгеріс түрі.

Муамма (баглама) - формасы жағынан жұмбақ айтысына ұқсас айтыстың түрі.

Синкретизм – мәдени шығармашылық түрлерінің, яғни өнердегі тек пен түр, жанрлардың және олардың жанрлық түрлернің әу баста бөлінбей, бірлікте болғанын білдіреді.

Сесен – башқұрт ауызекі поэзиясында өлеңді шығарушы әрі айтып таратушы, қазақша баламасы – ақын, жырау.

Трансформация – өзгерту, айналдыру, айналу. Бір нәрсенің өзгеріп, басқа бір нәрсеге айналуы, жаңа қасиетке ие болуы.

Типология – қазіргі ғылыми әдебиетте зерттеу нысандарын жалпылама үлгі көмегімен талдау, сұрыптау және жинақтау әдістері мен тәсілдері.

Фоника – көркем сөздің дыбыстық ұйымы. Сонымен қатар оны зерттейтін поэтика саласы.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Түркі өркениеті – әлемдегі сансыз уақыт пен кеңістіктен құралған тарихи-мәдени маңызы бар арналардың бірі. Ортақ поэтикалық тұтастық пен көркемдік даму заңдылықтарын жаңа уақыт пен кеңістікке бейімдеп, рухани құндылықтарды бір-бірімен ұштастыра зерделеу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Ортақ әдеби танымдық құндылықтарға сай асыл мұраларды зерттеудің маңызы зор. Сондай асыл қазынаның бірі – айтыс. Айтыстың рухани кеңістігімізден алатын орны айрықша. Кешеден бүгінге дейін түркілік менталитетті сақтай отырып, сан алуан тарихи кезеңді өткеріп жеткен айтыстың трансформациялануы – заман талабы. Ұлттық өнерді туыстас халықтар мәдениеті мен эстетикалық таным тұрғысынан бірлікте қарау шарт. Бір кездегі ортақ ментальдік кеңістіктен өріс алған айтыс өнерінің трансформациялануы, жаңаша сипат алуы – зерттеуді қажет ететін құбылыс. Осы орайда, ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2023 жылдың 3 қарашасында Түркі мемлекеттері ұйымының X саммитінде сөйлеген сөзінде: «Қазақстанның бастамасымен құрылған Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі қазір толыққанды беделді халықаралық ұйымға айналды. «Түркі әлемінің келешегі – 2040» атты құжат бекітілді. Ең бастысы, бауырлас елдердің бірлігін бекемдей түстік. Ортақ құндылықтарымызды төрткүл дүниеге таныттық. Біз бабалар өсиетін орындап, түркі елдерінің ынтымағын нығайтып келеміз. Ендігі мақсат – өзара сенімге және бауырластыққа негізделген бірлігімізді сақтап, өскелең ұрпаққа табыстау.Түркі әлемі жаһандық ықпалы бар елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас жасап отыр. Басқа мемлекеттер біздің ұйымның ұстанымдарына баса мән беретін болды. Сондықтан, түркі халықтарының ықпалдастығын арттыра түсу – бәрімізге ортақ міндет» [1] - деген сөзін алға тарта отырып, ұлттық мүддемізге сай келетін, түркі дүниесіне ортақ өнер туындыларын зерттеуді басты назарда ұстанып отырмыз. Түркі әлемінің концептуалды бейнесін жасап отырған айтыс өнерінің кешегі қалыптасқан түрлері мен уақытқа бейімделген трансформцияланған үлгілерін қарастыру – аса маңызды мәселе. Байырғы ата-тектік негіздерін сақтаған суырыпсалмалық саф өнерді түркі тектес халықтар арасында сабақтастықта, тарихи үндестікте сөз етеміз.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Түркі халықтарына ортақ мұра айтыс өнерінің кешегі өткені мен бүгінгі күнге жеткен нұсқалары бойынша ортақ сипаттары мен дара ерекшеліктерін қарастыру зерттеу нысанына алып отырған жанрдың қыры мен сырын аша түсері анық. Қуантатын бір жағдай туыстас елдер егемендігін алған сәттен бастап, бауырлас елдердің экономикалық, саяси және мәдени, рухани мұра тұрғысынан қарым-қатынасы нығая түсті. Айтыс түрлі салтанатты жиындарда, мереке күндерінде ұйымдастырылып, халық назарына ұсынылып келеді. Үнемі халықтың көңілінен шығып, халықты сағаттап, тапжылмастан тыңдата алатын дәрежеге жетті. Қазіргі таңда айтысты интернет фольклорында (е-фольклорында) және кез келген уақытта көруге мүмкіндік мол. Соның арқасында айтыстың

аудиториясы кеңейіп, асыл мұрамыз күннен күнге жаңғыруда.

Айтыс табиғаты мен оның түркілік рухани кеңістіктен алатын орнын зерделеу – зерттеу жұмысының өзекті мәселесінің бірі. Сондықтан айтыс өнерін бауырлас халықтар шығармашылығымен бірлікте қарастыруды басты нысанға алып отырмыз.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Түркі халықтар айтысының түрлері және оның трансформациялануын, интернет фольклорындағы айтыс жанрының өзіндік ерекшелігін анықтау.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- айтыстың жиналуы, жариялануы, қалыптасуы, дамуы, зерттелуі туралы осы кезге дейін жарық көрген еңбектерді саралау;
- түркі халықтарындағы айтыс дәстүріне назар аудара отырып қырғыз, қарақалпақ, түрік, башқұрт, әзербайжан, өзбек халықтарының айтыстарымен салыстырып, пайымдаулар жасау;
- жазба айтыс өнерінің кешегі қалыптасқан түрлері мен уақытқа бейімделген трансформацияланған формаларын салыстыру;
- интернет айтыстың алатын орны мен танымдық-тағылымдық сипатына ғылыми тұжырым жасау;
- айтыстың өзгеріске ұшырау деңгейін анықтау;
- желіде таралған айтыс түрлерін зерттей отырып, «интернет айтыс» ұғымын айналымға енгізу;

Зерттеу нысаны. Түркі халықтары, атап айтқанда қазақ, қырғыз, түрік, әзербайжан, башқұрт, қарақалпақ, өзбек, татар халықтарының айтыс жанрының типологиясы, трансформациялануы.

Зерттеудің жұмысының әдістері. Диссертациялық жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес салыстырмалы-тарихи, тарихи-генетикалық, типологиялық, жүйелі функционалды әдістер қолданылды.

Зерттеу жұмысының теориялық (әдіснамалық) негізі. Түркі халықтарында айтыс XIX ғасырдың II жартысынан бері жинақталып, содан бері жүйелі түрде жинақ болып, жарияланып келеді. 1942 жылы «Айтыс» топтамаларының жинақ; 1965-1966 жж. үштомдық жинақ; 1988 екі томдығы; 2014 жылы жинақталып шыққан «Қазақ өнерінің антологиясы. Айтыс» жеті томдық жинағы айқын дәлел. Әзербайжанда 1935 жылы «Aşıqlar» және «El şairləri» жинақтары; 1936, 1937, 1938, 1970 жылдары «Aşıqlar» жинағы; 1980 жылдан бері қарай «Bayatılar», «Azərbaycan aşıq ədəbiyatı», «Azərbaycan aşıq şer şəkilləri və qaynaqları», «Aşıq deyişmələri» жинақтары жарық көрсе, қарақалпақ халқында «Қарақалпақ фольклоры. Айтыстар» екі томдық жинағы, қырғыз халқында «Айтыштар» екі томдық жинағы, «Залкар акындар» жеті томдық жинағы; башқұрттардың «Башҡорт халыҡ ижады. Йола фольклоры» екі томдық жинағы. Осы аталған еңбектер айтыстың жандануына орасан зор үлес қосып келеді.

Айтысты ғылыми айналымға түсірген Шоқаннан бастап Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Сәкен Сейфоллаұлы, Ілияс Жансүгіруұлы, Сәбит Мұқанов, Мәлік Ғабдуллин,

Мырзабек Дүйсеновтерден кейінгі кезеңде Ш. Нұрмағамбетұлы, Т. Сейдалин, С. Жантөрин, Ж. Шайхысламов, С. Бегалин, Ш. Сарыбаев, Р. Бердібай, Қ. Сыдиқов, Ә. Қоңыратбаев, З. Ахметов, М. Қаратаев, З. Қабдолов және тағы басқа да ғалымдар ат салысты. Сондай-ақ бірнеше докторлық және кандидаттық диссертацияларды атауға болады.

Айтыстың сан алуан үлгілерін орыс зерттеушісі В.В. Радлов жинап, жарыққа шығарса, құнды ой мен деректер ұсынған А.Н. Веселевский, А.Васильев, А. Левшин, Л.Я. Штернберг, А.Янушкевич, Н.П. Дыренкова, В.М. Жирмунский, М. Богдановалар болса, түркі ғалымдары мен зерттеушілері Б. Маленов, Ж. Таштемиров, Б. Кебекова, А. Обозканов, М.К.Көлбаева, У. Гүнай, М.Ф. Көпрүлү, А. Оғузжан, Ө. Сарач, Е. Арслан, Х.Диздароғлу, Е. Артун, Д. Қайа, Б. Алптекин, М. Өзарслан, М.А. Өздер, М.Йардымджы, С. Сакаоғлу, Х. Саргин, А. Нәбиев, М. Қасымлы, М.Аллаһманлы, А. Мәммәдлип, М. Низаматдийинов, М. Баишев, М. Куватов, М. Уметбаев, С.Х. Габитов, Р. Султангереева, Б.С. Байымов, А.Н. Киреев, Ғ.Бүләкова, З. Р. Әминева, М. Боранқұлов, З.Р. Отарбаева сынды зерттеуші ғалымдардың еңбегі басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері. Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы, Алматы қаласы Ұлттық кітапхана қорлары, Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әдебиет және өнер бөлімінің кітап қорлары, ғылыми кітапханасы пайдаланылды. Әлемдік зерттеулер мен ғылым қоры Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Әзербайжан, Қарақалпақстан, Башқұртстан мемлекеттеріндегі кітапхана қоры мен ғылыми орталықтарының материалдары негіз болды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасы саналатын айтыс өнерінің трансформациялану үдерісі мен қазіргі заманғы қоғамда алатын орны туралы кешенді талдау жасау арқылы айқындалды. Осы реттегі зерттеудің басты ғылыми жаңалықтары:

– айтыс өнерінің түркі тілдес елдер арасындағы ортақ мұра ретінде жинақталуы, жариялануы және дамуының қыр-сырлары ашылып, жанрдың поэтикалық, әлеуметтік және мәдени рөлі анықталды;

– түркі халықтарының, атап айтқанда қырғыз, қарақалпақ, түрік, башқұрт, әзербайжан және өзбек халықтарының айтыс дәстүрімен қазақ айтысын салыстыра отырып, мәдениеттер арасындағы ортақтықтар мен ерекшеліктерді терең пайымдалды;

– жаңа заман талабына сай айтыстың интернет-фольклордағы (е-фольклордағы) ерекшеліктері қарастырылып, оның дәстүрлі және жазба түрлерімен салыстырылды. Айтыстың кеңеюі мен көпшілікке қолжетімді болуы оның танымалдылығын арттырады;

– интернет айтыс құбылысы жан-жақты зерттеліп, оның танымдық және тағылымдық рөлі анықталды. Соның нәтижесінде, қазіргі цифрлық дәуірдегі айтыстың рөлі мен таралуындағы жаңа бағыттарға ғылыми тұжырым жасалды;

– айтыстың өзгеріске ұшырау деңгейін жүйелі түрде зерттеу арқылы оның заманауи формаларының қоғамдағы орны анықталды;

– айтыстың интернетте таралуы, «интернет айтыс» ұғымының енгізілуі және оның жанрлық өзгешелігі айтыс өнерінің заманға бейімделген жаңа деңгейін көрсетті.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Зерттеу барысында айтыс өнерінің түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасы ретіндегі трансформациялану үдерісі жан-жақты қарастырылып, оның тарихи, поэтикалық, әлеуметтік және мәдени аспектілері ғылыми тұрғыдан негізделді. Түркі тілдес елдер айтыстарының ерекшеліктерін салыстырмалы түрде зерттеу мәдениеттер арасындағы байланыстың тереңдігін көрсетіп, айтыстың түркі дүниесіндегі мәдени интеграция мен ұлттық бірегейлікті сақтауындағы рөлін түсінуге мүмкіндік берді. Гуманитарлық ғылым салалары үшін зерттеу нәтижесі дереккөз ретінде құндылыққа ие. Жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына арналған «Айтыс өнер мектебі», «Айтыстану», «Фольклор» атты таңдау курстарының дәріс сабақтары мен практикалық сабақтарға көмекші құрал бола алады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі нәтижелер мен тұжырымдар.

Диссертацияда айтыс жанрының тарихи қалыптасу ерекшеліктері мен қазіргі уақыттағы жаңаша формаларын қарастыра отырып, бірнеше маңызды ғылыми нәтижелер ұсынылады:

– түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасы ретінде айтыс өнерінің тарихи қалыптасуынан қазіргі заманға дейінгі трансформациялану үдерісі жан-жақты зерттелді. Айтыстың түркі тілдес елдер арасында жинақталуы, жариялануы және дамуының қыр-сыры ашылып, оның поэтикалық, әлеуметтік және мәдени рөлі жүйеленді;

– түркі халықтарының, атап айтқанда, қырғыз, қарақалпақ, түрік, башқұрт, әзербайжан және өзбек айтыс дәстүрлері мен қазақ айтысы жан-жақты салыстырылып, мәдениеттер арасындағы ортақтықтар мен ерекшеліктер терең талданды. Бұл дәстүрлердің тарихи тамыры мен ұлттық ерекшеліктеріне негізделген ұқсастықтары мен айырмашылықтары нақтыланды;

– айтыс өнерінің интернет-фольклордағы (е-фольклор) ерекшеліктері алғаш рет ғылыми түрде қарастырылып, оның дәстүрлі және жазба айтыс формаларымен байланысы анықталды. Айтыстың интернет арқылы кеңеюі оның танымалдылығы мен қоғамға ықпалын арттыратыны дәлелденді;

– «Интернет айтыс» құбылысы жанрлық ерекшеліктерімен бірге зерделеніп, оның цифрлық дәуірдегі танымдық және тағылымдық рөлі айқындалды. Бұл айтыстың жаңа аудиторияларға бейімделуі мен кең таралуын қамтамасыз ететін инновациялық қырын көрсетті;

– айтыстың заманауи формаларының өзгеру деңгейі жүйелі түрде зерттеліп, оның қазіргі қоғамдағы мәдени және әлеуметтік орнына ғылыми баға берілді.

– зерттеу барысында айтыс өнерінің заман талабына сәйкес бейімделу

ерекшеліктері анықталып, айтыстың интернет кеңістігінде таралуына байланысты енгізілген жаңа ұғымдар мен концепциялар, әсіресе «интернет айтыс» ұғымы ғылыми айналымға енгізілді.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен сыннан (апробациясы) өтуі. Зерттеу жұмысының тақырыбына сай 7 (жеті) ғылыми еңбек жарияланған, оның ішінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 3 мақала. 1. Жамбылдың ақындық әлемі // Ғылыми журнал Керуен. 2021ж.Том 73. №4. 2. Айтыс өнеріндегі қазақ ақын қыздарының алар орны // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023ж. №3. – 105 б. 3. «Серілер салтанаты» хореографиялық қойылымдағы ұлттық-әдеби көріністің бейнеленуі // Ғылыми журнал Керуен. 2023ж. №3. Том 80. 210 б.

Халықаралық конференциясы материалдарының жинақтарында – 2 мақала. 1.Қазақ айтысын қастерлеген данышпан жазушы М.Әуезов // «Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Алматы, 2022. – 70-74 бб. 2. Қазақ халқының жыраулық поэзия дәстүрі // «Едіге Тұрсыновтың ғылыми мұрасы қазіргі гуманитарлық ғылымдардың әдіснамалық контексінде» атты Е.Д.Тұрсыновтың туғанына 80 – жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2023. – 393-398 бб.

Халықаралық сипозиум жинағында – 1 мақала. Түркі халықтарындағы бәдік айтысы // Халықаралық түркі әлемін зерттеу симпозиумының материалдары. Алматы, 2023. – 483-492 бб.

Web of Science дерекқорына кіретін «Milli Folklor» (Cilt:18 Sayı: 143, 15.09.2024) журналында – 1 ғылыми мақала. Development of internet aitys in Kazaknstan // International Journal of Society, Milli Folklor. – 2024. – 15 September. Volum 18 – p. 99 – 110. жарық көрген.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация құрылымы кіріспеден, негізгі тұжырымдарды талдауға арналған екі тараудан және қорытындыдан тұрады. Зерттеу жұмысының соңында диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымша берілген.

1 АЙТЫС ЖАНРЫНЫҢ ЖИНАЛУЫ, ЖАРИЯЛАНУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ

1.1 Түркі халықтары айтысының зерттелу тарихы

Қазақ елінің түркі халықтарымен жақындасып, әдебиет пен өнер саласында өзара байланыстарының арқасында тамыры тереңге жайылды. Түркі елдерінің тарихи өнері мен әдебиетіндегі көптеген мәселелер назарға алынды. Түркі дүниесі әлемге өзіндік тарихы бар төл өнерлерін мойындатып, өнер шоқтығын танытты. Соның бірі – айтыс өнері.

Айтыс – түркі халықтарының ауызекі өнерінің бір түрі. Айтыс импровизаторлық, суырыпсалма синкреттік өнер болумен қатар, айтыста әлеуметтік өмір салты, қалыптасу кезеңі айқындалады. Сан ғасырлық әлеуметтік маңызы бар төл өнеріміз түркі халықтарымен бірге жасасып келеді.

Халқымыздың тағдыр талайымен біте қайнасып, алмағайып заманның өзінде өлмей жеткен айтыс өнері түркі ғұмырында аса жоғары маңызға ие болып келеді. Оның сыры айтыстың өзіне ғана тән ерекше сипаттарында жатқаны анық. Бұл орайда айтысты өзге өнер түрлерінен даралайтын бірегей ерекшелігі ретінде ақындардың импровизаторлық қабілеттілігі басты орында тұратындығы айқын. Түркі әлемінде сара сөзді айтыс ақындары мазмұны мен мәні келіскен сөз түйінін дем арасында түйдектете өлеңге айналдыра салады. Ақындар ауыздан шыққан әр сөзіне, әр тармағы мен шумағына салмақты мән жүктеп, саралап отырады. Бір-біріне қайырыла жауап берген кездерінде өмірдің алуан-алуан түйткілдерін бейнелі шындыққа айналдыра жеткізу – әлемдік деңгейдегі халықтың ешбір өнерінде кездеспейтін жеке дара өнер.

Түркі халықтарының ішінде қазақ, қырғыз, қарақалпақтар өлеңмен қабыса жаралғанын, табанасты өлеңді суырып салып айтып жіберу күні бүгінге дейін жалғасып, өлең-жырмен сусындаған ортадағы айтыс ақынының қандай болуы қажеттігі тіпті айқындала түспек. Яғни, айтыс ақыны сөз қадірін ұлықтаған жалпы жұрттан қабылет-дарыны жағынан әлдеқайда жоғары тұруы тиіс екені айтпаса да белгілі. Аталған деңгейге жету үшін оның бойында ақындық қасиетпен бірге ой ұшқырлығы, толассыз білім, жоғары талғам, мейлінше кең дүниетанымды қамтитын мәдени-рухани кеңістік болуы шарт. Осы аталған кабылеттер қабысып жатқанда ғана айтыс ақынының сөзі ел көңілінен шығып, ой-санасын сәулелендірері анық. Айтыс ақыны елдің көкейіндегі ойды ортаға салып қоюмен ғана шектелмей, сол елдің жүгін көтерер қара нарына айналуы қажет.

Жұмысымызда түркі әлеміндегі айтыстың синкерттілігі уақыт пен қоғамның сұранысына қарай трансформациялық өзгеріске түсуі және түркі халықтарында айтыстың алатын орнын жүйелі түрде талдау жасадық. Аталмыш мәселелер ақындар шығармашылығындағы тақырып ортақтығы, суырыпсалмалық шеберлігі, қоғамдық маңызы мен әлеуметтік мәні тұрғысынан сараланды.

Фольклор – қыры мен сыры өзгешелігімен ерекше. XIX ғасырдан бері зерттеу нысаны күрделеніп, ғылыми негізі, қамту аумағы кеңи түсті. XIX

ғасырдағы зерттеушілер жазбасынан айтыс үлгілері туралы алғашқы пікірлерді кездестіреміз. Атап айтсақ, Ш. Уәлихановтың «Таңдамалы» шығармалар жинағы [2], В.В. Радлов «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири Джунгарской степи» [3] деген зерттеуінде бағзыдан келе жатқан қазақтардың от ауызды, орақ тілді шешен екендігін тамсана айтады. Әр қазақтың дастарқан басында ауызекі сөйлеген сөзінің өзі өлең болып төгіліп тұрады. Әр сөзді жеткізудің де өзіндік шеберлігі бар деп, шебер сөйлей білу қабілетін айрықша бағалайды. Сондай-ақ академик В.В. Радловтың «Жұмбақ», «Жар-жар», «Ұлбике мен Күдері қожа», «Мәнек пен Опан қыз», «Болы-Толық пен Әзілкеш», «Жанақ пен бала» жыр-айтыстарын ерекше атап өтуге болады. «Тарту» жинағы [4], М.Ж. Көпейдің «Қазақ фольклоры: ауыз әдебиеті үлгілері» [5], зерттеуші А. Янушкевичтің «Дневники и письма из путешествия» [6], Н. Рычковтың күнделіктерінде «Капитан Николай Рычковтың 1771 жылы қырғыз-қайсақ даласына жасаған саяхатының күнделігі» [7] еңбектеріндегі айтыс өнеріне қатысты ой-пікірлер күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Маңызы бар жырлар мен дастандар, айтыстар жеке кітап болып, қатталып жарияланып отырды.

Бұдан кейінгі айтыстың жиналу, зерттелу деңгейі С. Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдеби қолжазбалары» [8] , Е. Ысмайыловтың «Ақындар» [9], еңбектерінде сонымен қатар А.Байтұрсынұлы «Шығармаларынан» [10], Х. Досмұхамедұлының «Аламанынан» [11] бастау алған айтыс Кеңес кезеңінің алғашқы жылдарында қарқын алды. М. Әуезов «Айтыс өлеңдері» [12], «Совет ақындарының айтысы» [13] пен С. Мұқановтың «Айтыстар туралы» [14] ғылыми пікірлерімен толысып, содан бері І. Жансүгіровтен кейін Ш. Нұрмағамбетұлы, Т. Сейдалин, С. Жантөрин, Ж. Шайхысламов, С. Бегалин, Ш. Сарыбаев, Р. Бердібай, Қ. Сыдиқов, Ә. Қоңыратбаев, З. Ахметов, М. Қаратаев, З. Қабдолов, С. Қасқабасов, М. Жармұхамедов, Е. Тұрсынов, Т. Тебегенов және тағы басқа зерттеушілердің еңбектерінде сөз өнерінің табиғаты, идеялық көркемдік ерекшелігі сөз етілді.

Орыс зерттеушісі В.В. Радлов жинап, жарыққа шығарса, құнды ой мен деректер ұсынған А.Н. Веселевский, А. Васильев, А. Левшин, Л.Я. Штернберг, А. Янушкевич, Н.П. Дыренкова, В.М. Жирмунский, М. Богдановалар болса, түркі ғалымдары мен зерттеушілері Б. Маленов, М. Кушмаков, Ж. Таштемиров, П. Ирисов, Б. Кебекова, А. Обозканов, М.К. Көлбаева, Ұ. Гүнай, М. Бали, И. Башгөз, М.Ф. Көпрұлү, А. Турдугулов, А. Оғузжан, Ө. Сарач, Е. Чапраз, М. Еке, Ш. Елчин, Е. Арслан, Х. Диздароғлу, Н.И.Танрыкулу, Х. Саргин, А. Нәбиев, М. Қасымлы, М. Аллаһманлы, А. Мәммәдлип, Т.Хүсейнзаде, М. Низаматдийинов, П. Назаров, Б. Юлиев, М. Баишев, М. Куватов, М. Уметбаев, Г. Еникеев, С.Х. Габитов, Г. Вильданов, М. Бурангулов, С. Галимов, Р. Султангереева, Г.Б. Хұсайынов, Р.Г. Кузеев, Б.С. Байымов, А.Н. Киреев, Ғ. М. Бүләкова, З. Р. Әминева, М. Боранқұлов, З.Р. Отарбаева, Т.А. Кілмұхаметов, Г.Г. Ішімбаева және тағы басқалардың зерттеулерінде сөз етілді.

А.Байтұрсынұлы айтыс туралы: «Жазу жайылған сайын айтыс өлең азайып, құруға бет алып барады» [10, 32], - дейді. Сондай-ақ қазақтың айтыстары К. Жұмажановтың «Фольклорная и индивидуальная традиция в акынской поэзии» [15] атты кандидаттық диссертациясында Қарақалпақстандағы қазақ ақындары айтысының дәстүрлілігі мен жаңашылдығы, ақындық өнердің бастауы, ақындардың шығармашылығына ғылыми түрде талдау жасалды.

Айтыс өнерінің әлеуметтік мәнін ашып көрсеткен қадау-қадау зерттеуді М. Жармұқамедұлының «Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы» [16] құнды зерттеуінен көреміз. Бұл еңбек – ғалымның қаншама жыл жинаған еңбегінің нәтижесі және айтысты кешенді түрде зерделеген жүйелі зерттеуі.

Қазақ айтысы тек әдеби көркем туынды ретінде ғана қаралып қоймай, тілдік және этномәдени ерекшеліктерімен қатар публицистикалық сипаты да арнайы зерттеу нысанына алынды. Атап айтсақ, К.А. Құсмановаңың «Мәдениеттегі ұлттық стереотип: айтыстың лингвистикалық сипаттамасы» [17] атты докторлық диссертациясында XIX ғасырдағы ұлттық стереотип, айтыстың этномәдени және лингвистикалық ерекшелігі, айтыстың сөйлеу табиғатына әсері зерттелді. Этностың дамуы тілдік бірліктер мен ой-өрісіне байланысты деген пікірді алға тарта отырып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, дамыту жолдарын ұсынады.

К.Д. Асановтың «Айтыс өнерінің публицистикалық сипаты» [18] атты докторлық диссертациясында айтыс ұлттық рухани мәдениеттің, әлеуметтік өмірдің тілін, тұрмыс-тіршілігін айқындайтын жанр ретінде қарастырылып, әлеуметтік-мәдени жағдайлар нақты тарихи деректерге сүйене отырып берілетіндігі және сөздің әлеуметтік мәні осы еңбекте жан-жақты талданып беріледі.

XXI ғасырдағы сөз өнерінің дамуы, тәуелсіздік жылдарындағы айтыстың идеялық-көркемдік сипаты, тақырыптық бағыты Ш.С. Қойлыбаевтың «Қазіргі айтыстың идеялық-көркемдік өзгешеліктері» [19] атты кандидаттық диссертацияда сөз болады.

Ақындар айтысындағы әзіл-қалжыңның қолдану тәсілдерін, юмор мен сатираның айтыс жанрынан алатын орны, әзіл арқылы астарлы ой, көркем шеберлік, әзіл-қалжыңның, мысқыл-әжуаның айтыстағы поэтикалық салмағы және айтыста әлеуметтік мазмұн және өткір мәселе көтерудегі ақындардың сатиралық әдіс-тәсілдерді қолдануы жайында зерттеу жасаған Б. Имашев «Айтыстағы сатира мен юмор» [20] тақырыбындағы өзінің диссертациясында осы мәселелерді кеңінен қарастырған болатын.

Өзге де түркі халықтарының айтыс жанрына арналған еңбектеріне тоқталсақ, қырғыз зерттеушісі Ж. Таштеміровтің «Тоқтағұл айтыстарының өзгешеліктері» [21] атты еңбегінде ақындық өнердің табиғаты, ақындық қасиет пен даралық, поэзиядағы поэтикалық дәстүрлер Тоқтоғұл шығармашылығы арқылы талданып беріледі. Ал «Тоқтағұл және ақындық поэзия» атты еңбегінде «ақын» және «жыршы» атауларының айырмашылығы

және олардың қолданылу аясы туралы айта келе, ақындық өнердің даралығы мен дәстүрлілігі туралы кеңінен зерттеу жасайды.

Қырғыз зерттеушісі С. Байқожаевтың «Ел жыршысы Қалық» [22], «Османқұл жыршы» [23] атты еңбектерінде ақындардың шығармашылық бейнесін ашудағы айтыс өнерінің орнын айқындай отырып, ақындардың шешендік, тапқырлық қасиетін даралай отырып, идеялық-тақырыптық талдап береді.

Х. Бапаев «Кыргыз-казак, кыргыз-өзбек адабий байланыштары» [24] атты еңбегінде қырғыз-қазақ және қырғыз-өзбек әдеби қарым-қатынасының ежелгі тарихи байланысын айта келе, үш халықтың мәдени тармырластығын зерттеу нысанына алады.

А. Тұрдығұловтың «Ақындық поэзияның көркөмдік табиғаты» [25] атты диссертациясында риторика тарихына шолу жасай келе, «Эсенаман менен Жеңижоктун», «Талым кыз менен Көбөктүн», «Балык менен Айтыкенин» айтыстарын мысалға ала отырып, зерттеу жасайды.

Айтыс суырыпсалмалық өнердің биік шыңы дей келе, ол синкретті өнер және айтыстың табиғаты мен шығармашылық бағыты, тұрмыстық, әлеуметтік мәселелеріне қарай жіктелуін қырғыз зерттеушісі Б.Кебекова өзінің «Қырғыз халқы жыршылырының тарихи очерктері» [26] атты еңбегінде кеңінен тұжырым жасап, тұшымды ой қорытады. Осы автордың тағы бір елеулі еңбегі – «Қырғыз, қазақ ақындарының шығармашылық байланысы» атты монографиясы. Айтыс ақындарының бойында болатын ерекше қасиеттерді атай келе, олардың жұртшылық алдында өнер көрсету үшін бірнеше өнердің тоғысып жатуы керектігін баса айтады. Мәселен, олардың ән салу техникасын меңгеріп, көпшілік қауымды өзіне баурап алатын қасиеті болуы шарт деген тұжырым жасайды. Б. Кебекованың осы еңбектің жалғасы іспеттес «Қырғыз, қазақ фольклорлық байланысы» [27] еңбегінде екі елдің шығармашылық байланыстарын айрықша атай келе, Шөже, Қатағаң, Сүйінбай, Есенаман, Майкөт, Жаныш, Сарбас, Жамбыл, Тоқтағұл, Ысақ, Кенен, Османқұл, Ысмайыл, Бекәділ, сынды ақындардың айтыстарын мысалға ала отырып, ғылыми талдау жасайды. Онда кеңестік кезеңнен кейінгі ақындардың шығармашылық жаңаруы, тақырыптық-мазмұндық толығуы, дәстүрлі бағыттың жаңа мазмұнға ауысуы сынды мәселелер сөз болады.

Қырғыз айтысына қатысты тағы бір елеулі еңбек – М.К. Көлбаеваның «Айтыс өнерінің табиғаты» [28] атты докторлық диссертациясы. Аталған еңбекте түркі халықтарындағы айтыстың таралу аймағы, айтыстың көркемдік дәстүрі, түрлері, әр дәуірге байланысты сақталу және жаңару сипаты, айтыстың синкреттілігі, поэтикалық қуаты, көркемдік-эстетикалық ерекшелігі және айтыстың дәуірлік дамуы сынды мәселелер егжей-тегжейлі талданып беріледі.

Сонымен қатар П. Ирисовтың «Қырғыз айтыстарының жанрлық өзгешелігі» [29] тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын, А. Эшиев «Ақындар поэзиясы: эволюциясы, интеграциялық тенденциясы, типологиялық процестер» [30] атты тақырыптағы диссертациясын, А.

Садыковтың «Борборлық Азия өлкелерінің әдебиеті (тәжік, өзбек, қазақ әдебиеті)» [31] атты оқу құралын, А. Обозкановтың «Төкпеліктің бағыты, қалыптасу кезеңдері және синкреттік табиғаты» [32] еңбегін және «Калык Акы уулунун көп кырдуу чыгармачылык өнөрканасы» [33] атты монографиясын, А. Жусупбековтың «Жеңижоктун чыгармачылык өзгөчөлүгү» [34] атты кандидаттық диссертациясын, Н.Бегалиеваның «Арстанбектин чыгармачылыгында эл тагдыры жана доор маселеси» [35] тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын, У. Алимовтың «Кыргыз айтыштары» [36] тақырыбындағы Түркияда қорғалған диссертациясын атап өтуге болады. Аталмыш еңбектерде айтыстың семантикалық мағынасы мен көркемдік формасының ұқсастығы, тіпті тұтас мәтіндік ұқсастығы түркі халықтарының тарихтың түрлі кезеңдерінде бір әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени ортада өмір сүргенін, олардың дүниетанымдарының да ортақ болғанын осы еңбектерден аңғаруға болады. Түркі фольклорының ортақтығын көрсететін айтыс үлгілерінің кездесуі зерттеу тақырыбы үшін маңызды болып саналады.

Қарақалпақ айтысы бойынша зерттеулер көптомдық «Қарақалпақ фольклоры» атты еңбегінің XI-XII томдары қарақалпақ айтысына арналады. Онда айтыстың қарақалпақ әдебиетінен алатын орнын былай белгілейді: «Айтыс қарақалпақ халқының фольклорында да, жазба әдебиятында да белгили орны бар, тематикалық жағынан бай, тәрбиялық әҳмийети оғада күшли әдебиятымыздың ең сүйикли қызық жанры. Бул қарақалпақ халқының өткендеги өмир турмысына, әдет-салтына байланыслы келип шыққан» [37, 7]. Түрік зерттеушілері А. Йакыжы «Ozan Dili Çevik Olur: Âşık Edebiatı Yazıları» [38] еңбегінде жыраулардың (термеші саз ақыны) дәстүріне өту үдерісінде түрік халқының тұрмыс-тіршілігінде де, берілген шығармалардың пішіні мен мазмұнында да өзгерістер бар екендігін айтады. «Өмір салтының өзгеруін әсіресе әдеби шығармалардан аңғаруға болады. Біздің заманымыздан кейінгі кезеңдерде түркі халықтарының ақындық дәстүрі Аттиламен бірге Еуропаға жеткені белгілі. Византия тарихшысы Приск өз кітабында Атилланың жанында және сарбаздары арасында ақындардың көп болғанын айтады. Немістердің Nibelungen (Нибелунги) және тағы басқа дастандары да Атилла кезіндегі бұл дәстүрдің Еуропа халықтарының мәдениетіне қалай әсер еткенін растайды. VI-VIII ғасырлардағы Көктүрік кезеңінде поэзия дәстүрі ауызша мәдениетте дамуымен қатар көктүрік әліпбиінің арқасында жазба мәдениетте көрініс тапқаны байқалады» [38, 75]. Келесі бір зерттеуде Ш.Елчин «Halk Edebiyatı Araştırmaları» еңбегінде ұйғыр дәуіріндегі ақындар туралы олардың есімдері мен шығармаларынан мысалдар келтіре отырып, Ислам дәуірінің алғашқы белгілі ақындары XI ғасырда «Құтадғу біліг» деп аталатын шығарманың авторы Жүсіп Баласағұн мен XII ғасырда өмір сүрген А. Яссауидің шығармашылғына тоқталады. Анадолы аймағында Қорқыт атаның алатын орны мен ықпалы ерекше. XV ғасырдың ортасына дейін жалғасқан «озан (ақын)» ұғымының орнына исламның ықпалымен «ашық» атауы кең тараған. Ақындар өлеңдерін «жөнк» деп аталатын дәптерге жазып жүрген. Бірақ диуан әдебиеті өкілдерінің дәстүрлі жыршыларға деген дұшпандығына

байланысты олардың өмірбаяндары «тезкире» деп аталатын Анадолы ақындарының шығармашылығын сипаттайтын тіркеу кітапшасына алынбаған. XVI ғасырда Анадолыда Қаражаоғлан, Құл Мехмет және Өксүз Али секілді атақты ашықтар (жыраулар) өмір сүрген. Ақындық дәстүр әр кезеңде түрлі себептерге байланысты даму процесінен өткен және бұл үдеріс әлі жалғасып жатыр [39, 4-5].

Ф.Көпрұлы «Saz Şairleri» еңбегінде Анадолының түкпір-түкпірінде қазіргі таңда да «ашық» атағын алып, өздерінің немесе басқалардың өлеңдерін саз аспабымен айтатын ақын-жыраулар, яғни саз ақындарын кездестіруге болатындығын айта келе, бұрынғы кезде жәрмеңкелерде, кофеханаларда, тойларда, бір сөзбен айтқанда, көпшілік жиындарда өнер көрсететін ашықтардың атағы бүгінгі маңызын жоғалтпағандығын айтады. Осман империясы елдерінде, тіпті Танзиматтан кейін де XX ғасыр басына дейін өнердің маңызды кәсіби тобы ретінде танылған ашықтар көп болған [40, 23].

Ашық – халық арасында саз ақындарына қойылған жалпы атау. Халық арасында айтылып жүрген көптеген аңыздар халықтың оларға деген ыстық ықыласы мен махаббатын көруге болады. Ашықтар музыкалық аспапта ойнау мен өлең айтуды Құдайдың қалауымен Қызыр атадан үйрендік деп айтады.

Халық түсінігі бойынша, ашықтар – шындықты сүйетін адамдар [40, 26]. Зиялы қауымның ашықтар жайлы көзқарасы мынадай: «Халықтың ашықтарға деген құрметі мен сенімі мол. Осы тұрғыда оларға деген сенім мен құрмет жоғары тап өкілдері тарапынан да болған. Халықтан ой-пікір, талғам жағынан мүлдем бөлектенген жоғары тап өкілдері медреседегі ислам ғылымдарының, араб, парсы әдебиеттерінің ең танымал шығармаларына әбден үйренген еді. Толығырақ айтар болсақ, XI ғасырда иран әдебиеті үлгілері бойынша классикалық әдебиет қарқынды дамып, классикалық түрік поэзиясы XVI-XVII ғасырларда дами бастады. Осы шығармалардың стилі ғасырлар бойы жалғасын тапқан. Классикалық әдеби шығармаларды оқып өскен жоғары тап өкілдері ислам өркениетінің идеологиясы мен дүниетанымынан ажырай алмаған. Алайда, ортағасырлық ислам философтары мен моральистерінің теориялық жүйелері бойынша, қарапайым тап, яғни халықтың үлкен тобы тек бір отар қойдан тұрады; оларды әділдікпен, яғни бақташылықпен басқару жоғарғы таптың міндеті, [40, 26-27] деген пікір айтылған.

Ашықтардың өздері туралы көзқарастары мынадай; «Соңғы уақытқа дейін ашықтар арасында жалғасып келе жатқан көзқарас бойынша ақындар негізінен екі топқа бөлінеді:

а) қалам ақындары, яғни жоғары тап өкілдеріне арнап өлеңдер жазған классик ақындар.

ә) шаршы ақындар, яғни халық жиналыстарында суырып салып өлең шығарып, сазбен ойнап, жырлайтын саз ақындары.

Сазшылар өзін әр қырынан классикалық ақындардан жоғары санайды. Ең алдымен, олардың кез келген тақырыпта өленді кез келген ұйқаспен айта білуі – мақтануға басты себептердің бірі.

Шынында да, классикалық ақындар арасында экстемпоранизм (суырып салма) деп аталатын бұл күш өте сирек кездеседі [40, 27];

XX және XXI ғасырларда қоғамда ашықтарға деген көзқарас өзгеріп, оларға әртүрлі баға беріле бастады. Осыған байланысты қоғамда ашықтардың қызметі де өзгерген. Түрік әдебиеті тұрғысынан үлкен мәнге ие болған ашық (жырау) дәстүрі бүгінде де өзінің өміршеңдігін көрсетеді.

2010 жылы Анкарада қорғалған О. Айдынның «Günümüz Aşıklık Geleneğinde Atışma ve Atışma Örnekleri» [41] диссертациясында жырау дәстүрінен тараған ашық өнерінің негізін исламға дейінгі кезеңде танымал болған ақындар құрайтындығын айтады. Түрік мәдениет тарихында жырау дәстүрінің тамыры терең тарихы бар. Түркілер тарих сахнасына шыққан алғашқы кезеңдерден бастап өз ойын өлеңмен жеткізген түрік халқы, өздерін елші деп санайтын жырауларға құрмет көрсеткен. Исламға дейінгі дәуірде жыраулар өз сезімдерін, ой-пікірлерін қобызбен жеткізген, олардың ең басты міндеті айтар ойын өлеңмен өрнектеу болған. Жыраулар бұл ақындық парыздан бөлек, сол кезеңдегі қоғамда маңызды қызмет болған емшілік, бақсылық сияқты көптеген міндеттерді де өз мойнына алған. Жыраулар бұл кезеңдегі өз халқының тұрмысын жырлап, көшпелі өмір сүрген Орта Азия халқына жол көрсеткен. Түркі мәдениетінің тарихына тоқталсақ, ең алғашқы белгілі жазба туынды Қытай жылнамасына сәйкес 329 жылды білдіретін екі қатарлы бабаларымыздың ерлігін сипаттайтын буынды өлшеміне қарай жазылған өлең жолдары екені байқалады. Түркі халқының көшпелі өмір салты жыраулардың қобызбен орындаған сарындарында көрініс тауып, негізгі тақырыбына айналған. Жыраулар өз халқының тілімен халықтың өмірін өлең жолдарымен сипаттаған. Кейінгі кезеңдерде қағазға түсірілген бұл өлең жолдары бүгінгі күнге дейін сақталғандығын айта келе, поэзияның өлшемдерін және айтыстың жас және ер-әйел ерекшелігіне қарай, тақырыптық маңызы мен түрлерін атап, оларды мысалмен дәлелдеп көрсетеді.

2011 жылы Анкарада қорғалған Х.Саргынның «Çankırı âşıklık geleneği ve çankırlı âşık durmazî (Bilâl Durmaz)» [42] атты диссертациясында түркі халықтарының Орталық Азияда көшпелі өмір сүргендіктен соңғы қоныстанған жерінің географиялық орналасуы әр кезеңде мәдени тұрғыдан әсер етіп, басқа халықтар қызғанышпен қарайтындай мықты ұлттың бірі болғандығын сөз етеді. Мәдени үдеріс дамыған сайын түркі ұлысы осы құрылым арқылы өзінің шынайы келбетін айқындайды. Диссертациялық зерттеуінде түркі мәдениетінің тарихы география және дәстүрлермен біріктірілгендігін, түркі географиясы түрік халқының өмірі мен құрылымын, түркі тарихындағы орнын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын анықтайды. Сондықтан бұл элементтердің барлығы өзара байланыста екендігін сөз етеді.

Түркі халқы тарихта талай дәуірлерді бастан кешірді. Тарихи үдерістегі оқиғалар түркі халықтарының өмірге бетбұрыс нүктесі бола алатын жағдайларға толы. Үш құрлықты билеген түркілер тарих сахнасына шыққаннан бері ерліктерімен, артында қалдырған еңбектерімен есімдері

әйгілі. Осындай кең де бай географиясы мен тарихы бар түркі халықтарының мәдениеті сан алуан.

Ол кезде халықтың ықыласына бөленген жыраулар мәдениет елшісі қызметін атқарып, өз міндеттерін толық атқарды. Сондықтан бұл дәстүр әртүрлі атаулармен сақталып бүгінге дейін жетті. Жыраулар дастан, қисса-жыр, айтыс, термелерді, тағы басқа өлеңдерді айту арқылы бүгінгі күнге дейін қолданылып келе жатқан өлең түрлерінің негізін қалады.

Түркі халықтарының исламды қабылдауы түркі мәдениетінің тарихы үшін үлкен бетбұрыс болды. Бұл өмір өзгерісі сөз өнерінің бір саласы болып табылатын әдебиетке мазмұны жағынан да, формасы жағынан да үлкен әсер етті. Бұл әсер түркі әдебиеті мен әлемі үшін өте маңызды болды. Араб-түркі-парсы үштігінің әсері әдебиетке де тиді. Аталмыш мәселелерді Е. Артун «Âşıklık Geleneği ve Âşık Edebiyatı» еңбегінде атап көрсетеді. Анадолыда исламға дейінгі кезеңдерде «ақын» деп аталған өнер иелері исламнан кейін, яғни XVI ғасырдан бастап «ашық», «озан» деп аталған. Ақындардың домбыра мен қобызының орнын ашықтардың сазы басып, мәдениет елшілері түрі мен тақырыбы жағынан ерекше сипатқа ие болды [43].

Кешегі ақындар көшпелі түркі халқының тұрмыс-тіршілігін, олардың өмірге деген танымын қиссалармен суреттесе, исламнан кейінгі ашықтар көшпелі өмірден отырықшылыққа өткен түркі халқының тұрмыс-тіршілігін жырлайды. Түркі халықтарының барлығында бар жыраулардың дәстүрін Анадолы ашықтары да жалғастырды. Сонымен қатар әншілік дәстүріндегі саго, өлең түріндегі жанрлар да хатқа түсті. Сол кезеңнің туындылары туралы алғашқы мәліметтер Махмут Қашқаридің «Диван-ы Лұғат-ат Түрік» [44] атты тұңғыш сөздігінде кездеседі. Жырау дәстүрінде кездесетін өлең түрлерінің атаулары мен бұл жанрлардың тілі ашық дәстүрінде өзгерген. XVI ғасырға дейін ауызша әдебиет ретінде танылған ашық өнері кейінге ғасырларда белгілі бір дәрежеге ие болды.

Ұстаз-шәкірт дәстүрі төңірегінде қалыптасып дамыған ашық өнері әр кезеңде өзгеріске ұшырап отырды. Әдебиет зерттеушілерінің ашық өнерінің түркі әдебиетіндегі орны туралы талдаулары төмендегідей:

Рыза Тевфик «Фольклор» деп аталатын мақаласында түрік әдебиетін топтаса отырып, анонимді халық әдебиеті өнімдерін текке және ашық өнерін әдебиеттің жеке салалары ретінде көрсетеді. Осы көзқараспен ол халық әдебиеті туындыларынан ашық өнерін бөлек бағалау керек деген көзқарасты білдіреді». Яғни, Рыза Тевфик түрік әдебиетіндегі ашық өнеріне басқа қырынан қарайды. Басқаша айтқанда, ашық әдебиетін басқа жанрлардан бөлек бағалайды [45, 2].

«Зия Гөкалп мақалаларында «Халық әдебиеті» немесе «Халық классикасы» деген басты тақырыппен ашық шығармаларын да жинақтаған» [45, 2б.]. Осы көзқараспен ашық шығармалары халық әдебиеті аясында бағаланып, басқа зерттеушілермен салыстырғанда кеңірек талдап береді.

«Садеттин Нүзхет Ергун халық әдебиеті деген атпен анонимді халық өлеңдерін, саз жырларын, шығармаларын енгізгеннен кейін оларды авторлары

белгілі және авторы белгісіз деп екіге бөледі» [45, 2]. Зерттеуші Садеттин Нүзхеттің бұл зерттеуі Ергун Рыза Тевфиктің классификациясына ұқсас, - деп атап көрсетеді Ұ.Гүнай өзінің зерттеуінде.

Бүгінгі таңда жалғасын тауып келе жатқан бұл дәстүр және бұл дәстүрдің маңызды жерлері аймақтарымызға байланысты өзгеріп отырады. Әрине, XX-XXI ғасырлардағы маңызды есімдерді толықтырған бұл дәстүрдегі ауытқулардың көптеген себептері бар. Бұл жерде, ең алдымен, осы дәстүрді сыртқы құрылымы жағынан бағалаймыз.

«Ақындық дәстүр және оның өкілдері әртүрлі атаулармен, ерекшеліктермен аталады. Осы тұрғыдан алғанда, ашыққа тән қасиеттерді бойына сіңірген адамда табылуы керек қасиеттер бар. Сайым Сакаоғлу тарихи үрдістегі ашық дәстүрі өкілдерін «ашық, бәделі, хақ сүйер, ақиқат ақын, халық сүйер, көктем ақын, халық ақыны, қаламгер ақын, шаршы ақын, жырау, халық ақыны, саз жырау, саз ақыны» секілді атаулармен атап оларды былай тізбектейді:

а) суырып салма ақындық қабілеті болуы;

ә) саз тарта білу,

в) оқ ату,

г) баде (құдіретті тылсым су) ішкеніне сендіру

Конияда 1966 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Ашық фестиваліне» келген әншілердің көпшілігінде жоғарыда аталған сипаттардың барлығы болмаса да, барлығының өздерін ашық ретінде сипаттайтыны баса айтылады» [46, 53].

XX ғасырда ашық дәстүрінің өкілдері теледидар арналарына шыға бастады. Ахмет Кутси Тецер Сиваста алғаш рет «Ашықтар күнін» ұйымдастырды. 1966 жылдан бастап «Ашықтар күні» жиыны Конияда өтті. 1975 жылы Анкара қаласында «Халық ақындары қауымдастығы» құрылды. Бүгінде аталмыш дәстүрді әртүрлі бірлестіктер сақтап, әртүрлі деңгейде қолдау жасап, атсалысып жүр. Әрине, заманына қарай өзгерістер де енгізіліп отырады.

Ерте кезеңдерде ауыл-ауылды аралаған түрік ашықтары халықтың сана-сезімін арттырып, поэзияға деген қызығушылықтарын арттырды. Олар арнайы кофеханалар мен ауыл-аймақтарда өнер көрсетіп, оны дәстүрге айналдырды.

«Саздың сүйемелдеуімен жырлайтын ашықтардың өлеңдері жазылған дәптер «жөңк» деп аталады. Ашықтардың көпшілігі жырларын арнайы қағаз бетіне түсіріп, жырларының соңғы шумағына өз есімдерін немесе бүркеншік атын жазып қалдырды. Ашықтар негізінен, 7, 8, 11 буынды өлшемдерді қолданды. Олар өлеңдерінде көбіне жартылай ұйқастарды қолданған. Ашықтар өлеңдерін әуезбен айтатындықтан, құлаққа жағымды қабылданған. Шығармаларында тыныштық, сұлулық, өмір мен өлім, ерлік, арыз-шағым сияқты тақырыптарды арқау еткен ашықтар халық ертегілерін де жырларына қосып, осы оқиғаларды, халық тілін, фразеологизмдер, нақыл және астарлы сөздерді келешекке жеткізді.

Түсінде тылсым құдіреттен келген бәдені ішкеннен кейін аспапта ойнай отырып, сұлу сөзбен жырлай білген. Сұлулықты дәріптеп, ырғақпен, әзіл-оспақпен сатиралық өлеңдер айтып, елдің көңілін өздеріне қаратқан ашықтар Орталық пен Шығыс Анадолы аймақтарына көбірек танылады. Сол дәстүр күні бүгінге дейін жеткен» [40, 26].

Иранның да, түріктің де жазушылары классикалық өлең ережелерінің барлық нәзік тұстары сақталса, құлдыраудың өте қиын екенін үнемі мойындаған және екі әдебиетте де бұл күшті көрсете білген ақындар өте аз. Алайда, мұндай қатал да қиын ережелерді ұстанбайтын, буын мен ұйқастың кемшілігін табиғи деп санайтын саз ақындарының арасында суырып салма ерекшелік емес, бұл заңдылық. Екінші себеп, олардың жырды музыкалық аспап арқылы сүйемелдеп айта алатындығы. Дегенмен XIX және XX ғасырдағы кейбір ашықтардың аспапта ойнай алмағанын білсек те, мұның көбіне кәсіпке машықтанбағандарда кездесетін ерекше жағдай екенін айта кеткеніміз жөн. Шындығында, саз ақындары деген терминнің өзі меңзеп тұрғандай, кәсіби дайындықтан өткен нағыз ашықтар арасында сазы жоқ, саз тартпайтын ақынды елестету мүмкін емес.

Осылайша классикалық ақындар мен саз ақындары арасындағы үдерісті тілге тиек еткен М.Фуат Көпрүлү ашықтарды өскен ортасына қарай қалам ақындары және шаршы алаң ақындары деп екі топқа бөледі [40, 29-30].

Айтылған ерекшеліктердің барлығы, яғни әр аймақтағы саз ақындарының әр сегментінің әртүрлі көзқарастары мен әр өңірдегі ашықтарға әртүрлі баға берілуі әлі күнге ғылыми еңбектерде талқыланып жүр. Әйтсе де, бүгінгі ашық өнерінің мәні бір саналғанымен, формасы жағынан өзгеріске ұшырағаны белгілі.

Түрік халқының фольклорлық шығармалар мен айтыстың тақырыптық түрлері Огузхан Айдынның «Günümüz Aşıklık Geleneğinde Atışma ve Atışma Örnekleri» [41] диссертациясында, ал ақындардың шығармаларындағы қанатты сөздердің орны, мән-мағынасы және нақыл сөздердің өзіндік ерекшелігі турасында талдау жасаған Хасан Кутлусойдың еңбегі айрықша. Сонымен қатар Хатиже Саргынның дәстүрлерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарған әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен айтыстың әлеуметтік маңызы мен мәні туралы қорғалған «Çankırı Âşıklık Geleneği ve Çankırılı Âşık Durmazî (Bilâl Durmaz)» [42] атты диссертациясын, Н.Йылдыздың қырғыз-түрік айтысы мен атышманың ортақ және алшақ тұстары туралы жазған «Aytışlar ve atışmalar» (Türk Dünyasının Ortak Kültürel Değerlerinden Bir Örnek) [47] еңбегін және Ерхан Чапраздың «Söz söyleme yarıaşında yenilmezliğin bir başka boyutu: Develili seyrânî ile molulu rev âî arasında bir mektuplu atışma» [48], Метин Екенің «Geçmişte Yapılan Âşık Atışmalarının Günümüzdeki Görünümü» [49] атты еңбектерін атап өтуге болады.

Башқұрт фольклорын зерттеушілер Р.А. Сұлтанғареева «Башқұрт фольклоры: семантикасы, қызметі мен салт-дәстүрі» [51] атты еңбегінде башқұрт жырларына жүйелі зерттеу жасайды. Г.Б. Хұсайынов «Ежелгі башқұрт жазба ескерткіштері» [52] еңбегінде ежелгі башқұрттардың табиғатқа

деген көзқарасы мен олардың өмірлік даналығы, психологиясы, шығармашылық қиялдан туған фольклорлық туындылары беріледі. Башқұрт халқының ұлттық мінезі, халық шығармашылығы сынды материалдар Р.Г. Кузеевтің «Происхождение башкирского народа» [53] еңбегінде баяндалады. Ал бәдік айтысына ұқсас ауырған адамды емдеу немесе бақсы сарындары сынды халық жырлары Б.С. Байымовтың «Творчество баксы» [54], А.Н. Киреевтің «Башҡорт халыҡ ижады» [55] еңбектерінде сөз етіледі. Ал башқұрт айтыстары туралы материалдар Ғ. М. Бүләкова, З. Р. Әминеваның «Сәсәнмен, тип кем әйтмәҫ: (хәҙерге осорҙа Башҡортостандың көньяҡ-көнсығыш төбәгендә сәсәндәр мәктәбе)» [56] (Оны сесен емес деп кім айта алады... (Қазіргі кезеңдегі Башқұртстанның оңтүстік-шығыс аймағының сесен мектебі) және М. Боранқұловтың «Сәсән аманаты: — Халыҡ ижады һәм ижадсылар тураһында, туй йолалары, боронғо йырҙар һәм легендалар, ҡобайырҙар» [57] еңбегінде башқұрт фольклоры, ауыз әдебиетінде форма жағынан ерекше жетілген жанр қобайыр, той жырлары, тарихи жырлары мен аңыздары топтастырылып беріледі. Сондай-ақ айтыстың башқұрт ақындарының шығармашылығынан алатын орны З.Р. Отарбаева, Т.А. Кілмұхаметов, Г.Г. Ішімбаеваның «Художественные особенности жанра айтыш в творчестве башкирских сэсэнов» [58] еңбектерінде жақсы талданып беріледі.

Әзербайжан айтысы мен ақындары жайында зерттеу жасаған ғалымдардың еңбектеріне тоқталсақ, М. Махмудбеков пен Х. Ализаденің құрастырған «Aşıqlar» жинақтары [59], С. Мумтаздың «El şairləri» жинағы [60], М.Х. Тахмасибтің «Azərbaycan xalq dastanları (orta əsrlər)» [61], М. Хакимовтың «Bayatılar», «Azərbaycan aşıq ədəbiyyatı», «Azərbaycan aşıq şer şəkilləri və qaynaqları», «Azərbaycan xalq dastanları, əfsanə-əsatir və nağıl deyimləri», «Haqq aşığı Dədə Şəmşir» [62], В. Валиевтің «Azərbaycan folkloru» [63], Ғ. Намазовтың «Aşığın sazı və sözü», «Azərbaycan aşıq sənəti», «Aşıqlar» [64] және тағы басқалардың әртүрлі бағыттағы зерттеулері әзербайжан айтыстары туралы мағлұматтар мен теориялық-поэтикалық мәселені шешуге негізгі тірек болды.

Елді, халықты келер күн мен болашаққа жетелейтін төл өнері – айтыс. Айтысты тыңдаған халық арқаланып, рухтанып, жігерленіп отырады. Б. Кәрібаева сөз құдіреті мен күші туралы жақсы айтқан. Әр сөзде энергия, алапат күш бар: «Әр айтылған сөздің бойында өзіндік энергия бар. Қазіргі таңдағы адамзаттың бүкіл әлемді жайлаған жаңалығының мағынасы – адам мүмкіншілігі шексіз, оны тек дамыта алу керек. Яғни, адамның ең басты қаруларының бірі – сөз күші. Сыртқа айтылған әрбір сөз, тіпті әрбір ой айналып келіп өз болмысына ие болады» [65].

Әлемде қанша халық, ұлт ұлысы болса, сонша дәстүр сабақтастығы бар. Сол дәстүрдің бірегейі есте жоқ ерте замандарда туып, қалыптасып, дамып жетіліп, күні бүгінге дейін маңызын жоғалтпаған өміршең өнер – аталмыш жанр айтыс. Қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түрік, әзербайжан, башқұрт халқында айтыс – қанымен біте қайнасып, рухпен таралған дәстүрлі, синкретті жанр.

Қорыта айтқанда, туыстас түркі халықтарының фольклоры мен зерттеу нысанына байланысты еңбектерін саралап, ежелден келе жатқан түбір бір жанрлық үндестігі бар айтысты зерттеу аса маңызды екенін аңғардық. Ғасырлар бойы сақталып келе жатқан поэтикалық үндестігі бар айтысты қарастыру – ортақтығымызды жаңғырта бағалаудың бір сипаты. Байырғы түркілік ата-баба ізімен келе жатқан саф өнердің күні бүгінге дейін жетуі рухани мәдениеттің ықпалдастығы деп білеміз. Осы тараушада импровизаторлық өнердің жанрлық сипатына ғылыми пайымдар мен тұжырым жасаған ғалымдар еңбегін жүйеледік. Айтыс ақындарының түркі өркениетіндегі орны орасан екендігі зерттеушілер еңбегінде жоғары бағаланған. Географиялық кеңістігіне қарамастан суырыпсалмалық өнердің тамырластығы мен біртұтастығын басшылыққа алынған зерттеу еңбектерінен аңғаруға болады. Сондықтан ғылыми еңбектерде көрсетілгендей, айтыстың негізгі бастауы түркі халықтарының фольклорында жатқандығын баса айтқымыз келеді. Түркі өркениетінде өзіндік орны бар айтыстың ортақ құндылығы, импровизаторлық дағдылары мен орындаудағы ортақтығы о бастағы біртұтас ментальдік кеңістікке негізделген. Сондықтан да түркілік біртұтастық дүниетанымды қалыптастырған айтысты кешегі мен бүгінгі кеңістік пен уақыт бедерінен қарастырып отырмыз.

1.2 Түркі айтыстарының жанрлық классификациясы

Айтыс – синкретті өнер түрі. Әдебиет тарихындағы жыр-дастанды жатқа білетін жыршы, өткенді тереңнен қозғай алатын тарихшы, өз елімен қатар қарсыласының еліндегі жағдаяттарды сараптай алатын сарабдал саясаткер, екі елдің арасын қабыстыра білетін би, дана, қоғамды, ұрпақты адамдық қасиет пен имандылыққа шақыратын ұстаз болуы керек. Осы тұрғыдан келгенде, сан ғасырлық тарихы бар төл өнерді алып отырмыз.

Суырыпсалмалық айтыс өнері халықтың түрлі дәстүрімен қабысып жатыр. Бұл турасында В.М. Жирмунский: «Бұрын өзбектер мен қазақтар екі кәсіптің бір тұлғаға жататындығын әлденеше рет құжаттаған. Қырғыздарда манасшылар соңғы кезге дейін кейде емші қызметін атқарған. Оларды адам мен мал ауырғанда, босануды жеңілдетуге шақырған» [66, 407] - деп, шамандық дәстүрдегі емші-бақсы-балгерлер мен ақындардың қызметі бір-бірімен етене байланысты екендігін атап өтеді.

Айтыс – көптеген түркі халықтарында бар шығармалық жанрдың бір түрі. Бір кездері Орта Азия мен Оңтүстік Сібір аймағында жасаған түркілер Түрк қағанатын, кейінірек Қараханидтер мемлекетін құрады. Олардың өз мәдениеті, жазу-сызуы болған. Ол елдер кейін әртүрлі тарихи жағдайларға байланысты жер ауыстырып, түрлі аймақтарға көшеді. Жүрген жерлерінде түркілер деген атауды ала жүреді. «Оғыздар – қазіргі Түркия, Балқан, Кипр, Сирия, Ирак, Иран, Түркіменстан, Әзербайжан елдерінің басым көпшілігінің ата-бабалары. XI ғасырдың аяғында оғыздар Сырдарияның бойында, Арал теңізінің төңірегіне қоныстанып, оларды Йагбу басқарған. Бұл мемлекет Оғыз

йагбу мемлекеті деп аталған» - деген тарихи мәліметтерге зер салсақ, қазіргі түркімендер оғыз тайпасынан тарап, XIII-XV ғасырлар бойғы шапқыншылықтың арқасында, қазіргі елді мекендерінде тұрақтаған. Бұл туралы Т. Сыдыкбековтың мына пікірін басшылыққа алсақ: «сары, құсшы, қоңырат, мундуз, арғын, найман, қыпшақ, қытай, кегент, маңғыт, т.б., көп тайпалары ежелден бірге қоныстанды. Олар қазіргі қырғыз, қазақ, өзбек халықтары» [67, 229] - деп түркімен, башқұрт, татар, ұйғыр, әзербайжан, қарақалпақ халқы ежелден түркі халқы ретінде тарихта қалғанының бір белгісі. Ежелгі бір тайпадан тарағандықтан түркі халықтарының генетикалық жақындығымен қатар діни-мифологиялық аңыз-әңгімелерінің ұқсастығы айтпаса да белгілі. Қырғыз зерттеушісі Б. Кебекова оғыздардың байырғы мекені қырғыз жері, яғни Ыстықкөл маңы болғандығын айта келе, қырғыз фольклорында «Жеті-Оғыз» топонимикалық атауының сақталуы және соған байланысты аңыздар оғыздардан қалған көне ескерткіш деп атап өтеді.

Түркі елінің түбі бір екенін айғақтайтын жанр – айтыс. Ғалым Е. Тұрсынов өз еңбегінде айтыс бірден пайда бола салмағанын, оның өзіндік тарихы мен қатпарлы жолы бар екендігін айтады. Рулық дәстүрде қыз алысып, қыз берісу барысында сөз жарыстырып, көңіл көтеру арқылы пайда болған дейді [68, 116]. Осылай түркі халықтарының барлығына ортақ айтыс алғашында салт-дәстүрдің бір көрінісі ретінде бастау алса, кейін рулық-патриархалдық қоғамның қайшылығы кезеңінде аясы кеңейе түсті.

Аталмыш жыр қазақ пен қарақалпақта айтыс, татарда айтишү (*ytuşuu*) қырғызда, қарашай-балкар айтыш, өзбекте айтышув, яр-яр, аския, әзербайжанда дейішме (*deyişmə*), мейхана (*meyxana*, *meykədə*), түрікте атышма (*atışma*), қырым-ноғайлары дейішмеже, қырым татарларында чын немесе манэ, ноғайлар чын-шынлар, құмықта тақмақ, сарын, ұйғырда мәшрәп, ейтиш (*eytiş*), түркіменде айдышма, айдышык, чаташма башқұртта әйтеш, айтыш, алтайлықтар чечеркешкен аталып, күні бүгінге дейін жеткен өміршең өнер.

М. Әуезовтің «Айтыс – сөз барымтасы» деп айтқанындай, ғалымның «Әдебиет тарихында» айтысты ауызша әдебиетке жатқызады [69].

Зерттеуші Қ. Сыдиқов айтыс ақындары Абыл, Нұрым, Қашағандарды зерттеу нысанына ала отырып, айтыстың айрықша ерекшелігіне тоқталады [70]. Сонымен қатар, Сәбит Мұқанов [71], Қажым Жұмалиев [72], Есмағамбет Исмайыловтар да [73] айтарлықтай үлес қосты.

Түркі халықтары зерттеушілеріне зер салсақ, өзбек фольклоршысы Р. Мухаммадиев [74] өзбек халқында айтысқа жақын аксия жанрының бар екендігін, ол жанр өзбек халқының рухани өмірінде ерекше орын алатынын атап өтеді. Ал С. Носировтың [75] еңбегінде дәстүрлі фольклор мен халық музыкасы бір-бірімен біте қайнасып келе жатқандығын атап көрсетеді.

Қарақалпақ халқының поэтикалық өнері мен дәстүрі жайлы Н. Давқараев [76] еңбегінде талданып берілсе, алтай фольклорының жанрлық ерекшеліктері мен жасалу жолдары, ауызша жету дәстүрі С.С. Каташтың еңбегінде баяндалады [77].

М. Әуезовтің сөзімен айтқанда: «Айтыс әр заманда күнделікті тіршілікке

төтелей қатысы бар жанр болатын» [69, 12]. Қырғыздарда әуесқой айтыстың ең көп тараған түрі «жігіт пен қыз», «енемен келін», «бай қыз бен кедей қыз» тағы басқа өзара әзіл-қалжың немесе сұрақ-жауап түрінде өтетін бұл айтыстарда жарысудан гөрі көңіл көтеру бірінші орында тұрады. Әдетте дәстүрлі ойын-сауықтарда орындалады.

Ғалымдардың айтыс түрлеріне қатысты классификациясын басшылыққа ала отырып, айтысты шартты түрде мынадай түрге жіктедік:

1. Түркі халық айтыстары
    а) Жұмбақ айтыс
    ә) Қыз бен жігіт айтысы
    б) Ақындар айтысы
2. Қазіргі ақындар айтысы
    а) Жазба айтыс
    б) Интернет айтысы

Айтысқа байланысты классификациялық түрлері түркі халықтарының ғалымдарында мағыналық және айтылу мақсатына қарай түрліше жіктеледі. Біз оны №1 кестеде көрсеттік:

Кесте №1

р/с	Зерттеушілер	Топтастырылуы	Қайнар көзі
		Қазақ айтысының жіктелу	
1	Әуезов М.	1. Әдет-ғұрып айтысы а) Бәдік ә) Жар-жар 2. Ақындар айтысы а) рушылдық ә) жұмбақ б) дін в) сүре айтыс г) түре айтыс	«Қазақ әдебиетінің тарихы» 1 том, 1 кітап, Алматы, ҚазССР ғылым академиясының баспасы, 1960. – 737 б.
2	Мұқанов С.	1. Әдет-ғұрып 2. Қайымдасу 3. Жұмбақ айтысы 4. Дін айтысы 5. Ақындар айтысы	Айтыс. – Алматы: Жазушы, 1966. – 3 т. – 620 б.
3	Жұмалиев Қ.	1. Бәдік айтысы 2. Жар-жар 3. Мал мен адамның айтысы 4. Өлі мен тірінің айтысы 5. Жұмбақ айтыс 6. Салт айтысы а) қыз бен жігіт айтысы б) ру айтысы.	Айтыс. – Алматы: Жазушы, 1966. – 3 т. – 620 б.

		7. Осы күнгі айтыстар	
4	Тебегенов Т.	1. Мұсылмандық ағартушылық айтыстар 2. Еларалық-ұлтаралық айтыстар 3. Жазбаша айтыстар	Халық аңыздары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы, 2001. – 332 б.
5	Жармұхамедұлы М.	1. Тұрмыс- салт айтысы; а) Бәдік айтысы ә) «Жар-жар» б) Қыз бен жігіт қайымдасулары в) Төрт-түлік мал туралы айтыс г) Дидактикалық (тәлім-тәрбие) айтыс 2. Ақындар айтысы; а) Жұмбақ айтысы ә) Ру айтысы б) Дін айтысы в) Жазба айтыс	Айтыстың дамуы жолдары. –Алматы, Қазақ ССС-нің ғылым баспасы, 1976. – 168 б
6	Асанов К.	1. Әдет-ғұрып, салт айтысы: а) Аужар ә) Бәдік б) Жар-жар в) Малмен адамның айтысы г) Жан-жануар, хайуанаттар айтысы ғ) Өлі мен тірінің айтысы 2. Қайымдасу айтысы: а) Жұмбақ айтыс б) Дін айтысы	Айтыс өнерінің публицистикалық сипаты /Электрондық оқулық, - 280 б.

		в) Қыз бен жігіт айтысы 3. Әлеуметтік айтыс а) XX ғасырға дейінгі елдік-әлеуметтік айтыс б) Қазіргі кездегі ұлттық сипаттағы айтыс	
Қырғыз айтысының жіктелуі			
1	Ирисов П.	1. Сұрақ-жауап айтысы; 2. жұмбақтап айтысу; 3. диалогтік айтыс; 4. үлгі алу айтысы деп жіктей келе, 1. Мазмұндық жағынан түрлері: 2. адамның кемшілігін көрсететін айтыс: жалқаулық, сараңдық; көреал–маушылық, тойымсыздық, т.б. 3. бір-бірінің тапқырлығын, зеректігін сынайтын айтыстар; 4. махаббат тақырыбындағы айтыстар; 5. көркем сөзге құрылған айтыстар; 6. ақындардың өз елінен шыққан бай-манаптары мен үлкендерін мақтап, қарсы тараптың үлкендерін қорлайтын айтыс; 7. кедейлік пен зұлымдыққа қарсы айтыс.	Кыргыз айтыштарынын жанрдык өзгөчклүктөрү. – Фрунзе, 1971. – 160 б.
2	Саманчин Т.	1. Алым сабак 2. Табышмактуу айтыш	Лакаптан романга. – Фрунзе: Кыргызстан, 1971. – 158 б.

		3. Кордоо айтыш	
3	Маленов Б.	1. Жұмбақ айтыстар 2. Қорлау айтысы 3. Мадақтау айтысы 4. Сәлемдесу айтысы 5. Қоштасу айтысы 6. Тыңдау айтысы 7. Көңіл айту айтысы	Оозеки чыгармачылыктын кыргыз совет профессионалдык поэзиясына тийхген таасири жөнүндө. – Фрунзе: Илим, 1960. - 267 б.
4	Таштемиров Ж.	1. Адат-салт айтышы 2. Чечендер айтышы 3. Ақындар айтышы	Айтыштар // Кыргыз элинин оозеки чыгармачылык тарыхынын очерки. – Фрунзе: Илим, 1973. – 705 б. – Б.208-244
5	Орозканов А.	1. Алым-сабақ айтыс 2. Табышмактуу айтыс 3. Насихат (кеңес) айтысы 4. Шешен (сөз шеберлері) айтысы 5. Кемсіту (қорлау) айтысы 6. Тамашалау (көңілді) айтыс	Төкмөлүктүн башаты, калыптануу этаптары жана синкерттүү табияты, – Бишкек: Шам, - 2006. 264 б.
6	Йылдыз Н.	1. Өнерпаздар айтысы 2. Шешендер айтысы 3. Ақындар айтысы 4. Әзіл айтысы	«Aytişlar” and “Atişmalar» // KutBilim Journal of Social Sceinces and Arts. e-ISSN: 2791-6340 Vol.1, No.1 (2021)
7	Кебекова М.	1. Адат-салт айтыштары а) ар кандай жөрөлгөлөргө байланыштуу айтылган айтыштар: сармерден ә) кордоо же мактоо маанисинде айтылган айтыштар: акыйнек, кайым	Айтыш өнөрүнүн табияты. /Филология илимдеринин доктуру окумуштуулук даражасын изденип алуу учун жазылган диссертация. – Бишкек, 2015. – 135 б.

		б) турмуштук айтыштар: кыз менен жигит, эркиндүү келин менен жалкоо жигит в) чечен айтыш 2. Акындар айтышы. 1. Формалык жактан: а) алым сабак; ә) санат айтыш; 2. Маанилик жактан; а) табышмактуу айтыш; ә) кордоо айтыш; б) тамашалуу айтыш; в) учурашуу айтыш. 97 бет	
Қарақалпақ айтысының жіктелуі			
1	Низаматдийинов М.	1. Жауап айтыс (айтыс-жұмбақ) а) Рұқсат жауап айтысы; ә)Тілек, сұрақ-жауап айтысы; б) Жұмбақ жауап айтысы; в) Даналық кеңес (дидактикалық жауап) жауап айтысы; г) Әзіл-сатиралық жауап айтысы 2. Шешендер айтысы а) Жұмбақ айтысы; ә) Талап айтысы; б) Тілек айтысы; в) Сұрақ-жауап айтысы;	Қарақалпақ фольклоры. Көптомдық. XI том. Айтыс. 1 кітап, Нөкис: Қарақалпақстан, 1982. – 307 б.

		г) Астарлы әңгіме айтысы; д) Әзіл-оспақ, сатиралық айтыс; е) Зиялы өсиет (кеңес беру) айтысы ж) Сын-бағалау (сынау) айтысы 3. Ақындар айтысы а) Тілек айтысы; ә) Сұрақ-жауап; б) Қоштасу; в) Махаббат тақырыбындағы айтыс; г) Жұмбақ айтысы; д) Ойын айтысы; е) Қалжың (ойын-әзіл) айтысы; ж) Дау айтыс; з) Жарыс (қайым, жарысу) айтыс; и) Мал-жануарлар айтысы (құдаласу дәстүріндегі «дегишмеге» ұқсас жануарларды сөйлету айтысы); к) Балалар айтысы (жас балалар ортасында өтетін айтыс);	
Әзербайжан айтысының жіктелуі			
1	Алимов У.	1. Дилдөнмез-дилтепренмез герайлы 2. Дилдөнмез тежнис 3. Докундурма 4. Дудакдегмез Муамма (баглама)	Kırgız aytışları. Doktora tezi. İzmir, 2010. – 205 s.

2	Хүсейнзаде Т.	1. Гыфылбенд (жұмбақ айтысы) 2. Хербезорба (мақтау айтысы) 3. Мухаммес (ұрпақтан ұрпаққа тараған түрі) а) Жыгалы мүхеммес 4. ә) дудагдеймез жыгах мүхеммес	Aşıq deyişmələrinin poetikası. – Bakı, 2017. – 312 s.
Түрік айтысының жіктелуі			
1	Гүнай Ұ.	А. Қарсы алу / сәлемдесу. В. Еске түсіру / сипаттау. С. Жеке ой толғау. 1. Еркін ауысу. 2. Үгіттеу. 3. Жұмбақтау. 4. Үрім бұтағының кемшіліктерін тізу. 5. Өтірік құрастыру. 6. Сөзбен тиісу. 7. Ұйқастарды азайту. 8. Шығарып салу немесе мақтау.	Түркиядағы ақындық дәстүр және түс мотиві, Анкара, 1999
2	Кая Д.	1. Атышма 2. Дейішме (қағыту) 3. Каршылашма (сөзбен сайысу)	Doğan Kaya, Âşık Edebiyatı Araştırmaları, İstanbul Kitapevi, İstanbul 2000, s.26

Жоғарыда көрсетілген кейбір түркі халықтарының айтыс түрлеріне тоқталып, мағыналық және анықтамалық түсініктеме берейік.

А. Оразкановтың топтастыруы бойынша берілген алым-сабақ айтыс, табышмактуу (жұмбақ) айтыс, насихат (кеңес) айтысы, шешен (сөз шеберлері), кемсіту (қорлау) айтыстарына тоқталсақ:

1. Алым-сабақ айтыс: ақындар бір тақырыпты кезек-кезек жырлайды, айтылар сөз таусылғанша бір тақырыпта айтыса береді. Ақындар сөз басында бір-бірінің сөздерін қайталай беруі мүмкін. Айтыстың бұл түріне екі немесе одан да көп ақын қатыса алады және өлең жолдарына шек қойылмайды. Айтыскерлер арасында осы айтыс түрі кеңінен қолданылады.

2. Табышмактуу (жұмбақ) айтыс: бірінші ақын жұмбақ жасырып немесе сұрақ қояды, екінші ақын оған жауап береді. Бұл жерде жасырылған жұмбақтың шешуімен қатар, қарсыласын сөзбен қағытып, барынша жеңуді көздейтін айтыстың түрі. Терең де философиялық дәйекке негізделген білімді қажет етеді. Талым қыз мен Көбек есімді ақындар арасында өткен айтыс – осы түрдің ең танымал мысалдарының бірі.

3. Насихат (кеңес) айтысы: ақындардың дүниетанымын, асқан білімін, табанасты тапқырлығы мен талантын аңғартатын айтыс түрі. Дидактикалық өсиет айту жағы басым болады. Әдетте, дерексіз тақырыптар қамтылады.

4. Шешен (сөз шеберлері) айтысы: айтыстың бұл түрі басқалардан тақырыптық немесе техникалық ерекшелігімен емес, айтыскерлік қасиеті жағынан ерекшеленеді. Бүкіл ақындар сөз шебері саналғанымен, шешендер – дана мінезді, күрделі мәселелерді шеше алатын, сөзге шебер адамдар. Демек, шешен айтыстары – терең философиялық мән-мағынасы бар, сөз шеберлігін жоғары деңгейде көрсететін айтыс. Сұрақ-жауап әдісін шешендік айтыста да қолдануға болады. Тезек төре мен Сарт Шешенннің айтысын осы түрге мысал ретінде келтіруге болады.

5. Кемсіту (қорлау) айтысы: өз үлкенін, елін мадақтау, өзгені сынау қағидасын ұстанатын айтыстың бұл түріне Кеңес өкіметі тұсында тыйым салынған. Оның негізгі өкілдері – Тоқтағұл, Ченикөк, Айдараәлі сияқты айтыс ақындары. Қырғыз ауыз әдебиетінде ақындардың жеке басынан да, руынан да бір-бірінің мінін, кемшілігін аяусыз айыптайтын айтыстың бұл түрі қайта жаңғырды. Бұл айтыста ақындар басқа ақындардың өзі туралы не айтса, соған шыдап, шамасы келсе, дәл солай жауап беруі керек. Айтыстың ең тартысты түрлерінің бірі. Онда әзіл-оспақ бар болғандықтан, жұртшылық оны үлкен қызығушылықпен тамашалайды. Мысал ретінде, Ешмамбет пен Қалықтың айтысын келтіруге болады.

6. Тамашалау (көңілді) айтыс: қалжың арқылы орындалатын айтыс. Ақындардың бірін-бірі мазақ қылып, бір қасиетіне орай лақап ат қойып, әзіл ретінде айтылатын айтыс осы топқа жатады. Бұл айтыстарда терең философиялық мән-мағыналардан гөрі, халықтың көңілін көтеру, күлдірту, күлдіре отырып, ой салу маңызды. Бұл айтыс тартыстан гөрі әзілге негізделеді. Дегенмен, зілді сөздер айтылып, жарыс негізінде өтуі де мүмкін. Осы түрге Тоқтоғұл мен Ешмамбет арасындағы айтыс мысал бола алады [32, 77].

7. Түрік және қырғыз айтыстарын зерттеуген ғалым Н.Йылдыз жетінші түріне жар салу/ (хабарландыру/хабарлама) айтыс түрін қосады. Мұндай айтыстың бір мысалы 1923 жылы Сойуз қобызшының тойында Қалық Ақыев пен Османқұл арасында өткен [32, 383].

«Дейишмелерінің гыфылбенд, хербезорба, мухаммес деген түрлері бар. «Гыфылбенд» – жұмбақ айтысы, «хербезорба» – мақтау айтысы, «мухаммес» – ұрпақтан ұрпаққа тараған айтыс түрі. Оның «Жыгалы мүхеммес» және «дудагдеймез жыгах мүхеммес» деген түрлері бар [78, 18].

Азад Набиев «Әзербайжан халық әдебиеті» зерттеуінде де дейішмеге арнайы тоқталып, «дедім-дедінің» дейішмеге ықпалы болғанын атап өтеді. [79, 246].

Дейішмеге мынадай анықтама беріледі: «ақындық сөздің құдіретіне меңгерген екі ашықтың бірін-бірі жеңу мақсатын көздеген өлең түрі. Бірнеше маңызды кезеңнен тұратын айтыс соңында жеңген тарап жеңілген жақтың сазын алып кетеді. Әдетте, өзіне сенімді ашық белгілі саз-сөз шеберіне өзі барып айтысады немесе хат жолдап, қарсыласын өз сарайына шақырады» [80, 90].

Мейхана – мейкда, такка, завия, ханағах, хикмет үйренетін жер, сопылық терминологияға қатысты сөз. Таверналар, бардтар, ашықтар дейишмелері тапқырлықпен суырып салып өнер көрсеткен [79, 165]. Сөздік Түркі халықтарының ішіндегі айтыстарының ерекше түрі осы әзербайжандарда болған. Дейишме, мейхана аталатын әзербайжан айтыстары жаңа Әзербайжанда, Анадолының кейбір жаңа аймақтарында айтыстың «мүшаире», «демели», «сөйлетме» деген түрлері болған. Соңғы екі түрі адамзаттан басқа тіршілік иелері мен жанды-жансыз заттарды сөйлету түрінде өтетін айтыстың түрі болған.

1. Дилдөнмез-дилтепренмез герайлы. Бұл сегіз буын мен «л, р» үнсіз дауыссыз дыбыстарын қолдану арқылы айтысатын айтыстың түрі болған. «Дилдөнмез-дилтепренмез қошма» сияқты да формалары бар.

2. Дилдөнмез тежнис – айтылуы қиын сөздерді қолданып, өзара айтысу түрі.

3. Докундурма – классикалық түрік әдебиетінде теріс пайдалану (қорлау) айтысына жақын түрі.

4. Дудакдегмез – б, п, м, ф, в дауыссыз дыбыстарын қолданбай, айтысу түрі. Айтыс барысында ақындар екі еріннің арасына ине салып қойып айтысады. Егер жоғарыда айтылған дыбыстарды қолданса, ине еріндеріне кіріп, еріні қанаған ақын жеңілген болып саналады.

5. Муамма (баглама) - формасы жағынан жұмбақ айтысына ұқсас айтыстың түрі [36, 129].

Түрік зерттеушісі С. Сакаоғлұның пікірінше, ауызекі мәдениет шеңберінде өнерпаз шебер-шәкірт қарым-қатынасында өнерді үйренуі тиіс. Жыраулар өзінен талап етілетін дәстүрдің төрт шартының кем дегенде үшеуін орындауы керек:

1. Суырыпсалма

2. Саз (музыкалық аспап) тарта білу

3. Айтыс өнерін меңгеру

4. Баде (құдіретті тылсым су) ішкеніне сендіру.

С. Сакаоғлу айтқандай, Анадолыда айтысқа ебі жоқ ақынды жырау деп санамайды. Шығыс Анадолы аймағында белгілі бір тыңдаушылардың қатысуымен орындалатын айтыстың түрлері бар. Айтыстың түрлері профессор Ұмай Гүнайдың «Түркиядағы өлең айту дәстүрі және түс мотиві» атты кітабында көрсетілген [45, 47].

Доған Кая бір-біріне өте ұқсас және кейде бір-бірінің орнына қолданылатын атышма, дейішме (қағыту) мен каршылашма (сөзбен сайысу) додасын былай бөліп қарастырған:

Атышма: Мұнда басты мақсат көрерменді қызықтыру болып табылады. Жыраулардың бірін-бірі жеңуі, тығырыққа тіреуі маңызды емес. Жырлы сөздерімен қарсыласынан жоғары көрінуге тырысады, жыр жолдарында тар аяқ сияқты поэзияның қиын элементтері қолданылмайды [50, 114].

Дейішме: Бұл екі немесе одан да көп жыраудың кез келген тақырыпта өлең жолдарымен сөйлесуі. Дейішмеде жеңу, балағаттау, тығырыққа тіреу жоқ. Сезім, пікір, сенім, жағдай, қабылдау мен көзқарастарды ашу өте маңызды [80, 263].

Каршылашма: Кем дегенде екі жыраудың тыңдаушының көңілін көтеру немесе бір-бірінен артықшылығын көрсету мақсатында белгілі бір заңдылық аясында өлеңмен жарысуы [50, 412].

Атышма, дейішме, каршылашма арасында кішігірім айырмашылықтар болғанымен аймақтан-аймаққа қарай өз ерекшеліктері бар. Ол жағымды-сәлем, еске салу-жаңғыру, еркін тақырыптық айтысу, жұмбақ жасыру, теріске шығару, сатира-ілу, қоштасу-мадақтау бөліктерінен тұрады. Ақындардың айтысындағы бұл бөліктер жоғарыда жіктелген айтыс түрлерімен ұқсастығы бар.

Осы сипатта айтыс пен атышмаларда ақындар мен жыраулар әртүрлі тақырыпта бір-бірімен сөзбен сайысып, тыңдарман алдында сынға түседі. Осы себепті олар барлық тақырыпты жақсы меңгеріп, қойылған сұрақтарға дұрыс және логикалық жауап бере алуы керек. Сөз таппай, сөзден тосылған жырау мен ақын тыңдарман алдында беделін жоғалтады [48, 321].

И. Асаноғлұның «Özel Görüşme» атты еңбегінде жырауды түрік ғалымы Хасан Картары былай сипаттап береді: «Жырау – өлеңді импровизациялай білетін, өлеңдерін сазбен сүйемелдеп әуенмен айтатын, шебердің қолынан тәлім алған, көбінесе саяхатшылықпен айналысатын өнер адамы. Жырау әр дәуірде, әр ортада қоғамның экономикалық, әлеуметтік, мәдени және саяси оқиғаларға деген сезімі мен ой-пікірін түсіндіруші болды. Халықтың жан-дүниесін, жан тебіренісін, ой-пікірін, түрлі оқиғаларға реакциясын білдіре отырып, ықшам, қарапайым сөйлеу тілін өте шебер пайдаланған» [81, 8].

Кейіннен жыраулық өнер ақындық дәстүрмен жалғасын тапты. Бұл туралы Ерман Артун өз еңбегінде мынадай тұшымды ой айтады: «Анадолы жыраулық дәстүрі XY ғасырдың ортасынан кейін ашықлық дәстүрі ретінде

жалғасын тапқан. Ашық дәстүрінің түрік мәдени тұрмысында ерекше орны бар. Ашықтық дәстүрі ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибе арқылы кемелденіп, өзіне тән қағидасы мен құрылымын орнықтарған» [82, 8]. Анадолы ашық әдебиеті деп сипатталатын ауыз әдебиетінің өкілі болып танылатын ақындар ежелгі дереккөздерінде саз жырауы немесе халық жырауы деген атпен аталған» [82, 11].

Ақын-ашықтар үш әдіспен сипатталады:

1) «Ұстаз-шәкірт арақатынасы: ашық болатын адам алдымен жас кезінде өзіне лайық ұстаз болатын шебер ақын табуы керек. Шәкірт ұстазымен бірге ел кезіп жүреді. Осылайша жырау дәстүрінің қыр-сырын үйренеді. Шеберінің орындаушылық құдіреті, баяндау мәнері, оқыған өлеңдерін тыңдайды және жыр айту әдісіне машықтанады. Шебер ақын өз шәкіртіне керекті сөз бен сазды ойнауды да үйретіп, тәжірибе жасатады. Ол кездесулерде жырау ашық болуға дағдыланады. Осындай тәжірибе жинақтауда шебердің (ұстаздың) репертуары да кеңейе береді. Осылайша шәкірт пен ұстаз байланысы жалғасын тауып, әр ұстаз өз шәкіртін тәрбиелеген.

2) Баделіктер (Баде сусын ішкендер) (Бәде ішу – Бута алу): Бәделік жыраулар түсінде Қызырдың қолынан баде сусын ішіп, содан кейін толқып, халық жырын шырқап, дәл осы сәттен бастап саз ойнай алатын болған. Махаббат хикаяларында жиі айтылатын «Бута алу» ислам діні бойынша түсінде діни-әлеуметтік ақпарат алатындығы, тіпті пайғамбарлардың түсінде ұсыныс арқылы білім алғандығы туралы сеніммен параллель көзқараста дініміз бойынша Бута алудың іздері қыздар мен ұлдардың сөйлесуіне шектеу мен тыйым салумен жиі кездеседі. Ашық Дәуіт Сулари - Бадели ашық деп аталған [87, 10].

3) Бадесіздер және Шебердің жанында болмағандар: Бұл ақын-ашық жыраулар – оқыған өлеңдерінің әсерінен өлең жазуға тырысатындар. «Осындай өлең жазу менің де қолымнан келеді» деп өз бетінше әрекет жасап өнерін дамытады. Өзге жыраулардың өлеңдерін жаттау арқылы өздері тырысып жыр жазады» [83, 15].

Түрік айтыстары дәстүрлі түрде өзара бөлімдерге бөлінеді. Күні бүгінге дейін бұл жанр халық арасында кеңінен қолданылып келеді. Әсіресе Шығыс Анадолы аймағында танымал. Ашықтардың суырыпсалма ақындық өнері айтыс барысында белгілі болады. Кешегі күні жыраулар халықты, келер ұрпақты жауынгерлік рухта тәрбиелесе, XX ғасырдағы озандар мен ашықтар шығармалары арқылы ағартушылыққа, сауат ашуға үндеді. Осылай әр кезеңде жыраулар мен ақындар халықтық дәрежеде қызмет атқарған.

Башқұрт зерттеушілері айтыс сесендердің сайысы дей келе, поэтикалық сөз жарысы импровизациялық дарындылықты, сөздің нәзік талғамын, ақыл-ойдың өткірлігін және сөз шеберінің шығармашылық қиялының тереңдігін бағалауға мүмкіндік беретін бірден-бір сөз сайысы деп атап көрсетеді. «Барлық жарыстарда олар бүкіл ру атынан өнер көрсетіп, олардың абыройын қорғап отырды». Қазақ ғалымдары арасында көнеден келе жатқан үрдіс бар. Ол тамыры бір, түбі бір түркі жұртының ғасырлар бедерінен алатын орнын

айрықша дәріптеулері еді. Бұл турасында Б.Майтанов: «Қарақалпақ, ноғай, саха, алтай, армян әдебиеттері туралы мақалаларында ғылыми сипат пен публицистикалық элементтер жарасымды бірлік табады. ...түрі бір, тілегі бір халықтар өнеріндегі тамырлас құбылыстарға кездескенде зерттеушілік тұрғыда тұрып азаматтық тебіреніс сәтін бастан кешіруін бейнелейтін жолдар тартымды» [84, 26], - деп, Р.Бердібаевтың түркі руханиятына жасаған зерттеулерін айрықша бағалайды

Қорыта айтқанда, түркілік мәдениеттің байырғы ортақтығы мен ұқсастығы күні бүгінге дейінгі сақталған төл өнерінде жатыр. Ұлы көшпенділер тарихы осы уақытқа дейін сабақтастықта дамып, рухани мұраның айрықша моделін жасады. Оны осы тарауда жасалған зерттеулер барысында айтыстың классификациясы мен өзіндік шартты жіктеулерден аңғарамыз. Әдеби-мәдени байланысты осы тарауда көрсетілгендей, ғалымдардың еңбектеріндегі әдеби сабақтастық пен дәстүр жаңашылдығында.

Ұланғайыр кеңістікті игерген түркілердің өнері де орасан зор. Ұзақ уақыт бойы бір-бірімен алмасқан өнер мен мәдениет ұрпақтар алдында өшпес мұра болып, түркілік өркениеттің өміршең болуына үлес қосып келеді. Айтыстың түрлері мен жіктеулерінде аса алшақтық жоқ. Олардың әр тарапта зерттеу нысанына алынғанымен бәрінде бір ортақтық бар. Ол – түркілік салтпен сабақтастықта дамуы. Сондықтан да айтыс барша түркі халықының тамырына мәңгі ажырамастай берік байланған. Сол себепті жұмысымыздың алдағы бөлімдерінде айтыстың түркі халықтарына ортақ түрлері мен қазірге дейін жалғасып келе жатқан сөз додасының үлгілерін жүйелеп, ұлттық менталитетіне сай түрлеріне талдау жасаймыз.

1.3 Түркі халықтар айтыстарының типологиясы

Айтыс жоғары импровизациялық шеберлікті, табанасты тапқырлық пен шешендікті талап етеді. Диалогтік сөз сайысын екі сөз шеберінің шығармашылық кездесуі десекте болады. Құрылымдық жағына келетін болсақ: екі тарап бір-бірімен амандық сұрасады; жиналған қауыммен сәлемдеседі; қоғамдағы маңызды әлеуметтік-саяси оқиғалар туралы жалпы ақпарат айтады.; өз айамағындағы оқиғалардан хабардар етеді; өз заманыыдағы өзекті мәселелерді талқылайды; тыңдаушыға ғибратты, тағылымды ой айтады, тағысын тағылар. Синкретті өнер айтыстың түркі халықтарына ортақ түрлеріне тоқталамыз.

Бәдік айтысының адам танымына байланысты наным-сенімінің құдіреті ерекше. Тылсым күш пен адамзат баласын қоршаған бейсаналы құбылысты бәдік жырлары арқылы бағындырған. Бұл құбылыс түркі халықтарының бәріне тән. Өткені ертеден қалыптасқан дүниетаным түсініктері тамырлас. Бүгінгі күні сол алуан қыры мен сыры мол көне дәстүрді тану мен пайымдау да оңай емес. Себебі қазіргі таным мен түсінік басқа және пайым бөлек. Десе де, адамзат таным түсінігімен сананы басқару, ойды шарықтату мен еркіндікке жіберу құбылыстары қай кезеңде болсын адам баласымен бірге жасайды. Шамандықтан

қалған таным мен түсінік біздік қанымыз бен жанымызға сіңгендіктен адамның табиғат пен өмір құбылыстарын танып білуге деген құлшынысы жоғарыламаса төмендемейді. Қазіргі күнге дейін айтылып келе жатқан сөз құдіреті, оның магиялық күші жаратылысты тануға деген танымынан туған. Адамзат баласының тылсым дүниені тануға деген талпынысын ғалым Ш.Уәлиханов былай деп жазады: «Екінші бір керемет – адам. Бұл жан, бұл қабілет ақыл-ой жүгіртіп, әр нәрсені білуге құмартып тұратын бұл рух – зерттеп білуге болмайтын мәңгілік күштің – тәңірінің бір белгісі емес пе? Адам тірі рух-бақсыға, өлі рухқа табынады. Бірақ жаратылыстың бұл дүниеде адамға, әсіресе, сәбилік дәрежедегі адамға ететін әсері өте күшті, орасан ықпалды, сондықтан ол сыры мәлімсіз жаратылыс жөнінде нені істеуі, нені істемеуі керектігі жайында бір ереже жасап алуға тиісті болды» [85, 48].

«Бәдік айту - магиялық ғұрып. Бәдік атауының түп-төркіні парсының «бадхох» «бадху» деген сөзінен шыққан. Тәжікше «бадху» қаскөй деген мағына береді, яғни бәдік «бойға дерт дарытушы қаскөй күш» дегенге саяды. Фольклорлық еңбектерде «бәдік» сөзі екі түрлі ұғымда: мал ауруының аты ретінде; өлең (айтыс) түрі ретінде қолданылады. Байырғы ортада бәдік айту жолымен мал, адам бойындағы дертті қашырған. С. Сейфуллин өз еңбегінде: «Адам ауырса, яки мал ауырса, әйел-еркек жиналып, ауырған малды қамап алып, екі-екіден қосылып, шулап өлең айтады. Өлең айтқанда ауру «иесін» қорқытып, «жын» ойнағандай қылып ойнап айтады... Қыз-қырқын, қатын-қалаш өстіп жиналып, екеу-екеуден жұпталып, бәдік өлеңін айтысып, «ауыздарының дәмдерін алып болған соң», тұрысып, етек-жеңдерін сілкініп, «Біз де көштік, сен де көш!» деп ауырған малды етектерімен ұшықтап кетеді... Тәуіптердің «көшіру, аластау» ырымдары мен «бәдік» айту біртүрлі нанымнан туған зат» – деп жазады» [86, 50].

Бәдік термині, кейбір зертеушілерге сүйенетін болсақ «бәд» түбірінен шыққан. «Жындану, көтерілу түсінігіне үндес келген бұл сөздерден безік және безгек сөздеріне ұқсастығы жорамалдануда. «Диуани лұғат ат-Түрікте» безік (діріл), безгек (діріл), безітті (дірілдетті) деген мағынада сөздер бар, қыпшақ түрікшесінде безгек «ауруы ұстаған безгек сияқты» деген мағынада. Құмық-балқар түрікшесінде беззек (безгек, жалын). Қарашай түрікшесінде безгек (от, ыстық, безгек), қырғыздарда бұл сөз безгек түрінде таралған. Ал қазақтарда болса безгек сөзі безгек түсінігіне келеді» [87, 66]. Бәдіктің беретін мағынасы туралы ғалым Б. Абылқасымов бәдікті екі жағдайда, яғни мал ауруының атауы және айтыстың бір түрі ретінде қолданылатынын ата өтеді [88, 192].

Қарақалпақ халқында «бәдік айтысында қыздар мен жігіттер екі топқа бөлініп, кезек-кезек айтысып, екі жақта денеден бәдік жарасын қуып шығару мақсатында айтысады. Бұнда басқа айтыстардағыдай бір тарап екінші тарапқа жол беріп, сөз жарыстырады. Бұнда жеңу-жеңілу, ұту-ұтылу сияқты қортындылары болмайды. Тек, дертке арналып, хормен орындалады» [37, 9] деп, басқа түркі халықтарындағыдай науқасты емдеу барысында қолданылытынын айтады.

«Бәдік айтысы – ежелгі адамдардың құбылыстарды, түрлі күштер мен мифтерді (ойдан, жалған) түсінуден туындайтын ауыз әдебиетінің бір түрі. Ежелгі қоғамда адамдардың сана сезімі, дүниені тану деңгейі төмен болған. Сондықтан да олар табиғаттың сырларын түсінбейді. Мысалы, күннің шығуы, айдың тууы, түнде жұлдыздардың тууы және ағуы (метеор), аспанды бұлт басып, күн күркіреуі, найзағайдың жарқылы (жасын), қатты дауыл, жердің сілкінуі, судың тасуы, түнде ай мен жұлдыздардың көрініп, күндіз жоқ болуы, аспан бұлтты болса, жазда жаңбыр, қыста қар жауатыны жаз бен қыстың алмасуы, шөп, өсімдіктер, жануарлар дүниесі сынды және тағы басқа да табиғат құбылыстары ежелгі адамдарды таң қалдырды. Бұл құбылыстардың пайда болу себептерін білмей, түсінбей, олардан қорыққан. Шынында да, бұл құбылыстарда керемет ғажайып күш бар деп ойлап, сол күшті Тәңір болмаса Құдай деп түсінген. Тәңірді жарылқайтын да, жарататын да сол құбылыстар деп ойлаған. Тәңірден жақсылық тілеп, жәрдем сұрап, оған сыйынған. Біздің халқымызда: «Тәңір жарылқасын», Жаңа айды көргенде: «Жаңа ай, жаңа жылдарға жеткізе гөр!» «От бәлесінен аман сақта!», «жер жұтқыр», «жасын түскір», тағы басқа алғыс және қарғыстар сол түсініктерге байланысты туған» [37, 15].

«Көшіру ғұрпының әлемдік фольклорда кездесуі: басқа адамға көшіру, жан-жануарға көшіру, жансыз заттарға көшіру түрінде жолықса, бәдікте соның үшеуі де көрініс тапқан. Басқаға көшіру әдеті «Бар дағы, тезден жабыс қу қыздарға», «Бар да жабыс осы қыздың бүйрегіне», «Бар да жабыс жігіттің таңдайына», «Жігіттің еңкейетін беліне көш», «Қыздардың кесте тіккен қолына көш», «Жігіттің сайрап тұрған тіліне көш», «Ұрысқақ бәйбіше мен тоқалға көш», «молдаға көш», «байларға көш», «ұстаға көш» болып кете барады. Жан-жануарға көшіру «бөріге көш», «текеге көш», «нарға көш», «жыланға көш», «марқаға көш», «тұсаққа көш», «інгенге көш», «ұры итке көш» түрінде келсе, жансыз заттарға көшіру «бұлаққа көш», «келіге көш», «Мекеге көш», «аршаға көш», «жидекке көш», «Арқаға көш», «тауларға көш», «инеге көш», «қияға көш», «мияға көш», «бауларға көш», «айнаға көш», «бүргенге көш», «сазға көш», «жұлдызға көш» деп жалғасады. Бәдікті басқа жанрлардан оқшаулайтын да, өзіндік бет-пердесін ашатын да әлгі көп «көш-көш». Бұларды көп жағдайда магиялық жораның өзі деп емес, содан қалған белгі деп ұққан абзал» [85, 51], сырт қарағанда, бұны оқыған адам мезі болып, іші пысуы да мүмкін. Бірақ әлемдік халықтық емдеу шараларында немесе адамға психологиялық түрде әсер ету үшін бір сөзді қайта-қайта қайталаса, оның магиялық күші артады дегенді бүгінгі күнге дейін айтып келеді.

«Қазақтың бәдігінде де белгілі бір сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді, сөйлемдер тобын, шумақты, бүкіл мәтінді неғұрлым көп қайталаса, зиянкес күшке солғұрлым қатты әсер етуге болады деген сенім жатыр. Қарастырылып отырған жанрда ең көп қолданылатын сөз – «бәдік», содан соң жиі қайталанатын сөз – «көш». Оның шумақ, тармақ ішіне орналасуы да белгілі бір ырғақ, ұйқас заңдылықтарына бағынады. «Көш» сөзі, әдетте, бірінші, екінші және төртінші тармақтарда қайталанады. Қандай да бір затты немесе

құбылысты екінші зат пен құбылыстан айыратын ондаған, жүздеген белгілер бар. Ол белгілер кейде арнайы тексерусіз де «мен мұндалап» тұрады. Бірақ тым қарапайым болуы себепті біз оларға кейде тиісінше мән бере қоймаймыз. Сондай қарапайым, әрі жанрдың бет-пердесін айқындайтын басты белгі деп бәдік мәтінінің кез келген шумағында «бәдік» сөзінің жүруін атар едік. Екінші белгі – оның «көш» сөзімен тоқайласа, тоқым қағыстыра ірге қонатындығы. Бүкіл бәдік көшіру ғұрпының тоқетер түйіні де аталған екі сөздің төбе түйістіруіне келіп тіреледі. Алайда жетекшілік міндетті «бәдік» сөзі атқарады. Кейбір бәдік өлеңдерінде «көш» сөзі мүлде қолданылмауы мүмкін. Бірақ «бәдік» сөзінің қатысынсыз бәдік мәтіні болуы мүмкін емес. Бұл – бұзылмайтын, бұлжымайтын поэтикалық заңдылық» [85, 54]. Бәдікті қыздар мен жігіттер екі топқа бөлініп, хормен де орындаған. Сондай-ақ, қыз бен жігіттің айтысы түрінде де айтқан.

Өзбектерде:

Kuch-kuch, badik, *ko'ch*, *badik*,	Көш-көш, бәдік, көш бәдік,
Bo'sag'ada burilib turma, *badik*.	Босағада бұрылып тұрма, бәдік.
Bo'sag'ada burilib tursang, *badik*,	Босағада бұрылып тұрсаң, бәдік
Egasining ko'ngliga kelar hadik.	Игесінің көңіліне келер күдік.
Kuch-kuch, badik, oylarga *kuch*,	Көш-көш, бәдік, айларға көш,
Oy ostida o'tirgan boylarga ko'ch.	Ай астында отырған байларға көш.
Tiniq desang, soylarga *kuch*,	Анық десең, сайларға көш,
Juyruk desang, toylarga *kuch*	Жүйрік десең, тайларға көш.
[89, 186].	(аударған Ж. Қ.)

Башқұртта бағымсы ауруларды көзге көрінетін тіршілік иесі ретінде қарап, құдіретті күштерді өзіне бағындыра отырып, адамды аластайды:

Кит, каçта, кит!	Кет, ауру, кет!
Ете сат юлда arnaif,	Әкең жеті жолдың торабында,
Ете сат юлда инәң,	Анаң жеті жолдың торабында,
Үҙең эҙләп man,	Бар да соларды тап,
Ана бара юлың!	Сенің жолың сонда бар
Кит бынан мәлгүн,	Кет мына жерден, малғұн.
Беҙҙең менән тиңләшмә,	Шық, кет, өзіңмен салыстырма,
Беҙҙең менән булышма	Бізбен бәсекелеспе
Миндә – кос,	Менде күш бар
Миндә – һыу,	Менде су бар,
Миндә – тупраҡ!	Менде жер бар,
Кит, кит! [51, 75]	Кет, кет!
	(аударған Ж. Қ.)

деп, қолымен жолды нұсқап, былай дейді:

Кит, ана бара юлың, Кем ебәргән — шуңа бар, Кем ҡаргаган - шуңа бар! [51, 76].	Кет, жолың әне, сонда бар, Кім жіберді, соған бар, Кім қарғыс айтты, сонда бар! (аударған Ж. Қ.)

«Бәдік болмысы «көшіру» ұғымымен тікелей байланысты. Дерт көшіру қаскөй күштерден құтылудың жалпы амалы болса, бәдік – емдік магияның жалқы әдістерінің бірі. Фольклортану тұрғысынан келгенде бәдікті вербальді магия үлгісіне жатқызуға тура келеді. Бұл жағынан оған ең жақын, етене туыс болып табылатын жанрлар – бақсы сарындары мен арбау. Алайда олардың спецификалық ерекшеліктері, жанрлық айырым белгілері ап-айқын көрініп тұрады» [85, 52].

Түркі халықтарында халық емшілері жын-перілердің сиқырлауы мен дуалауына қарсы емдік шаралар жасап, оларды қайтару амалдарын қарастырған. Дәстүрлі емшілер дуалау мен сиқырдан қорғау, денені тазарту, сондай-ақ зұлым иелерінен қорғаныс жасау функцияларын да атқарған. Зиянды күштерді күлмен, тұзбен аластаған. Мәселен, түркі халықтарында үйді аруақ, өлген рухтар мазаласа немесе үй иесі өзін жайсыз сезінсе, олар бүкіл үйді, барлық бұрыштарды арша, адыраспанның түтінімен аластап, үйді айналып, күлін шашқан.

Осы рәсімді орындау барысында арнайы айтатын сөздері болады. Мәселен, башқұрттарда былай дейді:

Килегеҙ бында Сыгыҙ бынан, Йөрөмәгеҙ бында, Өйҙө тынгыһыҙлап! Әйҙә күрһәтәм юлды, Кит! Кит! Китегеҙ [51, 84].	Жинал да бұдан Кет бұл жерден. Кірме мұнда Мазала бұл үйді Жолыңды саған көрсетемін Алас, алас, алас! (аударған Ж. Қ.)

Қарақалпақта бәдік жоғарыда айтқанымыздай, жігіттер мен қыздардың айтысы іспетті хормен айтылады:

Жигит: Бәдик ала, Бәдик ала, Бәдикти кешире гер, Аллатала? Бәдикти кеширмесед, Аллатала? Изиңнен жиберемен отлы шала!	***Жігіт:*** Бәдік ала, Бәдік ала, Бәдікті кешіре гөр, Алла Тағала? Бәдікті кешіремісің, Алла Тағала? Саған жіберемін отты шала!
Қыз: Бәдик-бәдик, аў бәдик, бәдик қасқыр, Қасқырдай қан тамызған қара басқыр.	***Қыз:*** Бәдік-бәдік, әу бәдік, бәдік қасқыр,

Жолына нан садақа құдайым аў,
Бәдикти темир торға салып тас дыл?!

Жигит:
Көш бәдик, көшер болсаң, сайларға көш,
Сайлардағы малы көп, байларға көш,
Парша тон, зер жағалы ишик кийип,
Ханнын қызы отырған жайларға кеш!

Қыз:
Көш бәдик, көшер болсан, жайлаўға көш,
Жаў жасырып жатырған таўларға көш,
Қуўға күшин жетпесе, ғазлара көш,
Ғазға күшин жетпесе, тазларға көш!

Жигит:
Көш-көш бәдик, көш бәдик, сайларға кеш!
Асыў-асыў бийик таўларға кеш!
Оннан жайлаў таппасаң мен айтайын,
Қой айдап, жылқы саўған байларға көш!

Қыз:
Көшер болсан, көш бәдик,
Таўларға көш,
Таўдың артын жайлаған,
Байларға көш.
Оннан жайлаў таппасан,
Мен айтайын.
Қара басын ойлаған,
Ханларға көш.
Көш-көш!

Жигит:
Ҳаў бәдик, көшер болсан, жүзгенге көш.

Қасқырдай қан тамызған қара басқыр.
Жолыңа нан садақа Құдайым- ау,
Бәдікті темір торға салып, тас қыл?!

Жігіт:
Көш бәдік, көшер болсаң, сайларға көш,
Сайлардағы малы көп, байларға көш,
Қамқа тон, зер жағалы ішік киіп,
Ханның қызы отырған жайларға көш!

Қыз:
Көш бәдік, көшер болсаң, жайларға көш,
Жау жасырып жатқан тауларға көш,
Қууға күшің жетпесе, қаздарға көш,
Қазға күшің жетпесе, таздарға көш!

Жігіт:
Көш-көш бәдік, көш бәдік, сайларға кеш!
Асу-асу биік тауларға көш!
Одан орын таппасаң, мен айтайын,
Қой айдап, жылқы сауған байларға көш!

Қыз:
Қөшер болсаң, көш бәдік,
Тауларға көш,
Таудың артын жайлаған,
Байларға көш.
Одан орын таппасаң,
Мен айтайын.
Қара басын ойлаған,
Хандарға көш.
Көш-көш!

Жігіт:
Әу, бәдік, көшер болсаң, жүзгенге көш.

Қасын керип, қабағын сүзгенге көш! Оннан жайлаў таппасан, мен айтайын, Бул дүньядан гүдерин үзгенге көш! Ҳаў бәдик, көшер болсаң боянға көш, Топырақ жалап тоймаған шаянға көш! Оннан жайлаў таппасан мен айтайын, Кишкенениң жүйрги қоянға көш! [37, 28-29]	Қасын керіп, қабағын сүзгенге көш! Одан орын таппасаң, мен айтайын, Бұл дүниеден күдерін үзгенге көш! Әу, бәдік, көшер болсаң, баянға көш, Топырақ жалап, тоймаған шаянға көш! Одан орын таппасаң, мен айтайын, Кішкененің жүйргі қоянға көш! (аударған Ж. Қ.)

Қарақалпақ фольклорында жазылғандай, «Бәдіктің көбінесе «көш-көш» деп басталып, «көш-көш» деп аяқталуы бұл адамдардың ауруды бездіріп көшіре аламыз деген түсінігінің нақты дәлелі бола алады. «Көш-көш» дегенде «тауларға, құйынға, шопанға, көне қыстауға, ақымаққа, шаянға, қоянға, азан менен шақырған қарғаға, орынсыз шақырған қоразға, су тимеген тайларға, сары аяқ марқаға, қазан қырған қырғышқа, өтірікші өсекке т. б. көш деп тілек тілейді. Алдау-арбау арқылы қайта-қайта бәдікті айта берсе, ауру бәдік кеселінен айығады деп ойлайды. Сондықтан да бәдіктің қайта-қайта қайталанып, адамды зеріктіріп жіберетіндерге байланысты халық аузында «Пай, сен бір бәдік екенсің ғой» деген сөздер пайда болған. Бұл сөз отырыстарда, я басқа бір отырған орындарда көп сөйлеп, адамдардың тыныштығын, мазасын алған адамдарға айтылады. Солай етіп, оған ашуланған, жақтырмаған сезім білдіреді» (аударған Ж. Қ.) [37, 21].

Әзербайжанда «Дұғалар кейде ауызекі сөйлеуде мереке, той думанда айтылатын ән сияқты естілуі мүмкін: жауға, жат адамдарға, аспанда ұшқан құсқа, шалғындағы шөптерге, таудағы тастарға, үйсіздерге, жесірлерге, ағынды суға кет [90, 114] сияқты қазақ, қарақалпақ, қырғыз бәдіктері де тауларға, су мен тау-тасқа, орман-тоғай мен жайлауға, ай мен күнге тағы басқа жерлерге көшеді.

«Бір айтқанды қайта-қайта айта беру – сырт көзге ғана іш пыстыратын, мезі қылатын әрекет, негізінде ол магиялық ғұрыпты орындаудың талабынан туындайтын басты заңдылықтардың бірі. Тибеттің магиялық кітабындағы: «Қажетті жалбарыну сөзін 100 мың рет қайтала», – деген шарт тегіннен тегін қойылмаса керек. Қазақтың бәдігінде де белгілі бір сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді, сөйлемдер тобын, шумақты, бүкіл мәтінді неғұрлым көп қайталаса, зиянкес күшке солғұрлым қатты әсер етуге болады деген сенім жатыр. Қарастырылып отырған жанрда ең көп қолданылатын сөз – «бәдік», содан соң жиі қайталанатын сөз – «көш». Оның шумақ, тармақ ішіне орналасуы да белгілі бір ырғақ, ұйқас заңдылықтарына бағынады. «Көш» сөзі, әдетте, бірінші, екінші және төртінші тармақтарда қайталанады. Қандай да бір затты немесе құбылысты екінші зат пен құбылыстан айыратын ондаған, жүздеген белгілер бар» [85]. Алланың 99 көркем есімін адам қажеттілігіне қарай 100 рет қайталау арқылы оның маңыздылығы артатыны құран кәрімде жазылған.

Бәдік шумақтар саны да әртүрлі. «Бабалар сөзінде» төрт шумақтан қырық алты шумаққа дейін жететіні айтылады.

«Бәдік айтысының қысқа идеялық мазмұнына келсек, бәдік айтуға келген екі жақтың қыз бен жігіттер тобы кейде бір-біріне: «Бәдікті айтуды сіздер бастаңыздар?» - деп, бір-біріне қолқа салады. Сонда көрші отырған екінші ауылдың жастары яғни, жігіттер тобы бәдік айтуды бастағанда, осы жақта бір бәдік бар деген хабарды естіп келгендігін айтса, ауруды көшіруге алып барған қыздар тобы бәдік айтуды бастағанда бәдіктің оң қолына ұстап алып келгендерін хабарлайды.

Бәдік айтысын бастаған жігіттер тобы бәдіктің қай жерден шыққанын сұрайды. Бұған ауруды алып барған қыздар тобы бәдіктің қайдан шыққандығын, неше күн бәдік айтып көшіретіндіктерін барлығына айтып бәдікті бастайды [37, 18-19] (аударған Ж.Қ.). Мәселен, қарақалпақ айтысынан үзінді келтірсек:

Жигит:
Ҳәрким еркин болады өз елинде,
Үйрек-ғазлар шад болар өз көлинде,
Сол бәдикти биз қуўып қутылайық,
Бул үкемниң бәдиги қай жеринде?

Жігіт:
Әркім еркін болады өз елінде,
Үйрек-қаздар шат болар өз көлінде,
Сол бәдікті біз қуып құтылайық,
Бұлардың бәдігі қай жерінде?

Қыз:
Бул үкемниң бәдиги басындағы,
Мениң бәдик айтқаным жасымдағы,
Үш күн айтып, бәдигин көширсек,
Аўылым алыс емес, қасындағы.
[37, 19]

Қыз:
Бұл үкімнің бәдігі басындағы,
Менің бәдік айтқаным жасымдағы,
Үш күн айтып, бәдігін көшірсек,
Ауылым алыс емес, қасындағы.
(аударған Ж. Қ.)

Бәдік айтысында сөз арқылы жалынып-жалбарынулар, алдап-арбаулармен қатар қыз бен жігіт кезектесіп, айтысып өлеңдету де кездеседі.

Жигитлер:
Гүл-гүлайсан, гүлайсан, гүл емес пе,
Шеше торғай шенгелге түнемес пе?!
Үш күн айтып гүлансанды көшире ғойсақ,
Гүлайсан аяқ уштан жөнемес пе?!

Жігіттер:
Күл-күлсең, күлсең, күл емес пе,
Шеше торғай шеңгелге түнемес пе?!
Үш күн бойы күлейік, көшіре алсақ,
Күлсең, аяғы аспаннан түспейді ме?

Қызлар:
Гүлайсан саған не болды, бундай болып,

Қыздар:
Күліп тұрсаң, не болады, сондай болып,

Жада тиккен былғары қындай болып, Үш күн айтып гүлайсанды көшире ғойсақ, Гүлайсан кетпей ме екен жымдай болып?!	Жада тіккен бұлғары күндей болып, Күні бойы күлейік, көшіре алсақ, Күлсек тастап кетпей ме, жымдай болып?! (аударған Ж. Қ.)

«Жоғарыдағы мысалда бәдік «гүлайсан» деп айтылады. Бұл екеуінің бір-бірінен айырмашылығы жоқ. Халық арасындағы информаторлардың айтуы бойынша халқымыз балаға шығатын сары қотыр мен жараны кейде бәдік десе, кейде гүлайсан деп атайды екен. Бәдік айтушылар бәдікті қорқытып, абай етсек, аурудің денесінен көшеді деп ойлайды» [37, 19-20].

Жигит: Көширмеди бул бәдик бийдай берсем, Бийдай берип, тамағын сыйлай берсем, Көшпесине бәдикти қоймайман да, Мойнына қыл жип салып қыйнай берсем.	***Жігіт:*** Көшіпейді бұл бәдік бидай берсем, Бидай беріп, тамағын сыйлай берсем, Көшпесіне бәдікті қоймаймын мен, Мойнына жіп салып, қинай берсем.
Қыз: Арпа берсем, Аяқ-аяқ арпаны тарта берсем, Көшпесине бәдикти қояман ба, Батпақ өткел томарын арта берсем	***Қыз***: Арпа берсем, Аяқ-аяқ арпаны тарта берсем, Көшпесіне бәдікті қоямын ба? Батпақ өткел томарын арты берсем. (аударған Ж. Қ.)

«Бәдікте қарғыс та айтылады. Бұл аурудың денесіндегі қотыр жаралардың жазылмай, қайта көбейіп кеткен уақытында ашумен айтылған кекті түрі болып саналады» [37, 20].

Түркі халықтарындағы бәдік айтысы мен сөздеріне қарағанда «көш» сөзі мен «бәдік» сөзінің екеуінің бірі үнемі қолданылып отыратындығын аңғардық. Бұл – бұлжымайтын поэтикалық құбылыс.

Қазақ және қарақалпақ бәдік айтысы бір-біріне өте ұқсас. Көнеден келе келген бәдік осылайша емдеу түрінен уақыт өте келе, жастардың ауыл кешінде жиналып, жыр айту, көңіл көтеру рәсіміне айналғанын аңғарамыз. Сондай-ақ осындай бәдік түрінде кезектесіп айту арқылы ауру ортаға алынып, жиналғандар қыздар мен жігіттер болып, екіге бөлініп, бәдік өлеңін айтқан. Осылайша қыздар мен жігіттер немесе қыз бен жігіт бір-біріне қарама-қарсы отырып, бәдік жырын айтады. Наным-сенімдердің нақты көрінісін бәдік жырларынан көреміз. Бұл туралы С. Сейфуллин: «Тәуіптердің көшіру, аластау ырымдары мен «Бәдік» айту бір түрлі нанымнан туған зат. Бәдік деген адамға,

малға қасақы ауру, індеттің, «Тәңір иесінің» аты болуға тиіс. Бәдікті кешке айтады. Бері келе «Бәдік» айтуды сылтау қылып жиналған қыз бозбала, қатын-қалаш ойнап, өлең айтысып, бірсыпыра ауыздарының дәмін алатын болған» [86] дейді. Қарақалпақ бәдік үлгісінен мысал келтірсек:

Қыз:	***Қыз:***
Бәдик қурғыр,	Бәдік құрғыр,
Қай жеринде турады қәдик қурғыр,	Қай жерінде тұрады кәдік құрғыр,
Отырайын дегенде омма турғыр,	Отырайын дегенде омпа тұрғыр,
Туңгирликке жығылып мойны сыңғыр.	Түңілікке жығылып, мойны сыңғыр. (аударған Ж. Қ.)

Бәдік айтысын жастар уақыт өте келе, өздерінің ойын-күлкі, өзара отырыс, жиын, әзілдесу кешіне айналдырған.

Жигит:	***Жігіт:***
Ҳаў, бәдик, көшер болсаң өзиме көш,	Әу, бәдік, көшер болсаң озіме көш,
Өзимниң бес-алты аўыз сөзиме көш,	Өзімнің бес-алты ауыз сөзіме көш,
Оннан жайлаў таппасаң мен айтайын,	Одан риза болмасаң, мен айтайын,
Қызлардың жаўдыраған көзине көш.	Қыздардың жәудіреген көзіне көш.

Қыз:	***Қыз:***
Бәдик көшип баратыр екесине,	Бәдік көшіп бара жатыр егесіне,
Ешки арығын билдирмес текесине,	Ешкі арығын білдірмес текесіне,
Және көшер жериңди мен айтайын,	Және көшер жеріңді мен айтайын,
Барда жабыл жигиттиң шекесине.	Барда жағыл жігіттің шекесіне. (аударған Ж. Қ.)

Бәдік айтушылар, әсіресе, бәдік жарасы бар ауылдың жастары түгел қатысып, айтысқа шақырады. Жастар түгел келуі үшін шақыру мақсатында мынадай бәдік жырын айтқан:

Қызлар:	***Қыздар:***
Бәдик деген аўырыў желер болар,	Бәдік деген ауру желер болар,
Шақырғанда бәдикке келер болар,	Шақырғанда бәдікке келер болар,
Шақырғанда бәдикке келмегенлер,	Шақырғанда бәдікке келмегендер,
Аяқ-қолдан айырылып өлер болар» [37, 21]	Аяқ-қолдан айырылып өлер болар. (аударған Ж. Қ.)

Бәдіктің тым әріден келе жатқанын белгілі ғалым Ә. Диваев айта келе, малы ауырса, құтырса немесе жылан, қарақұрт, жәндік шақса бәдік айытп, көршілеріне хабар берген екен. Ауруды сылтау еткен жас бозбала, бойжеткендер екі жарыла қалып айтысқан екен [91, 5-6].

Жоғарыда ұсынылған үзінділерден түркі халықтары бәдік жырларының мазмұндық, құрылымдық және поэтикалық ерекшеліктерінің ұқсас екенін анық байқауға болады. Мысалға, алынған бәдік өлеңдерінің семантикалық мағынасы мен көркемдік формасының ұқсастығы түркі елдерінің тарихтың түрлі кезеңінде бір әлеуметтік-қоғамдық, саяси және мәдени ортада өмір сүргенін, олардың дүниетанымдарының да ортақ екендігін айқын аңғартады. Талдау барысында біз үшін маңызды мәселе – түркі әлемі фольклорының ортақтықтарын көрсететін тұрмыс-салт дәстүрлері үлгілерінің кездесуі. Бәдік жырлары мен айтысы тарихи түрі болып қала береді. Қазіргі таңда айтыстың бұл түрі кездеспейді.

«Жар-жар» үлгісіндегі айтыстар.

«Жар-жар» айтыстары 1869 жылы Ташкентте шыққан Н.И. Гродековтың «Киргизы и каракиргизи Сырдаринской области» деген кітабына енген. Ғалым Қ.Жұмалиев жар-жарды айтыстың жеті түрінің бірі ретінде атап өтеді. М.Жармұхамедов әдет-салт айтысының бір түрі осы жар-жар айтысы деп атап көрсетеді. К.Асанов «Айтыс публицистикасы» еңбегінде жар-жарды әдет-ғұрып, салт айтысының бір түрі ретінде атап өтеді.

Түркі халықтарының фольклорындағы айтыс, айтыш, атышма, дейишме – екі немесе одан да көп айтыскер немесе топ мүшелері тарапынан айтылатын халық әдебиетінің түрлерінің бірі. Бұл жанр – халық әдебиетінің ауызша тараған үлгілері ретінде тыңдарманның назарын аударған жанр. Айтыстың басты ерекшелігі – суырыпсалмалығы мен табанасты тапқырлығы. Айтыс суырыпсалма ақындар арасында ұйымдастырылып, түркі халықының қызығушылығын арттырып келеді.

Ғалым Н.Йылдыз айтысты жеке айтыс және анонимдік айтыс деп екі түрге бөледі де, «айтыстың жеке түрі - импровизацияның шеберлері (суырып салма ақындар) арасында ұйымдастырылады... Анонимді түрі көбінесе ойын-сауық ортасында қызықты уақыт өткізу үшін ұйымдастырылады; жеке айтыстар болса көбінесе дүбірлі додаларда орындалады, - дей келе, «түрік халық әдебиетінде анонинимдік айтыстар (атышмалар) үйлену тойы, қына түні сияқты дәстүрлі жиындарға қатысқандар арасында бір-біріне «мани» (қара өлең) түрінде айтылумен қатар «айтыс-терме» сипатымен белгілі. Әдебиетте жалпы айтыс деп аталатын бұл шығармалар импровизациялық орындау дәстүрінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ерекшеліктеріне қарай «қағыту, әңгімелесу, кездесу» деп аталатын сөз додаларында музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен ұйымдастырылады. Түркі халықтарының айтыс пен атышма дәстүрін жалпылама алғанда арасындағы ортақ ерекшеліктермен қатар айырмашылықтардың да болуы түркі мәдениетінің әртүрлі аймаққа тараған әдеби мәдени құндылығының дәйегі ретінде қарастыруға болады» [47,

26] - деген пікірін басшылыққа ала отырып, ғалым айтқандай, түркі халықтарында жар-жар айтыс түрін салт-дәстүрдің бір көрінісі ретінде қарастырамыз.

М. Жармұхамедов былай дейді: «Ақындар айтысының алғашқы бұлақ – бастауы сонау тұрмыс-салт жырларынан, яғни халық поэзиясының шағын түрлерінен басталады. Екіұдай болып хормен орындалатын үйлену-салт өлеңдері («Жар-жар») мен ескі діни наным- ұғымдарға байланысты туған дәстүрлі жырлар («Бәдік») немесе Наурыз мерекесіне сәйкес бата-тілек үлгісіндегі кезектесіп айтылатын өлең-жырлар, сөз жоқ, айтыс жанрының бастапқы негізін қалаған» [92, 19].

«Жар-жар» – түркі халқының әдет-ғұрыптары мен салт-санасына, үйлену той, құдалық сынды ойын-сауық кезінде, бәдікпен қатар көнеден келе жатқан түрі екендігін жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұл туралы айтыстың типологиясын зерттеген Б.Уахатов: «Жер жағынан, тіл жағынан туыс халықтар: тәжік пен өзбек, өзбек пен қазақ, қазақ пен татарлардың ежелден қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық байланыстары бар... Ал, халық әдебиетіне келсек, мұның жөні тіптен таңқаларлық. Мысалы, жар-жар Тәжікстанның бар ауданында бірдей кездесе бермегенімен, бірақ Самарқант, Ұра-төбе, Ходжент тәжіктерінің арасында айтылатын көрінеді. Ер-ер, негізінен, қалыңдықты үйінен шығарып, ұзатып келе жатқанда орындалады. Және сол тәжіктер айтатын ер-ердің өзі екі тілде, яғни өзбек тілі мен тәжік тілінде айтылады» [93, 69].

Қарақалпақта хәужар аталып, «Хәужар – қыздардың ұзатылу, жігіттердің үйленуіне байланысты әдет-салт дәстүрлерінің бірі. Бұл ұзатылатудың құдалық тойы басталғанда және ұзатыларда айтылады. Бұндағы хәужар айтудың мақсаты — ұзатылатын қыздың тұрмысқа шығатындығын естірту және бұған жылаған қызды ақыл-кеңес айтып жұбату және бұдан былайғы өміріне қабыл етіп мойындату, көндіктіру болып табылады. Өйткені, бұрын қарақалпақ халқының әдет-салты бойынша тұрмысқа шығатын қызға оның тұрмысқа шығатындығы туралы ешнәрсе айтпайтын болған. Оның ерге шығатындығын, тек ұзатылар тойын берерде болмаса ұзатыларда ғана хәужар жырын айту арқылы хабарлаған. Бұл хабарды естіген қыз да өзінің мұңын, қайғысын, хәужар арқылы еркін, ашық айтып, жылаған екен» (аударған Ж. Қ.) [37, 37].

Татар жар-жары:	***Татар жар-жары:***
Әтекәем өендә,	Әкемнің үйінде,
Көмешем калды, Яр-яр.	Күмісім қалды, жар-жар.
Ризкым бетми мин китәм,	Ризығым бітпей, кетіп барамын,
Өлешем калды, Яр-яр.	Үлесім қалды, жар-жар.
Берегез бер гөл, берегез былбыл,	Бірі – гүл, бірі – бұлбұл,
Бер булыгыз, Яр-яр.	Бір болыңыз, жар-жар.
Яктылыкта яшәгәндә,	Осы өмірден ешқашан,

Аерылмагыз, Яр-яр [94, 79].	Айырылмаңыз, жар-жар. (аударған Ж. Қ.)

«Өзбектерде ескіден келе жатқан жар-жар және лепелер айтысы деп аталатын түрлері бар. Қарама-қарсы тұрып, кезек-кезек айтылуы жағынан айтысқа ұқсайды. Жар-жар жыры да тойлар да өте ескіден бері айтылып келген. Оны «ченги» деп атаған. Мысал келтірсек:

Hangi çimenden esip geldi saba, yar-yar, Ki nefesinden düştü ateş canıma, yar-yar [95, 88].	Таңғы самал еседі көк шалғында, жар-жар, Демің от болып шарпыды жанымды, жар-жар (аударған Ж. Қ.)

Жоғарыда айтқанымыздай, жар-жар – тұрмыс-салт жырларының ішінде үйлену салты, неке тойларында айтылатын салтанатты диалог түрінде айтылатын өлең. Мазмұнына қарағанда ежелден үйлену тойларында айтылып келе жатқан жанр екендігін аңғарамыз. Өзбектерде де бұл жанрды әйелдер мен еркектер де айтқан. Басқа түркі халықтарындағыдай неке тойларында жігіттер мен қыздар топ-топ болып айтысқан.

Қарақалпақ халқы «Хәужар», «Жар-жар» деп те айтады. «Халық арасында екеуінің мәнісі бір. Бір мәнде деп түсінеді. Қыздар мен жігіттер тобы бірге хормен айтады. «Хәужар» мен «Жар-жар» жырға үстеме беріп тұрады» [37, 38].

Қыз: Саўыры етигим қонышы тар, кийеалмайман яр-яр, Қолым барып дүньямды жыялмайман яр-яр, Ғамгүн болып жыламай мен қәйтейин, Ели-халқым ҳәм журтым бунда болар яр-яр.	***Қыз:*** Сауыры етігім қонышы тар, кие алмайман жар-жар, Қолым барып дүниемді жиялмаймын жар-жар, Қам көңіл болып, жыламай қайтейін, Елім-халқым мен жұртым осында болар жар-жар.
Жигит: Саўыры етигиңниң сабағы сонда болар яр-яр, Қырық кисиниң ақылы хайда болар яр-яр, Ғамгүн болып жылама қарындасым, Ели-халқын ҳәм журтың онда болар яр-яр. [37, 40-41].	***Жігіт:*** Сауыры етігіңнің сабағы сонда болар жар-жар, Қырық кісінің ақылы қайда болар жар-жар, Қам көңіл болып, жылама, қарындасым, Елің-халқың мен жұртың сонда болар, жар-жар (аударған Ж. Қ.)

Сондай-ақ, жар-жар және айтыс өлеңдерінің сарындары эпостық жырлар мен әртүрлі туындыларда, драмалық шығармалар мен хикаяларда да көптеп кездеседі. Халық бақсылары да қолданған. Өзбек жар-жарынан тағы да мысал келтірсек:

Gelin hanımın damından,
Alıcı kuş uçtu, yar-yar,
Güveyi oğlanın damına
Varıp kondu, yar-yar.
Güveyi oğlan damını,
Dal ile örtmüş, yar-yar.
Böyle güzel yavukluyu,
Nerden bulmuş, yar-yar.
[95, 91б].

Қалыңдықтың үйінен,
Құс ұшып шықты, жар-жар,
Күйеу жігіттің үйіне
Келіп қонды, жар-жар.
Күйеу жігіттің үйінің,
Төбесін жапты, жар-жар.
Сондай әдемі балақанды,
Қайдан тапты, жар-жар?
(аударған Ж. Қ.)

Әзербайжан халқында да басқа түркі халықтары сынды үйлену тойларында жар-жар айтылады. Онда қыздың сұлулығы, пәктігі, адалдығы, еңбекқорлығы, қайраттылығы айшықталады. Құда түскеннен кейін қыз бен жігіттің үйінде болған тойда жар-жар хормен айтылады. Мәселен:

Xor:
Qızılgülün dəstəsiyəm, yar-yar,
Bacıların bəstəsiyəm, yar-yar.
Qonşu məni xəbər alsa, yar-yar,
Deyin yarın xəstəsiyəm, yar-yar.

Xor:
Anamın bircəsiyəm, yar-yar,
Incilərin incisiyəm, yar-yar,
Qızılgülün qöçəsiyəm, yar-yar.
Kipriyimdə yaş gilə,
Meh düşdü qızılgülə.
Ay yar, atı yəhərlə
Dur gedək qaynım gilə.

Xor:
Bacıların bəstəsiyəm, yar-yar,
Qızılgülün dəstəsiyəm, yar-yar.
[96, 253-254].

Хор:
Раушан гүлдің шоқтығымын, жар-жар,
Әпкелердің қосшысымын, жар-жар.
Көрші менен хабар алса, жар-жар,
Дерттімін деп айтайын мен, жар-жар.

Хор:
Анамның көзіндеймін, жар-жар,
Інжулердің өзіндеймін, жар-жар.
Раушан гүлдің иесіндей, жар-жар,
Кірпігіме жас келіп,
Раушан гүлді жел жұлып.
Ау жар, атқа мініп
Тұр, кеттік, жезде.

Хор:
Раушан гүлдің шоқтығымын, жар-жар,
Әпкелердің қосшысымын, жар-жар.

Қарақалпақ фольклорында ұзатылып барған қыз қайын атасы мен өз үйін салыстырып, былай дейді:

Өз әкемнин есиги,
Жипек есик яр-яр,
Кирсем-шықсам шашымды,
Сыйпар есик ҳәўжар.
Қайнатамның есиги,
Шенгел есик яр-яр,
Кирсем-шықсам шашымды,
Жулар есик ҳәўжар [37, 41].

Өз әкемнің есігі,
Жібек есік, жар-жар,
Кірсем-шықсам шашымды,
Сыйпар есік, әужар.
Қайын атамның есігі,
Шеңгел есік, жар-жар,
Кірсем-шықсам шашымды,
Жұлар есік, әужар (аударған Ж. Қ.)

Сондай-ақ ұзатылып бара жатқан қыздың сіңлісі де хәужар айтып, тойды бастау үшін жігіттерге қозғау жасайды:

Қара-қара қозылар,
Қой баслайды яр-яр,
Қәлем қаслы жигитлер,
Той баслайды яр-яр [37, 42].

Қара-қара қозылар,
Қой бастайды жар-жар,
Қалам қасты жігіттер,
Той бастайды жар-жар
(аударған Ж. Қ.)

– деп ең соңында ұзатылып бара жатқан қызға тілек айтып, бақытты да баянды ғұмыр кешу үшін арнайы ақыл-кеңес мақсатында хәужар айтылған.

Түркі халықтарының көбінде осы жар-жар түрі көптеп кездеседі. Кейбір дәстүрлі той немесе жиындарға келген ақындар екі немесе төрт адам болып бір жыр орындаған. Бұл түрдегі айтыста ақын жырдың бір бөлігін айтқаннан кейін жалғасын айту үшін сөзді келесі шайырға береді. Жырды жалғастыра алмаған ақын жеңілген болып есептеледі. Айтыскерлер күймен де айтысқан. Тіпті жыр-терме орындау арқылы да ақындарды сайыстырып отырған. Бұл туралы К.Матыжанов: «Жалпы, тойда айтылатын өлең-жырлардың басым көпшілігі диалогқа құрылады. Мұның негізі ежелгі дәуірдегі жұптық тартыстан туған. Сол тайталаста үнемі ерлер жағы жеңіп отырады. Міне, осы «жеңіс» орайында, ата-баба салтына бойұсынған қызға жұбату айтылады. Жар-жардың соңындағы «бір жақты» айтылатын жыр да осы жұбату мазмұнында. Оны көп жағдайда ерлер жағы, кейде қыздың жеңгелері айтады. Сонымен бірге, жар-жарды ұзатылатын қыз бен үйленетін жігіт айтпайды, солардың атынан басқа адам, көбінесе өлеңге ұста қыз бен жігіттер айтады. Тіпті, әр ауылда соған машықтанған жастар да болады» [97, 89] – деген болатын.

«***Жігіт***:

Ұзатылу, той қылып,

Үлкен қызық, жар-жар-ау!
Кетемін деп үйінен,
Ой қылған қыз, жар-жар-ау!

Қыз:

Бұрынғының дәстүрі,
Болғаннан соң, жар-жар-ау!
Елден аулақ жапанға
Қашайын ба, жар-жар-ау!» [97, 20].

Айтыстың «Жар-жар» үлгісінде халықтың перзентіне деген өсиет немесе тілегі айтылады. Оның жаңа өмірге қадам жасауына, батыл шешім қабылдауына мұрындық болып, ел-жұртымен қоштасуы іспеттес болып келеді. Жар-жардың тағылымдық-тәрбиелік мәні зор. Онда философиялық таным бар. Ата-ананың перзентіне деген тілегі:

«Жаздыгүні ақша қар,
Жұмақ қайда, жар-жар-ау!
Құлын-тайдай айқасқан
Оң жақ қайда, жар-жар-ау!
Қанша жақсы болса да,
Қайын атам жар-жар-ау!
Айналайын әкемдей
Болмақ қайда, жар-жар-ау!» [97, 19] – деп, ата-анасының қадірі мен мейірім шуағын жырға қосып, түркі халықтарының бәріне тән отбасылық, бауырмалдық сезімді айрықша көрсетеді.

М. Жармұхамедовтың «Қазақ еліндегі айтыс жеке адамдарға тән өнер түрі болуымен қатар, ол ең алғашқы туыс-бітімінде көптік жанр. Айтыстың әуелден кең өркендеп дамуына әр кез бүкіл халық болып ат салысып келген» [16, 296] – деген, яғни тойға жиылған қауымның барлығы бірге әуендетіп, хор түрінде айтылып жүр.

Жар-жардың бірнеше үлгілері бар. Себебі ақындар ел аузында айтылып келе жатқан түрін өзгертіп, аужардың бұрыннан келе жатқан жаттанды үлгілеріне жаңадан өзгерістер енгізіп ортырған. «Тыңдаушы жұртшылықты бірде өздерінің ұнамды, жарасымды әзілдерімен көңілдендіріп, сергіте түссе, енді бірде, көз алдына жас алдырып мұңайтатыны болады. Мұндай өлеңдер ауылдардағы кейбір өнерлі сері жігіттер мен бойжеткен қыздар арасындағы әр түрлі жағдайға байланысты айтылмай, сыртқа шықпай кетіп бара жатқан жүректің мұңлы лүпілі тәрізді. Қалыңдық баратын жеріне, болашақ күйеуіне көңілі толмаса, ата-анасына, ел-жұртына әужар айту сылтауымен өзінің наразылығын білдіріп отырса да, бұл ешқашан есепке алынбайды» [98, 18-19].

Айтыстың жар-жар түрі көбінесе көпшілік қауым арасында тұрмыс-салт дәстүріне байланысты туындаған. Бұл туралы М. Әуезов: «...айтыстың бұл түрі: жекелеген айтыс емес, топ-топ болып айтысқан салттан туған, ескілікті наным әдеттерден туған айтыс. Оның дін салтындағы өлеңдердегі мысалы - бәдік, үйленуге байланысты салт өлеңдердегі мысалы - жар-жар» [69, 31] -

дейді. Жігіттер мен қыздар топтасып, екі жаққа бөлініп, кезекпе-кезек айтысқан.

Жар-жар мәтінінен байқағанымыздай, сөз сайысы екі топтың арасында хормен айтылып, жарыс түрінде өрбиді. Мәтінді алдына ала ешкім жазып қоймайды. Жырды айту барысында туындап отырады. Жар-жар әрбір тойда айтылады. Айтыстың бір түріне жататын бұл сөз жарысында ата-анасынан ұзап бара жатқан қыздың ішкі сезімі мен оны жұбатып, қам көңіліне басу айту сөздерінен құралды. Жар-жар айтысының үлгісі бүгінгі күнге дейін сақталып, үйлену тойының басты жырына айналды. Бастапқы айтыс түріндегі формасы сақталмады, трансформацияланып ән ретінде айтылады. Кешегі салт айтысының орындалу түрі өзгерсе де, бәдік сияқты жоғала қоймағанының бір көрінісі – осы. Десе де, жар-жар айтысы деп аталмаса да, кей ойын-сауықтарда қыздар мен жігіттердің топтасып айтысуы болып тұрады.

Өзара жеке топ пен өнерпаздар арасында айтылатын айтыстың негізгі қызметі көрермен мен тыңдарманның көңілін көтеру болып табылады. Айтыс барысында белгілі себеппен бас қосқан адамдар бір-біріне әзіл, мысқыл, мақтау сөздер айтып, көңілді уақыт өткізеді. Бір-бірінің көңілін тауып, жағдайына қарауға мүмкіндік береді. Мұндай жар-жар айтыстарда дайын сөз тіркестері қолданылғанымен, кей жағдайда жанынан суырыпсалып, табанасты өлең шумақтарын қосып, сөз тауып шебер қиыстыру да маңызды. Айтыс жарыс түрінде өтетіндіктен, соңында үлкенді-кішілі сыйлықтар да беріледі. Сондықтан айтыскерлер сөзге шебер, ойы ұшқыр болуымен қатар, мәдениетті сөйлеп, суырыпсалып, табанасты жанынан өлең құрастыру шебері де болуы шарт.

Қыз бен жігіт айтысы. Бағзы замандардан бастау алатын әдеби байланыс түбі бір түркі халықтарының арақатынасын нығайтып келеді. Бір түркі халқының табысы барша түркілердің ортақ арнасы болып саналған. Сондықтан олар халықтық шығармалар деп аталып, ортақ мұра болып есептелген.

Ежелгі түркілік ата-бабалық негіздерін сақтаған және әр түркінің ұлттық сипатын қалыптастырған рухани қазынамыздың бірі осы айтыс екендігін зерттеу жұмысымыздың басынан айтып келеміз. Бағзы замандардан бір тамырдан тараған түркі халықтарының наным-сенімі, салт-санасы мен мәдени, әдеби құндылықтары ұқсас және етене жақын болған. Көнеден біртұтастығы мен тамырластығын айқындайтын айтыстың түрі – қыз бен жігіт айтысы.

Айтыстың бұл түрінде қыз бен жігіт бір-біріне көңілді, құлаққа жағымды әзілдер айтып, бір-біріне деген ықыласын да білдіріп отырған. Қарсыласын жеңу үшін қыз бен жігіт бір-бірінің мінін көбірек тауып, сынауға тырысқанмен, жеңіл түрде ойын-сауық пен көңіл көтеруге ерекше мән берген.

М.Әуезов: «Бертін келе бұл түрдің де қоғам тіршілігінің дамуына байланысты мазмұн жағынан дамып өзгеруі болған. Ондай үлгілерінде топтан бөлініп жеке жігіт жаңаша, өзі шығарған сөздерді айтады. Қыз да тобынан өзгеленіп шығып, жалғыз айтып, жауаптасады. Көбінше, арман-наразылықтар

айтылады. Бұл хал ескі айтыс түрінің жеке ақындарды топтық түрден бөліп шығара бастағанын көрсетеді. Сондай жолмен бертінде «жар-жардың» мазмұны өзгеріп, қыз бен жігіттің мұңдасуына айналып кеткен» [99, 242].

Айтысты арнайы зерттеу нысанына алған М.Жармұхамедов: «Ол топтық түрден бөлініп жекелік сипат алған айтыстардың бір түрі – «қыз бен жігіт айтысы» - дей келе, ғалым былай дейді: «Бұл айтыс үлгілері ойын-тойдағы жастардың әзіл-қалжыңына құрылған бір-бір ауыз өлеңдерінен тұрады. Мұның екінші бір аты қайымдасу деп те аталады. Оның себебі, дәстүрлі қайымдасуда бір ауыз өлеңнің алғашқы екі жолы міндетті түрде екі жаққа да бірдей болып отырады. Бір-біріне тиісіп айту тек үшінші, төртінші жолдардың үлесіне тиіп, творчестволық сипат алады» [16, 13-14].

Түріктерде мани түріндегі айтыс түрі қыз бен жігіттің айтысына өте ұқсас. Мани айтысының ерекшелігі жас қыз бен жігіттің бір-біріне деген сезімін білдіріп, ықыласы мен назарын аударту үшін айтылады. Мысал келтірсек:

Oğlan:	***Жігіт:***
Bahçelerde pırasa	Бақшадағы пияздың
Yaprağına kar yağsa	Жапырағына қар жауса,
Kızlar kocasız kalsa	Қыздар күйеусіз қалса,
Oğlanlara yalvarsa	Жігіттерге жалынса
***Kız*:**	***Қыз:***
Bahçelerde maydanoz,	Бақшадағы ақжелкен,
Deste deste oydunuz .	Әлсін-әлсін алдыңыз.
Ey akılsız oğlanlar	Ей, ақымақ жігіттер!
Şimdi mi adam oldunuz?	Осы ма адам болдыңыз?
Oğlan:	***Жігіт:***
Karpuz kestim kan çıktı	Қарбыз кестім, қан шықты,
İçinden yılan çıktı	Ішінен жылан шықты.
Kız diye birin aldım	Қыз дегеннің бірін алдым
Üç çocuklu dul çıktı	Үш балалы жесір боп шықты
***Kız*:**	***Қыз:***
Dut ağacı boyunca	Тұт ағашының бойында
Yar sevmedim doyunca	Жар сүймедім тойғанша.
Ağzım dilim lâl oldu	Аузым, тілім байланды,
Yâr sesini duyunca [100, 123].	Естігенде даусыңды (аударған Ж. Қ.)

Түрік халқының айтыс дәстүрінде ер-азаматтардың көптігінен ер-азаматтардың айтысын жиі кездестіреміз. Түріктерде әйел айтыскерлері сирек болғандықтан, ерлер мен әйелдер айтысы сирек. Десе де, аз да болса қыз бен

жігіт айтысы бар. Олар: Кастамону ақыны Решит Мехмет Эфендидің қызы Фериде Ханым мен ашык Эмрах айтысы, Эрзинжандық ашық Первани мен Ашық Гүллүхан, Ашық Шенлик пен Ашық Шикаста Перінің айтысы, ашық Рейхани мен ашық Саличақыз, тағы басқа айтыстарын атауға болады. Түрік айтыскерлерінің қыз бен жігіт айтыстарынан, яғни Азафли мен Ханым айтысынан үзінді келтірсек:

***Hatun**:*
Şadlığımdan könlüme nur elendi,
Yerler, göyler sevincime belendi.
Gadir dostlar söz gedrini bilendi,
Bu ülfetden bu gün mene pay düşdü.

Ханым:
Жүрегім бақыттан нұрға көмілді,
Жер мен көк қуанышқа бөленді.
Ғазиз достар, сөз қадірін біледі,
Бар азапты мен тарттым.

Azaflı:
Getsin Azaflı'nın ahı nâlesi,
Yanar vüsalında gemin şö'lesi.
Güneşin nurunda ayın şö'lesi,
Tezeden doğulub dünyaya düşdü.

Азафлы:
Кетсін Азафлидің наласы,
Вюсалдағы оның даңқы.
Күн нұрында айдың даңқы,
Дүниеге жаңа келгендей.

***Hatun**:*
Bu dünyanın gem üzünü kim diler,
Ağır yüngül ağırlığın ner biler.
Hatun deyir, zer gedrini zer biler,
Getdi möhlet, sevinc mene pay düşdü.

Ханым:
Бұл дүниенің асылын кім тілер,
Ауыр жүн салмағын не білер?
Зер қадірін зергер білер,
Сүйініш пен күйініш ортақ болар.

Azaflı:
Dördü beş beş yirmi be cemi bir,
Birinde altı yol, derdi gemi bir,
Arzusu bir dileyi bir, cemi bir,
Aşıg odur, bağlı odur, sirr odur

Азафлы:
Төрті бес, бес жиырма бес бәрі бір,
Бірінде алты жол, кемінің дерті бір
Айтар тілегі бір, бір бүтін,
Ол – ғашық, ол – байлаулы, ол – сыр

***Hatun**:*
Dörd el ayag, barmag beş'e bağlıdır.
Bir başta altı yol işe bağlıdır.
Üreği üreye, döşe bağlıdır.
Aşıg odur, me'şug odur, sirr odur.

Ханым:
Төрт қол-аяғы, бес бармаққа байланған.
Алтысы ол бір басқа байланған.
Жүрегі жүрегіне, төске байланған,
Ол – ғашық, ол – сүйікті, ол – сыр.

Azaflı:
Hatun diyer neçe dil var cahanda,
O nedir ki, çer dolanır bir anda.
O nedir ki, yer, göy gezir bir anda?
Âlim odur, sultan odur, şir odur.

Азафлы:
Жаһанда қанша тіл бар дер ханым?
Шеңбер болып айналатын бір мезетте не нәрсе?
Жер мен көкті кезер бір мезетте не нәрсе?

Ол – ғұлама, ол – сұлтан, ол – зұлым.

***Hatun**:*	***Ханым**:*
Azaflı, sen min bir od var çahanda,	Азафлы, от бар сенде мың бір,
Kâinatı çer dolanır her anda,	Сәт сайын ғаламды айналар,
Fikir heyal yer göy gezir bir anda	Қиял мен арман кезер әп-сәтте
Derya olur, dünya olur, mir olur.	Теңіз – ол, өмір – ол, әлем – ол.
[101, 372].	(аударған Ж. Қ.)

Түрік әдебиетінде айтыстың «атышма» деп аталатын түрі көне заманнан бері халық арасына кең таралған. Әрине, бұл атаудың өзі қазақтағы «ақындар айтысын» еске түсіреді. Бірақ ақындардың суырыпсалма айтыстарымен бірге елге таралған «мани атышма», «түркү атма» сияқты түрлері де, қауымның екі топқа бөлініп өлең айту дәстүрі де бар. Осы екі түрде айтыскерлер ғана емес, тойға келген қарапайым халық өлең айтады. Басқаша айтқанда, мұнда жеңу-жеңілу мақсат емес, екі тарап көңіл көтереді.

Гүлүһан мен Первани айтысы:

***Güllühan**:*	***Гүлһан**:*
Gel senle imtihan olalım Pervanî	Кел, сенімен айтысайық, Первани.
Bir hata yaparsan affetmem seni	Бір шатассаң, кешірмеймін сені мен.
Neden yaratmıştır beni insanı?	Мені неге жаратты адам?
Ara ki bulasın Âşık Pervanî.	Іздесеңіз, табарсыз ақын Первани.
***Pervanî**:*	***Первани**:*
Tecellim tersine çalmış kalemi	Ту сыртымнан ұрлады қаламымды
Yükledi sırtıma derdi elemi	Арқама батты ол менің
Dört maddeden yaratmıştır	Төрт элементтен жаратты
Âdem'i Ararda bulurum Âşık Güllühan.	Іздеп оны табармын, Ақын Гүлһан.
***Güllühan**:*	***Гүлһан**:*
Âşık olan alt etmez mi hasmını?	Ақын адам қарсыласын жеңеді емес пе?
Gel izhar eyle Âdem'in vasfını	Келіңіздер, ашыңыздар Адам атаның
Sayar mısın maddelerin ismini?	қасиеттерін,
Ara ki bulasın Âşık Pervanî.	Атай аласыз ба есімдерін?
	Іздесеңіз, табасыз Ақын Первани.
***Pervanî**:*	***Первани**:*
Pervani Ehl-i Hak olanın ravzası paktır	Тақуалардың жан дүниесі таза.
Cümleyi yaratan Gani Mutlaktır	Жаратушы әл-Ғани
Su, ateş, hava bir de topraktır	Су, от, ауа және жер
Arar da bulurum Âşık Güllühan.	Мен таптым, Ақын Гүлһан.
***Güllühan**:*	***Гүлһан**:*

Hazret-i Âdem ki orda var oldu	Хазірет Адам онда болған
Bana söyler misin ruh nerden girdi?	Айтсаңыз жанның қайдан шыққанын?
İlk gıdası nedir, söyle ne dedi?	Алғашқы асы қандай, оны да айтсаңыз
Ara ki bulasın Âşık Pervanî.	Іздесеңіз, табасыз Ақын Первани.
Pervanî:	***Первани:***
Ruh burnundan girdi, «Elhamdülillah» dedi	«Әлхамдулиллаһ» деп, жан мұрнынан енді.
İlk gıdası üzüm danesi yedi	Алғашқы асы жүзім дәнегі еді.
Hülle taç biçildi sinesi giydi	Тәж киіп, кеудесіне сауыт киеді
Arar da bulurum Âşık Güllühan [102, 335].	Мен таптым оны, ақын Гүлһан (аударған Ж. Қ.)

Бұл қыз бен жігіт айтысында Первани Гүлһанды жеңеді. Жеңілген Гүлһан сазын (музыкалық аспабын) Перваниге береді. Бірақ Первани оны қабыл алмайды.

Анадолыдағы айтыстар басқа түркі халықтарындағыдай екі ақынның айтысы, сөз жарысы түрінде өтеді. Айтыс жұртшылық қауым алдында өтіп, дәстүрлі қойылымдарда шебер, сөз тауып сөйлеген адам жеңген болып есептеледі. Түріктерде ақындар айтысы халық ортасында өтеді. Айтыста ақыны жеңілген ауыл жеңілген болып есептеледі. Халық жадында мұндай айтыстар жылдар бойы ауыздан ауызға тарап, айтылып, сақталады.

Анадолы атышмалары ұйқас пен өлшем жырдың негізгі техникалық элементтері болып саналады. Ашықтар атышма барысында оны сақтауы шарт. Егер осы қағиданы қатаң сақтамаса, жеңіліске ұшырауына бірден бір себеп болады. Ал жоғарыда аталған халықтардың айтысында ырғақ пен өлшемді сақтау міндет емес. Бір тақырып бойынша жауаптасып, айтыса береді. Атышмада ашықтардың санына қарай барлығына тең шумақ айту мүмкіндігі бар. Түрік атышмалары бірінші ақын бастаған өлшеммен бастап, соңғы ашық та сол өлшеммен аяқтауы тиіс. Айтыста болса екінші немесе одан кейінгі жолда бірінші ақын шебер сөйлеп басым түскен жағдайда, айтысты екінші ақынның сөз бастауын күтпей-ақ тоқтатуға болады [103].

Әзербайжан халық әдебиетінің ғашықтық дастандарында айтыстың бірнеше түрі кездеседі. Ол дастандарда ақындар айтысы да, қыз бен жігіт айтысы, жұмбақ айтыс та бар. Біз тақырыбымызға сай қыз бен жігіт айтысынан үзінді келтірсек. «Әзербайжан махаббат дастандарының» қатарына кірген «Валех пен Зәрнигар» дастанында Зәрнигар – жасы он сегізге келген Хажа Якубтың қызы. Жасына ақылы сай, көркем, сұлу, тапқыр қыз болып өседі. Кімде-кім мені музыкамен елітіп, мені өзіне қаратса, сонымен отбасын құрамын деп шешеді. Бұл хабарды естіген Ашық Валехтің шәкірті Ашық Саманд Дарбанға барады. Ол Зәрнигардан жеңіліп қайтады. Бұл келген ашықтың ұстазы Валех екенін білген қыз, оған: «Ғашық болсаң, осы шараға келіп қатыс» деген шақыру хат жолдайды. Ол хат Ашық Валехке жетеді. Ол

амалсыз Дарбанға барады. Зәрнигар ханым мен Валех айтысады. Екеуінің айтысынан үзінді келтірсек:

Zərnigar xanım:	***Зәрнигар ханым:***
Bahar əyyamıdı, işrət çağıdı,	Көктем еді, құмарлық дәуірі.
Gəşt eləyib mən havalı gəzirəm.	Серуендеп дала кеземін.
Otuz doqquz aşıq bəndə salmışam,	Отыз тоғыз ақынмен айтысам,
Götürübən vüzr-vəbalı gəzirəm.	Көтеріп бәрін кезіп келемін.
Valeh:	***Валех:***
Bu dünya dediyin bir bivəfadı,	Бұл дүние, айтқандайын бір елес,
Ona yenə əlac zövqü səfadı,	Құмарлықпен шықтың тағы,
Heyif, yarsız gəzmək sənə cəfadı,	Әттең, жарсыз жүріп қиналдың,
Eləyibsən nə xəyalı, gəzirsən?	Қиялдап нені, кезіп жүрсің?
Zərnigar xanım:	***Зәрнигар ханым:***
Xaliqi-ləmyəzəl, Vahidi-yektay,	Халиғи-ламиезал, Вахиди-ектай,
Bir kamal qüdrətdən verib mənə pay.	Бұлар берді маған кемел күш-қуат
Bu əsrdə aşıq gəlməz mənə tay,	Осы жаста ғашық бола алман,
O İranı, bu Turanı gəzirəm	Анау Иран, мынау Тұран кезермін
[78, 72-73].	(аударған Ж. Қ.)

- дей келе, Зәрнигар Валехқа өмірінің соңына дейін бірге болуын сұрайды. Валех өмірінің соңына дейін бірге қалатынын айтады.

Келесі түркі халықтарының ішінде көнеден айтысты ерекше қадір тұтқан халықтың бірі – қарақалпақ халқы. Бұл қарақалпақта да айтыстың уақыт кеңістігімен өлшенбейтіндігін осы айтысы өлмеген халықтар дәлелдеп келеді. Түркі халықтарында айтыстың пайда болып, қалыптасып, дамуында табиғи заңдылық бар.

Осы орайда қазақ, қырғыз, қарақалпақ айтысында өршіл рух пен терең ойға құрылған тегеуренді сөз бар екендігін баса айтқан орынды. Аталған халықтарда айтыс мұрасына мазмұндық һәм көркемдік тұрғыда мол игі әсерін тигізгенін де баса айтқан дұрыс. Айтыс ақындары айтқан сөздер, ой-толғам, насихатшылдық сарын айтыс жырларында көптеп кездеседі. Сөзімізге дәлел болу үшін қарақалпақ қыз бен жігіт айтысынан, яғни «Ұлбике мен кедей Жанкел айтысынан» мысал келтірсек:

Жанкел:	***Жанкел:***
Адамның бәри бирдей бара бар ма?	Адамның бәрі бірдей пара-пар ма?
Шайыр деп мақтанып сан ағанға,	Шайыр деп мақтанып сын санағанға,
Алдағы жел қайықты суўға салық,	Алдағы жел қайықты суға салып,
Журт өтсе, Жанкел өтпей қала ала ма?	Жұрт өтсе, Жанкел өтпей қала ала ма?

Улбийке:
Жел қайық деп көрсеттиң шамаларға,
Бул сөзиң үлги болар, тамаларға,
Жел қайық, жел аўдарып, толқыи қапты
Қалмасын аўызың толып қара қанға?

Жанкел:
Мен жаяў, қызлар атлы жаяўласам,
Артыңа қарамайсаң аяўласам?
Аўдарып жал қуйрықты жаным жоқ па,
Минип алып ортасынан таяўласам?

Улбийке:
Жоқшылық ғаррылық пенен жолдас екен
Болғанлар оған жолдас оңбас екен.
Айтысып бу гедей менен ким турады,
Жүрмесек көшти тартып болмас екен.

Жанкел:
Жайыңа жигитшилик қоймас екен,
Улбийке сөзиңе журт тоймас екен.
Келип ем Қудери менен мен сырласып,
Улбийке Қудери менен ойнас екен.

Улбийке:
Салады қойшы қойын алқа қаққа,
Минеди қудай сүйген, алтын таққа,
Бир ийтти ийтаяқтан тойыпты деп,
Келиппең сенде ийтаяқтан жаламаққа.

Жанкел:
Қуйрығы боз шолақтың бөденедей,
Өлгенди апат дейдй кенегедей.
Улбийке, ийтаяқты таярлай бер,

Ұлбике:
Жел қайық деп көрсеттің шамаларға,
Бұл сөзің үлгі болар, тамаларға,
Жел қайық, жел аударып, толқи қалыпты
Қалмасын ауызың толып қара қанға?

Жанкел:
Мен жаяу, қыздар атты жаяуласам,
Артыңа қарамайсаң аяласам?
Аударып жал құйрықты жаным жоқ па,
Мініп алып ортасынан таяуласам?

Ұлбике:
Жоқшылық ғарыптық пен жолдас екен
Болғандар оған жолдас оңбас екен.
Айтысып бұл кедей мен кім тұрады,
Жүрмесек көшті тартып болмас екен.

Жанкел:
Жайыңа жігітшілік қоймас екен,
Ұлбике сөзіңе жұрт тоймас екен.
Келіп ем Күдерімен мен сырласып,
Ұлбике Күдерімен ойнас екен.

Ұлбике:
Салады қойшы қойын алқа жаққа,
Мінеді Құдай сүйген, алтын таққа,
Бір итті итаяқтан тойыпты деп,
Келіп пе ең сенде итаяқтан жаламаққа?

Жанкел:
Құйрығы боз шолақтың бөденедей,
Өлгенді апат дейді кенегедей.
Ұлбике, итаяқты даярлай бер,

Тилинди шешенлетип сермелемей. Тіліңді шешендетіп сермелемей.
(аударған Ж. Қ.)

Осы уақытта Жанкелдінің көші келіп қалады. Көштің жұпыны түрін көріп, Ұлбике Жанкелдің кедейлігін бетіне басады [104, 186-187]. Адамның таптық әлеуметтік жағдайы өнердің қай түрінде болсын әсер еткен. Бұндай сарындас айтыс түрлері түркі халықтарының көбінде кездеседі. Жеке басының материалдық және әлеуметтік бет-бейнесін айту арқылы кейбірі жеңіп, соны өрелік деп санаған. Ақын әр ру немесе жергілікті халықтың атынан шыққандықтан, қалай да жеңуді мақсат тұтып, осындай дәрежеге дейін түскен.

Зерттеуші К.Д. Асанов өз еңбегінде былай дейді: «Айтыстың сөз қағысу үлгілері көп жағдайда «Қайымдасу», «Түре», «Қыз бен жігіт» сияқты түрлеріне телініп жүреді. Ең алдымен айтарымыз, «Сөз қағысу» үлгісіндегі айтыстар арнайы ұйымдастырылып, жоспарланбай кездейсоқ, аяқ-асты жағдайларда туындап отырған. Мәселен, сапарлап келе жатқан жігіттің жолдағы ауылдарға ат шалдыру, түстену сәттерінде немесе бұлақ басы, ошақ қасы сияқты күнделікті тіршілік қарекеттері барысында ойламаған жерлерде «Қыз бен жігіт», «Қайын мен жеңге», «Шал мен қыз», «Кемпір мен жігіт» немесе белгілі өнерпаздардың зәуде жолығып қалу барысында туындаған шумақтар ауыз әдебиеті үлгілерінде жиі кездеседі. Бұл сөз қағысулар бір шумақ көлеміндегі жауаптасудан, кей жағдайларда үш-төрт кезектен немесе кәдімгі үлкен айтыстарға ұласып отырған. Жыр үлгісіндегі сөз қағысулар көбіне ескілікті ел әңгімелерінде жиі айтылады. Мұның себебі, сөз қағысу айтысы бүгінгі күнге жалаң жыр үлгісінде емес, оның қалай, не себептен туындағанын баяндау сипатында жетіп отыр» [18, 34].

Қырғыз қыз бен жігіт айтыстарының ішінен «Талым қыз бен Көбектің айтысы», «Шата қыз бен Байғабылдың айтысын» атауға болады. «Талым қыз бен Көбектің айтысының» бірнеше нұсқасы бар.

Талым кыз:	***Талым қыз:***
Адамзат пендеси	Адамзат пендесі
Сүйген нуру не болот?	Махаббат нұры не болады?
Асман менен закымдап,	Аспанмен сағымданған
Жүрген нуру не болот?	Жарық нұры не болады?
Арасында тунарык	Арасында күңгірттеу
Кирген нуру не болот?	Кірген нұры не болады?
Асман, жерди жаркыткан,	Аспан мен жер жарқыратқан,
Ачык нуру не болот?	Ашық нұры не болады?
Көбөктүн жообуы:	***Көбектің жауабы:***
Адамзат пендеси	Адамзат пендесі
Сүйгөн нуру таң болот.	Сүйген нұры таң болады.
Асман менен закымдап,	Аспанмен сағымданған,

Жургөн нуру ай болот.	Жарық нұры ай болады.
Арасында тунарык	Арасында күңгірттеу
Кирген нуру тун болот.	Кірген нұры түн болады.
Асман, жерди жаркыткан,	Аспан, жерді жарқыратқан,
Ачык нуру кун болот.	Ашык нұры күн болады.
Талым кыз:	***Талым кыз:***
Қайраты бар адамды	Қайраты бар адамды
Баатыр кылган ким экен?	Батыр қылған кім екен?
Оолуктуруп адамды	Таң қалдырып адамды
Чечен кылган ким экен?	Шешен қылған кім екен?
Ойда жокту ойлонтуп,	Ойда жоқты ойлантып,
Кесел кылгын ким болот?	Кесел қылған кім болады?
Мүңкүрөтүп адамды	Сансыратып адамды
Карып кылган ким болот?	Ғаріп қылған кім болады?
Көбөктүн жообуы:	***Көбектің жауабы:***
Кайраты бар адамды	Қайраты бар адамды
Баатыр кылган эл болот.	Батыр қылған ел болады.
Оолуктурун адамды	Таң қалдырып адамды
Чечен кылган тил болот.	Шешен қылған тіл болады.
Ойда жокту ойлонтуп,	Ойда жоқты ойлантып,
Кесел кылган жин болот.	Кесел қылған жын болады.
Мүңкүрөтүп адамды	Сансыратып адамды
Карып кылган – ургачы	Ғаріп қылған – ұргашы.
[27, 15].	(аударған Ж. Қ.)

«Талым қыз бен Көбектің айтысы» жұмбақ түрінде, сұрақ-жауаптан тұрады. Риторикалық сұрау салып, әр жауабы даналық пен даралықты танытады. Сұрақ та, жауап та тауып айтылған, адам танымының жоғары екендігін аңғартады. Жоғарыда айтыстың бірнеше нұсқасы бар екенін атап өткен болатынбыз. Қыз бен жігіт айтысы ел арасында жатталып, ауыздан-ауызға таралғандықтан, көптеген өзгеріске ұшыраған.

«Зерттеулерге қарағанда алтайлықтарда да айтыс болған. Олар айтысты «сөгуш қожондари», «макташкандар» деп екіге бөліп, айтыскерлерді «чечеркешкен» деп атаған. Алтайлықтарда сақталған қыз бен жігіт айтысының үлгісі «Санай мен Танай қыз айтысынан» үзінді келтірсек:

Санай:
Толгойоктын Өлöни
Толгои туткан торкодый.
Толо ÿстÿ сен, Танай,
Толу чыккан айымдый.

Танай:
Арка ердинг өлöнги

Ай билдирлу торкодый.
Алдымдағы сен, Санай
Алтын торко чачактый» [105, 172].

Бұдан басқа «Амыр мен Тана», «Маңдлай мен Кундузбек айтысы» сынды айтыстар бар. «Бұл айтыстардың басты ерекшелігі: бір-біріне жауап беру дәстүрінің уәж қуалап отыруымен қатар, кезегімен мін тағып, тиісе айтысуы дер едік. Жауаптасулары біздегідей еркін құрылмай, үнемі екі шумақпен егіз өріліп, шектеліп отырады. Бұл да алтайлықтар айтысының қайталанбас өзіндік белгісін құрайды дей аламыз. Міне, айтыстың біз келтірген осы үлгілерінен-ақ алтайлықтарда бұл өнердің бар екендігіне ешбір күдік тумаса керек, сондықтан біз түркі тектес көшпелі халықтардың айтысы туралы сөз еткенде, оның сол елдер әдебиетінен алатын орны мен жеткен дәреже, деңгейін де есте тұтуымыз қажет» [106, 15].

Қазақ, қырғыз, қарақалпақ елдері бір-біріне өте жақын әрі салт-дәстүрі ұқсас болғандықтан, олардың айтыстары да ұқсайды және ақындары да барып-келіп айтыс жасап отырған. Айтыстарының түрлері мен тақырыптарының айтарлықтай айырмашылықтары жоқ. Сондай етене жақын халықтардың айтыстарында да етене жақындық бар. Мәселен, қыз бен жігіт айтысын алайық. «Ал, ендігі хабарды Жүсіп пен Ахметтен естисің. Екі бек қаладан шығып, үш күн жол жүріп, көп қызылбастың елінің үстінен шықты. Қараса бір қыз бен бір келіншек су алып жатыр екен. Сонда Жүсіпбек айтты: «Әй, Ахметжан, жеті жыл зынданда жатып дегбірің шықпаған екен, қарап кеткенше ойын-сауық етіп кетейік, сен келіншектің қасына бар, мен қыздың қасына барайын, деп атпен шауып, қыздың қасына келіп алдында Жүсіпбек, артында қыз екеуі айтысады.

***Юсуп**:*
Суў бойында турған дилбар,
Бизиң еллер қайда болар?
Ләбиң қантдур, тилин шекер,
Бизин еллер қайда болар?

***Жүсіп**:*
Су бойында тұрған ділбар,
Біздің елдей қайда бар?
Ернің тәтті, тілің шекер,
Біздің елдей қайда бар?

Қыз:
Танымадым, қандай жансаң,
Билмем жайың қайда болар?
Билмем маған меҳирбансаң,
Билмем елиң қайда болар?

Қыз:
Танымадым, қандай жансың,
Білмеймін жайың қандай болар?
Білмеймін маған қонақпысың,
Білмеймін елің қайдан болар?

***Юсуп**:*
Бедеўге тилла егерлер,
Ғуббалы саўыт кийерлер,
Бизди бег Юсуп дийерлер,
Бизиң еллер қайда болар?

***Жүсіп**:*
Белдеуге алтын ерлер,
Күмбезді сауыт кигендер,
Бізді бек Жүсіп дер,
Біздің елдей қайда бар?

Қыз:	***Қыз:***
Маған тамизкар ерлер,	Маған ұнаған ерлер,
Гүл ишинде қус не жерлер,	Гүл ішіне құс боп жетер,
Атымды Зуҳра қыз дерлер,	Атымды Зухра қыз дер,
Билмем жайың қайда болар?	Білмеймін жайың қайда бар?
[104, 67].	(аударған Ж. Қ.)

«Әлқисса, бұдан кейін сол қыз бен айтысып тұрғанда, бір жігіт қыздан су сұрап, қыз бермей тұрғанын көреді. Бақанын толтырып, екі қолына алып жүгіріп, келе жатып, аяғы шылынып, жалпасынан түседі. Мұны көрген Жүсіп атпен шауып келіп, келіншекпен айтысады.

***Юсуп**:*	***Жүсіп**:*
Енди сенен сескенбеймен,	Енді сенен сескенбеймін,
Атымнан жерге түспеймен,	Атымнан жерге түспеймін,
Шашке суўыңнан ишпеймен,	Шашке суыңнан ішпеймін,
Қушып кетсемм беллериңнен.	Құшып кетсем белдеріңнен.
Келиншек:	***Келіншек***:
Болмағыл кеўлиң бизбенен,	Болмай-ақ қой бізбенен,
Жүре бер туўры жол менен,	Жүре бер тура жолменен,
Кимди алдайсаң сөз бенен,	Кімді алдайсың сөзбенен,
Көп алмағыл тиллериңе.	Көп алмағын өздеріңе.
***Юсуп**:*	***Жүсіп**:*
Сен келдиң наз бенен басып,	Сен келдің наздана басып,
Мен келермен толып-тасып,	Мен келермен толып-тасып,
Бойым-бойыңа минәсип,	Бойым-бойыңа жанасып,
Қолым салсам беллериңе.	Қолым салсам белдеріңе.
Келиншек:	***Келіншек***:
Узақтан жүргил гөзлеме,	Аулақ жүргін қарамағын,
Жүрек баўырыңды дузлама,	Жүрегіңді тұздамағын,
Бийәдеп сөзди сөйлеме,	Бейәдеп сөзден аулақ болғын,
Жүре бергил жолларыңа.	Жолыңнан қалма, жүре бергін.
[104, 69]	(аударған Ж.Қ.)

Қыз бен жігіт айтыстарын оқу, талдау барысында байқағанымыз, ақындар дала сұлулығымен қатар қыз әдемілігі мен сұлулығын сипаттау арқылы суырыпсалмалық өнердің ерекше түрін дамытқан. Айтыскерлер қыздың жүріс-тұрысын, тал бойындағы мінсіз мүсін мен бет-ажарындағы сұлулығын өлеңмен өріп, айрықша теңеу, көркем сипаттау үлгісін әкелген. Бұл

турасында Ш.Уәлиханов былай дейді: «Ашық аспан, кең сахарада туған қазақ ешқандай қосалқы оқу-білімсіз-ақ табиғат мәпелеуімен өсіп жетіледі. Осыған қарамастан қазақ халқының қағазға жазылмай буыннан буынға тек ауызекі тарайтын бірден-бір тіл мұрасы: өз поэзиясы мен әдебиеті бар... Қазақтың жалпы ауызекі жырлары тікелей дала көріністері мен жүйрік ат, сұлу қыз әсерінен туған, сондықтан қазақ үнемі осылардың төңірегінен айналшықтап кетпейді» [2, 41].

Түркі халықтарының құрамына жататын қарақалпақ пен башқұрт елі қазаққа етене жақын. Башқұрт пен қазақ ақындары арасында айтыс болғаны туралы жазылып қалған тарихи деректерден білуге болады. Мәселен, медреседен білім алған ұстаздар 1920 жылдары қазақ жеріне келіп, дәріс берген екен. Қазіргі таңда ұмыт бола бастаған мұраларын жинастырып, 36 томдық ата-баба шежірелерін құрастырды. Ол шежіреде ата-тектері бойынша тың ақпараттар жинақталған. Көнеден келе жатқан дәстүр мен салттарында ұқсастығы мен етене жақындығы бар башқұрт елі рухани мұраларын қолға алып, қазір де ескіден келген жыр-дастандарын жариялап келеді. Соның бірі – «Халыҡ ынйылары. Әйтештәр» жинағы. Осы жинақтатағы қыз бен жігіт айтысының бір көрінісі – «Ғүмәр Ғайсин /Аҡһаҡ Киік/ мен Алтынбикә» арасында өткен айтыс. Мысал келтірсек:

Алтынбикә:
Ситтә тороп ҡалмайымсы,
Минең дә бар бит һүҙем!
Ҡара –ҡаршы әйтештә лә
Ҡатнашайымсы үҙем..
Саҡырайымсы әйтешкә
Аҡһаҡ Кейек ағамды,
Күреп ҡайтыр бер ыңғайҙан
Беҙҙең Башҡортостанды!
Һәүетемсә һөйләшербеҙ
Ил, тел һәм дин хаҡында,
Өфөбөҙҙөң иң түрендә
Урын биргән сағында.

Аҡһаҡ Кейек:
Әллә һаман дамы бында
Бәйге дауам итеүҙә?
Ашыҡтым, буғай, тағы ла,-
Сәләм, илдең апаһы!
Рамаҙанда инсандарға
Бар ураза тотаһы.
Тәбрик итәм ихласлыҡта,
Һау үә сәләмәт йөрө,

Алтынбике:
Үндемей қарап қалмаймын,
Менің де айтар сөзім бар!
Қарсыласымды айтысқа
Шақырамын айтысқа
Ақсақ Кейік ағамды.
Жырла, айт сайыста,
Біздің Башқұртстанды!
Жақсы айтыс жасайық,
Ел, тіл мен дін хақында,
Уфаның қақ ортасында
Кезек берейін саған да.

Ақсақ Киік:
Ханым әлі осында
Айтыс әлі жалғасуда
Асыға шықтым тағы да,
Сәлем, ел анасы!
Рамазанда адамдар
Баршасы ораза тұтады.
Құттықтаймын баршаны,
Сәлемет болсын барлығы

Әләмеңде өçкәрәк сөй,-
Был сәсәндәрҙең йөгө.
Тәрбиәңде барсаһына
Дауамла ихласлыҡта,
Халҡыңа етәк бик кәрәк
Әлеге донъялыҡта!..

Тілегімді айтамын,
Ақындардың жыры бұл,
Жалғасын тапсын үрдіс бұл
Үнемі құлшылықта,
Көшбасшы керек
Бұл іске!..

Алтынбикә:
Ни өсөн кеше тик ауыр саҡта
Иçкә ала икән Аллаһын?
Ниңә шөкөр итә белмәй әҙәм
Уның биргәненә һәр сағын?
Иçкә ал һин уны иртә, кисен,
Көн яҡтырып ал таң тыуғанда,
Аҡһаҡ кейек Ниҙәр уйлай ошо турала?
Көфө сәсән алға ҡуйған һорау
Һаман тора көтөп яуабын..
Ни өсөн кеше тик ауыр саҡта
Иçкә ала икән Аллаһын?

Алтынбике:
Ешқашан ештеңе болмайды
Алланы еске алса
Неге шүкірлік ететінімді білмеймін
Ол бергеніке бәрі шүкір
Еске алыңыз, ерте қолға алыңыз.
Күн батып, таң атқанша,
Ақсақ Кейік қалай ойлайсыз?
Сең ақырын алға жылжыды ма?
Ақын жауап күтеді.
Ешқашан ештеңе болмайды
Алланы еске алса

Аҡһаҡ Кейек:
Аңлағандар беләләр ул һүҙҙе,
Һынау татыған ҡәнәғәт көнөнә,
Донъя йыһазына унда сәм юҡ ,
Хаҡ юлда бай шөкөр һүҙенә...
Өгөттәрең һинең, сәсәниә,
Етһә ине барса кешегә...
Аллаһ һүҙен ауыр саҡтарында
Иçкә алмаç мөшриҡ күптәре...
Аң уянған табыр тура юлды,
Мин-минлеһен шайтан итәр ҡол...

Ақсақ Киік:
Оны түсінетіндер біледі
Қанағат етер сынағын,
Әлем оған байлаулы
Хақ жолында тұрлаулы
Үгіттейді ақындарың
Тыңдаса егер оларды...
Алла жанын сақтайды
Құдайсыз оны еске алмас...
Оянған жұрт тура жолда,
Шайтан да оны адастыра алмайды.
(аударған Ж. Қ.)

– деп, айтыс бірнеше күнге созылады. Айтыста діни мәселелерден бастап, башқұрттардың ұлттық жағдайларына дейін сөз болады. Әсіресе, Алтынбикәнің ұлт болып жер бетінде қаламыз десек, тіліміз бен отбасы тәрбиемізді жоғалтпайық дегеніне, айтыстан үзінді келтірсек:

Алтынбикә:
Был юçыҡта әле бик күп эштәр,
Күп бурыстар алда торалыр,
Ул бурыстар әгәр үтәлмәһә,
Милләт Ер йөҙөнән юғалыр…

Алтынбике:
Биыл әлі де көп іс бар.
Алда көп борыш бар,
Бұл борыштар өтелмесе,
Бір ұлт жер бетінен жойылар...

Маңкортлоҡҡа күсеп киткән башҡорт	Мәңгүрт болған башқұрттар
Һис тә ысын башҡорт булалмаҫ,	Қайта башқұрт бола алмас
Урыҫсалап Мин башҡорт! тигәндән	Орысша «Мен Башқұртпын» дегендер,
Ней урыҫ, ней башҡорт тыуалмаҫ..	Не орыс, не башқұрт боп туылмас
[107, 520]	

Аҡһаҡ Кейек:	***Ақсақ Киік:***
Башҡорт ҡулдарында Ҡурай – ҡорал,	Башқұрттардың қолында құрғақ құрал,
Быны инде байтаҡ тылҡыныҡ,	Бұны қазірден қолға алайық,
Әммә, Оноттолар..тигән һүҙ булманы,	Бірақ, Ұмытты олар... сөз жоқ енді,
Ҡурай тигәс, инә йылғырлыҡ.	Құрғақ қасық ауыз жыртар,
Оҫталар ҙа кәмеп китмәгәндәр,	Көне көздер бар кезде,
Ҡурай етештереү бара бик ҡыҙыу,	Ескі әуендер өшпейді,
Иҫке йырҙар ғына юйылмаһын,	Бір бағытқа бет алу керек...
Юҡһа ситтәргә лә бар бит һуң уҙыу...	Ауылдардан ізде табу керек
Ауылдарҙан эҙләп табыу кәрәк	Санаға сақтау оңай,
Тылмасһыҙ ҙа аңға инәр йыр,	Башқұрт көкірегінде жүйрік ат,-
Башҡорт күкрәгендә эйәрле ат,-	Шабамын десе, тыймас ешкім?!
Яугирлеген уның, әйтсе, кем тыйыр?!	(аударған Ж. Қ.)
[107, 522]	

Түркі халықтарының, яғни тамырлас, туыстас елдердің әдеби байланысының түп тамыры, ежелден келе жатқанының тағы бір дәлелі осы айтыста жатыр. Осы халықтар арасындағы әдеби-мәдени байланысты түркітанушы-зерттеуші Фейзуллах Будак: «XX ғасырдың басындағы «Түркі Ренессансы» қазақ халқы арасында тек әдебиет саласында ғана емес, сондай-ақ білім, өнер және саясат саласында да қазақ халқын жарқын келешекке апара алатын сенімді, қайрат-жігері мол, білімге ие жастарды тәрбиеледі. Түркі әлемінің әр бұрышындағы осы бір жап-жас, сенімді, батыр әрі еңбекқор жандар жанған шырақтай айналысына жарық шаша бастады» (аударған Ж. Қ.) [108, 259].

Қазақ болмысының бір көрінісі – әрқашан сыпайлық танытып, интерпретативтік сипатын аңғарту. Бұндай ментальді сыйластық біздің түркі халықтарына ғана тән. Ұлттық стереотипті сөздерді қолдану арқылы ақындар ұлт болмысына тән мәдениеттілікті қалыптастырып келеді. Тіл байлығын игеру, сөз қорын молайту бар да, сол бай тіл мен мол сөзді айтыста суреткерлік шеберлікпен қолдана білу де бар. Қазіргі қазақ айтысы жоғарыда әдебиет сыншысы айтқандай «талғампаз жүректі жырлатар жұп жазбас әдемі тіркестерге» бай деуге хақымыз бар. Сондықтан түркі халықтарының ортақ мұраларын басты назарда ұстап, үндестік жағы мен ерекшелігінің ара жігін ажыратып, жүйелеп талдау жасау шарт.

Жұмбақ айтыс. Түркі халықтарында ежелден келе жатқан айтыс өлеңдерінің бір түрі – жұмбақ айтысы. Ең күрделі де қиыны осы түрі. Айтыс өлеңдерінің ішінде ақындардан табанасты тапқырлығы мен ойының ұшқырлығын аңғартатын жұмбақ айтысы – көне түрлерінің бірі әрі бірегейі. Сондықтан бұл айтыстың түрінде білімді болуымен қатар қағылез, шешен, суырыпсалма ақын болуы керек.

Жұмбақ айтысында айтыскерлерде заттар мен дүниелік деректі құбылыстарды қатар қойып, оларды өлеңге қосып, салыстыру мен алмастыру қабілеті жоғары болуын талап етеді. Яғни, жұмбақ ретінде жасыратын құбылыс немесе заттар адам өмірінде маңызды орын алатын немесе күнделікті көріп, ұстап, татып жүрген дүниелер болуы шарт. Мәселен, аспан мен жер әлемі, жаратылыс пен адам санасы қабылдай алатын құбылыстар, адам өміріндегі маңызды кәсіп немесе еңбек, бізді қоршаған айнала мен табиғат, тағысын тағылар. Сол себепті айтыстың бұл түріне тісі батып, айтыскерлердің барлығы қатыса бермейді.

Десе де, түркі әлемінде осы айтыстың түрін таңдап, керемет айтыс жасаған айтыс ақындары аз емес. Жоғарыда айтқанымыздай, жұмбақ айтысы ежелден келе жатқан көнесі бола тұра, айтыс өлеңдерінің ішінде салмақтысы да ойлысы. Өзге айтыстан ерекшелігі сол көп білумен қатар алмақ пен салмақты, асыл мен жасықты, парыз бен қарызды салмақтай алатын парасаттылықты талап етеді.

Қай айтыстың болмасын негізгі шешімі – парасаттылық пен пайымдылық, тапқырлық пен табандылық. Аталы сөзге тоқтаған түркі халқы ауыздан шыққан әрбір сөзге абай болып, бұлтартпас уәж бен ұтымды жауапқа құрылған бір ауыз сөз жеме-жемге келгенде айтыскердің тағдырын шешкен. Айтыстың осы сипаттарына қарасақ, отауызды орақ тілді шешен билеріміз еске түседі. Шешендер мен билер сөзінен ерекшелігі – ақындар бір айтыста бірнеше мәселе көтеріп, бір тақырыптан екінші тақырыпқа еркін ауысып отыратындығы.

Алдыңғы талдауларымызда айтыстың бірнеше түрін атап көрсеткен болатынбыз. Ендігі сөз болатын айтыстың түрі – жұмбақ айтысы. Түркі халықтарында көбінесе жұмбақ айтысы қыз жұмбақ жасырып, «оны шешкен адамға тұрмысқа шығамын» деген талап түрінде келеді. Сондай жұмбақ айтысының бірі – қазақ фольклорында да сақталған. «Баяғы заманда бір сұлу қызды алам деп жігіт келсе, қыз:

– Мен жұмбақ айтам, соны тапқан жігітке тием, – депті.
– Жақсы, айтыңыз жұмбағыңызды, – дейді сонда жігіт.

Қыз жұмбақ айтады:

Балқан тау да, балқан тау,
Басына шыққан кім екен?
Жолда тұрған жоңышқа,
Ат семірткен кім екен?
Жез бұйдалы нар тайлақ,
Оны көрген бар ма екен?

Желдеп кеткен жеті атан,
Оны көрген бар ма екен?
Қайта шөккен қарт бура,
Оны көрген бар ма екен?
Егіз қозы сүйексіз,
Оны көрген бар ма екен?
Айдалада желі арқан,
Оны көрген бар ма екен?
Жай, жай кілем, жай кілем,
Оны көрген бар ма екен?
Түр, түр кілем, түр кілем,
Оны көрген бар ма екен?

- ***Жұмбағыңыз аса қиын емес екен, – деп жігіт шешуін айтады:***

Балқан тау да, балқан тау,
Басына шыққан – базаршы.
Жолда тұрған жоңышқа,
Ат семірткен – жолаушы.
Жез бұйдалы нар тайлақ,
Бикешіңіз болмаса,
Желдеп кеткен жеті атан,
Жеті ағаңыз болмаса.
Қайта шөккен қарт бура,
Қайын атаңыз болмаса.
Егіз қозы сүйексіз,
Екі емшегің болмаса.
Айдалада желі арқан,
Түлкі бақыр болмаса.
Айдалада қу қазық,
Қояныңыз болмаса.
Жай, жай кілем, жай кілем,
Жазылып жатқан жер болар.
Түр, түр кілем, түр кілем,
Түріліп жатқан күн болар» [109, 352–353].

Кешегі замана ағысына қарай көне айтыстардың ішіндегі діни айтыс жұмбақ айтысының ішіне кірігіп кетті. Өткен ғасырларда Шөже Кемпірбайға діни жұмбақ жасырып айтысады. Ол турасында М. Әуезов: «Шөже Кемпірбайды жеңгенде «уаттури уәззейхауни» деген аяттың мағынасын айт деп қысады. Онысы діндер аңызы бойынша, Мұсаның Син (Синай) тауына шығып, құдаймен жауаптасқанын келтіріп, сондағы айтысқан сөздерін, өлеңмен шешіп бер дегені еді. Кемпірбайда бұны шешерлік білім болмай, жеңіліп қалады» [69, 16] - деп жазады. Ол айтыстан басқа Қаблиса жырау мен Таутан қыздың таңға дейін діни жұмбақтасып айтысқан айтысы сақталған. Үзінді келтірейік,

Таутан қыз:

Бір жұмбағым бар менің уалаған,
Бірі қашып, біреуі қуалаған.
Табар болсаң, табақтай жұмбағым бар,
Аяғы жоқ, басы жоқ домалаған.

Қабылиса:

Домалаған дегенің −Ай менен Күн,
Күн батқан соң қараңғы болады түн... [110, 28]

Жұмбақтың жауабын Қаблиса дәл табады. Айтыс бастан-аяқ жұмбаққа құрылып, Таутан қыз Қабылиса ақынға жұмбақ жасырып отырады. Онда дүниелік заттармен бірге Алланың көркем есімдері, оның кітаптары мен діни мағыналы жұмбақтар да жасырылады. Қабылиса барлық жұмбаққа ұтымды жауап береді:

Таутан:

Жансызда төрт аяғын басып тұрған,
Алдына қаһар отын шашып тұрған.
Айналып мәшинесі келгенінде,
Кісіні жанындағы асықтырған.

Қабылиса:

Сөзімнің байқа, Таутан, қарауылын,
Айтасың жұмбақтардың бар ауырын.
Мейлің жақтыр, мейлің жақтырмағын,
Бұл айтқан жұмбағыңыз самауырын [110, 31].

Жұмбақ айтысы – жоғарыда айтқанымыздай, ақындардан айрықша сөз шеберлігі мен дарындылықты қажет ететін ерекше бір теңдессіз сөз қағысуы. Сондай айтыстардың бірі Әсет пен Ырысжанның айтысынан да көруге болады [111, 200]. Айтыста әр сөз алған сайын бір-бір жұмбақтан жасырып отырады. Әсет ақын әрбір жұмбаққа ұшқыр оймен, шешен тілмен ойланбастан тапқыр жауап береді. Жұмбақты тыңдап, оған табанасты шешімін тауып, оны өлең жолдарымен беру аса ыждаһаттылық пен тапқырлықты қажет етеді.

Жұмбақты өлеңмен өріп, көркем жырмен көмкеріп, замана немесе қоғамдық өмірмен байланысытырып сөз қағысу сөз шеберінің шебері, ақынның ақыны бара алатын айтыстың ең күрделісі де құбылысты түрі. *Ж*ұмбақ айтысы аталған жанрдың ішіндегі ең қиыны да жүйкеге жүк түсіретін түрі екендігін басынан айтып келеміз. Жұмбақ айтысы тез әрі жылдам айтыла салатын айтыс емес. Бұрынғы уақытта екі ауылдың арасында жүретін айтыс ретінде сақталған. Яғни, жігіт жұмбағын жасырып, көрші ауылға жібереді. Ол басқа ауылға барғанша, келесі ауыл жұмбақтың жауабын тауып, шешімін қайтарғанша тағы он күн өтеді. Жұмбақтың шешімін рулы ел болып, бүкіл ауыл шешкен. Бұл айтыстың қызығы да осы [112, 407]

Ерте кездегі айтыстарда екі ақын білімдерін жарыстырып, тапқырлығын, шапшаңдығын сынау басым болса, кейінгі кездегі жұмбақ айтыстарда астарлы ой жасырып, өз заманындағы қоғамның өзекті мәселесін жасырып беру көрініс береді.
Қарақалпақ жұмбақ айтысынан мысал келтірсек:

Жигит:
Қыс болады, жаз болады,
Күн болады, түн болады,
Жуўапты бизлер сизден сорап турмыз,
Жуўаптың ата-енеси ким болады?

Қыз:
Қыс болады, жаз болады,
Күн болады, түн болады,
Жуўапты сизлер бизден сорасаңыз,
Жуўаптың атасы – ақыл, енеси – тил болады.

Жігіт:
Қыс болады, жаз болады,
Күн болады, түн болады,
Жауапты біздер сізден сұрап тұрмыз,
Жауаптың ата-енесі кім болады?

Қыз:
Қыс болады, жаз болады,
Күн болады, түн болады,
Жауапты сіздер бізден сұрасаңыз,
Жауаптың атасы – ақыл, енесі – тіл болады.

Жігіттер отырысында қыздардан жауаптың қайдан келіп шыққандығын аллегориялық мәндегі жұмбақ жауап арқылы сұрайды. Жауап қыздар тарапынан мәнді, дұрыс шешіледі. Жауаптағы «ата-енесі» сөзінің аллегориялық екінші мәні «ақыл-тіл» деп алынған. Халықтың өзінің жауаптың атасы – ақыл, енеси – тил, – деп данышпанлық пен шешендікпен жауап беруі бұл бізге жауап айтысының анықтамасын айтуға үлкен жәрдем етеді. Шынында да, қандай мәнде болмасын, жауап айту үшін ақылға салып, терең ойлану керек» [37, 92] (аударған Ж. Қ.).

Берилиўи:
Бир жуўап бар, астарлы,
Бир жуўап бар, үстерли,
Жуўап деген дүр болады,
Дүрдиқ изи гүл болады,
Гүл аралап көрсеңиз,
Шақасында бүлбил болады.
Жуўап деген гүл болады,
Гүлдиң түби бир болади,
Отыз алты қыйлы болады,
Отыз алтының бир тәқәллеси болады.
Миңын сайлаған бирин алады.
Басқасы өзимизде қалады.

Берілуі:
Бір жауап бар, астарлы,
Бір жауап бар, үстерлі,
Жауап деген дүр болады,
Дүрдің ізі гүл болады,
Гүл аралап көрсеңіз,
Шақасында бұлбұл болады.
Жауап деген гүл болады,
Гүлдің түбі бір болады,
Отыз алты түрлі болады,
Отыз алтының бір тезі болады.
Мыңын сыйлаған бірін алады.
Басқасы өзімізде қалады.

Шешилиўи:	***Шешуі:***
Астарлысын анда қойдық,	Астарлысын анда қойдық,
Үстерлисин мында қойдық,	Үстерлісін мында қойдық,
Бул жуўапты усындай етип,	Бұл жауапты осындай етіп,
Шешип қойдық.	Шешіп қойдық.
Шешилиўиниң екинши түри:	***Шешуінің екінші түрі:***
Астарлысы үйдики	Астарлысы үйдікі
Үстерлиси бийдики.	Үстерлісі бидікі.
Берилиўи:	***Берілуі:***
Бир жуўап бар, астарлы,	Бір жауап бар, астарлы,
Бир жуўап бар, үстерли.	Бір жауап бар, үстерлі.
Астарлысы — қыздики,	Астарлысы — қыздікі,
Үстерлиси — жигиттйки.	Үстерлісі — жігіттікі.
Шешилиўи:	***Шешуі:***
Астарлысы — опақ болады,	Астарлысы — опақ болады,
Үстерлиси — сопақ болады.	Үстерлісі — сопақ болады.
Опағы — бизге дәркар.	Опағы — бізге дәркар.
Сопағы — сизге дәркар.	Сопағы — сизге дәркар.
Бир жуўап бар, ат жуўап,	Бір жауап бар, ат жауап,
Бир жуўап бар, тай жуўап,	Бір жауап бар, тай жауап,
Түрли-түрли жуўап бар,	Түрлі-түрлі жауап бар,
Сорағаныңыз қай жуўап?	Сұрағаныңыз қай жауап?
[37, 97-98].	(аударған Ж. Қ.)

Жоғарыда айтып өткеніміздей, жұмбақ айтысы – айтыстың ішіндегі ең күрделісі де қиыны. Жұмбақ айтыста ақын қарсыласы жасырған жұмбақты шешу кезінде ұшқыр ой мен шапшаң зеректік танытуы керек. Бұл турасында кезінде академик М.Ғабдуллин: «Жұмбақ айтысы бүкіл айтыс өлеңдерінің ішінде ең қиыны секілді. Өйткені ол тапқырлық пен білгірлікке құрылады. Сондықтан мұндай айтысқа түсу үшін ақынның өлеңді суырып салып айтуы жеткіліксіз. Бұған қоса, ақын тапқыр, білгір, және тез ойлап, шапшаң жауап беретін болуға тиіс. Сонда ғана ол өзімен айтысқа түсіп отырған ақынның сынау мақсатымен оқыстан берген жұмбағын дұрыс шеше алатын болады. Бұл үшін жұмбақты берушінің де, оны шешушінің де әр нәрседен хабары, көп мәліметі болуы шарт» [113, 102] – деген болатын.

Ақындар айтысы. Айтыс та, шешендік өнер де көнеден келе жатқандығын, бұл өнерлердің түркі халықтары өмірінен алатын орны да зор. Сондықтан да олар біздің рухани қажеттілігімізді өтеп келе жатыр. Әр кезеңде болып жатқан қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар аталмыш өнерге де әсерін тигізген. «Аттың жалы, түйенің қомындағы» аласапыран кезеңде, жаугершілік заманда да өнер өлген жоқ. Қайта жаңа сипат алып, арнасын

кеңейтті.

Түркі халықтарында бағзыдан келе жатқан айтыс, шешендік немесе даналық сөз өнері қоғамдық өмірде басты орын алып, ықпалын тигізді. Әсіресе, отаршылық пен бодандықты көрген түркі халықтарында ел ішіндегі алауыздық пен тыныштықты, бейбіт өмірді сақтауда би-шешен, ақындар мен жыраулардың рөлі айрықша болды. Н.Төреқұл: «Қазақта би-шешендер – ерекше тұлға. Ерекше тұлға дейтін себебіміз, бұрын-соңды қазақтан басқа халықтарда мұндай тұлға, мұндай елді аузына қаратқан адамдар болған емес. Шығыс халықтары арасында біздің билерімізге ұқсас бірлі-жарым болуы мүмкін, бірақ олар дәл қазақтағыдай емес-тін. Демек, би-шешендер тек қазаққа ғана тән құбылыс. Олар айтқан билік, шешендік сөздер тек қазақ арасында кездесетін халықтық асыл қазына болып табылады» [114, 5] – деген болатын. Осы пікірмен келісе отырып, жыраулардың ат үстіндегі ерлігі мен поэзиясы сан ғасыр ұрпаққа рухани азық болып келе жатқанын айрықша айту керек.

Сүйінбай, Шөже ақын, Ақан сері, Біржан сал, Әсеттер айтыс ақыны болумен қатар әнші-сазгер болған. Бұл сипат тек қазақ ақындары ғана емес, түркі әлеміндегі ақын-жыраулларға тән еді.

Қырғыз зерттеушісі М.К. Көлбаева «Айтыс өнерінің табиғаты» атты диссертациясында ақындар айтысы туралы: «Айтыстардың тағы бір үлкен тобы – ақындардың айтысы. Ақындардың айтысында нөсерлете төгілген ұйқасты жыр тармақтары мен өлең өрімдері болады, өнер-рифмалық өлеңдер арқылы беріктік сынағы. Біз оның өнеркәсіптік гүлденудің баяу мағынасында шиеленіс жағдайының жоғары шегін көрсететін қатал қақтығысқа жеткенін көреміз» [28, 98] деп, басты ерекшелігіне тоқталады. Сондай-ақ қырғыз ғалымы А.Обозканов ақындар айтысының түрлері мен оның синкреттілік табиғаты жайында тұшымды еңбек жазады. Ақындар айтысын айтыс түрлерінің ішінде ең маңыздысы мен шешендігі мен ақындық дарынын танынытатын бірден-бірі түрі ретінде айрықша атай отырып, Токтогул мен Барпының айтысынан мысал келтіреді.

Барпы ақын:

«Комуздан берген саламым,
Ырлап кет иним аягын.
Эмкисин бөлөк ырдайын,
Акындыгың сындайын.
Көп түйүнүн чечпесең,
Чечендигиң ким билет?
Табышмакты таппасаң,
Сырчылыгың ким билет?
Жабылтып ырды төкпөсөң,
Ырчылыгын ким билет?» – деп сұрау салғанда,

Барпы ақын:

«Қомузбен берген сәлемім,
Жырлап бер, інім, саяғын
Келесіде бөлек жырлайын,
Ақындығыңды сынайын.
Көп түйінді шешпесең,
Шешендігіңді кім біледі?
Жұмбақтың шешуін таппасаң,
Сыршылығыңды кім біледі?
Төкпелеп жырды төкпесең,
Жыршылығыңды кім біледі?» – деп сұрау салғанда,

Тоқтоғұл былай жауап береді:	***Тоқтағұл былай жауап береді:***
«Сен дагы мендей ырдадың,	«Сен де мендей жырладың,
Ырыңдан, иним, сындадым.	Жырыңды мен сынадым.
Адаштырып ырдасам,	Шатастырып жырласам,
Айтканымдан жылбадың.	Айтқанымды түземедің.
Менин айткан ырымды,	Менің айтқан жырымды,
Бекеринен бурбадың.	Бекерінен бұрмадың.
Сайраттың кызыл тилинди,	Сайраттың қызыл тіліңді,
Акындығың билинди.	Ақындығың білінді.
Мен көрсөткөн ырымды,	Мен көрсеткен жырымды,
Улабастан койбодуң.	О бастан айтып қоймадың.
Ажыратпай бир жерин,	Ажыратпай бір жерін,
Кынабастан койбодуң.	Кіналап оны қоймадың.
Адис акын экен деп,	Көрнекті ақын екен деп,
Бул жериңди ойлодум	Сенің орныңды ойладым.
[28, 98].	(аударған Ж.Қ.)

– деп, Барпының дарынын ерекше атап: «Енді жоқ менің арманым, Бар екен сендей ардағым» деп риза болып, ат мінгізіп, шығарып салған екен.

Қарақалпақ ақындар айтысы да – қазақ, қырғыз ақындар айтысы сынды ішіндегі ең маңызды да күрделісі. Ол турасында «Қарқалпақ фольлкоры. Айтыс» деген томында былай делінеді: «Шайырлар айтысы айтыс жанрынық ишиндеги ең көлемді ірі тарауы болып саналады. Бұл көбінесе екіге бөлінген көпшіліктің, ортасында айтылады. Кейде басқа жағдайларға байланысты көпшілік адамдардың қатысуынсыз-ақ екі ақын арасында айтыстың болатын жағдайлары да болады. Бұл музыка аспаптарынан қобыз және дутар менен де, қобыз, дутарсыз да айтыла береді. Қомыз бен дутардың сүйемелдеуімен айтысу бұл тек ақындығы бар жырау-бақсылардың арасында ғана болады. Бұлар өз айтысын белгілі бір жағдайларға, орынға байланысты қобыз бен дутардың сүйемелдеуінсіз, аспапсыз, ауыз екі айтысуы мүмкін» [37, 9].

«Айтыста екі ақынның жанында жақын, туысқан, руластары немесе ауылдастары болады. Бұлардың әрқайсысы өз шайырының жеңіп шыққанын тілейді. Бұндай өзгешелік белгілер жұмбақ айтысында да кездеседі. Айтыс ақындары бір-бірінен сөз таба алмағандықтан жеңілмейді. Ол қарсы айтысушы тарапынан қайтарып сөз айтуға болмайтын дәрежеде сөздің логикалық мәнісінен ұтылып барып жеңіледі. Айтысқа түскен сөзге ұста, атақты ақындар бір-бірін жеңу үшін түрлі айла, амалдарды қолданады. Бұлар өткір алмастай сөз найзасы менен бір-бірін аямай түйрейді. Жауһар қылыштай өткір сөздері менен бір-бірін түйреп тастайды. Қарсыласын жеңу үшін түрлі амал-тәсілдерді қолданып, қалай болмасын, бір-бірін жеңіп шығудың жолдарын іздестіреді. Осыған байланысты айрықша айта кететін бір нәрсе, айтыста айтысушы екі тарап, бір-бірін жеңіп шығу мақсатында бір-бірінің мінін айтып, кемсітсе де, бір-біріне тұрпайы, ащы сөздер айтса да, бұларды халық айып деп есептемейді. Егер қай тарап болмасын, бір тарап бұндай

сөздерге ашуланса, сол ашуланған тарап халқымыздың өздері тарапынан жеңілген қатарында саналатын болған. Бұнан халқымыздың қалай болмасын жолын тауып, жеңгені есеп деп ойланғандығын, я сол мақсатта айтысушыларға не ҳаққында болса да, іркілмей, тайынбастан айта беруіне ерік бергендігі анық көрініп тұрады» [37, 10].

Шоқтығы биік ақындары айтысы – «қарақалпақ қызы Дәме мен қазақ шайыры Мансұрдың айтысы».

***Дәме**:*

Аман-есен жүрмисең, ақын аға?
Айып етпе алдыма шақырғанға.
Шайырлық өнерине исенбесең
Қасымнаи алыста тур жақынлама.
Ябыдай келте бақай, мойның қысқа,
Ғарғысаң жығыларсақ ақыры жарға,
Кешиў бермес теңизге келип қалдың,
Алды-артыңды шамала, ғапыл қалма.
Екиншй жуўап айтып билдир тағы,
Өзиңний атың бар ма, затың бар ма?
Бул сөзиме ойланбай жуўап қайтар,
Болмаса шайырман деп тақылдама!

***Мансур**:*

Биз жүримиз аман-есен, сен де ҳарма,
Сен теңиз болсаң, мениң көзим жарда.
Жарды айттың, жарқабақты билмей
турып,
Дәме қыз буннан басқа сөзин бар ма?
Қарағым, айып емес «кел» дегениң,
Өзи келсин деген сон мен де келдим.
Келсем де досты танып, душпан көрип,
«Қасымнан алыста тур, келме» дединң
Атымды затым менен билдирейин,
Келиспес буған жуўап бермегеним.
Болады ҳасылым арғын шубыртпалы,
Несип-ғайып, Сарыбелге быйыл келдим.
Өз атым-шайыр Мансур ҳәм жәңе де,
Жақсыларға сайрайды тилим мениң,
Шайырсынып ат, түйе сорадым ба?
Сен өзиң шақыртқан соң келген едим

[104, 145] – деп басталған айтыс тартысты өтеді. Мансұр мен Дәме айтысында бұрынғы айтыстарда орын алған мақтау, мақтай отырып, сөзбен пышақтау,

мінін бетіне басып қорлау да орын алған. Мансұрды ағалап отырып, кедейлігін бетіне басып, былай дейді.

Дәме:
Әңгимем ада болмас, иркилмесем,
Тоқтатып алалмайсаң түбинде сен,
Қыйсайып, кесирленип кейин жүрдиқ,
Гедейлик Сырдан келген миниң десем.
Бай болсаң Сырдан тысқа шықпай жатып,-
Болмай ма басқа журтқа билинбесеқ?
Өзиң ашқаи исиңди айып дейсең,
Ақылың кем, болса да тилиң шешен...
Айтасаң әдетиңди халқыңдағы,
Сыр ели қыз жасырған салтындағы,
Сырдағы қырық мың қулық бар гедейге,
Келиўге бизиң шөлге артылмайды.
Бир қызға отыз күйеў, он қудағай,
Сыр елин алла қашан ант урғаны,
Ал, сөйле, тағы қандай минлериң бар? [104, 185].

Бұл да өзіндей шешен қыз отырғаны, - дегенде Мансұр ақын осы жерден сөзге тоқтаймын деп, айтысты аяқтайды. Мұны көріп отырған, жанына еріп барған Нартай інісі «бұлай оңай жеңілуге болмайды, жауап беру оңай ғой» деп, Дәмемен айтыса жөнеледі. Осыдан кейін Дәме қыз сөзге тоқтап, айтыс осы жерден аяқталады. ХХ ғасырдың басында болған айтыстарда басынан сөз асырмау, қарсылас ақынын жеңу үшін кемсіту, қорлау, жеке басының мінін айту сынды қағытпалар орын алғанын тарихтан білеміз. Ақында қайтсе де жеңу мақсат болған. Себебі бір халық немесе ру, ел атынан шыққандықтан мінін бетіне басу айып болып есептелмеген.

Бұндай айтыс түркі халықтарының барлығында бар болған ол турасында түріктің айтыс зерттеушісі Ұ. Гүнай «Түркиядағы айтысу дәстүрі және түс мотиві» атты еңбегінде атап көрсетеді. Зерттеуші ақындардың айтысын қарсы алу/сәлемдесу; еске түсіру/сипаттау; жеке ой толғау; еркін ауысу; үгіттеу; жұмбақтау; үрім бұтағының кемшіліктерін тізу/мінін бетіне басу; өтірік құрастыру; сөзбен тиісу; ұйқастарды азайту; шығарып салу немесе мақтау сынды құрылымдарға жіктейді. Ғалымның айтыс құрылымдарындағы кемшіліктерін тізу мен сөзбен тиісу түрлеріне тоқталайық. Ақындардың көбінесе жеке ой кезеңінде дүбірлі додаға сеніммен келген айтыскерлер сөзден жеңіле бастаған кезеңде басым түскен тарап оның руы мен елінің

кемшіліктерін тізіп мазақтап, одан сайын жерге кіргізіп, ащы сөздермен түйрейді. Айтыстың өзге кезеңдерінде тілге шешен ақындар қарсыласының туыстарының кемшіліктерін бетіне басып, ащы сөздермен басын жерге қаратып отырады. Кемшілік тізу кезеңінде айтыскерлердің ақталып, жауап қайтаруы шарт емес. Бұл үрдіс көбінесе Шығыс Анадолы аймағында кездеседі, - десе, сөзбен тиісу – айтыскерлердің бір-біріне тиісіп, кемшілігі мен қатесін, мінін бетіне басу» [45, 49] - деп, атап өтеді. Ұ.Гүнай 1941 жылы Карста өткен Мүдами мен Бехчет Кемал Чағлардың айтысын ақындар айтысына жатқызады. Бұл айтыста жоғарыда келтірілген кемшілік тізу немесе қорлау сөздері кездеспейді. Бұл айтыста бір-біріне құрмет-қошемет көрсете отырып, ұйқастарды азайту түріне жатқызады.

Ақындар айтысы – айтыстардың ішінде ең шоқтығы биігі. Қазақ айтысы ұлттық идеологиялық ұйтқысына айналып, бұқаралық сипат алды. 1980 жылдардан бастап теледидардан көрсетіліп, халық қошеметіне бөленді. Айтыс аясында жүзжылдықтар бойы түркі халқының әлеуметтік ұйымдасуы, рухани-мәдени байланысының негізі қаланды. Тыңдарманның бойында халықтық сананың жоғары белгілері ұстамдылық пен сөзге тоқтау, сөз мәнісін ұғу, ата-баба рухын пір тұту, текке деген құштарлық, ұлттық сыйластық сынды жақсы қасиеттерді сіңіре білді.

Осы кезеңдегі мәдени, рухани, әлеуметтік мәселелердің барлығы айтыста талқыланып, танымдық бейнелі сипат алды. Ұлттық сананы дамытуда дәстүр сабақтастығы орын алып, импровизаторлық өнер ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келеді.

Қорыта айтқанда, бұл тараушада түркі халықтарына ортақ айтыс өнерінің негізгі түрлері бәдік, жар-жар, жұмбақ айтысы, қыз бен жігіт және ақындар айтысының бұқаралық сипат алуы сөз болды. Түркі әдебиеті тарихында айтыс ақындары сазгерлікпен орындаушылықты қатар ұстанып, суырыпсалмалық өнердің біртұтастығын дәлелдеді. Ықылым заманнан өнер мен мәдениет үндестігін осы айтыстан көреміз. Түркі халықтары арасында айтыс – ақынды ақын етіп танытатын, бар дарыны мен қарымын байқататын өнері түрі. Сондай-ақ халық арасында беделге ие, қалың көпшіліктің ықыласына бөленген рухани мәдениеттің толысқан саласы.

Бәдік пен жар-жар айтысынан бастау алған қыз бен жігіт айтысы, жұмбақ айтысы, ақындар айтысы түркі халықтарында орындалу және мазмұндық, құрылымдық және поэтикалық ерекшеліктерінің ұқсас екенін анық байқауға болады. Аталған айтыстардың семантикалық мағынасы мен көркемдік формасының ұқсастығы түркі елдерінің тарихтың түрлі кезеңінде бір әлеуметтік-қоғамдық, саяси және мәдени ортада өмір сүргенін, олардың дүниетанымдарының да ортақ екендігін айқын аңғартады.

2 АЙТЫСТЫҢ ЗАМАНАУИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ

2.1 Интернет фольклордағы айтыстың көрінісі

Айтыс өнері ғасырлар бойы қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі болып саналып келгенімен, XIX ғасырдың соңында және XX ғасырдың басында оның жаңа түрлері қалыптаса бастады. Осы кезеңде ақындардың географиялық алыстығына байланысты жазба айтыс кең таралды. Әсіресе, бұл үрдіс қазақ диаспорасы мол шоғырланған Қытайдың Шығыс Түркістан өңірінде және Сыр бойында ерекше дамыды. М. Жармұхамедов жазба айтысты ақындар айтысының соңғы түрі деп бағаласа, Т. Тебегенов оны жазбаша айтыс деп атаған.

Жазба айтыс үлгілері бүгінгі күнге дейін сақталып, айтыстың заманауи трансформациясының маңызды кезеңі ретінде қарастырылады. Тарихи деректерге сүйенсек, жазба айтыс Сыбан руының он жеті ақыны мен Ырысты қыздың он алты ақынмен айтысуы сияқты оқиғалармен әйгілі. Айтыстың бұл форматы ақындардың импровизациялық шеберлігін, сөзді шебер жүйелеу қабілетін және жылдам ойлауын сынайтын алаң ретінде ерекшеленеді. Бұл заманауи айтыстың құрылымында да сақталып келе жатқан шығармашылық дәстүрдің жарқын үлгісі.

Ғалымдар мен зерттеушілер сөзге тоқтаған халықтың зерде-зейіні, парасат-пайымы жоғары болады дегенді айтады. Сондықтан жазба айтыстардың орны айрықша. Жазба айтыста ақынның озық ойы, білімі, парасаты, білгірлігі мен тапқырлығы, шығармашылық қарымы барлық болмысымен айқын көрінеді. Ақындарға берілген тақырып немесе талап барынша жан-жақты ашылып, тілге тиек етерлік мәселе шебер қамтылады.

Л.М. Әбдіхалықова «Сыр сүлейлерінің жазба айтысы» атты кандидаттық диссертациясында: «Жазба айтыс – әдеби талабы басым өнер жарысы. Әдеби талабы басым болған жерде, жарысқа түскен ақындардың өлең көркемдігі мен деңгейіне, біліміне, ақыл-парасатына сын күшейеді. Жазбай айтысқа қатысушылар тек қана жазба өлеңмен шұғылданбай, айтыстың барлық талап-тілектерін қамти сөз сайысына түседі. Сыр сүлейлері осы тараптан көрінуде өзіндік ерекшеліктерінен ғана емес, қазақтың жазбай айтыс өнерінде өздеріне сай дәстүр қалыптастырғанымен құнды. Сыр сүлейлерінің осы ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жазбай айтыстарын 1. Қазан төңкерісіне дейінгі жазба айтыстар; 2. Қазан төңкерісінен кейінгі жазбай айтыстар деп екіге бөлеміз» [115, 22], - деп сыр сүлейлерінің жазба айтыстарын стильдік және жанрлық ерекшеліктерін қарастырады. Зерттеу жұмысында Сырдағы Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Қаңлы Жүсіп, Қарасақал Ерімбет сынды көптеген шайырлардың айтыстарына тоқталады.

Қарақалпақ фольклорында «Құлымбет пенен Кердері Әбубәкірдің жазба айтысы» сақталған. Жазба айтыстың тағы бір сипаты кестелі ой орамдары көрініс беріп, мазмұны бай жыр туады. «Құлымбет пенен Кердері Әбубәкірдің жазба айтысынан» үзінді келтірсек,

***Құлымбет*:**

«Ҳүрметли сәлем жазаман,
Әбиўбәкир моллаға.
Бир жасаған құдирет,
Сыйынамын аллаға,
Естилген қулақтан,
Бүлбилдйн даўысы қалама,
Қимлер ашық болады,
Тоғайдагы ғарғаға?
...Бизде бираз елатпыз,
Сөз билетуғын дана бар.
Инша Алла өзимде,
Жөн билетуғын шама ба.
Улық-затым қарақалпақ,
Өзим атым – Қулымбет,
Ҳош болыңыз, ағалар!

Кердери Әбиўбәкир:

Жолықтым, ҳей Қулымбет хатыңызға,
Таныстық хат жүзинде атыңызға,
Урыўың қарақалпақ болады екен,
Түсиндим және улық-затыңызға.
Жыйнаған сөзиң толса нар өгизге,
Жақсаң да түўесилмес отңызға.
Алыстан еңбек қылып сөз сорапсаң,
Берейин азырақ сөз ҳақыңызға,
Аз сөзди көп сөзге қосып алың,
Жолықпай жойылмаса, қапыңызда.
Көп сәлем, Қулымбетке, қарақалпақ,
Екеўмиз қарындаспыз ғурпы ортақ,
Қандайын сизиң журттың биле алмаймын,
Моллалар көп келеди тили жалпақ.
Сорасам арғы түбиң ким екен деп,
Билмейди, негизине бәри шорқақ.
Сорайман қарақалпақ ким болады?
Қанша журт Хорезмниң айналасы?..» [104, 197-198].

Бұл – жазба айтыс болса да, суырыпсалма айтыстың сипатына ие, өлеңнің ішкі құрылымы мен сыртқы формасын сақтай отырып жазылған ерекше үлгі. Ақындар дәстүрлі айтыстың өлең шумақтарын пайдаланып, импровизаторлық қабілеттерін көрсеткен.

ХХ ғасырдың басында басталған айтыстың бұл түрі түркі халықтарының барлығын да жалғасын тапты. Баса айта кету керек, қазіргі айтысты тек өнер емес, қоғамдық пікір қалыптастырушы, ұлттық сана-сезімді оятушы күшке

айналғанын көруге болады. Айтыс тек ұлттық мұра ретінде емес, сонымен қатар заманауи қоғамдағы әлеуметтік және мәдени рөлінің атқарып келеді.

Айтыс өнері – ұлттық мұра болуымен қатар жаңа белеске көтерілген өнер. Айтыс тек өнер емес, ұлттық сана-сезімді оятып, қоғамдық пікірді қалыптастыратын күш ретінде сипатталады. Бұл оның түркі халықтарының барлығына ортақ мұра екенін көрсетеді. Трансформациялық құбылысты қабылдауымен айтыс өнері жаңа белеске көтеріліп, оның мазмұны мен формасы заманауи талаптарға сай жаңаша сипат алып келеді. Айтыстың көпшілікке қолжетімді болуы, теледидар, радио және әлеуметтік желілер, интернет сайттары мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кең аудиторияны бағындырып келеді. Жаңаны тез қабылдау арқылы аталмыш өнердің әлеуметтік мәні мен ықпалы күшейіп келеді. Бұрын тек аумақтық немесе аймақтық деңгейде шектелген айтыстар енді халықаралық аренаға шығып, ақындардың шығармашылық әлеуетін әлемге танытуға мүмкіндік алды. Атап айтсақ, айтыс өнері Мәскеу мен Парижде өтіп, Еуропада танылды. Тіпті Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай, Моңғолия елдерінде айтыс жоғары бағаланып келеді. Бұл айтыс өнерінің түркі әлемінің мәдени мұрасы ретіндегі маңыздылығын, оның заманауи дамуын және халықаралық аренадағы ықпалын баса көрсетеді.

Айтыс өнерінің жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленіп, көпшіліктің зер сала тыңдауының негізгі себебі – оның халықтың үнін жеткізіп, елмен бірге тыныс алуында, халықтың сөзін сөйлеп, халықпен бірге жасауында. Айтыс барысында дін, тіл, ұлттық құндылықтар, ел мен жер тағдыры сынды өзекті мәселелер көтеріліп, жұртшылықтың жүрегіндегі ойлармен үндесіп жатты. Басқа түркі халықтарын айтпағанда, қазақ халқы үшін 80-жылдардан бері айтыс пен Жүрсін Ерман есімі қатар айтылады. Теледидарда айтыс көрсетіле бастағаннан бері, Жүрсін Ерман көптеген дарынды ақындарды, оның ішінде Көпбай Омаров, Манап Көкенов, Көкен Шәкеев, Қалихан Алтынбаев, Тәушен Әбуова, Қонысбай Әбілев, Әсия Беркенова, Әселхан Қалыбекова, Айтақын Бұлғақов, Ерік Асқаров, Әзімбек Жанқұлиев сынды ақындарды елге танытты. Содан бері айтыс өнері жаңа серпін алып, ақындардың қатары көбейіп, олардың беделі мен абыройы арта түсті.

Жас ғалым Б.Т. Нұриманов «Айтыстың даму жолдары және интеграциялық сипаты» атты мақаласында: Қазіргі жаһандану кезінде айтыс өзінің табиғи болмысын жоғалтпай, ұлттық өрнегін айшықтап, бояуын қалыңдата түсуде. Қоғамға оның ішінде жастар тәрбиесіне әсері, ұлттың бірлігін, елдің тыныштығын сақтаудағы ықпалы, елдегі және әлемдік деңгейдегі саясатқа пікір білдіруі, көркемдік ерекшелігі және тағы басқа да қырынан алып қарасаң да, айтыстың дамығанын көруге болады. Тіпті, дамыған техника мен жетілген технологиямен бірге жасасып, жаһандық үдерістердің бәріне төтеп беріп келе жатыр. Айтыс даму тарихында тыңдармандарына 6 түрлі жолмен жетті. Яғни, 6 түрлі сипатта көрініс берді.

– тұрмыс-салт жырларындағы айтыс.

– ақындардың халықтың алдында жүзбе-жүз кездесіп, табан асты суырып салып айтысуы.
– жазба айтыс.
– арнайы ұйымдастыру және сахнадағы айтыс.
– экрандағы айтыс.
– ғаламтордағы айтыс – деп бөледі [116, 100].

Алтыншы ғаламтор яғни интернет айтыстың даму үдерісін атап көрсетеді.

Бүгінгі ғылым мен техниканың дамуы – түркі дүниесіне және халқымыздың төл өнері айтысқа әкелген жаңалығы мен тигізер пайдасы ұшан теңіз. Біріншіден, айтыстың қайда, қашан болатындығы туралы хабарлама лезде таратуға болады. Екіншіден, түркі халықтары қанда бар өнерді өлтірмей, оның кешегі түрлері дамып, жаңа айтыс түрлерінің тууына, оның дамуына жол ашып келеді.

Ақындар айтысына арқау болып келе жатқан тақырыптар – қоғамның әлеуметтік және рухани мәселелері. Айтыс арқылы халықтың тұрмыс жағдайы, денсаулығы, білім беру жүйесі, мәдениеті, өнері, діні мен дәстүрі сынды маңызды аспектілер кеңінен сөз болады. Бұл тақырыптар халықтың күнделікті өмірімен тікелей байланысты болғандықтан, айтыс сол қоғамның тыныс-тіршілігін бейнелейді. Айтыс ақындары еліміздің әр аймағынан шыққандықтан, олардың көтеретін мәселелері бүкіл Қазақстанға ортақ болып келеді. Әр ақын өзінің туған жерінің ғана емес, бүкіл елдің әлеуметтік мәселелерін қамтып, халықтың жағдайын ойлайды. Айтыс арқылы көтерілген мәселелер қоғамның өзекті проблемаларын жарыққа шығарып, ұлттың келешегі үшін маңызды мәселелердің талқылануына ықпал етеді.

2023 жылдың мамыр айының бесінші жұлдызында Алматы қаласында «Алатау дәстүрлі өнер театрында» айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағы РҚБ III құрылтайы болып өтті. Қазақстанның түкпір - түкпірінен келген айтыскер ақын-жыраулардың басы қосылған үлкен жиын болды. Парламент мәжілісінің депутаты, ақын Аманжол Әлтаев бастаған дүлділ сақа айтыскерлер Құдайберлі Мырзабеков, Қуаныш Мақсұтов, Жазушылар Одағының Астана филялының директоры, бес аймақ бойынша жауапты хатшысы Дәулеткерей Кәпіұлы, Жамбыл облысы Оңтүстік жақтан қазіргі айтыстың басшысы Ахметжан Өзбеков, Батыстан келген айтыскер ақын қызымыз Жансая Мусина, Астанадағы айтыскер одағының қызметкері Иранғайып Күзенбаев және тағы да басқа айтыскер ақындар арнайы мінбеде сөз алып айтыстың бүгіні мен ертеңі туралы біраз тың ойларды ортаға салды. Айтылған әрбір пікірлерді ортаға салып, ақындардың келісімімен ғана дауысқа салынып мәселелер шешімін тауып жатты. Қырғыз елінен келген бірнеше айтыс ақындары мен манасшылары, Академик Ділдәжан Ахметалиев және Қырғыз ұлттық Манас театрының директоры Әзіз Баймұрзаұлы құрылтайдың негізгі қонақтары болды.

Қырғыз манасшысы Әзіз Баймырзаұлы: «Қазақстанда Жүрсін Ерманов бастаған топ жұмыс жасаса, бізде Қырғызстанда да айтыс өте кеңірек қолға алынды. Екі жыл болды Қырғыз Республикасының Президенті алдында

болып, бізде Қырғызстанда Ұлттық Манас театры ашылды. Сол Манас театрының манасшыларына, төкпе айтыс ақындарына, қазақтардағы жыраулық өнерді бізде дастаншыларға мемлекеттің қамқорлығымен арнайы қаржы бөлініп тұрады», – дейді бізге берген сұхбатында. Қазақтың маңдайалды ақындарын атай келе: «Қырғыз ақындар ішінде Тоқтағұл, Жеңижоқ, Ешмамбет, Қалық, Алымқұл сияқты зарқарлардың интерпретациясы дейміз бе, айтушыға жаралғандай ішінде Илімбек Иманалиев, Азамат Болғынбаев, Амантай Құтпаналиев, Женішбек Жұмахадыр, Мақсат Құлұйыв, Шекербек Азылов сынды ақындар бар. Қазақстандағы төкпе ақындардың III - құрылтайына қатысқан Ақматбек Сұлтанұлы, Тұрат Жұмаев, Баян Ахматов, Жұлдызбек Төраханов, Қуат Түкешев, Шыңғысхан Құжысов сияқты көне өнерді бойына сіңірген көмекейінен ыр уылтқан ақындардың біршамасы бар. Енді бұлардан кейін келе жатқан студенттер арасындағы ең кенже ақындар деп атаймыз. Біздің өзімізде Құтман Садуақасов, Нұрсылтан Малдыбаев, Илімбек Иманалиев, Темірбек Матыбаева, Аққыз Абазбекова сияқты ең кенже айтыс ақындары бар. Мұның барлығы екі елге танылып болған феномен өнердің ертеңінен хабар береді» – деген болатын (Ж.Қ.).

Қазақ ақындарынан сұхбат алу барысында «Түркі халықтар арасында өткен айтыстарға қатыстыңыз ба және ол жақтың айтыс деңгейіне қандай баға бересіз» – деген сынды сауалдар қойғанымызда төмендегідей жауап алдық.

Рүстем Қайыртайұлы: «Мен Қырғызстанға бірнеше рет айтысқа бардым. Қырғызстанның айтыс деңгейі көңілден шыққанда оларда табиғилық сақталған. Сол жағынан көңілден шығады. Жүрекке жүк түсірмейді. Бірақ енді бір қатты бір тереңдікке кетпейді. Нені көріп отыр, соны өлеңге айналдыру басым. Ол жақта Баян Ахматов, «Шағылған» деп атап кеткен Болот, Асылбек, Мамбет деген айтыскер ақындары бар. Әсіресе, ол жақтың айтысының қазіргі биігі Жеңішбек Жұмағадыр деген ең мықты айтыскер ақындары бар. Ол тіпті қазақ ақындарымен айтысқанда тістесіп тұрып айтысады. Қырғыздарда жалпы айтыскер ақындар өте көп. Оларда айтыс құндылығын әлі жойылмаған, үлкен махаббатпен жырлайды. Мемлекет деңгейінде жоғары ұстап келеді. Олардың айтыстарына Президенттері келіп қатысады. Міндетті түрде министрлер, депутаттар айтысқа келуі талап етіледі. Бізде керісінше адамдарын жіберіп аңдып отырады. Бізде де солай жасауға болады ғой. Менің тағы риза болатыным көрермендер арасында халықтың отыз пайызы мемлекеттің адамдары билік өкілдері отырады. Көздерін бақырайтып қойып сынап айта алады. Ертесінде ол үлкен жоғарғы кеңесінде талқыналады. Сол жағынан ерекше және жақсы дүние деп ойлаймын» – дейді ақын.

Рүстем Қайыртайұлының сұхбатынан айтыс өнерінің екі елдегі – Қазақстан мен Қырғызстандағы дамуы, көрермендер мен биліктің айтысқа деген көзқарасы туралы терең ойлар көрініс тапқан. Рүстем Қайыртайұлының пікірінше, Қырғызстандағы айтыс табиғилығын сақтап, шынайылықты жоғалтпаған. Айтыскерлер шынайы көріністерді өлеңге айналдыру арқылы халыққа жақын дүниелер ұсынады. Сонымен қатар, қырғыз айтысының қазіргі

деңгейі мен оған мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау ерекше атап өтілген. Қырғызстанда айтысқа билік өкілдерінің қатысуы міндетті түрде ұйымдастырылатыны ерекше үлгі ретінде қарастырылған. Айтыс өнеріне деген құрмет пен қолдаудың жоғары деңгейін көрсетеді.

Сонымен қатар, Жеңішбек Жұмағадыр сынды қырғыз айтыскерлерінің мықтылығы мен қазақ ақындарымен терезесі тең өнер көрсетуі, айтыстың халықаралық деңгейде де өріс алғанын дәлелдейді. Бұл айтыстың мәдени құндылығы мен рухани маңыздылығын нығайта түсетін жайт. Автордың Қазақстандағы айтыстың саяси тұрғыда еленбей, билік тарапынан жеткілікті қолдау көрмейтініне деген өкініші де сезіледі.

Әзіз Баймырзаұлы: Қырғызстанда өтіп жатқан соңғы үш жылдағы айтыстың жүргізушісімін. Қазақстанмен Қырғызстанның ортасындағы айтыстың барған сайын жанданып жатқанының бірден бір себебі, айтыс өнерінің қырғыз бен қазаққа ғана талайынан өткен төл өнері екенінен хабар береді. Екіншіден, қырғыз бенен қазақта ғана бар феномен өнер. Басқа елде жоқ. Біз білеміз бақшыларды, ашолаларды, ашықтарды түрік тілділердің ішіндегі. Бірақ біз сияқты, суырыпсалма, төкпе ақындар тұрған жерден жыр қылып домбыра, қомызменен шөкеттеп, елге ұнайтындай жырлап, жырының ертеңі үшін не бар екен деп, сабағы бар екендігін беріш елге оңай ұлттың ісі емес. Осыған қарамай ел үшін деген жалындаған жастардың келе жатқаны бізді сүйіндіреді. Сүйінбай, Жамбыл, Кенен, Майкөт, Шөже сияқты ақындар біздің заманда жоқ болуы мүмкін. Бірақ жоқ деп жүріп біз жаңа бір ақындарды шығардық. Ақсақалдардан қазақтардан айттым. Енді бір дуардан шыққан біздің қырғыз ақындар ішінде Тоқтағұл, Жеңижоқ, Ешмамбет, Қалық, Алымқұл сияқты зарқарлардың интерпретациясы дейміз бе, айтысуға жаралғандай ішінде Иманалиев, Азамат Болғынбаев, Амантай Құтпаналиев, Женішбек Жұмахадыр, Мақсат Құлұйыв, Шекербек Азылов сынды ақындар жүреді.

Әзіз Баймырзаұлының сөзі айтыстың қазақ пен қырғыздың тарихи және мәдени болмысының ерекше феномені екенін көрсетеді. Ол бұл өнердің басқа халықтарда кездеспейтін суырыпсалма шешендік қабілетке негізделгенін және оның қос ұлттың төл өнері екенін атап өтеді. Бұл пікір айтыстың ұлттық рухты сақтаудағы маңызды рөлін көрсетеді. Сонымен қатар, қырғыз ақындарының интерпретациясы арқылы жаңашылдыққа бейімділігі айтыстың өміршеңдігін дәлелдейді.

Ақындармен сұхбаттасу барысында айтыстың қазіргі трансформациялануы туралы да сұраған болатынбыз. Ақындардың бірқатары мынадай жауап берді.

Балғынбек Имаш: Қазақ халқының айтыс өнеріне деген ерекше құрметі тек айтыскер ақындардың таңғажайып суырып салма шешендігі мен терең ойлылығында ғана емес, бұл өнердің шыншылдығы мен әділдігінде де жатыр. Айтыскер ақындар қарсыласын жеңуді ғана емес, қоғамның ашық жарасын тілімен жазып, әділетсіздік пен қиындықтарды аяусызда сынайды. Олар таптаурынды мәселелерді ғана емес, сол кезеңде пайда болған ең күрделі

мәселелердің түйінін шеберлікпен тарқатады, шешімдердің жолдарын көрсетеді. Осылайша, қазақ айтысы тек өнер емес, сонымен қатар қоғамдық сананы қалыптастыруда, әділдікті орнатуда маңызды рөл атқаратын құбылыс болып табылады. Осы ретте, айтыстың замана талабына сай жаңаша трансформациялануын құптауға болады. Қазіргі жастардың көбі ақпараттық жаңа қоғамды жақсы меңгерген. Сондықтан олар қолданатын әлеуметтік желі арқылы айтыстың деңгейін көтеру үшін интернеттің заманына сай WhatsApp, Instagram, Facebook, Tiktok, YouTube, Twitter, Telegram тағы басқа да желілер арқылы тарауын қолдаймын. Соңғы уақытта айтыс ақындарымыз Жандарбек Бұлғақов пен Сырым Әуезханның әлеуметтік желі арқылы қоғамдағы келеңсіз жайттарды астарлы әзілмен (зілмен десек те болады) жақсы жеткізіп жүр.

Балғынбек Имаштың пікірінде айтыстың тек өнер емес, қоғамдағы әділдікті қорғаудағы маңызды құрал екені айқындалады. Айтыскер ақындардың шындықты ашық айтуы, әлеуметтік проблемаларды қозғауы – бұл өнердің халықтық болмысын және заманауи трансформациялану барысында оның қоғамдық рөлінің сақталып отырғанын көрсетеді. Әлеуметтік желілердің (Instagram, YouTube, TikTok және т.б.) айтысты насихаттау алаңына айналуы қазіргі ақпараттық қоғам талабына сай жаңашылдықтың жемісі екенін білдіреді.

Мұқтар Нияз: Айтыс осы уақытқа дейін көшпелі халықтардың бойындағы отырықшылық мәдениетке ауысқанда әлі өмір сүріп келе жатқанының бір сипаты – бейімделгіштігінен деп ойлаймын. Онлайн айтыс болсада өте береді, офлайн болса офлайн, радио айтыс болса, радио айтыс т.б кете береді. Жалпы, заман қалай қисаяды, бөркін солай қисая беретін өнер ғой. Сондықтан талантты адамның бойындағы өнер, тәсілдері ауысқанымен адамның бойындағы талант, дарыны халыққа қызмет етуден танбайды деп ойлаймын. Сондықтан, кез келген трансформацияға кез-келген өзгеріске болсын талантты ақындар дайын. Ет пен терінің ортасында жүрген желіктер туралы айта алмаймын. Бірақ талантты ақындардың бейімделгіштігі айтылу керек.

Мұқтар Нияздың пікірі айтыстың әртүрлі жағдайларға бейімделу қабілетін ерекше атап өтеді. Ол айтыстың офлайн, онлайн, радио сияқты форматтарға икемделе алатын жан-жақтылығын, ал талантты ақындардың әрбір өзгеріске дайын екенін көрсетеді. Бұл айтыстың икемділігі арқылы өзектілігін жоғалтпауының кепілі ретінде қарастырылады.

Сұхбаттардан байқағанымыздай, айтыс өнері тарихи тамырларын сақтай отырып, заманауи қоғамның қажеттіліктеріне бейімделіп келеді. Айтыстың ақпараттық технологияларды қолдануы, әлеуметтік мәселелерді қозғаудағы рөлі және форматтық бейімделгіштігі оның тұрақты даму жолында екенін көрсетеді.

Қазақстан тарапынан болып жатқан бұндай іс-шаралар басқа да түркі халықтарында да жалғасын тауып келеді. Түркияда жыл сайын ақындар мен жыршылардың фестивалі өтеді. «2010 жылдан бастап апта сайын TV5 телеарнасында Нури Шәкірті атты жыраудың өнері тұрақты түрде көрсетіліп

тұрады. Çay TV телеарнасында Кул Нури, Marmara Tv-де Темел Тураби, Kocaeli TV-де Эрол Эргани, Gimsa Tv-де Мұстафа Айдын секілді ақындар айтыс дәстүрін жалғастырып жүр. Олар телеарна арқылы өз өнерлерін паш етіп, үндерін қалың бұқараға жеткізуге тырысады. Алайда жыраулардың айтыс бағдарламалары бірнеше сағатпен шектеліп жүр. Оған қоса эфир барысында бағдарламаның жартысын тікелей телефон байланысы мен жарнамалар алады. Ал екінші жартысында жыраулар тек екі немесе үш толғауын ғана айта алады. Кофеханада немесе жеке ортада өткен айтыстарда қақтығыс бөлімі сағаттарға созылса, теледидар бағдарламасында тек айтыстың «тиісу» бөлімі қамтылып 15-20 минуттық эпизодпен шектеледі [117]. Өйткені бұл жанр көрерменге ұнайды. Түрік айтыскер ақыны Мұстафа Айдынмен болған сұхбатта: Мен өткенді бүгінге тасып жүрген және соны жаңартып жаңа мазмұнға дамытып жүрген адаммын. Менің шығармашылығымның екі жүзден астам видео таспалары әлеуметтік желіге салынған деп, өзінің түрік айтыс дәстүрін жалғастырушы ақын екенін атап өтті.

Е-фольклоры әкелген жаңалықтар да түркі халықтарындағы жыраулардың жазба айтысында өз орнын тапқан. Сондай айтыстардың бірі – Шенлик ақын мен Кылысшы Мустафа ақын арасында өткен қызықты қағытпа айтысы. Бұл екі ақын бір-бірін бұрын еш көрмеген. Ашык Шенлик бұл айтыста Кылычшы Мустафаға өзін Ашық Шенликтің шәкіртімін деп таныстырады.

Кылычшы Мустафа қағытуда былай бастаған:

Üstadına t’an ederem,	Ұстазыңа таң қаламын
Darılmağa yolun var mı?	Ренжуге негіз бар ма?
Gıcandım gıyıp vurmadım,	Сабыр қылып тиіспедім
Bir yumrukluk halın var mı?	Бір жұдырықтық халің бар ма?

Ашык Шенлик былай жауап берген:

Âşk eserine düşen âşık,	Ақынның құрығына түскен ақын
Ürüzgârlı yelin var mı?	Самалдай ескен желің бар ма?
Elimden can kurtarmağa,	Қолымнан кісі құтқарардай,
Yüz bin fitne felin var mı?	Жүз мың жала сөзің бар ма?

Кылычшы Мустафа

Meninen durma divana,	Менімен сөз таластырма
Seni yetirrem Şivana,	Сені Шиванға жөнелтемін
Ataram berri yabana,	Жыртқыштарға лақтырамын
Orman kimi Kôlun var mı?	Орманда құтқарушың бар ма?

Ашык Шенлик

Gurbanam gevher madene,	Гауһар жақұтқа құрбанмын,
Eyvallah etmem nadana,	Наданға рақым жасамаймын
Çıkarsan burcu bedene,	Хош пендемен шықсаң

Ayağında nalın var mı?	Аяғында тағаң бар ма?

Кылычшы Мустафа

Şenlik Kimseyi beyenmez,	Шенлик ешкімді ұнатпайды
Laf atar Hak'ka güvenmez,	Қарсы сөйлеп тәңірге сенбейді,
Üfürüklü boya boyanmaz,	Үпіргенмен бояу жұқпас
Gara çivit, kâlın var mı?	Қара сөзден айтарың бар ма?

Ашык Шенлик

Neslin sarp yerleri kesmez,	Ұрпағың қиын жерлерді аспайды,
Şahmarazdır gurdu basmaz,	Шахмараз құртты баспайды,
Ağzında güzemin esmez,	Аузында әсемдік еспейді,
Süysünde yalın var mı?	Сүйсінде үйің бар ма?

Ұйқас айту кезегі Ашык Шенликке келген кезде Кылычшы Мустафаға мүмкіндік берместен былай деп сөзбен түйреп қағытады:

Ашык Шенлик

Ey, Âşık düşün sözünü	Ей, ақын, ойланып сөйле,
Seni müşkül hal eylerem	Сені тығырыққа тіреймін.
Gurudur nutku nefesin	Тыныс демің құрғақ екен,
Elfazını lâl eylerem	Тілің тұтығып қалады.
Min tümenlik giymetini	Мың түмендік қадіріңді
Endirir bir pul eylerem	Түсіріп бір тиындық етемін
[81, 35-36].	(аударған Ж.Қ.)

Бұл айтысқа назар аударсақ, Кылысшы Мустафа Ашық Шенликті ұстаз ретінде санайтындығын, өнеріне тәнті екендігін жеткізеді. Бірақ тіс қаққан азулы Ашық Шенлик Кылысшы Мустафаны менсінбей мен сені Шиванға жіберемін, наданға рақым жасамаймын, бір тиындық етемін деп дөрекі сөздермен түйдектете қағытады. Бірақ, Кылысшы Мустафа өз сөзінен қайтпай, ақыры соңында Ашық Шенликтің ақ батасын алады.

Жазба айтыстың тағы бір нұсқасын түрік ақындарынан көруге болады. Грузияның Бусетли ауылының Шикаста Пері атақты Ашык Шенликті естіп, үш шумақ өлең жазып, оған жауап қайтаруын сұрайды. Шикаста Пері мен Шенликтің бір-бірімен былай жазбаша жауаптасады немесе айтысады:

Peri:	**Пері:**
Muhammet Mustafa arşi alada	Мұхаммет Мұстафа шаршы алаңда
Çekilip Mina'ya aksa nedendi?	Неліктен Минаға ол шегінді?
Sur-i selsebilden doldurup bade	Ыдысты толтыра бадеге
Getirip dihana dürdanedendi.	Оны әкеліп, диханға береді.

Şenlik:	**Шенлик:**
Makamı Resuldü şefaatullah	Расул Аллаһқа шапағат ету еді
Semada mirazı gördü nedendi?	Неліктен ол аспандағы ғажайыпты көрді?
Hikmet-i Hüda'nın kerametinden	Хикмет-и Худаның мұғжизасынан
Arşı mah yüzünde durdu nedendi?	Неліктен арка оның бетіне тоқтады?
Peri:	**Пері:**
Emir ül mümine oldu afitab	Әмір ұл Мүміне сенген еді
Gökten yere indiridiler dört kitap	Көктен төрт кітап түскен еді
Nurdan külah örttü alttan serentap	Нұрдан жаралып, бір мезетте түскен
Dört kitabın aslı hırda nedendi?	Төрт кітаптың түпнұсқасы неге жасырылды?
Âşık Şenlik:	**Шенлик:**
Tevrat'a sahabel oldu	Таураттың серігі болды
Yahudi İncil'e haç-perest bizimdi dedi	Яһуди Інжілге крест-табынушы біздікі деді
Zeburda okunur Muhammet adı	Забур жырында бар Мұхаммед есімі
Kur'an ı islama ver nedendi?	Құран Исламға не үшін берілді?
Şikasta Peri:	**Пері:**
Şikasta Peri'yem gelmişem raye	Шикастағы Періге келдім жолменен
Neçe min suredi neçe min aye	Қанша мың сүре, қанша мың аят
Kur'an da okunan gulhu hudaye	Гүлху құдай Құран да оқыды
Yasin'de sürebbi nokta nedendi?	Ясинде ұзақ ноқат неліктен?
Âşık Şenlik:	**Шенлик:**
Şenlik der; puç dünya oldu berhayat	Дүние өмірге айналды деп Шенлик айтар
Yüzondört suredi altımin altıyüz altmış altı ayet	Жүз он төрт сүре, алты жүз алпыс алты аят
Bunun cümlesini fahri kainet	Үкімі құрметті ғаламға айналады
Bir elif üstüne kurdu nedendi?	Неліктен ол элифті жақтады?
[103, 117 б.].	(аударған Ж. Қ.)

Түрік атышмасы мен қазақ, қырғыз, қарақалпақ айтысының арасында айырмашылық бар. Анадолыдағы ашықтар атышмаларына қарағанда, айтыста белгілі бір өлең бірлігіне қарай бағынып, айтысу шарты жоқ. Айтыс ақындары әртүрлі шумақ, тармақтармен, әуенмен сөз саптай береді. Анадолыдағы ашықтардың атышмасында сөз саптаудың белгілі бір ережесіне бағынуы шарт.

Башқұрт зерттеушісі М.Бурангулов «Сесеннің өсиеті» атты еңбегінде былай дейді: Айтыстың диалогтік түрі екі сөз шеберінің шығармашылық

кездесуі сияқты. Тақырыптық мазмұны бойынша олар мынадай құрылымдардан тұрады:

- сәлемдесу;
- көпшілікпен сәлемдесу, аймағындағы маңызды қоғамдық-саяси оқиғалар туралы жалпы ақпарат;
- қазіргі заманның өзекті мәселелерін талқылау;
- тыңдаушыларды ғибратты және речитативтік сөздермен қанаттандыру.

Жоғарыда атап өткеніміздей, айтыс жанры басқа түркі халықтарының арасында да кең тараған. Мысалы, қазақ арасында ақындық поэзияның тамыры тереңде жатыр. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр бойынша 24 шумақтан тұратын өлең шығарған сөз шебері ғана нағыз ақын деп есептелетін. Сондай-ақ ақын айтыста (мұнда – айтыста) мықтырақ қарсыласын жеңгеннен кейін ғана жалпы жұртшылық мойындауы мүмкін еді [57, 350].

Башқұрт сесендері Әсия Ғайнуллина мен Фарит Хасановтың жазба айтысы әдемі әзілмен, ойлы жауаптасып, сөздің шеберлігі мен нәзіктігін көрсетеді. Тыңдармандар олардың әр сұрақ-жауаптарына қошемет көрсетіп, әрбір шумақтарын асыға күтті. Олардың айтысынан үзінді келтірсек:

***Фарит**:*

Һинең яулығың нимә аңлата,
Һары, көҙ япрағы кеүек,
Ниңә һин байрамға килдең,
Әгәр һин беҙгә һағыш ташыйһың икән?
Һары төҫ ҡайғы төҫ,
Беләһеңме, юҡмы?
Һәм һинең йөҙөң нимә аңлата:
Йәш, әммә йыйырсыҡлы ул?

Фарит:

Жаулығың нені білдіреді,
Күзгі жапырақ сияқты сары,
Неге мейрамға келдің,
Егер бізге қайғы әкелсеңіз?
Сары түс – қайғы түсі,
Білесіз бе оны жоқ па?
Және жүзіңіз нені білдіреді:
Жас, бірақ әжім басқан оны?

***Әсия**:*

Күҙҙәре үткер, йәш булһа ла...
Яуап бирәм: минең яулығым
Һары, көҙ япрағы кеүек,
Яҙмыш ҡайғыһынан,
Ерем, һыуым тураһында,
Башҡортостан иле тураһында,
Алда нимә булыр,
Халҡым нимә һайлар,
Ниндәй яҙмыш кисерер…
Әйөҙөм йыйырсыҡлы,
Сөнки ауыр уйҙарҙа:
Ҡара пиарҙар оса,
Яла яғыу һәм ялған һөйләү
Үҙ әсәйем тураһында,

***Әсия**:*

Көзімде жас болса да өткір...
Жауап берем: менің жаулығым
Күзгі жапырақ сияқты сары,
Тағдырдың қайғысынан,
Жерім, суым туралы,
Башқұртстан елі туралы,
Алда не болады,
Менің халқым не таңдайды,
Қандай тағдыр болады…
Әжім басқан жүзімді,
Өйткені ауыр ой басты:
Қара пиармен қоса,
Жала жабу және жалған айыптау
Менің жерімде,

Тыуған илем, илем! Менің Отаным, менің елімде!
[107, 3-4]. (аударған Ж.Қ.)

Башқұрт айтысы – поэтикалық сөз шеберлігі. Қанша уақыт өтсе де, ұрпақтан-ұрпақ алмасып, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі өзгеріссіз қалды.

Әзербайжан зерттеушісі дастандардағы айтыстарды құрастырып, ақындар айтысының өзектілігі мен түркі дүниесінен алатын орны жайында былай дейді: «Ақындар айтысының өзектілігін анықтайтын бірқатар факторлар бар. Бұл қатардағы ең үлкен қызығушылық тудыратын бірінші нәрсе – фактілердің көптігі. Өкініштісі, ақындар айтысы біздің заманымызға дейін ешбір зерттеу нысанына айналмаған, мәселе ретінде ашуды мақсат етпеген. Бұл туралы әртүрлі зерттеулерде, әдебиеттану терминдерінің сөздігінде, әдебиет теориясы кітаптарында, халық шығармашылығына арналған оқулықтарда қысқаша, нақтылығы байқалатын деңгейде айтылды. Ақындар шығармашылығына қатысты зерттеулерде мәселенің ішіндегі мәселе сияқты егжей-тегжейлі айтылмайтын деңгейде әңгіме айқындалды. Дегенмен, айтылғандар өз алдына ақындар айтысын зерттеу қажеттігін аңғартады. Екінші бағыт бойынша, ақындар айтысының пайда болуы мен даму бағытын зерттеуге жеткілікті материал береді. Белгілі болғандай, кез келген шығармашылық саланы, кез келген мәселені зерттеуде генезис мәселесі аса маңызды. Ақындар айтысында да солай. Бұл өнердің шығуына байланысты түрлі зерттеулер жүргізіліп, пікірлер айтылды. Кейбір тұстарда бір-біріне ұқсастығы бар болғанымен, кейбір мәселелерде айырмашылықтары да бар. Дегенмен, бұл мәселеде ең маңызды дереккөз рөлін ақындардың айтысы алатындығын ескеру қажет. Өйткені бұл жырларды тудыратындар – ақындар. Ақындар да зерттеушілер мен әуесқойларға қарағанда олардың болмысын, өнерін және олар туралы нәрселерді жақсы біледі. Осы орайда ақындар шығармашылығындағы айтыстар өзекті» [78, 26-27]. Мәсум мен Валех ақындар айтысынан мысал келтірейік:

Aldı Məsum Əfəndi:
O kim idi doğdu yüz səksən oğlan?
Kim idi həzrətə apardı qurban?
O kim idi əzəl etdi nahaq qan?
Kim idi vermədi ona qız, indi?

Aldı Aşıq Valeh:
Havva ana doğdu yüz səksən oğlan,
Cəbrail həzrətə gətirdi qurban.
Qabili öldürdü Habil - nahaq qan,
Adəm verməmişdi ona qız indi.

Мәсум:
Ол кім еді жүз сексен ұл тудырған?
Кім еді хазіретке құрбандық апарған?
Ол кім еді зұлым қанды өлтірген?
Кім еді оған қызын бермеген?

Валех:
Хауа ана туды жүз сексен ұлды.
Жәбірейіл хазіретке әкелді құрбанды.
Әбіл Қабылды өлтірді – нақақ қан,
Адам бермеді қызын оған.

Aldı Məsum Əfəndi:	***Мәсум***:
Kim idi əlləri vardı neçə min?	Кім еді қолдары бар неше мың?
Hər əlində barmaqları neçə min?	Әр қолда саусақтары бар неше мың?
Hər barmaqda qələm çalar neçə min?	Әр саусақта бар неше жүзік мың?
Bunu bilən kəsə yoxdu söz indi.	Мұны білер ешкім жоқ білем.
Aldı Aşıq Valeh:	***Валех:***
Cəhənnəm maliki, əli yeddi min,	Жаһанам иесі әлі жеті мың,
Hər əlində barmaqları yeddi min.	Әр қолда саусағы бар жеті мың.
Hər barmaqda qələm çalır yeddi min,	Әр саусақта жүзік бар жеті мың,
Onu nə biz görək, nə də siz indi...	Оны біз де, сен де көре алмассың...
Aldı Məsum Əfəndi:	***Мәсум***:
Məsum deyir, kimdi sahibi-qüdrət?	Мәсумнің иесі кім дейді құдірет ?
O nədi ki, ona vurubdu zinət?	Ол оған қандай берді сый?
O kim idi himnən danışdı xəlvət?	Ол кім еді айтқан әуенін?
Onu bilən kəsə quluq biz indi.	Оны білген адаммен біргеміз.
Aldı Aşıq Valeh:	***Валех:***
Valeh der, Məhəmməd sahibi-qüdrət,	«Мұхаммед құдіретті», – дейді
O cənnətdi, ona vurubdu zinət.	Валех.
Min kəlmə meracda danışdı xəlvət,	Ол жәннаттық болды, алды бата.
Qadir ləmyəzələ yoxdu söz indi	Қызыққаннан оған айтты сөз.
[117, 70-71].	Қадірден артық сөз жоқты.

(аударған Ж.Қ.)

Бұл Мәсім мен Валех айтысы әзербайжан дастанында жазба түрінде сақталды.

Үмбетәлі мен Нұрила ақынның жазба айтысы күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ:

«Көңілі неде болса тарықсын деп,
Қызуда қызба сөзді соғыппын кеп.
Бетіме қаулап келген қалың сөзін,
Итеріп иірімге тоғыттым кеп.

Артынан тарар кезде адам ба деп,
Шошынып өз-өзімнен қорықтым бек.
Қырық кісі атын білген ер екен бір
Отырмын сілесіне жолықтым деп» [118, 396].

Жыраулықтың сарыны, шешендіктің дарыны – айтыс ақындарының бойында бар қасиет. Түркі халықтарының ішінде әзербайжан мен түрік айтыстарында «ұйқастарды азайту, яғни қиын ұйқастармен қатар *б, п, м, ф, в* сияқты еріндік дауыссыз дыбыстарын қолданбай, қиын ұйқаспен айтысады. Осы кезеңге дейін бір-бірінен мықты екенін дәлелдей алмаған айтыскерлер бір

немесе бірнеше қиын ұйқаспен айтысып, өнерлерін көрсету үшін осы стильді таңдайды. Айтыскерлер бір-бірінің ұйқасын жалғастырып, түйінді сөздерді қорытындылау арқылы жарысады. Олар аз қолданылатын ұйқастарды қолданып, түйінді сөзге жеткенше айтысады. Соңында қалған кісі түйінді сөзді айтуға мәжбүр болады» [45, 6].

Толықтау немесе тарылту сияқты терминдермен айтылатын бұл бөлімде жоғарыда айтылған қиын рифмалармен қатар, дегмез деп аталатын сөздер б, п, м, ф, в сияқты ерін дауыссыз дыбыстары жоқ сөзбен жасалған. Осы уақытқа дейін бір-бірінен артық екенін дәлелдей алмаған ашықтар бір немесе бірнеше қиын рифмалармен айтып, өнерлерінің үстемдігін көрсету үшін осы стильді таңдайды. Айтысу арқылы ашықтар бір-бірімен рифмаға ие және жалпыға белгілі айтылмауы керек негізгі сөздерді айтпау үшін бір-бірімен жыр додасына түседі. Айтуға болмайтын түйінді сөздерді айтпай, егер айтып қалса, жеңілетіні сөзсіз. Сондай-ақ, екі еріннің арасына қойған ине айтуға болмайтын еріндік дыбыстарды айтқан сайын еріндеріне кіріп, тіпті айтыс басында қанап кететін де жағдайлар болған. Мұндай айтыстың үлгісін 1996 жылы ақпанда болған Ерзурумдағы озандар Чаевиде Мехмет Гүлхани ашық, Ихсан Явузер ашық және Рахим Сағлам ашықтардың арасында өткен [45, 8]. Айтыстың осы түріне қатысты берген сұхбатында Мұстафа Айдын былай дейді: Бұл айтыстың ертеректе қалыптасқан түрі. 1913 жылдары ашықтар айтыстың осы түрімен айтысқан. 1980 жылы менің ұстазым Чобанұлыдан жазып алған. Чобанұлы сияқты басқа да ұстаздарымыздың бейнетаспасы әлеуметтік желіде сақталған. 1980 жылы Жапония мен Түрік елі бірлесіп Жібек жолы телеарнасына түсірген. Содан кейін түрік телеарнасы жеке-жеке түсіре бастады. Әуелгі кезде бұл айтыс түрі ойын ретінде болған, бірақ біз бұны мәдениет өнер түріне алып келдік және мен мақтанышпен айта аламын ұзақ уақыт бойы инені ерніме қойып айта аламын. Мысалы, менің атым Мұстафа бірақ мен атымды атай алмаймын. Мен оның орнына Айдын деген тегімді қолданамын – деп, ерніне инесін қойып саз аспабымен жыр жолдарын бізге орындап берді. Сонымен қатар, түркі халықтарында әкесі мен баласы, әкесі мен қызы, анасы мен қызы, ұстазы мен шәкірті арасындағы айтыстар сақталған.

Қазіргі ақындар айтысының шоқтығы биігі – екі халық арасындағы халықаралық айтыстар. Қазақ пен түрік, қазақ пен қырғыз арасында түрлі айтыстар өтіп жатыр. Бауырлас халықтардың арасында болған елеулісі – Оразалы Досбосынов пен Женишбек Айтиев, Балғынбек Имаш пен Элмирбек Иманәлиев, Айнұр Тұрсынбаева мен Элмирбек Иманәлиев, Элмирбек Иманәлиев пен Айбек Қалиев, Ринат Зайытов пен Аалы Туткучев, Балғынбек Имаш пен Аалы Туткучев, Мақсат Аханов пен Изат Айдаркұлова, Идирис Айтбаев пен Айбек Қалиев, Жандарбек Бұлғақов пен Амантай Кутманалиев Мақсат Аханов пен Кубат Тукешов және тағы басқа арасындағы айтыстар.

Айтыс 2015 жылы Қазақстан мен Қырғызстанның атынан UNESCO-ның Intangible Cultural Heritage тізіміне тіркелді. (https://ich.unesco.org/en/decisions/10.COM/10.B.20,date of address:08.06.2023)

Айтыс халықаралық ұйымына мәдени жәдігер ретінде енгізілді. Екі халық (қазақ пен қырғыз немесе қазақ пен түрік арасындағы рухани мәдениттің негізгі желісі бір арнаға тоғысып жатқандығын дәлелдейді. Ол желі – көнеден бір тамырдан тарағандығы. Сондықтан да болар оларға арнайы аударғаншының да қажеті жоқ. Егер әр халықтың өзіндік концептісі бар деп қарастырсақ, түркі дүниесіне ортақ ой мен таным, мәдениет әлемі бар. Сондықтан да қанша дәуір, уақыт өтсе де, түркі халықтары арасындағы ұйыған мәдениет ажыраған жоқ. Ортақ таным мен концепт сақталып, бүгінгі күнге дейін жетті. Қай өнерде сынасса да тіл табысып, тез ортақ шешімге келетіні де сондықтан. Оны екі ел арасында болған айтыстардан аңғаруға болады. Қазақ пен қырғыз арасында елді желпіндіріп, «ой, бәрекелді» дегізген Балғынбек Имаш пен Элмирбек Иманәлиев арасындағы айтысқа талдау жасасақ.

Балғынбек:

«Ассалаумағалейкум, қалың қырғыз,
Аман ба бала-шаға, малың қырғыз?
Сегіз қазақ кеп қалды Сарыарқадан,
Деген соң сахнаның сәнін кіргіз.
Тоқтағұлдың мұрасы телегейдей,
Біз соның тұнығына қанып жүрміз.
Манас – Күн, Тоқтағұл – Ай болған кезде,
Айтматов – аспанында жарық жұлдыз.
Кешегі Барысханның заманында,
Басқадан биік еді бағың қырғыз.
Құрманжандай бір қыздың тағдырынан,
Қырғыздың тарихын біз танып жүрміз.
Манасшы Саяқбайдың сара жолын,
Жалғады неше түрлі дарынды ұл-қыз.
Бір миллиард қытайды тамсандырған,
Манасшы Жүсіп Мамай шалың, қырғыз.
Атамның қазасына көңіл айтам,
Алғайсың ықыласымды қабыл, қырғыз.
Ассалаумағалейкум, Элмирбегім,
Сенде мынау айтыстың дәмін кіргіз.
Мен қырғызды мақтайын тіл жеткенше,
Сенде мына жұртыңның жанын кіргіз.
Төрт қазақ төбемізге көтермесек,
Тоқтығұлдың тойында неғып жүрміз?..» [119] - деп бастап, қырғыздардың игі жақсыларын санамалап, кешегі Сүйінбай мен Арыстанбек, Жамбыл мен Тоқтағұл, Кенен мен Оспанқұлдың достығынан «Достығы Жамбыл менен Тоқтығұлдың, Ежелгі елдің кегін ұмыттырды», - деп, жалғасқан тарихи сабақтастықты әдемі жеткізді.

Элмирбек:

Ой, мен ат болсам, сен – шана,

Мен ата болсам, сен – бала.
Бірақ мен өзіме-өзім сенем,
Өзіңді өзің ая, өзіңе-өзің сен бала.
Тоны тозған тоқымы,
Тон мықтысын кигізіп,
Бар достығын білгізіп.
Қордайдан қармап алыспақ,
Қуратып сорын қайнатпақ.
Құртының сырып жонынан,
Құртып қайда айдамақ...
...Інім, асылым менің, Балғынбек,
Жоқ, сен оригинал қазақ екенсің,
Қалғандары көшірме.
Сондықтан да айтарым,
Баладым сенің сөзіңді,
Қашан да болса сөзіңнің,
Қайратына байланам.
Қасқайған тұнық мөлдір бір,
Айбатыңа байланам.
Тоқтығұлды естірткен,
Сенің ақылыңнан айналам.

Балғынбек:

Еу, ағайын,
Элмирбек неге жылдам тоқтап қалды,
Бұрынғы қазақтарды мақтап қалды,
Қазіргі қазақтарды даттап қалды.
Қырғызға қазақтардың көңілі адал,
Баяғы татқан дәмді ақтап қалды.
Қазір де қырғыздарды сыйлаймыз біз,
Көңіліндей көреміз аппақ қарды.
Мысалы Бәкиевің қашқан кезде,

Қазақтар ұшақ жіберіп сақтап қалды, [119] – деп, Элмирбектің қазақтарды сынай айтқан сөзіне ұтымды жауап береді. Қырғызда кездесетін «ала» сөзін алауыздық болмасын елде деп, былай сабақтайды:

Екеуміз биіктікті сөз етейік,
Алатау, Тянь-Шанның жалғасы екен.
Ала деген атау көп қырғыздарда,
Ағайын көңіліне алмаса екен.
Ала арша деген ұлттық парк,
Тамаша табиғаттың таңбасы екен.
Ала бұқа аймағы шалғайдағы,
Қырғыздың алтын шыққан қамбасы екен.
Ала шапан өзбектей өз ағамыз,
Ала көзін қамбаға салмаса екен.

Аламутдин ауданы іргедегі,
Алмасбек ханы туған ордасы екен.
Хан мен халық қасқыр мен алабайдай,
Бұдан соң ырылдасып қалмаса екен.
Жерің ала болса да төрің ала,
Ешқашан елің ала болмаса екен.

Элмирбек:

Ақындар қырғыз-қазақтай,
Ғаламда басқа халықта жоқ.
Ақындар айтқан асыл сөз,
Осы ақиқат әрбір баста жоқ.
Жай-жайында қалысқан,
Жаралған ешбір зат та жоқ.
Алтын ер әрбір атта жоқ.
Осындай болмай қалдық деп,
Талайларың арланған.
Қайран осы асылдан,
Қазір ұрпақтары шығысып,
Алдына шығып халқының,
Ақ таңдай тілін ерітіп.

Балғынбек:

Алатауда сұңқардай,
Саңқылдап тұрған, қырғызым.
Бәйгеге түскен тұлпардай,
Қарқындап тұрған, қырғызым.
Ақаевтың кезінде,
Құдалықтың сыйымен,
Аңқылдап тұрған, қазағым.
Бәкиевтің кезінде,
Әндіжанның биімен,
Қалтылдап тұрған, қырғызым.
Роза сынды апам кеп,
Аршындап тұрған, қырғызым.
Алмасбектің кезінде,
Алмас қылыш секілді,
Жарқылдап тұрған, қырғызым.

Қырғыз-қазақ қашан да,
Әуезовпен мақтанад(ы),
Айтматовпен мақтанад(ы),
Шахановпен мақтанад(ы).
Бауырлардан айналдым,
Ақ пейілді ақтарад(ы).
Арулардан айналдым,

Шеттерінен ақтамақ.
Бабам қырғыз айтқандай,
Бөлінгендер жоқ болад(ы),
Бөліскендер тоқ болад(ы) [119].

Айтыс қырғыз елінде болып жатқандықтан, әрине қырғыз ақыны Элмирбек ақын қазақтарға деген көңілі толмастығын әр шумақта айтып қалса да, Балғынбек ол жердің тігісін жатқызып, барынша екі елдің игі жақсыларын термелеп, қазақ пен қырғыздың бауырластығын дәріптейді. Айтыс барысында әннің әуезімен айтылған жыр шумақтары да, табанасты шығарып айтқан суырыпсалмалық та бар. Бұл сахналық айтыс әр халықтың болмысын көрсетеді. Әрбір жеке адам сол халықтың мінез-құлық нормаларын белгілеп, халықтың әлемге деген көзқарасын анықтайды. Сондықтан халық атынан шығатын ақындар әлемдік және ғаламдық масштабты бағдарлай алуы керек.

Қазақстанда ғаламтор желісін қолданатын адамдардың көпшілігі жастар. Демек, онлайн айтысты жас ұрпаққа көрсету – айтыс өнерін жастар арасында насихаттау, қазақ халқының ұлттық құндылығы мен ұлттық болмысын танытудың бір жолы. Осы тұрғыдан алғанда интернет-айтыстың мәні мен маңызын зерделеу және даму үрдісін анықтау фольклортану саласы үшін өзекті тақырыптың бірі. Сондықтан бұл мақалада Қазақстандағы интернет-айтыстың даму тенденциялары netlore теориясы (Netlore-интернет мұрасы) аясында қарастырылады.

Әлемдік індет пандемия кезінде ұлттық өнер айтыс толастаған емес. Замана ағымына сай жаңа арна тауып, интернет арқылы түрлі сайттарда трансформациялық өзгеріске енді. Айтыс ақындары әлеуметтік желіде халықтың көңілін аулап, психологиялық тұрғыдан демеу бола білді. Қай кезеңде болмасын, қандай жағдайда да халық өзінің ұлттық болмысына, түп қазығына байланатындығын осы жағдаяттар дәлелдеп берді. Пандемия кезінде халықтың көңілін көтеріп, қиыншылықтарды еңсеруге жігер берген айтыс ақындарының еңбегі ерен. Әрбір жыр жолында халықтың мұңы мен қуанышы көрініс тауып, ар ақиқаты мен жүрек үні астасып жатты. Суырып салмалық дәстүрдің үзілмей жалғасуы – оның өміршеңдігі мен халық санасында берік орын алғандығының дәлелі.

Интернет арқылы айтыс қазақтарда да «abai.kz» сайтында ұйымдастырылып, көпшілік қауымнан қолдау тапқан болатын. Бұл айтыстың да арнайы талаптары мен шарттары бар. Интернет-айтыс ақындары: Бауыржан Халиолла мен Балғынбек Имаш. Айтыс тақырыбы: «Қазақ елдің де, жердің де егесі». Шарты: «Ақындар түстен кейін сағат 15-тен 17-ге дейін айтысады. Әр ақын кезегіне орай 10-15 минуттың шегінде dauren-kuat@mail.ru электронды поштасына қарымта жауабын жіберуі керек. Айтыс қайымдасу түрінде өтеді. Айтысқа қазылармен бірге оқырмандар да төрелік ете алады. Ол үшін оқырман берілген «Сауалнама» айдарына кіріп ұтып сөйлеген ақынға дауыс беруі қажет. Интернет-айтыстың барысын қадағалап отырған оқырман әдеттегідей пікір білдіре алады. Алайда, жеке басқа соқтығып, айтыскердің көңіліне қаяу салатын оғаш сөздер дереу алынып тасталады. Осы жұптың арасынан үздік

шыққан ақын келесі жұптың жеңімпазымен айтысып бірінші екінші орынды бөліседі». Осылайша, ақындарға сәттілік тілеп, «интернет-айтыс» белгіленген шарттарға сай басталды. Интернет-айтыстан үзінді ұсынамыз:

15:05 ***Бауыржан****:*

Балғынбек, қалың қалай, бал құрағым,
Алаштан арда туған арғымағым.
Айтысты ауыздықтап тастап еді,
Төресін тұншықтырып бар мұраның.
Тақтағы тақсырлардың дені сау ма,
Тыңдаған Мырзатайдың сандырағын?!
Интернет-айтыс деген пайда болды
Құдайым қайыр қылсын арғы жағын.
Сөйлеуге келген кезде батырсыңдар
Теп-тегін таратылған ақылсыңдар.
Біз жүрміз ен шалғайда елді жайлап,
Үкіметке бізден гөрі жақынсыңдар.
Тығылған «папасының» қойынына
Ай мүйіз, ақордалық ақынсыңдар.
Үш тілді, үш тұғырлы ел қылам деп,
Әу, Бәке, не бүлдіріп жатырсыңдар?! [120].

15:50 ***Балғынбек****:*

Бауыржан, сөзіңді естіп балбырадым,
Қандыршы көрерменнің жан құмарын.
Интернет-айтыс деген пайда болды,
Онымен кімді бүгін таң қыламын?
Даудың басы «сиыры» саудабайдың
Естідің мемхатшының сандырағын...

...Ақыл болса, бауырым, білмеуші ме ең,
Жебенің атыларын қалай қарай?
Мықты болсаң айғайлап алаңға шық,
Балғынбектің жағасын маңайламай [120].

16:18 ***Бауыржан****:*

Қанатша дегенім жоқ давай-давай,
Досым-ау, құбыласың қалай қарай?
Алаңға жалғыз мені айдап салып,
Жарасар үйде жату саған қалай?
Саудаға Саудабаев салатындай,
Тіл жайы тимей отыр маған да оңай.
Желтоқсан келген сайын кайғырамын,
Ұмыттық Қонаевты маңайламай.
Димаштан Имаш артық бұл заманда,

Алаштың сағы сынды-ау, шарайнадай...

Тағы айтам, Астаналық алыпсыңдар,
Ауылға алыстағы жарықсыңдар.
Хандарға бір қарыс жер бұйыртпастан,
Көкеңнің ескерткішін салыпсыңдар.
Жетпейді біздің дауыс жоғарыға,
Айланы неше түрлі тауыпсыздар.
Сәлем айт тақта отырған «Ниязовқа»,
Алдында елдің ертең кауіп, сын бар.
Жарылқап қысық көзге жер берем деп,
Атымтай-жомарт бола қалыпсыңдар.
Айтарым, Мәсімовтай «дадамызға»,
Басынан шіріп жатқан балықсыңдар.
Тумасын ақырзаман елімізге,
Капыда хан алжыса, халық шулар... [120].

17:49 ***Балғынбек****:*

Деп еді, бұл Бауыржан қатырады,
Құр айғай, сұйық сөзді сапырады.
Май ішкен итті қайдам, нұр қалада
мэр болып Имаш ағаң отыр, әлі.
Әбіштей абызыма тіл тигізіп,
Бұл Бәукең неге сонша тоқырады.
Биліктен кіші жүзді кім қағыпты,
Көп емес пе саясат сатылары?
Тыныш елге жік салсаң сен бұлайша,
Үш таққа үш патша кеп отырады!
Біріңді қазақ, бірің дос көрсеңдер
Бақыттың таңын Алла атырады.
Абайдың сөзіменен жабайықшы
Абайдың атындағы сахынаны...

...Кез келген мемлекеттің президенті,
Халқының ниетіне дәл келеді.
Әміршісін беталды сынай бермей,
Бәукең қашан өзіне мән береді?
Дін менен Мұхамедке бой ұсынсақ,
Құдайым Қонаевтай хан береді [120].

Бір қарғанда, бұл интернет арқылы айтысу оңай көрінгенмен, оны ұйымдастыру мен рұқсат алу деген сынды сыртқы құрылымдық жұмыстары оңай емес. Жоғарыда айтқанымыздай уақыт пен кеңістіктегі жаңа кезеңнің ағымына ілесу үшін, кешегі теледидарды интернет алмастырып жатқан заманда әлеуметтік желінің бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жастарға әсер ете білу құралы деп түсінуіміз керек.

Осы тұрғыда зерттеу жасаған жас ғалымдар Б.Нұриманов, Ж. Кішкенбаева санитарлық індет кезінде Қазақстандағы айтыстың төрт формада өткендігін атап көрсетті. Біріншісі - ақындардың бір-бірінен алшақ, әртүрлі жерде отырып, онлайн байланыс арқылы бейнеқоңырау арқылы айтысу. Бұл айтыстар Skype, Instagram, Facebook сияқты бағдарламалар арқылы өткізіліп, кейін YouTube-қа жүктелген. Екіншісі - ақындардың бір кеңістікте отырып, сөз сайысын өткізуі. Мұндай айтыстар Facebook- ка тікелей эфирде көрсетіліп, көрермендерді әлеуметтік желі қолданушылары болды. Үшіншісі - ақындардың бір-бірін көрмей, радио арқылы айтысуы. Бұл айтыстар тікелей эфирден кейін бірден YouTube -қа жүктелді. Төртіншісі - интернетте әртүрлі сайттарда ақындардың жазбаша айтысуы. Сонымен қатар Қазақстанның әр аймағында онлайн айтыстың жаһандық індеттен бұрын басталғандығын айтып өтеді [121,102].

Ақындардың айтыста айтқан ең үздік шумақтары мен ұтымды жауаптарының үзінді видеолары бүгінде қазақ қоғамында ең көп таралатын ақпараттың біріне айналды. Яғни, ақындардың сөзі бұрын ауыздан ауызға таралған болса, бүгінде WhatsApp, Instagram, Facebook, Tiktok, YouTube, Twitter, Telegram сынды әлеуметтік желілері мен интернет сайттары арқылы кеңінен таралып жатыр. Бұл айтыстарды қазіргі заманның фольклоры, яғни нетлорға жатқызуға болады. Басқаша айтқанда қазақ халқы әдеби, мәдени және рухани азығын сөз өнерінен алатыны байқалады.

Түркі халықтарына ортақ айтыс өнері бүгінде қазақ пен қырғыз халқында ғана емес, түркі елдерінде де қарқынды дамып жатыр. Соңғы жылдары түркі халықтарының басын қосып, әртүрлі елден келген айтыскер ақынның бір-бірімен айтысу дәстүрі халықтың қызығушылығын арттырды. Оған дәлел, 2021 жылдың 30 қазанында Түркияның Бурса қаласында өткен халықаралық ақындар айтысында қазақ, қырғыз, өзбек, әзербайжан және түріктің ақындары қатысты. Осы айтыс интернет арқылы әлемнің түкпір-түкпіріне жайылды. Бұл жайында айтыскер ақын Бекарыс Нұриман жеке мұрағатында былай дейді: «Түркияның түкпір-түкпірінен ақындар мен Зулалитанушы ғалымдар жиналан бұл кеш бұрынғы кештен өзгеше болды. Түркі әлемінен Қазақ, Әзербайжан және Қарақалпақ өнерпаздары қатыстық. Ақындар айтысынан бөлек, дастан да жырланып, өлең де оқылды, ғылыми баяндама да жасалды. Түбі бір түркі баласы бір сахнада үлкен айтыс жасаса, нағыз мәдени, әрі рухани бірлігімізді қуаттайтын іс деп ойлаймын». Біз де бұған қуана келісеміз. Мұның өзі – интернет айтыстың дамып жатқанының бір көрінісі. Осы шарада болған Бекарыс Нұриман мен Ашық Мұстафа Айдын әзіл айтысынан үзінді (https://youtu.be/YeZLEmDXX1U?si=ajlgIppfxldnBb0U):

Бекарыс:

Оғыз, Қыпшақ және Қарлұқ,
Бәрінің тегі бар.
Ұлы даланың мықты көкжалдары,
Бәрі Көк түріктің ұрпағы.
Тіл, дін, тарих, салт-дәстүр,

Бәрімізде бірдей.
Біреуінің басы ауырса,
Бүкіл түркі халқы қайғырады

Мұстафа:
Тыңдап тауды тасты,
Келіп қалды жиырма бірге жасы.
Екеуі де бір бастан қазақ-түрік бауырлар,
Сен біздің Түркияға келіп қуанттың бәрімізді.
Айт не үшін келіп едің,
Сені қонақ еттік жүрегіміздің түкпіріне.
Барлық түрік халқы естісін,
Оқ өтпейтін қара киім киіп
Барлық жерді асты үстін етпексің (аударған Ж.Қ.)

Интернет барған сайын интеллектуалды ресурстардың мол кеңістігін ала бастағандықтан, ол әдеттегі шынайы өмірді де алмастырып келеді. Бұл жаһанданудың жалпы үдерісіне сәйкес келетіні сөзсіз. Әлеуметтанулық зерттеулер көрсеткендей, виртуалды желі тіпті теледидарды ығыстыра бастаған (URL: http://www.bison.ru). Славян фольклорын зерттеуші К.В. Быстрова: «Халық шығармашылығының ерекшелігі – оның жанрлық жүйесінің ашықтығы, бұл оның жаңаруын болжайды. Фольклор табиғаты бойынша жаңа құбылыстарға қарай тез әрекет етеді және оларды шоғырландыра алады. Бұл жағдайда ол желінің жаңа кеңістігіне қоныстанады және сол жерде өмір сүруді жалғастырады» [122], – деген болатын. Осы жаңа құбылысқа қарай бет бұрған дәстүрлі айтыс өнері де интернет кеңістігіне қоныстанды. Интернетке қоныстанған айтыстың тағы бір ұтымды тұсы – телеарнада көрсетілген айтыстың одан әрі таралуы, дамуы оны ұзақ уақыт сақтаудың тәсілі. Осыған байланысты виртуалды кеңістік бұқаралық сананың әртүрлі көріністері үшін тартымды өріске айналды. Әлемдік желі мәдениеттің әртүрлі формаларында өмір сүруге ыңғайлы болатын шексіз алаңдарын ұсынуда.

Айтыс – әр ақынның өнері мен намысы сынға түсетін поэтикалық дау. Ол әрі тыңдаушы, әрі сыншы болған халықтың алдында жария түрде өтеді. Сондықтан өнерпаз шебер орындау, дәл сөйлеу, тапқырлық және дарыны арқылы тыңдаушыны қарата алуы керек.

2020 жылы пайда болған айтыстың келесі бір түрі – «Қазақ радиосы» ұйымдастырған радио-айтыс. Радио арқылы өткен сөз сайысы тек дәстүрді сақтап қана қоймай, оны жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. Жүрсін Ерманның пікірінде атап көрсетілгендей, айтыс – тек өнер ғана емес, халықтың рухани тірегі. Карантин кезінде адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы шектелсе де, ақындардың үні радио толқындары арқылы әр үйге жетіп, көпшіліктің жүрегінен орын тапты. Әр апта сайын эфирде айтылған

өлеңдер халықтың көкейіндегі мәселелерді қозғап, өзекті тақырыптарды шынайы әрі тартымды жеткізе білді.

Айтыстың мазмұны қоғамның тыныс-тіршілігімен, халықтың мұңы мен қуанышымен тығыз байланысты. Әрбір шығармада қиыншылыққа төтеп беруге деген жігер, юморға сүйене отырып, шындықты жеткізудің шеберлігі көрінді. Радио айтыстың ерекшелігі – оның тыңдарманға қолжетімді болуы және өнерді жаңа аудиторияға танытуы.

Осы айтыс пен дәстүрлі айтыстың мәтіндерін салыстыра қарағанда екеуінің арасындағы айырмашылық байқалады. Мәселен, Мейірбек Сұлтанхан мен Шалқарбай Ізбасаров интернетте де, жүзбе-жүз де айтысып жүрген ақындар. Жүзбе-жүз өткен дәстүрлі бір айтыста Мейірбек Шалқарбайдың үстіндегі шапанын сынай келе: «Сыртыңдағы шапанға әңгіме жоқ, ішіндегі адамы қандай екен?!», – деп қалжыңдайды. Сонда ақын Шалқарбай:

«Тау тұлғам Махамбеттей батырдікі,
Домбырам ауылдағы ақындікі,
Көргеніңдей, өзімде ештеңе жоқ,
Аяқтағы туфлиім де папамдікі» [123], – деп қалжыңмен жауап береді.

Дәстүрлі айтыста ақындар көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлауға тырысады. Көзге көрініп тұрған дүниені жырға қосып, қарсыласының эмоциясын байқап, қалжыңға айналдырады. Дәл осы екі ақын «Қазақ радиосы» ұйымдастырған айтыста да кездеседі. Ол айтыс пандемия уақытында болғандықтан екі ақын да әлемге келген індетті жырға қосып, облысының жағдайын сұрайды. Ақын Мейірбек дәстүрлі айтыста болатын жайттардың радио-айтыста болмайтынын сараптай келе, жастың да, кәрінің де «сеть» іздеп кеткенін тілге тиек етеді. Әрі қарай Шалқарбай да Қазақстандағы интернет мәселесімен қатар, панденмия уақытындағы дәрігерлердің еңбегі мен ұстаздардың қадірін жырға қосады. Сондай-ақ Мейірбектің бойдақтығын әзілге айналдырады [124].

Бұл айтыстың дәстүрлі айтыстан айырмашылығы бір-бірін көрмей айтысуында ғана емес, қарсыласының эмоциясын көрмей жауап беруінде де жатыр. Екі ақынның дәстүрлі және интернетте тараған радио-айтысын салыстыра отырып, дәл сол сәтте өзекті болған мәселенің міндетті түрде айтылатынын байқауға болады. Дегенмен де, радио-айтыста қалжыңның азайғанын байқауға болады. Радио айтыстың екі айға созылған аламаны көрерменсіз өткеніне қарамастан, тыңдармандардың ықыласына бөленді. Әрбір қатысушы ақын өзіне тән ерекшелігімен танылып, халықтың жүрегіне жол табуға тырысты. Сөз жарысына қатысқан Шалқарбай Ізбасаров, Рүстем Қайыртайұлы, Мұхтар Ниязов, Мейірбек Сұлтанхан Қазірет Бердіхан, Шұғайып Сезімхан, Дәурен Ысқақов, Аяулым Жұмабекқызы тағы басқа ақындар көркем тілі мен өткір ойларымен ерекше әсер қалдырды.

Бұл ақындардың әрқайсысы ел арасында жыр додаларында жүлделі орындарға ие болып жүрген өнерпаздар. Радио толқынында өткен айтыс кезінде олар тыңдармандарды тек өнерімен қуантқан жоқ, сонымен қатар

қоғамдағы маңызды мәселелерді қозғап, қиын-қыстау кезеңде рухани демеу бола білді. Әр жұп айтыскердің тартысы, өткір тілдері мен терең ойлары радио тыңдармандарының санасында ұмытылмастай із қалдырды. Онлайн айтыстың басты ерекшелігі – елдің түкпір-түкпірінен тыңдармандарды бір алаңға жинауы болды. Бұл өнер сайысы халқымыздың сөз қадірін бағалаудағы ұлы дәстүрінің бүгінгі күнде де өзектілігін дәлелдеп, ұлттық өнердің жаңа белестерді бағындыруына жол ашты.

Жамбылдық Қанат Мырзахан мен Ақтөбелік Ақниет Жұбанышеваның сөз сайысы тыңдарманды ерекше әсерге бөледі. Көкпардағы қос жүйріктей кезекпе-кезек шапқан ақындардың айтысы әсем нақышымен, терең мағыналы сөздерімен ерекшеленді. Сөз бастаған Қанат Мырзахан Қазақ Радиосының арқасында мүмкін болған бұл жыр додасын тілге тиек ете отырып, қоғамның өзекті мәселелерін жырға қосып, тыңдарманды ойға қалдырды. Ақтөбелік Ақниет Жұбанышева ел мен жердің мұңын қозғай отырып, карантин кезінде де айтыс өнерінің жалғасқанын халықтың рухани тірегіне балап, өзінің тапқырлығымен ерекшеленді. Екеуара өткір ойлары мен терең мазмұнға толы шумақтарымен тыңдарманды тәнті еткен бұл жұп, халықтың көңілін көтеріп қана қоймай, айтыстың жаңа мүмкіндіктерін көрсетті. Жамбылдық Қанат Мырзаханның қарсыласы Ақтөбелік Ақниет Жұбанышеваға әкесінің қыздың есімін қойғанын батыра жеткізген сөзі тыңдарманның назарын аудартпай қоймады. Бұл сәт айтыстың ежелден келе жатқан шыншылдығы мен тапқырлығын тағы бір дәлелдегендей болды. Қанаттың ұтымды сыны айтыстағы шынайылық пен өткірлікті көрсетсе, Ақниет сөзін юмормен жеңілдетіп, қоғамдағы маңызды мәселеге назар аударуды ұмытпады.

Ақын қазақ қызы болашақ ана, шаңырақтың берекесі ретінде қарап, оның тәрбиесіне баса мән бергендігін баса айтты. Әлеуметтік желіде де көп талқыланатын мәселенің бірі – қыз тәрбиесі. Қарындастарымыздың киім киісінен бастап, сөйлеуі, тамақ дайындауы, тіпті атқарып жүрген қызметі де талқыға түсіп жатады. Қыз тәрбиесіне немқұрайлы қарай алмайтын қасиет қазақтың қанына сіңгендіктен ақын жақсы жеткізді. Ақниет Жұбанышеваның қыз бала тәрбиесі мен оның қоғамдағы орны жайлы ойы терең әрі ұлттық дәстүрлермен үйлесім табады. Оның айтыста қозғаған бұл тақырыбы көрерменді қыздың ұлт болашағындағы рөлін қайта бағалауға шақырды.

Қоғамдағы қыз тәрбиесіндегі кемшіліктерді сынға ала отырып, Ақниет ұлттық дәстүрлердің ұмытылмауын, тәрбие мен құндылықтардың сабақтастықпен жалғасуын насихаттады. Осы арқылы ол ата-аналарды, әсіресе аналарды, қыз бала тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қарауға үндеді. Қызға төрден орын беру, еркелетіп өсіру, парасаттылыққа баулу – бұл қазақтың ежелден ұстанған тәрбиелік қағидасы. Айтыскердің айтуынша, бұл қағидаларды ұстану арқылы ғана біз ұлттық рухымызды сақтап, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ете аламыз.

Айтыста әйел-ананың ұлттық құндылықтарды сақтаудағы және ұрпақтан ұрпаққа жеткізудегі рөлі ерекше аталады. Домалақ ана, Айша бибі, Ұлпан секілді тарихи тұлғалардың даналығы мен аналық парасаты қазақ

халқының рухани мұрасын байытып, кейінгі ұрпаққа өнеге болып отыр. Сонымен қатар радио айтыстың тың форматы мен оның әлеуметтік желілер арқылы халыққа таралуы талқыланады. Ақындардың бұл сөз барымтасында әлеуметтік және күнделікті мәселелерді көтеруі, халықты ойландырып, сонымен бірге көңілін көтере білуі – айтыстың қоғамдағы маңыздылығын айқындай түседі. Онлайн айтыстың басты ерекшелігі – оның тыңдарманмен тікелей байланыс орнатып, қазіргі заманның рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруы. Е-айтыс қазақ халқының ұлттық құндылықтарына деген құрметін және шығармашылық нормаларды заманауи технология, әлеуметтік желі арқылы дамытуға деген ұмтылысын көрсетеді. Бұл тәжірибе айтыстың тек сахнада емес, кез келген платформада өмір сүре алатынын дәлелдеді. Осылайша, айтыс уақыттың өзгерісіне бейімделе отырып, өзінің ұлттық және рухани мәнін сақтап қалды.

Айтыс – екі немесе бірнеше адамның арасындағы өлең түріндегі диалог. Диалог – адамзат жаралғалы бері бар құбылыс. Адам баласы жаралғаннан бері ымдасу, мимика арқылы бір-бірімен жауаптасудан басталған диалог күні бүгінге дейін түрлі өнердің өмірге келуіне себеп болды. Қазіргі таңда түркі әлеміне ортақ төл өнеріміз айтыс та сондай түрлі кезеңді басынан кешіргенін зерттеу жұмысының басынан айтып келеміз. Түркі дүниесінің төл өнерінен ойып орын алатын айтыс интернет сайттарында ғана емес, әлеуметтік желілерінен де маңызды орын алып келеді.

Ата-бабадан мирас болып келе жатқан суырыпсалмалық айтыс өнері – ұлттық сананың шынайы көрінісі. Ұлттың өзіндік ерекшелігін қабылдау, бағалау ертең үшін бағдар беретін ұстаным болып табылады. Байырғы қасиеттер мен қастерлі өнерге бас ию арқылы кеше мен бүгінді сабақтастыра аламыз. Сондықтан бүгінгі айтыстың өресі мен берері қаншалықты саралап көрелік.

Айтысты тыңдау бар және сахнада отырып, оны көру бар. Адамға екеуі екі түрлі әсер етеді. Сондай-ақ, кейбір жерлерін кесіп, қысқартып тастайтыны тағы бар. Айтыссүйер қауымның қатарынан болғандықтан, көзімізбен көрген айтысты талдауды жөн көрдік. 2015 жылы Шымкентте өткен «Шырайлы, шежірелі, құтты мекен!» айтыс өтті. Айтыстың «киллері» атанған Бекарыс Шойбеков пен айтыстың «Ақтаңгері» атанған Айбек Қалиевтің айтысын көріп отырған көрерменді орнынан тұрғызып жіберердей айтыс болды. Сахна төріне ***Бекарыс шыға бере, отырар отырмастан:***

«Бұл күнді бәрімізге Алла берген,
Жаратқан жанымызды жалға берген.
Құдай берген қызықты көрейік деп,
Айналдым ақ сарайға қонған елден.
Армысың Шымқаланың тұрғындары,
Асығып мына жерге таңда келген.
Жетіде тойға кел деп қағаз берсең,
Он бірде тойханаға зорға келген.
Тегін айтыс болады дегенді естіп,

Он бірдегі айтысқа онда келген» [125], - деп,
қалың жұртшылықты дегеннен-ақ бірінші шумақта-ақ шулатып ала жөнелді.

Кезек Айбекке келгенде, облыс әкімі енді кіріп, көрермендер ортасынан орын алған еді. Осыны байқап қалған ***Айбек қалт жібермей, ілмекке іле кетті:***

«Жолықтым Бекарыстай жыр-беренмен,
Бәйге алған жұма сайын жүлдегермен.
Халықтың барлығымен амандастың,
Айтысқа шыға салып бір дегеннен,
Он бірдегі айтысқа онда келіп,
Сәлемді қабыл алды дүр көрермен.
Әкімге неге сәлем бермей кеттің,
Он бірдегі айтысқа бірде келген» [125], - дегенде
шулаған қауымның шапалағы Айбектің кезекті шумағын бастатпады да. Бәрі кешігіп келген әкімге қайырыла қарап, шулап-шұрқырап, мәз болсып калды. Бекарыс бұл жерден жол тауып: «Әркімге жеке сәлем беретіндей, Шырағым беташарда от(ырғ)қан жоқсың», - деді де, әкімін былай ақтап алды:

«... Кешігіп келген болса бұл айтысқа,
Ел үшін талай жұмыс мойында тұр.
Жұрттардың әкімдері «әбед» болса,
Тамақ ішіп, ұйқыны сойып жатыр.
Біздің әкім «әбедте» айтыс көріп,
Рухани азыққа тойып жатыр» [125].

Бұл айтыстың бір қызығы екі бөлімге бөлініп, бірінші бөлімде ақындар шаппа-шап айтысса, екінші бөлімінде арнайы фотосуретпен тапсырма берілді. Ақындар таңдап алған конверттен шыққан сурет тапсырмасы бойынша айтысуы шарт. Бұл – осы кезге дейінгі айтыстардан ерекшелігі. Ақындардың импровизаторлық қабілетін тексеру үшін деп ұқтық. Десе де, берілген тапсырмадағы суреттер аса бір ой саларлықтай емес. Сөзіміздің басында айтқандай, бірін айтыстың «киллері», бірін «Ақтаңгері» деп бекер халық атамаған сияқты. Сахнадан екі мысықтың суретін көре сала, Бекарыс тағы да бірінші болып, әуезді әуенімен бастап ала жөнелді. Осы айтысты ақын Қалқаман Сарин жүргізіп отырған, сөз басын сол жүргізіушіге қарата бастады:

«Дегенде қалқа бала-ау, қалқа бала-ау,
Суретті көріп шерім тарқамады-ау.
Екі мысық қосқанша бұл айтыста,
Екі қыз қоспайсың ба, Қалқаман-ау?
Бұл жайлы қандай нәрсе жоспарлайсың,
Өрмелеп сен қай жаққа аспандайсың.
Айтысты жаңа ғана мен бастап е(ді)м,
Көпшілік, риза боп жатқандайсың.
Сен баста сурет жайлы әңгімені,
Бір жырласаң айтыста тоқталмайсың.

Сен одан күшік күйеу боп қалмайсың,
Сен одан мысық күйеу боп қалмайсың» [125], - деп барып бір тоқтады.

Шымқалаға күйеу бала болып келген ақын Айбек қайнағасының жырын ары қарай былай жалғастырды:

«Дәл екінші қараша, ай жаңасы,
Мына сурет Шымкенттің айналасы.
Астындағы сұр мысық күйеу бала,
Үстіндегі қарасы қайнағасы.
Бекарыс мына сурет не деп жатыр,
Астарына үңілсең себеп жатыр.
Суреттегі мысықтың мысалындай,
Айбек те Бекарысты елеп жатыр.
Не жесе де қайынағам жесе екен деп,
Иығымен көтеріп демеп жатыр.
Тірліктің өрмелеген ағашына,
Қарашы мысықтың қос баласына.
Мысық тілеу деп жүрген мысықтар да,
Бір-бірін алады екен панасына.
Осы екі мысықтан бөлек алып,
Қазағым ой түйсе екен санасына.
Ырыс алды – ынтымақ демеп пе еді,
Қазақтың жетпіс жеті бабасы да.
Бәрі бос, бір-біріңді дос көрмесең,
Деп айтқан ұлттың Абай данасы да.
Етегінен тартқылап еріміздің,
Жақсының жармасамыз жағасына.
Күншілдікті қоятын уақыт келді,
Дұшпанның қала бермей табасына.
Бағымыз ашылады бір қазақтың,
Бір қазақ жете білсе бағасына.
Бірімізді біріміз демеп жүрсек,
Қазақтың құт қонады даласына,
Иә Жаратқан бірлігін бекем қылып,
Ынтымақ, берекет бер Алашыма...» [125].

Бекарыс:

«Айтайын сурет жайлы, шіркін бір ой,
Көп адамға ұнамас мүмкін бұл ой.
Ақындар айтысы деп шығарып ед(і),
Қос мысық сахнада құлпырды ғой.
Айтыста не айттың деп сұрағанда,
Мысықты айттым дегенде біртүрлі ғой.
Басқа түссе баспақшыл дейді қазақ,
Бұл айтыстың шарты да түр-түрлі ғой.

Арыстан деген дардай атағыммен,
Мысықты мақтайтындай күн туды ғой!..

... Тұрғанда бойым қызып, табан ысып,
Мысыққа нағыламыз ара түсіп,
Бірін-бірі көрдің ғой демеп жатыр,
Біреуі сұр, біреуі қара мысық.
Мысық құрлы ақылы жоқ демесін,
Қоштасарда тұрайық қол алысып.
Даламыздан кетпесің бақ-береке,
Арамыздан өтпесін ала мысық» [125].

Ақындар айтысы осылай түйінделді. Екі ақынды сахнаға шыға салысымен, қалт жібермей тамашалап отырған көпшілік айтыс бойы ду қол шапалақпен желпініп отырды. Қос ақынның қайсы айтса да, айта түссе екен деген емеурінді сол айтыс көріп отырған әрбір көрермен сезді. Суырып салып айтысу деген осындай болатын шығар. Әрбір қимыл мен қозғалыс екеуінің назарынан тыс қалмады. Айтысты сахнадан көру көрерменге рухпен бірге ақынның тынысы мен энергетикасын қоса беріледі. Әр адам сол ақынмен тыныстап, бірге шабыттана айғайға қиқу қосып, рухтанып отырады. Сондықтан мүмкіндігінше, айтысты көрермен ретінде барып көрген абзал.

Жүрсін Ерман айтқандай, айтыстың мақсаты: мәселені шешіп көру емес, мәселені ортаға салып, қоғамдық пікір туғызу.

Қазіргі айтыста «Қыз бен жігіт» айтысының эталонына айналған Балғынбек Имаш пен Айнұр Тұрсынбаева, Аманжол Әлтай пен Сара Тоқтамысқызы, Мақсат Аханов пен Жансая Мусина, Мақсат Аханов пен Айжұлдыз Маратбекова, Еркебұлан Қайназаров пен Жансая Мусина арасындағы сөз жарыстары – шоқтығы биік айтыстар. «Қыз бен жігіт» айтысының озық үлгісін көрсеткен бұл айтыстар тыңдаған жұртқа жеңіл әзілмен жақсы көңіл-күй сыйлап, ел күткендей әдемі сөз қағысады. «Айтыс десе, ішкен асын жерге қояды» деген жақсы мәтелде айтысқа деген халықтың, елдің жақсы ықыласы мен өнерге деген сүйіспеншілігі жатыр. Өткен ғасырдағы «Қыз бен жігіт айтысында» әйел теңдігі мен таптық мәселелер сөз етілсе, жаңа ғасырдағы «Қыз бен жігіт айтысы» алуан түрлі реңкке боялып, әдемі әзіл мен қазақы қалжың арқылы халықтың көңілінен шығып келеді.

Қазақ халқы – өзге ұлтқа ұқсамайтын, өзіндік өмір сүру салты мен танымы айрықша болғандықтан жеке-дара менталитеттің иесі. Сондықтан сол халықтың дүниетанымы мен ұлттық болмысынан ақпар беретін тілдік көрініс бар. Қазіргі «қыз бен жігіт айтысының» көрігі мен бөріктісі – Мақсат Ахановтың айтыстары. Қазақтың қай қызымен шықса да, халықты ерекше ұйытып, айызын қандырып жүрген бірден бір ақын осы – Мақсат Аханов. Ел арасында Айжұлдыз Маратбековамен айтысы айрықша ықыласқа ие болды.

Айтысты бастаған Мақсат Аханов қыз бен жігіт айтысында қызға көз тастап, оған деген сезімі шынайы болмаса да, қызға қырындауды әдет етіп, сөзбен қағыта бастайды. Айжұлдыз Маратбекованың айтысқа бірінші рет

шығып, айтыстағы алғашқы қадамы болса да ысылған ақыннан тосылып қалмай, Мақсат Ахановты халықтық әдептілік пен сыпайылықты сақтай отырып, орнына қояды. Айтыстан үзінді келтірсек:

Айжұлдыз:

... Алдына мен келгенде арайлана,
Артық айтып қоймағын абайла, аға.
Ағатай, арам ойың болса егер,
Маңғаз ақын болсаң да маңайлама.
Айтқаныма бір жауап береме деп,
Қиығымен көзіңнің қарайлама [126], - деп, қазақ менталитінің айнасы аға мен қарындас арасындағы әдемі сыйластықтың үлгісі болуға шақырады. Мұндағы «аға», «ағатай» сөздері – ұлттық болмыстағы кішінің үлкенге құрмет көрсетудегі сый-құрмет түрінде қолданылатын сөздер. Айжұлдыздың өз шекарасынан өткізбесін бірден аңғарған ***Мақсат ақын:***

Жұлдызай, айналайын, құралайым,
Төріме сені бүгін шығарайын.
Бағыма мені бүгін жолықтырған,
Барына сендей қыздың қуанайын.
Көздеріңіз мөп-мөлдір тұнық екен,
Балықты бұлақтағы тұмадайын.
Қас кірпігің табиғи тамаша екен,
Тасты жарып шығатын қынадайын.
Мұндай қыз бізге күнде келе бермес,
Қалдырудың қылайын бір орайын.
Ерке қыз егер де сіз келіссеңіз,
Менде бір ұсыныс бар мынадайын.
Жастықта көрінгенмен бәрі жайнап
Ертең өте шығады, сағым ойнап
Қандай жеміс болмасын қарағым-ау
Бірте бірте кетеді дәмі жайлап [126], - деп, қыз мақтауын келістіріп, жол тауып, қызды келін қылып алудың айласын жасайды.

Сен бізге келін болсаң қайтеді осы,
Отбасылық өмірдің мәнін ойлап.
Нұрмұхамед дейтін бір інім бар ед(і),
Отызға келіп қалғанша әлі бойдақ.
Жоқ бірақ сіз қалмаңыз жаман ойлап,
Інімнің отырмын мен қамын ойлап
Сегіз қырлы, бір сырлы жігіт еді,
Бір сұлу қыз таппай жүрмін тәуір әйбәт.
Абайға қыз әперген Құнекеңдей,
Өзімше отқаным ғой әріні ойлап... [126] – дейді. Мақсаттың ақындық тілінде қазақ халқының менталитетіне тән «қарағым» мен «Құнеке» деу арқылы ұлт ерекшелігін білдіретін сөздерді қолданады. «Қарағым» сөзі үлкеннің кішіге ізетін аңғартады. Мақсат Айжұлдызға деген ағалық

қарқорлығын осы сөз арқылы жеткізсе, үлкенге деген сый-құрметін «Құнекедей» деп, қазаққа ғана тән адам есімін қысқарта айтып, ұлт түсінігі мен ойлау дәрежесіне сай құрметтің бір түрін көрсетеді. Сонымен бірге сахналық драмалық көрініске де куә болдық.

Халықтың болғаннан соң ақыны біз,
Жыр дейтін шашылушед шашуымыз.
Қанша жерден назданып отырсақта,
Жігітті бір көруге хақылымыз.
Ағатай бізді естіп отырмекен,
Жаңағы айтып отқан батырыңыз.
Елмен бірге көрейін менде байқап,
Сахнаға ойланбай шақырыңыз [126] – деп, Айжұлдыз аяқ асты көрермендер ортасында отырған Нұрмұхамедті сахнаға шақырады.

Айтыс жайында айтқанда оның көркемдігі де назардан тыс қалмау керек. Поэзиялық өлең, жырлардағыдай көркемдеуіш құралдарының барлығы болмаса да қарсыласын қағыту, осал тұсын тауып, оны бетіне басу сынды айтыстың ешқай жерде жазылмаған заңдылығы бар. Айтыста қолданылатын мысқыл, кекету, ащы сарказммен сынға алу, жеке басындағы кемшіліктерін тізу сынды әдістер қолданылады. Әсіресе, қыз бен жігіт айтысында қатарлас құрбы-құрдастар арасында көптеп кездеседі. Сөзбен қағыту, қарсыласының осал жерінен ұстау айтыстың негізгі қағидасы деп білсек, ол кешегі атақты Біржан мен Сара айтысында қарсыласының меселін қайтару үшін қолданылғанын тарихтан жақсы білеміз. Сол үрдіс қазірге дейін қолданыс тауып отыр. Оны Айнұр Тұрсынбаева мен Балғынбек Имаш, Мақсат Аханов пен Жансая Мусина, Әсем Ережеқызының айтыстарынан көруге болады. Аталмыш ақындар бір емес бірнеше айтыс жасап, әр айтыста қарсыласын сескендіру немесе меселін басып, құтын қашыру үшін асыра тұқырту әдістерін де қолданады. Осындай айтысты Мақсат Аханов пен Әсем Ережеқызының айтыстарынан аңғаруға болады. Мәселен, Мақсат Аханов Жансая мен Әсем Ережеқызының тұрмысқа шықпай жүргендерін қай айтыс болса да, алдыларына салық етіп «кемпірлерім», «қос кемпірім», «Баба-Ягам» деген сөздерді қолданса, Балғынбек Имаш Айнұрға «Мыстаным», «кобрам», «кемпірім» деген сөздерді айтады. Осындай ауырлау сөздерді естіген әрбір қыздың абдырап қалатыны рас. Десе де, кейбірі сөзден сытылып, сарказмға ирониямен жауап береді. Сөзіміз дәлелді болу үшін Мақсат Аханов пен Әсем Ережеқызы және Жансая Мусинаның айтыстарынан үзінді келтірейік.

Мақсат:

Бұл менің елудегі «молодаям»,
Жиырма жыл айтыстағы «дорогаям».
Ділдәнің сұлулығы сендей болса,
Вкусың нашар екен, Абай ағам.
Ділдәнің сырғасына татымайтын,
Бұл менің Әсем деген «Баба-Ягам.

... Қасында Қозы тұрмақ Кебегі жоқ,
... Жарты құмырың өткенде не ғыласың?
Меніңше, енді байдың керегі жоқ.
... Елуге келгенде енді кімнің
Жамап-жасқап жүресің кір носкиін» – деген сөздеріне

Әсем Ережекызы:

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Келін шайға келесіңдер [127], – деп құтылады.

Бұл жерде Мақсат Аханов сарказмды асыра қолданып, қыздың меселін бірден қайтарады. Әсем Ережекызына аса тұщымды жауап болмады. Мақсат Ахановпен бірнеше рет айтысқан. Барлығында да қарсыласының меселін қайтару әдісін қолданбаған. Яғни, Әсем Ережекызының жеңіліс тапқандығын айғақтайды. Мақсат Аханов тура осы тәсілді Жансая Мусинаға да қолданғанда, қыз өзінің ирониялық әзіл сөздерімен қарсыласының тұзағынан оңай сытылып шығып кетеді.

Мақсат:

Жансая Әсемменен қос кемпірім,
Менімен өмір бойы өш кемпірім.
... Жансая Әсемменен кемпірлерім
Таңдауға бола алмайды еркім менің
Екі күн екеуімен салғыласқанша,
Әужеке, жақсы еді ғой өлтіргенің, дегенде

Жансая:

Армысың, арқа қысқан, өр ақыным,
Көңілім менің саған тола-тұғын.
Кемпір деп Жансая мен Әсем қызды,
Атасың бізге қарай оқ ақырын
Кемпір кетсін дейсің сахнадан,
Сен өзің шал екенсің жоқ ақылың.
«Шал кет» деп айқайлайтын адамдар көп,
Белгілі оны ойласаң тоңатының.
Алина сені қайтсын мыжырайтып,
Біз кетсек күнің болмас оңа-тұғын.
Сондықтан сөз айтпашы құдай үшін,
Жүрекке қатты батып соға-тұғын.
Сен байғұс, білмейсің-ау кемпір кеткен
Шалдардың күні қандай болатынын.
... Айтысқанда сахнада Мәкішпенен
Соғысқандай боласың АҚШ-пенен.
«Кемпір» десе, жыным кеп, қуып жүріп
Сабағым кеп кетеді тәпішкемен.

Мақсат досым, абыройлы беделді, асқақ досым
Әзіліміз жарасып ойнап күліп,
Ақындардың жүрейік бастап көшін, Мақсат досым [128], - деп әдемі әзілмен ұтымды жауап береді. Жансая бұнда әзілдің артында зілі барын, жүрекке қатты тигенін де жақсы жеткізеді. Қыздың жанды жері мен осал тұсын біз сұққандай, осып, тіліп айтқан Мақсат Ахановты да ақтағымыз келіп отырған жоқ. Десе де, айтыстың аты – айтыс. Онда өткір тілмен қатар ащы да сүйір тілдің болатыны хақ. Сондай сындар шақта сөзден сытылып, әдемі қалжыңмен құрдастық әзілмен жауап беру де шеберлікті қажет етеді.

Осындай ұтымды жауаптасып айтысудың үлгісін Айнұр Тұрсынбаева мен Балғынбек Имаштың да айтыстарынан аңғаруға болады.

***Балғынбек*:**

Айтысқа кірісейін жең түріп-ай,
Берекет елге берген сертім ұдай.
Айнұрменен айтысқа шыққан ерлер,
Жырлаудан жалықпайды көркін ұдай.
Бағана Аякөзбен айтысқанда,
Сезімнің қинап еді дерті бұлай.
Кәрі қыздар құрсын өтпей жүрген,
Өзіңе зорға жеттім, ей-шіркін, кемпірім-ай!

***Айнұр*:**

Байқаймын мына досымның,
Екпіні тіпті қатты ғой.
Айнұрмен бұрын шыққанда,
Деуші еді сондай тәтті ғой.
Аякөзбен шығып бағана,
Аузының суы ақты ғой.
Дәл қазір айтқан әзілің,
Арқама менің батты ғой.
«Кемпірсің ғой», - деп жаман шал,
Мені менсінбей қалыпты ғой.
Дәл саған ерегескенде,
Сұлу қалпымды бұзбаймын.
Бәкеңе кемпір болсамда,
Айтақындарға қыздаймын [129], - деп,

екеуі де ащы сарказмға бармай, ирониялық әзіл-оспақпен халыққа әдемі же жылы айтыстың үлгісін көрсетеді. Негізінен айтыста ақындықпен қатар адамдық қасиет те қатар жүреді.

***Балғынбек*:**

Айтақынға қыз болғанмен, маған кемпір,
Сүйсе де, сен шалыңды қорғай отыр.
Қыздармен айтысам деп шаршап қалдым,

Белі талып, Балғынбек оңбай отыр.
Белі талған шалыңның қасына келіп,
Массаж жасап бермесең, ей-шіркін, болмай отыр

***Айнұр*:**

Балғынбек айтқан бұл әзіл,
Жақсы күлуге себеп қой.
Кемсіте бермей кемпір деп,
Құрдасым мені демеп қой.
Массаж жасап бер дей ме?
Мынауың елден ерек қой.
Беліңді уқалататын,
Болмысың тіпті бөлек қой.
Белінен бұрын мынаның,
Басын емдету керек қой [129].

Қалың жұршылыққа танымал болған қос ақын бір-біріне «кемпір», «шал», «Мыстан», «кобра» десе де, астарында ащы мысқыл жоқ. Қазақы қалжың мен құрдастық әзіл бар.

***Балғынбек*:**

Ағайын бізді сіздер қолдаңыздар,
Кемпір-шалға жастардың бәрі дұшпан.
Көрінгеннің көзіне күйік болған,
Алдыңа келді екі кәрі мыстан.

...Жылан жылы туылған құрдасымның,
Айтыстағы «кобра» лақап аты.

... Айнұр мені деп отыр, «модный молда»,
Басқа теңеу таппады «жадный кобра».
Қайта сенің қасыңа молда керек,
Адастырмай салатын ровный жолға.

***Айнұр*:**

Айнұрды қазір көре алмай,
«Мыстан» дейтіндер көбейді.
«Қыран» деп жүрген жан досым,
«Жыланға» мені теңейді.

***Балғынбек*:**

Бұл мен үшін жиырма бес жылда кемпір болды,
Сіздер сұлу көргенмен өң – түрің-ай.
Жас қыздармен айтысам деп келіп едім,
Сарыағаш, Келес жаққа жең түріп-ай.

Қоңыраттың жас сұлуы бұйырмастан,
Кез болдым жиырма бес жыл айқасқан кемпіріме-ай.

***Айнұр*:**
Жас қызды іздеп құтырған,
Жас иіс аңсап жұтынған,
Бұқанікіндей мұрныңды,
Бұзу керек қой сен шалдың [130].

Көпшілік қауымға зілсіз әзілдің саңлақтары ретінде танылған Балғынбек пен Айнұрдан халық үнемі осындай құрдастық көңілмен айтылған юмор іздейді. Екеуінің айтысы басталғаннан-ақ іркілместен бірге шабу мен бірін-бірі толықтырған айтулы айтыс күтеді. Сондықтан да болар айтыс өнерінде екеуінің де алар орны ерен.

Айтыс ақындарының басты ерекшелігі – олардың кез келген жағдайға терең әрі сындарлы көзқараспен қарай алуы. Олар халықтың тұрмыс-тіршілігін, саяси жағдайын, әлеуметтік сұраныстарын жан-жақты талқылап, қоғамдағы түйіткілді мәселелерге жауап іздейді. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы айтыстар елдің саяси әрі экономикалық тұрақтылығын, ұлт бірлігін нығайту мақсатында маңызды рөл атқарды. Әрбір айтыс, әрбір жыр жолы – бұл халықтың жан дүниесі, оның үміттері мен тілектері.

Айтыс түркі әлемінде белең алып, трансформацияланған түрі көрініс берді. Түркі халықтарында қазіргі кезеңге дейін әлеуметтік желі және түрлі интернет сайттары арқылы дамып келе жатқан е-фольклоры жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін мейлінше қолданып келеді. Бүгінгі жаңа ақпарттық қоғам бізге біршама тенденциялар мен кешегі классикалық жанрлардың түрленіп, айрықша сипаттағы әлеуметтік модельдік құрылымдарды ұсынып отыр. Бұл құрылымдар әдебиетке де инновациялық өзгерістер мен жаңа поэтикалық даму мүмкіндігін белгілеп беріп отыр. Мәселен, 2022 жылы Түркияның Анкара қаласында өткен Халықаралық айтысында қазақтың айтыскер ақын қызы Әсем Ережекызы мен Түрік ақыны Темел Тураби айтысының үзіндісі ғаламтор желісіне жүктеліп, бәріміз қызыға тамашалаған болатынбыз. Сонымен қатар, айтыскер ақын Бекарыс Нұриман өінің жеке мұрағатында түрік ақындарының ішінде біздің Құлмамбет айтыс аталып кеткен сөз сайысының бір түріне ұқсас екенін жеткізеді. Бір сәтте үш немесе одан да көп ақын сөз қағысады. Бізде ақындардың өлеңіне, яғни шумақ санына, ұйқасына шектеу қойылмайды. Ал Анадолыда ақындар айтыстың басынан соңына дейін бір ұйқасты бұзбай бір-бір шумақтан айтады. Кезінде айтыстың басынан соңына дейін ұйқасты бұзбай айтысу Сыр шайырларда болған, бірақ ол бүгінде қолданылып жүрген жоқ. Түрік ақындары соны сақтап келе жатыр.

Біз осы әлеуметтік жаңашылдықтың ішінен е-фольклор айрықша дамып келе жатқанын атап айтқымыз келеді. Жедел хабарламалық ақпараттарды тез қабылдап, бүгінгі электронды ресурстар арқылы қарыштап дамуын қанша жерден сынға алсақ та, жаңа буынның әлемді тануы мен қабылдауынан тыс

қалмауымыз шарт. Сондықтан келер ұрпақты алдымен төл өнермен сусындатып барып, үлкен өмір тезіне салған орынды. Технологиясы қарыштап дамыған заманда қазіргі жас өркеннің ойлау жүйесі мен қабылдауына әсер ету оңай емес. Десек те, мүмкіндігінше айтыстың жазбаша түрдегі дикурс, диалогын жалғастырған дұрыс. Осы шарттарды басшылыққа ала отырып, түркі әлеміндегі жазбаша е-фольклордың қазіргі көрінісі жайлы осы тараушада талдап бердік. Кешегі сауырпсалмалық өнердің трансформацияланған хат түріндегі жазбаша айтыстар мен интернет-айтыстарға тоқталып, айтыс арнасының кеңейгенін нақты деректермен пайымдау жасадық. Алдағы тараушада е-фольклорының уақыт пен кеңістіктің жаңа даму сатыларына сай белең алған трансформациялануы сөз етіледі.

2.2 Айтыстың уақыт талабына сай трансформациялануы

Қазіргі ақпараттық қоғамның орны айрықша. Адамзат баласы пайда болғаннан бастап, ақпараттың адамдар арасына тарауы әртүрлі дәрежеде. Әрбір өнер атаулысы сол ақпараттың түрлі деңгейде жетуімен қатар оны қабылдауы да сан алуан. Тарихтан белгілі аңшылық пен жер игеруге байланысты басталған қарым-қатынас келе-келе ауыздан-ауызға тарап, ауыз әдебиетін өмірге әкелсе, қазір оның орнын интернет, әлеуметтік желі басты. Кешегі мәліметтің қиын жеткізілуі бірте-бірте жеңілдеді. Өркениет пен қоғамның дамуына байланысты жаңа белес, жаңа технологиялық өрістер белең алды.

Уақыт пен кеңістік өзгеруіне сай адамдардың да сөйлеу және жеткізу мәнері өзгеріске ұшырады. Десе де, бастапқы қалып адам жадында сақталады. Бірақ жаңа қоғам мен технологияның дамуына сай әрбір өнер түрі жаңарып отырады. Сол сияқты айтыс өнері де бастапқы фоникалық (музыкалық, әуендік) құрылымын өзгертіп, поэтикалық өлең мәтінін беруде өзгешелік бар. Айтыс ақындарының фоникалық архитектоникасымен қатар, қарасөзді беру, жеткізу немесе айту формасы да модификацияланды. Мұнда уақыт пен кеңістіктің тарылуына байланысты жеткізуші материя, яғни айтыс ақындары бір-бірімен кездесіп, бір жерде отыруы шарт емесе екендігін дәлелдеді.

Айтыс өнерінің ерекше қуаты – оның қоғамдағы әртүрлі пікірлерді, көзқарастарды білдіру мүмкіндігінде, әрі бұл күрделі мәселелерді қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізе алуында жатыр. Айтыс өнерінің мәні мен маңызы ерекше. Ол тек көркемдік құндылықтармен шектелмей, қоғамдағы әлеуметтік-саяси өзгерістерге де әсер ететін күшке ие. Айтыс ақындары халықтың алаңдаушылықтарын, тілектерін, сондай-ақ қазіргі заманғы мәселелерді сахнада ашық және батыл түрде көтеріп отырады. Бұл өнер түрі өз дәстүрін сақтай отырып, уақыт талабына сәйкес дамып, қоғамның рухани жаңғыруына қызмет етеді.

Заман талабына сай виртуалды әлем фольклорлық кеңістікке айналды. Бүгінде виртуалды кеңістіктің бірнеше әлеуметтік желілері пайда болды. Зерттеудің негізгі нысаны айтыс жанрының да е-фольклорда (интернет

фолькорда) өзіндік орны бар. Әртүрлі әлеуметтік желі құралдарын қолдана отырып, айтыс та өз мәнін жойған жоқ. Керісінше, виртуалды желі қолданушылары онлайн-айтыс порталы, электронды пошта, Youtube, телеграм, ватсап (whatsapp web), вконтакте желілері арқылы арнасын кеңейтті.

Айтыс өнерінің тағы бір құндылығы оның сөздің күшімен халықтың сана-сезімін қалыптастыруы болып табылады. Трансформациялық құбылысқа тез бейімделіп, халықтың үні бола білді. Ақындар қоғамдағы маңызды тақырыптарды қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізеді, бұл олардың сөздеріне үлкен әсер мен маңыз береді. Айтыс алаңының ерекше атмосферасы мен динамикасы елдің саяси ой-санасының қалыптасуына үлкен әсер етеді, әрбір айтыс жаңа әлеуметтік құндылықтарды тудыруға мүмкіндік береді.

Айтыс әр қоғам мен дәуірде сол уақыттың айнасы қызметін атқарған. Әр кезеңде өмір сүрген ақындар өз дәуіріндегі әлеуметтік, саяси мәселелерді ашық түрде жырлаған, қоғамдық келеңсіздіктерді жасырмай, халықтың арман-тілегін, мұң-мұқтажын бейнелеген. Айтыс шығармалары сол заманның психологиясын, халықтың сезімін, дүниетанымын, көзқарасын айқын көрсеткен.

Құлмамбет айтысының үлгісін башқұрт, қарақалпақ, түрік және әзербайжан айтыс ақындарынан да кездестіреміз. Башқұрт айтысы күні бүгінге дейін «Вконтакте» әлеуметтік желісінде, қарақалпақ айтысы «Телеграм» әлеуметтік желісінде өтіп тұрады. Белгілі бір межеге жеткенде, оқырмандар арасында дауыс беру арқылы өзара марапаттар беріп, орын белгілеп, жеңген ақынға арнайы сый-сияпат жасап, аты-жөнін жариялайды.

Башқұрт әлеуметтік желісін қолданушылар айтысты ұйымдастырудағы басты мақсат башқұрт тілін сақтау дейді. Себебі башқұрт тілі UNESCO -дағы өлі тілдердің тізімінде тұрғанын алға тарта отырып, халықты сақтау үшін тілін сақтау керектігін баса айтады. Сондай-ақ башқұрттардың мәселесі сол халыққа ғана керек екендігін әр айтыста еске салып отырады десек те болады. Халықты, тілді сақтаудың бірден бір жолы ата-бабадан үзіліп қалған өнерді тірілту және жандандыру екендігін айтып, башқұрт халқын сөз өнері сайысына шақырады. Башқұрт тілі мемлекеттік тіл болғанымен башқұрт тілін үйрену, игеру нашар жүріп жатқандығын алға тарта отырып, шетелде тұратын башқұрт тұрмақ, ата жұртта отырған башқұрттардың халі мүшкіл екендігін ашына жеткізеді. Сондықтан бүгінгі күннің хабар алмасу құралы әлеуметтік желіні барынша мақсатты қолдануымыз керек деп, арнайы айтыс ұйымдастырып отырады. Сол айтыстардан үзінді келтірсек:

Ильсия Касимова:	***Ильсия Қасымова:***
Эй, дуҫтарым, ойомайыҡ, уянайыҡ,	Әй, достарым, ойнамайық, оянайық,
Үҙебеҙҙе беҙ үҙебеҙ ололайыҡ.	Біз бәріміз бір болайық.
Был доньяла йәшәү бит ул бергенә лә,	Бұл дүниеде бізге өмір сыйлады,
Яуызлыҡтан,насарлыҡтан тыйылайыҡ,	Жауыздықтан, жамандықтан аулақ болайық,
Боҙоҡлоҡтар баҫып бара еребеҙҙе.	Бүлінушіліш басым болып барады,

Күрәһегеҙ, ҡара кайғыларға батҡан
Кешеләрҙең йылмайырға ваҡыты юҡ,
Күңелдәре, йөрәктәре кергә ҡатҡан.

Аҡсаларҙың, батшаларҙың ҡолдарына,
Әүерелеп барабыҙ бит һуң дуҫтарым.
Ата-бабаларҙан ҡалған мираҫтарҙы
Кемдәр һаҡлар телеңереңил йорттарын.
Алыпһатарҙар күбәйҙе илебеҙҙә.
Хатта аҡылды аҡсаға һатып ала
Аҡсаһы булмаған белемлеләр,
Аңра бәрән кеүек кенә булып ҡала.
Дөрөҫлөктө яратҡан һандуғасыбыҙ
Әрәмәлә гена хәҙер йырын йырлай
Бушҡа ҡарҡылдаған ҡарға өҫтә йырлай...

Қараңызшы, қара мұңға батқан бәрі.
Адамдардың күлуге уақыты жоқ,
Жүрегі олардың болғанменен
Шерменде қатып қалған.
Ақшаларың патшалардың қолдарында,
Уайым шегіп барамыз, достарым.
Кім сақтар тілді, жерді, ата-баба мирасын,
Алыпсатарлар көбейіп тұрғасын.
Ақшаға сатып алар ақылды да,
Білімді де ақшасы болмаса қайдан алар,
Ақымақ қозыдай аңырап қалар.
Шындық сүйер бұлбұлдың жанында
Қарға қазір ән салар...

[131], – деп, ата-бабадан мұра болып қалған Отанын, елі мен жерін қорғауға шақыра отырып, бір Құдай жамандықтан сақтаса екен деген тілектерін айтады. Халқының амандығын сұрайды. Бұдан әрі Зиля Худайбердина жалғастырады:

Әйтер һүҙем булғанға
Килдем һеҙҙең яндарға.
Ил һөйәрлек, яугирлыҡ
Һеңгән минең ҡандарға.
Сыҡтым майҙан яуларға,
Килдем халҡым данларға.
Бер кәлимә һүҙ әйтәм!
Йыйылығыҙ яндарға!
Илем, ерем, телем, тил,
Барын бергә барларға.
Ҡолаҡ һалсы тыңларға!
Күңел һалсы аңларға!
«Башҡортмон!» күкрәк һуҡҡан
Беҙҙең ата-бабалар.
Түш киреп ҡупайырлыҡ
Эштәре бар! Баһалар?!..
Килер быуын баһалар,
Елер ваҡыт баһалар [131],

сөзім бар менің де айтарға
келдім мен сіздей жандарға.
Ел құмар да жауынгер
Біткен біздің қанға да.
Шықтым майдан алаңға,
Келдім халқым даңқыңа.
Бір сөз айтамын баршаңа!
Өзекті өртер жандарға!
Елім, жерім, дінім, тілім,
Барлығын біріктіргін.
Құлақ салыңыз, тыңдаңыз!
Түсінетін жан бар ма!
«Башқұрпын!» деп кеудеге соғам
Біздің ата-бабаларымыз.
Кеудеңде жаның болса,
Қызмет қыл! Бағалар?!..
Келесі ұрпақ бағалар,
Келер уақыт бағалар.

(аударған Ж.Қ.)

– деп жауап бере отырып, ел мен жер өздеріне аманат екендігін, барын бағалауға шақырады. Оны мына жолдардан көруге болады: «Бер кәлимә һүҙ әйтәм! Йыйылығыҙ яндарға! Илем, ерем, телем, тил, Барын бергә барларға» - дей келіп, ««Башҡортмон!» Күкрәк һуҡҡан, Беҙҙең ата-бабалар, Түш киреп ҡупайырлыҡ» бабалар ерлігін жалғастыру аманат екендігін айтады. Ары қарай айтысты бірнеше адам жалғастырады. Соның бірнешеуінен үзінді келтірсек:

Шеш:

«Ҡорал көсө бер булғанда,
Һүҙҙең көсө мең тиеп…»
Дөрөҫ тә был, Әнүзә,
Тик һүҙҙәр төрлө була:
Ҡайһы һүҙҙәр, ҡорал менән
Әшнәләш хәүеф ҡора.
Ил өҫтө афәт тора.
Хаҡлыҡ, тиһәң, күҙҙәр менән
Ҡолаҡтар ябыҡ тора.
Йәшниктәр тоҙаҡ ҡора,
Илдә шундай хәл тора…
Алдаҡтар алты бура.
Дөрөҫлөктө, әгәр белһә,
Ана, күршеңдән һора… [131]

Шеш:

«Қарудың күші бар болғанда,
Сөздің күші мың болады..."
Аман бол, Әнуза,
Бірақ сөз сан алуан:
Кейбір сөзбен, қарумен
Барады дос тәуекелге.
Елде қиындық.
Көкке қараңдар, жарандар
Айнала жабық.
Бұл тұзақ сынды
Елдегі жағдай осындай…
Алаяқтар алты бура.
Шындық осы біле білсең,
Көршіңнен де сақтанғайсың.

(аударған Ж.Қ.)

– деп, шындықты қанша жерден айтсақ та, естір құлақ пен көрер көздің жоқтығын айта келе, алаяқтар қаптаған елде, шындықтың ауылы алыс екендігіне ашынады. Айтысты Ануза Гиззатуллина жалғастырады:

Ануза:

Дауыт сәсән яҙғанына
Яуап бирәм китәйем.
Һүҙ турында һүҙ киткәстен
Уй йомғағын һүтәйем.
Һүҙҙең барҙыр төрлөһө -
Татлы, әсе, сөсөһө.
Тыңлағанда, иғтибар ҡыл
Айыра бел өсөһөн.
Илдә хакимлыҡ итеүсе
Өс тармағы таман да.
Юҡ бит, дүртенсеһе булып
Һүҙ ғали йәнәптәре бар
Мәғлүмәти заманда.
Аҫтыртындан, шыртым ғына
Фармандар бирәп ята.
Ялғанды шыптырға урап

Әнуза:

Дәуіт ақын жазғанына.
Жауап беріп кетейін.
Бұл туралы сөз болғанда
Сөзжұмбақты шешейін.
Сөздің түрі көп –
Тәтті, ащы, жұмсақ.
Тыңдағанда назар аударыңыз
Ажырата алғаныңыз.
Елді басқарушы
Оның үш тармағы.
Төртіншісі болмайды,
Көкте түндік бар,
Ақпараттық замандат.
Астыртын ақырын ғана
Бұйрықтар береді.
Жалғанды шындыққа балап,

Бар йәмәғәткә һата ла,	Барлығын сатады қоғамға,
Алдаҡ, ҡотҡо тарата.	Алдап, азғырып оларды.
Дөрөҫлөк меҫкенде тунап ,	Шындықтың шыңын онап,
Уныһы һаҫып ята.	Ол қалың ұйқыда
Ана, күрше өсөнсө көн	Көршілер де осындай
Үҙенсә хәбәр һата.	Хабарды да жеткізер қате.
Шундай - шундар хәбәр бар	Осындай да хабар бар
Тип, үҙе телен шартлата.	Өз тіліне түкірген.
Ә хаҡлыҡ һаҙҙа бата.	Халық батпаққа батқан.
Ай хата... Ҙурҙан хата... [131].	Әй, қателестік... Үлкен қате...

(аударған Ж.Қ.)

Бүгінгі күні интернет кеңістігі белең алған шақта түркі әлемі жаңалықты тез меңгеріп, төл өнердің бірі айтыс та сол жерден орын алды. Жоғарыда айтқан мәселелерге байланысты түркі халықтарының арасында өнерді өлтірмеу үшін және оны жандандыру барысында әлеуметтік желілер мен түрлі хат алмасу арқылы айтыстар жиі өткізілуде. Осындай қолжетімді мүмкіндіктердің барлығын пайдаланып, айтысты жандандырып отырғандықтан оның арнасы кеңімесе тарылмайды. Қазіргі айтысты әлемнің кез-келген жерінді отырып, оқуға немесе тыңдауға болады. Бір әттең-айы – осы түркі әлемін біріктіретін төл өнерді тоғыстыратын бір сайттың болмауы.

Айтыстың онлайн форматқа көшуі – заман талабына сай ұлттық өнердің бейімделуінің жарқын көрінісі. Бұл уақыт пен жаңа құбылысқа икемделуін көрсетеді. Карантин уақытында айтыс тек мәдени мұра ғана емес, халық басына туған қиын кезде рухани қолдау мен үміт көзіне айналды. Бұл онлайн айтыс қазіргі замандағы технологияның мәдени мұрамызды жаңғыртудағы маңызын айқын көрсетеді. Айтыскерлердің өнері мен шығармашылық шеберлігін онлайн түрде қалың көрерменге жеткізу, сондай-ақ әлеуметтік желілер арқылы көпшіліктің дауыс беру мүмкіндігін қамтамасыз ету – бұл жаңа форматтағы айтыстың үлкен жетістігі. Айтысты ұйымдастырушы тараптың YouTube және Facebook, Telegram, Instagram, ВКонтакте, тағы басқа әлеуметтік желілерінде тиімді пайдаланып, халыққа ұсына білді. Қазылар алқасының құрамына мемлекет және қоғам қайраткерлерін тарту бұл шараның маңыздылығын арттырды.

Дәстүрлі айтыстағы ақынның психологиясына келсек, қобалжу мен мазасыздықтың жоғарылайтынын аңғаруға болады. Ал мазасыздық – адам мен қоршаған ортаның өзара іс-қимылына, эмоционалдық жағдайына кедергі келтіреді. Осыған байланысты назардың басымдықтары ауысады, бұл миға кіретін ақпараттың өзгеруіне, яғни, шындықты басқаша қабылдауымызға әкеледі. Әрбір айтыскер өз қарсыласының назарын өзі дайындаған тақырыпқа аударғысы келеді. Сол арқылы зейінге әсер ете отырып, болжамды түрде адамның дүниетанымы мен құндылықтар жүйесін қалыптастыра алады. Бұл жерде сөз жас ақындар туралы болып жатыр, сол себепті оларға онлайн айтыс өз шығармашылығын шыңдауға және психологиялық тұрғыдан сөздік қорын дұрыс пайдалану арқылы өтімді, өткір айтыс жасауға мүмкіндік береді. Демек,

интернет-айтыс жаңадан танылып келе жатқан, талаптанған жас ақындарға тәжірибе жинақтау үшін қажетті бірден бір орта деп айтуға толық негіз бар.

Онлайн айтыс, яғни жаңа форматты алдағы уақытта да жалғастырып, дамыту арқылы, айтыстың жаңа қырларын ашуға және жастар арасында танымал етуге мүмкіндік мол.

Айтыс өнері әрқашан ой таласы, пікір қайшылығы арқылы қоғамдағы маңызды мәселелерді әр қырынан көрсетуге бағытталған. Мұнда бір тараптың екінші тараптың сөзін мақұлдап, белгілі бір тақырыпты қайталап айтқаннан гөрі, айтыстың табиғатына сай алға қойған мақсаттарға жету үшін терең, әртүрлі көзқарастар мен пікірлердің айтылуы қажет. Бұл ерекшелік айтыс ақындарының шеберлігін, сондай-ақ олардың қоғамдағы өзекті мәселелерге деген көзқарастарын айқын көрсетеді.

Айтыс, сонымен қатар, мемлекеттік идеологияның бағыттарын таразылап, халықтың санасына терең ой салуда ерекше рөл атқарады. Бұл өнер түрі тәуелсіздік жылдарындағы идеологиялық ұстанымдардың темірқазығы ретінде, елді саяси-экономикалық даму стратегиясына сендіру мен бірлікке шақыруды басты мақсат етіп қойды. Айтыс жырларында халықты табанды еңбекке, ынтымақ пен бірлікке шақырудың жоғары шеберлікпен жүзеге асқаны байқалады.

Қазақстанда пайда болған айтыстың келсі бір түрі – онлайн-айтыс. Бұл интернет-айтысқа ұқсас болғанымен өзіне тән айырмашылығы бар. Яғни, онда әр қалада отырған ақындар бір-бірін видео арқылы көріп отырып айтысады. Мұндай айтыс алғаш рет 9 ақпан 2019 жылы интернетте ақын Ринат Заитов ұйымдастырған «Aitys Online» жобасында жүзеге асты. Екі айға созылған жоба екі кезеңнен тұрса, бірінші кезеңде жеңген ақындар екінші айналымда сөз қағыстырды. Олардың сөз сайысы vk.com және «You Tube» желісіндегі «Aitys Online» парақшасында жарияланып отырды. Айта кететін тағы бір жайт, мұнда ақындарға арнайы жүлделер дайындалған. Бұл жоба сол уақытта қоғамның назарын аударып, ақпарат құралдарында жарық көрді. Мысалы, журналист Мөлдір Дарханбаева «Салт-дәстүріміз бен ұлттық өнерімізді жастар арасында ғаламтор арқылы насихаттаудан ұтылмасымыз анық» [132], – деп ой түйеді.

Әлеуметтік желі арқылы өткен айтысқа қазақ жеріндегі ақындар ғана емес, шет елде жүрген өнерпаздар да қатысты. Жоғарыда атап өткен интернет айтыстың үлгісіне қарағанда, бұл жоба аясында ақындар желі арқылы домбырасымен айтысады. Айтыс кезінде немесе айтыс аяқталғаннан кейін көрермен өзіне ұнаған ақынға онлайн дауыс берді. Бұл жоба 2019 жылы Қазақстанда жарияланған «жастар жылы» аясында ұйымдастырылғандықтан, әсіресе, әлі халыққа танылып үлгермеген жас ақындардың тұсауын кесу үшін тиімді мүмкіндік болды. Ең бастысы, онлайн айтыста дәстүрлі айтыстағыдай ақындардың жас ерекшелігінде айырмашылық болмады, жас ақындар қобалжымай, еркін қатысты. Төменде сол айтыстағы Ибрагим Алтынбек пен Қару Нұрзаттың айтысының vk.com желісінде жарияланған үзіндісі берілді.

Алтынбек:
Алты мың ұпай алдың өткен жолы,
Маған арман, ондай ұпай маған елес.
Айтыста әуре болып не істеп жүрсің,
Өзіңе берейінші таза кеңес.
Сайлауға түссең мұндай дауысыңмен,
Президент боп кетуің ғажап емес.

Нұрзат:
Президент бол дегенің әзіл шығар,
Басшымыз әйел болса, бақ қонбайды.

Алтынбек:
Нұрзатжан, тарихты оқысаңшы,
Тіліңнің тамып отыр зорға сөлі.
Әйел адам елді билеп жарытпаса,
«Томирис» сақ ханшасы болмас еді.

Нұрзат:
Ол заман мен бұл заман жер мен көктей,
Сауысқан мен сұңқарды жарыстырма.
Қазіргі сенаттағы әйелдерді,
«Томирис» патшайыммен салыстырма.

Алты алаш абыр-сабыр боп жатқанда,
Кандидаттар тізіміне енбедің бе?
Онлайнның ақыны деп қолдап қалар,
Тоқаевпен жарысып көрмедің бе?

Бұл айтыстағы көтеріліп отырған мәселе – сол кездегі қоғамда болып жатқан басты оқиғалар. Оны екі ақын да жырға қосады. Президент сайлауы өтіп жатқан кез болғандықтан, Нұрзат ақын әйел адамның ел басқаруы бүгінгі уақытта сай келмейтінін баяндаса, Алтынбек тарихқа көз жүгіртіп, «Томирис» патшайымды мысалға келтіреді. Нұрзат та Алтынбекке Президент сайлауына түсуге шақырады.

Алтынбек:
Болашақта мен президент боп қалармын,
Жасымыз қырықтардан асқанында.
«Отан» деген отбасыдан басталмай ма,
Үйленсем бе, деймін қазір жақсы аруға.
Отанымды басқаруға машықтанып,
Дайындалып жүрмін отау басқаруға.

Нұрзаттың сауалына Алтынбек әзілмен жауап бере отырып, ел басқаруға жасы қырықтан асқан соң кірісетінін, оған дейін үйленіп, отбасын басқаруға машықтанатынын айтады. Оған Нұрзат былай дейді:

Нұрзат:
Содан соң отбасыңды басқартып көр,
Беліңді Тәуекелге берік буда.
Арада айлар өтіп, жылдар өтіп,
Күн көре алмай үйіңнен жеріп тынба.
«Айтқаның айдай келді Нұрзатжан-ау!» – деп,
Екі көзің жәудіреп келіп тұр ма! [133].

Үйлену тақырыбына ауысқан Алтынбекке Нұрзат ақын қазақ мақалында айтылғандай «үйлену оңай, үй болу қиын» екенін ескерте отырып, біраз уақыт өткен соң, отбасыңды басқара алмай жеріп тынба деген мысқылды өлең жолдарымен қағытады. «Aitys Online» ұлттық жобасына қатысқан ақындардың ішіндегі жеңімпазын көрермен онлайн дауыс беру арқылы анықтады. Бас жүлдені көрерменнің 3465 дауысын жинаған Нұрзат Қару алса, қарсыласы Алтынбек Ибрагим 1040 дауыспен екінші орынға ие болды.

Белгілі айтыскер ақын әрі зерттеуші Бекжан Әшірбаев: «Айтыс өнерінің жаңаша жаңғырып, өзінің түрі мен мазмұны, эмоциялық ықпалын сапалы сатыға көтеріп, жанр ретінде тың түлеуді бастан кешуі қазіргі таңдағы сан-салалы коммуникация ықпалымен тілкелей байланысты. Арқалылар сайысы төл топырағымызда жаңа бір қырымен көрініс тауып, рухани өріске шығып, тың үлгіде өркен жая бастады. Теледидар айтыс өнерін өз экранында көрсетіп, насихаттап қана қоймай, сондай-ақ өзінің кең аудиториясына жария етудің техникалық мүмкіндіктерін пайдаланып, сол өнердің ұйытқы-ұйымдастырушысы болып отыр» [134, 65], – дейді. Яғни, айтыс өнерінің жаңаша жаңғыруына техникалық мүмкіндіктің дамуы да өз әсерін тигізгенін осылай саралайды. Айтыс зерттеушілері айтқан тұжырымды қорыта келе, бүгінгі таңдағы «Интернет-айтыс», «Aitys Online» қоғамның болмысымен, жаңа дәуірдің дамуымен өзінің аудиторясын одан әрі кеңітті. Әсіресе, тақырыптың өрісі, мазмұн-мақсаты уақыт сарынымен үндесе түсіп, қазіргі заманда да халық рухын көтеруде оңтайлы «онлайн» әдіске айналып отыр.

Зерттеу жұмысымызда сөз етіп отырған интернет желісінде өтіп жатқан айтыстардың бірі – қарақалпақ ағайындардың арасында өтіп жатқан айтыс. Бір қызығы қарақалпақ айтысы жиі «телеграм» әлеуметтік желісінде өтеді. Әр айтыста тақырып та өзгеріп отырады. Сондай айтыстардың бірінен мысал келтірсек, 2023 жылдың 28 қазанында Өзбекстан халық жыршысы, Қарақалпақстан халық шайыры, қиссашы, Бердақ атындағы сыйлықтың лауреаты, Аббаз Дабыловтың туғанына 125 жыл толуына байланысты айтыс өтеді. Бахытжан Пулатов пен Зүлфия Бабаниязова арасындағы айтысқа тоқталайық.

Онлайн айтыстың басталуы: сағат 21.00, аяқталуы: сағат 24.00.

Айтыс тақырыбы: «Ішің тарлығынан қасық айланбас»

«Таңлаў шәртлери:

1. Жуплықлар белгиленген ўақыттан кеш қалмай айтысқа қатнасыўы;

2. Белгиленген теманы ашып бериўге хәрекет етиўлери, тема дөгерегинде айтысыў; (ҳәзил дәлкек пенен бир-бириниң портретин жаратыў, ҳүрмет, сыйласықты, мәдениятты сақлаған ҳалда ҳәзиллесиу);

3. Белгиленген ўақыттан кейин жазылған қатарлар есапқа алынбайды. (техникалық себеплерге байланыслы 10 минутқа шекем ўақыт қосып бериледи);

4. Тил тазалығына әмел қылыў, бир тилде жазыў (Зәрүрлик болса сырттан кирген сөзлерден пайдаланыўға болады);

5. Жуплықлар айтысы дәсме-дәс болыуы, ҳәзир жуўаплылық болыўы;

Қадаған етиледи:

1. Бир-биреўге хүрметсизлик, кемситиў;

2. Мәдениятымызға жат сөзлерден пайдаланыў;

3. Темадан тысқары шығып кетиў (жуплық пенен танысыў, портрет жаратып, тәрийп бериў ушын қосымша қылса болады);

Еслетпе:

Жуплықлар айтысы басланған ўақыттан тамамланаман дегенге шекем жуплықлардан басқа хешким ортаға жаза алмайды, буның себеби жуплықлардың қыялын бөлмеў, тәртипти сақлаў! Айтыс жуўмақланғаннан соң қоллаў, пикир хәм усынысларыңызды әлбетте қабыл етемиз, сизлердиң пикириңиз бизлер ушын әҳмийетли! @qaraqalpaqaytis – деп, арнайы талаптар мен шарттарын жария етеді. Айтысты Бахытжан Пулатов бастайды [135].

Бахытжан *[28.10.2023 21:05]:*	***Бақытжан*** [28.10.2023 21:05]:
Халықшыл шайыр болған Аббаз ата, Қосықтан басқа мулик жыйнамаған. "Қара ой" да тууылған дара улды, Ел ғамынынан басқа ой қыйнамаған.	Ұлтжанды азамат Аббаз ата, Қостан басқа мүлік жимаған. «Қара ой» да туа салысымен өлді, Ел қамынан басқа ой мазаламаған.
Адамлар бар, бабасын еслеу түуи, Көзи тири әкесин сыйламаған. Мың алғыс бул шараны баслағанлар, Шад болсын деп руухы, жыйды аламан.	Бабасын еске алатын адамдар бар, Көзі тірі әкесін сыйламаған. Мың алғыс осы шараны бастағандар, Шат болсын деп рухы, жасап аламан.
Алланың өзи қоллап Қарекеңе, Берди қайта тууылмас бир-ақ улды. Халықтың дәртин жырлап өмир бойы, Өзи көре алмай кетти мына күнди.	Алла өзі жәрдем берсін, Қарекеңе, Берді бір-ақ қайта тумас ұлды. Халықтың қамын жырлап өмір бойы Өзі көре алмады бұл күнді.
Ул-қызы умытпаса бабаларын,	Ұл-қызы ұмытпаса бабаларын,

Әуладиң жаққаныгой шырағыңды.
Ата жолын дауамлап атырғаны,
Әмелге асырғаны мурадыңды.

Кешеден "Сахрайы дилуарлар" атлы,
Басланып айтыс таңлау, жыр ағылды.
Ассалаумаалейкум деп топарға,
Қарсыласқа түрейин қулағымды [135].

Отбасыңның жаққан шамын.
Әке жолын жалғастырып,
Жүзеге асыру мұратың.

Кешегі күнгі «Сахара ділмарлары».
Ән шырқала бастады, жыр ағылады.
Ассалаумағалейкум деп топқа
Қарсыласқа бұрайын құлағымды
(аударған Ж.Қ.)

Зүлфия *[28.10.2023 21:07]:*
Ассалам деп айтысыўға келип турман
Тәжим еттим оқырманға қоллап турған
Бахытжаным келдиң бе жетип аман
Бизге сәлемин Наўайыдан жоллаған

Ассалаўма әлейкум, жюри төрем
Сизлерге өз алдына Хармаң, сәлем!
Жеңилип қалсам гер Бахытжаннан,
Баҳаңыз әдил емес деп, сизден көрем (ен).

Бабалардан калған мийрас айтыс деген
Тап хәзирги дәўиргеше жетип келген
Кыз жигитлер, шайырлардың дегишпеси
Даналығым фольклорлык томға кирген
Кырда жүрип Әжинияз Меңеш пенен
Айтыскерлер болған Сапура, Дәмеш деген
Апаларым руўхы турса қоллап ,
Сулыўшаштай қызларды хеш әззи демең...

...Бахытжанға сәлемимди жоллайын
Үш саат бүгин бирге боламыз онлайн
Қарсыласым деп билсемде өзиңди
Қатарыңа лайк басып қоллайын

Бизди бүгин түсирипти сынға мунда,

Зүлфия *[28.10.2023 21:07]:*
Сәлем деп айтысуға келіп тұрмын,
Тағзым еттім оқырманға қолдап тұрған.
Бақытжаным, келдің бе жетіп аман?
Бізге сәлем жолдаған Науаидан.

Ассалаумағалейкум, қазылар төрем
Сіздерге жеке Харман сәлем!
Жеңілсем егер Бақытжаннан,
Бағаңыз әділ емес деп, сізден көрем(ін).

Бабадан қалған мұра айтыс деген,
Дәл қазіргі дәуірге жетіп келген.
Қыз-жігіттер, ақындарды демеңдер,
Даналығым фольклорлық томға енген
Қырда жүріп Әжинияз Меңешпен,
Айтыскерлер Сапура, Дәмеш деген.
Анамның рухы тұрса қолдап,
Сұлушаштай қыздарды отыр демеп...

...Бақытжанға сәлемімді жолдайын,
Үш сағат бірге боламыз онлайн.
Қарсыласым деп білсем де өзіңді,
Лайк басып сені қолдайын.

Бізді бүгін түсіріпті сынға мұнда,
Жолың беріп, қыз баланы десем қолда.

Жолың берип қыз баланы десем қолла. Якшы дейип ўәде берип, кашып кетпе, Жеңгеннен соң ўәдем жоқ деп өллә-биллә [135]	Жақсы болуға уәде беріп, қашып кетпе, Жеңген соң уәде жоқ деп өллә-биллә (аударған Ж.Қ.)

- деп, Бақытжанға өз кезегін жақсы жеткізеді. Бақытжан мен Зүлфияның айтысы 3 сағат ішінде 25 кезектеседі. Айтыс шартына сай он минуттан кешіктірілмей, жауаптар телеграм желісіне жіберіліп отырды.

Бахытжан *[28.10.2023 21:40]:* ...Тек бийиктен көринер лашын-дайсаң, Унатсаңда мойынлап бас урмайсаң. Өзимниң гилтим менен тауламасам, Швецский қулыптай ашылмайсаң.	***Бақытжан*** *[28.10.2023 21:40]:* ...Тек биіктен көрінер лашындайсың, Ұнатсаң да мойындап, бас ұрмайсаң. Өзімнің кілтіммен амалдамасам, Швецский құлыптай ашылмайсың.
Зүлфия *[28.10.2023 21:46]:* ...Қыздың қәлби болар гуллерден нәзик Гумшасын хәр кимсе кеталмас үзип Ашаман деп озиңиздиң гилт пенен Швецкий кулпымды алмаңыз [135],	***Зүлфия*** *[28.10.2023 21:46]:* ...Қыз көңілі болар гүлден нәзік, Гүлдестені әркім кете алмас үзіп, Ашамын деп озіңнің кілтіңмен Швецкий құлпымды алмаңыз бұзып (аударған Ж.Қ.)

– деп, екеуінің арасында сөзбен қағыту сынды қыз бен жігіт арасындағы әдемі айтыс басталады. Айтыс «Ішің тарлығынан, қасық айналмас» тақырыбына сай екі ақын мынадай өлең жолдарын қолданады.

Б.Пулатов:
«Ишиң тарлығынан қасық айланбас,
Жеңилиуиң алдыннан сезгендейсиз»;
«Сүйгенлигим сездириу қыйын болды,
Қасық айланбайды ишиң тарлығынан»;
«Сиз тар деген ишимизде қалады,
Қасық түйе басыңызда айланып»;
«Ишиңиз тар, оранғансаң қабыққа,
Хәр бир сөзиң шабыт қосар шабытқа»;
«Ишиңиз тар, кеулиң қатты тастанда,
Сиз муғаллим ба едиңиз растанда?»;
«Ишиңизде айланбай қалар қасық,
Сөзлериңнен давлением барар асып»;
«Ишиң тарлығынан қасық айланбас,
Болар ислер, бола берер кейинги»;
«Ишиң тарлығынан қасық айланбас,
Бул әдетти умыт жаным сенде енди»;

«Иши тар қыз молдан болсын дәулетиң,
Бузылмасын жарасымлы қәуметиң.
Аллам өзи қоллап бәрха өмирде,
Қайда барсаң келе берсин әуметиң»

Зүлфия Бабаниязова:
«Ишиңизден айланбайды касық деп,
Бахытжан нелерди айттың әй өзи?
Касық тууе ишлериңде, жигитим,
Байкап турсам ийне хәм сирә айланбас»;
«Ишинизден айлвнбайды деп касық та,
Әўел бастан сен булайша пишпеңиз тон»;
«Ишиң тарлығынан қасық айланбас,
Саўға десем қабағыннан кар жаўар»;
«Ишиң тарлығынан қасық айланбас,
Сезиң басқа дәртиңиз жоқ сырғадан»;
«Ишиң тарлығыңнан қасық айланбас,
Дегениң не мыстан беремен соғып»;
«Жаксы сөзиң алдаркатып кеулимди,
Ишиң дым тар шыгармайсаң ақшаны»;
«Ишиң тарлығынан қасық айланбас,
Тийсең сеники ғой барлық тапқаным»;
«Ишиң тар болса да, қулақ түресең,
Бирге болыу нәсип етер тилесең»;
«Ишиң тарлығынан қасық айланбас,
Кийимди деп жургениң жоқ алайын»;
«Болсаңда сен иши тар қызғаншақ,
Кетпейсең хеш қылымнан санамнан».

Көріп отырғанымыздай, айтыс тақырып аясында өтті. Қыз бен жігіттің жарасымды айтысы болды. Оны айтыс соңында қарап төреші болып отырған халық мынадай жолдармен жеткізді:

Гулий Мария: [29.10.2023 0:12]
Берип сәлемнама басламасында.
Тәрийпинде атап Аббаз атама.
Айтыскерлер бир бирине мас екен.
Сезимлерин айтып өтти қатарда.

Súmbilshash: [29.10.2023 0:18]
Иштарлықтан қасық айланбасада,
Не қызларды көрип сайланбасада,
Бахытжанның дийди усы қызбекен,
Көрдик биз Тахир-Зухра мысалында.

Осман Жумамуратов: [29.10.2023 0:19]
Қурып бугин айтыс жарыс еки жас,
Өз еркине кетсе булар неғылмас.
Екеўиде жуйрик екен бирақта,
Ишиң тарлығынан қасық айланбас.

- десе, енді бірі Бақытжан мен Зүлфияға өз базынасын қалжыңмен жеткізіп, бағаларын берді. Әлеуметтік желідегі бағаларын осылай өлең жолдарымен жеткізіп отырды:

Мехрибан Полатовна: [29.10.2023 0:23]
Зульфия қыз, айланшықлап инимди,
Келтирдиң-аў бираз мениң жинимди,
Бир бәлеси барма усы баланың,
Қыз дегеннен көрмедикқо тынымды.

Мехрибан Полатовна: [29.10.2023 0:23]
Зүлфия қыз, айланшықтап інімді,
Келтірдің-ау біраз менің жынымды,
Бір бәлесі барма осы баланың,
Қыз дегеннен көрмедік қой тынымды.

Гулий Мария: [29.10.2023 0:23]
Бир-бирине иши тарлығын билдирип,
Гей уақта урысты, гейде сүйдирип.
Сулыушашты алып кетти бирақта.
Бахытжаны түйиншигин түйдирип...

Гули Мәрия: [29.10.2023 0:23]
Бір-біріне іші тарлығын білдіріп,
Кей уақытта ұрысты, кейде сүйдіріп.
Сұлышашты алып кетті бірақта.
Бақытжаны түйіншегін түйдіріп...

Бахытлы ана: [29.10.2023 0:30]
Айтыс майданында отыр еки жас,
Бир-биреуге етип отырмадым наз
Аравани қуруқ алып шықпастан,
Алысып кете берди илип дәсме дәс [135].

Бақытлы ана: [29.10.2023 0:30]
Айтыс майданында отыр екі жас,
Біреуге етіп отырмадым наз.
Аравани құрық алып шықпастан,
Алысып кете берді іліп дәлме-дәл (аударған Ж.Қ.)

Онлайн-айтысты қарап отырған халық та ұнаған ақынына деген бар ықыласын өлең жолдарымен білдірді. Осылай онлайн-айтыс күнде жалғасын тауып, белгілі бір межеге жеткенде қорытындыланады. Онлайн-айтыстың тақырыбы күнде өзгеріп, арнайы тақырып беріледі.

Аз ғана халықтар тілі мен ділін өлтірмес үшін осындай онлайн-айтыстар ұйымдастырып, халық арасында өз дәстүрінен ажырамас үшін және өнерді тұншықтырмас үшін әртүрлі шаралар жасап жатыр. Бұл – өте құптарлық іс. Қандай халық болмасын күндердің күнінде өз түп тамыры мен қазығын табатынын, ата-баба дәстүр жаңғыртатынын аңғардық. Қанмен берілген өнер мен дарын, түп тамырдан тарап келе жатқан дәстүр мен салт ешқашан жойылмақ емес. Себебі қандай жағдай болмасын, ата-салт, дәстүр қан арқылы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалатыны шындық.

Әр дәуірде айтыстың мазмұны сол кезеңнің өзекті мәселелерін қамтып, шындықты бетке айтатын мінберге айналған. Бұл үрдіс бүгін де өзектілігін жоғалтпай, ұлттық өнердің маңызы тек жергілікті деңгейде емес, ғаламдық ортада да айқындалды. Онлайн айтыс бұл өнердің шекарасын кеңейтіп, қазақтың бай мұрасын бүкіл әлемге танытуға мүмкіндік ашты.

Айтыстың осындай қиын-қыстау замандағы жаңғыруы оның болашақта да өзектілігін сақтап, халықпен бірге жасай беретінін көрсетеді. Бұл – ұлттық өнердің тек өткеннің емес, болашақтың да асыл қазынасы екенінің дәлелі.

Ал башқұрт халқы ай сайын «ВКонтакте» желісінде онлайн-айтыс ұйымдастырып, башқұрт тілінің дамуы мен салтын ұлықтаудың бір үлгісі ретінде дәстүрлі түрде ұйымдастырып келеді. Сонымен қатар қарақалпақ халқының «Телеграм» әлеуметтік желісінде күнде айтыс ұйымдастыруы – өте орынды. Көз ілеспес тез жылдамдықпен өтіп жатқан заманда аз халықтардың жұтылып кету қаупі өте басым. Себебі қазір әлемде өріс алып жатқан жаһандану үрдісі аз халықтар тұрмақ бар халықты алаңдатуда. Технология мен индустрия қарыштап дамып жатқан кезеңде халықаралық бәсекелестікке төтеп беру өте ыждаһаттылықты қажет етеді. Алпауыт елдердің тасасында немесе экономикасына жұтылып кетпеу үшін өнерді ұлықтаумен қатар әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді топ болып қолдау аса маңызды.

Бірінші тарауда айтылған айтыстың даму тарихында бастау алған айтыстардың трансформацияланған түрлері бар. Соның бірі түркі даласының озық дәстүрлі үлгісіне жататын «жар-жар» қазіргі таңда жаңаша сипатта айтылып келеді. Бүгінгі таңдағы жар-жар екі жастың ортаға шақырылуы мен олардың тойды басталды деген сипатын білдіруі мақсатында айтылады. Бұл жар-жар жиналған қауым екіге жарылып, екі жасты ортаға шақырарда хормен айтылады:

«Осы өмірге лайық отты жағып, жар-жар,
Келеді, әне, екі жас топты жарып, жар-жар.
Үлкені мен ауылдың жасы мұнда, жар-жар,
Жас келінді көруге асығуда, жар-жар.
Құтты болсын тойларың, замандастар, жар-жар,
Жаңалыққа жар болып, қадам бастар, жар-жар.
Бірге аттаған босаға берік болсын, жар-жар,
Үйлеріңе құт-бақыт келіп қонсын, жар-жар.
Күндей күліп көктемгі көңілдерің, жар-жар
Қызғалдақтай құлпырсын өмірлерің, жар-жар,
Туған айдай толықсып толыңыздар, жар-жар,
Жаңа өмірдің жаршысы болыңыздар, жар-жар.
Қадамдарың, екі жас, құтты болсын, жар-жар,
Ақ отаудың еңсесі мықты болсын, жар-жар.
Ата-ананың үмітін ақтаңыздар, жар-жар,
Махаббатты мәңгілік сақтаңыздар, жар-жар» [136] – деп

жазған жар-жардың бұл түрі көпшілік қауымнан қолдау тауып, екі жастың қуанышының жаршысындай болып әлі күнге дейін айтылып келеді. Кешегі

айтылып келген жар-жар осылай түрленіп, халықтық қолдау тапты.

Ал жұмбақ айтысының формасы түрленіп, кейде риторикалық сұраулардан тұрса, кейде ол не, бұл не деген сұраулар арқылы енді бірінде саяси астарлы ой жасыру арқылы беріледі. Мәселен, әзербайжан жұмбақ айтысында көбінесе сұраулар қоя отырып, одан жауап алу мақсатында өткен. Мысал келтірсек:

Ləzgi Əhməd:
O nədi ki, lalə onu bürüməz?
O nədi ki, yaz, qış qarı əriməz?
O nədi ki, çox, az xaric eləməz?
İnsanlara fitnə qurar, feli var?

Лəзгі Əһмəд:
Жер бетін жаппаған соң, оның несі қызғалдақ?
Қысы-жазы жатпаған соң, оның несі қар?
Азды, көпті жұмсай алмаймыз неге біз,
Адамдарды аздыратын бірі бар?

Xəstə Qasım:
Tur dağıdı lalə onu bürüməz,
Şah dağıdı yaz, qış qarı əriməz.
O şeytandı, çox, az xaric eləməz,
İnsanlara fitnə qurar, feli var.

Хəсті Қасым:
Қураған қызғалдақ жердің бетін жаппайды,
Көктем шықса, қар жер бетінде жатпайды
Періні қумай, аз да көп те болмайды,
Адамдарды аздыратын осы бар.

Ləzgi Əhməd:
O nədi ki, özü vardı, zatı yox?
Nə xələtdi tikişi yox, qatı yox?
O nə şeydi dəvəsi yox, atı yox?
Üzdən gedər bir tükənməz yolu var.

Лəзгі Əһмəд:
Неге оның өзі бар да, затсыз?
Көйлек неге тігіссіз, қыртыссыз?
О неге түйесіз, жылқысыз?
Таусылмас жолы, түзі бар.

Xəstə Qasım:
O kölgədi özü vardı, zatı yox,
Dəri xələtdi, tikişi yox, qatı yox.
O gün, aydı dəvəsi yox, atı yox,
Uzun gedər bir tükənməz yolu var

Хəсті Қасым:
Көлеңкесі бар да, заты жоқ,
Терісі бар да, тігісі жоқ
Бұл күні түйесі мен аты жоқ,
Ұзақ та таусылмас жолы бар.

[96, 102] (аударған Ж. Қ.)

Түрік халық әдебиетінде жұмбақ айтысының баламасы құпия деп те аталған. Бұндай айтыстардың басты мақсаты – жаратылыстағы жұмбақ, құпия сырды шешу. Жұмбақ айтыстардың негізгі тақырыптары – әлемнің жаратылуы пайғамбарлардың сипаты, Жаратушының құдіреті, тағы басқасынды мәселелер.

***Güllühan**:*	***Гүлхан***:
Hazreti Adem ki orda var oldu	Адам хазірет онда болды
Bana söyler misin ruh nerden girdi	Маған айтсаңыз жан қайдан келді?
İlk gıdası nedir söyle ne dedik	Алғашқы тағамы қандай, не айттық?
Ara ki bulasın Âşık Pervani	Ізде, сонда табасың, ақын Первани
***Pervani*:**	***Первани:***
Ruh burnundan girdi "Elhamdülillah dedi	Жан мұрыннан кіріп «Әлхамдулиллаһ» деді.
İlk gıdası üzüm danesi yedi	Алғашқы тамағы оның жүзім болды.
Hülle taç biçildi sinesi giydi	Тәж киіп, кеудесін киді
Arar da bulurum Âşık Güllühan» [42, 298]	Мен іздеп табамын, ақын Гүлүхан» (аударған Ж. Қ.)

Жұмбақ айтысы әдетте, қарама-қарсы ұғымдар, яғни, «бар болу, жоқ болу»немесе «ол не, бұл не» сын сұрақтар арқылы өтеді. Бұл турасында зерттеуші Ұ.Гүнай жұмбақ айтысын былай сипаттайды: «айтыскерлердің кездесуінде өте маңызды саналатын бұл кезеңде екі ақын бірін-бірі діни, мистикалық және исламдық аңыздар бойынша сынайды. Бұл бөлім көбінесе қиын ұйқастармен айтылады. Екі ақын білім мен өнер тұрғысынан бір-бірін сынайды. Жұмбақ айтысы деп аталатын мұндай айтыстар сұрақ-жауап түрінде де жасалады. Жұмбақтардың жауабы дұрыс болса, сұрақ қою кезегі келесі ақынға өтеді. Мұндай алмасуларда әдетте «бұл не» деген сөз тіркесі арқылы сұрақтар қойылады» [45, 47] (аударған Ж. Қ.)

Мысалы:

Başı var, baş değil, başak değil	Оның басы бар, басы емес, масағы емес
Yenilecek şey değil, yumuşak değil	Жеуге жарамайды, жұмсақ емес.
Her evde çokça bulunur bir vuslat çizgisi	Әр үйде жиі кездесетін бас қосу желісі.
Bir kuşak misali; amma kuşak da değil	Ұрпақ сияқты, бірақ ұрпақ емес

Немесе:

Veysel:	***Вейсел***:
O nedir ki canlı gezer doğurmaz	Тірі болып, тумайтын несі?
O nedir ki gönülde var elde yok	Көңілде бар, қолда жоқ несі?
O nedir ki dili vardır çağırmaz	Тілі бар, бірақ шақырмайтын несі?
O nedir ki deryada var gölde yok	Теңізде бар, бірақ көлде жоқ несі?
Kul Ahmet:	***Құл Ахмет:***
O katıdır canlı gezer doğurmaz	Өзі қатал, тірі болғанымен тумайтыны,
O sevdadır gönülde var elde yok	

O ölüdür dili vardır çağırmaz O incidir deryada var dölde yok. [42, 299]	Ол махаббат, жүректе, қолда болмайтыны. Тілі бар болғанымен шақырмайтыны, Інжу теңізде болғанымен, шөлде болмайтыны (аударған Ж. Қ.)

- деп, көріп отырғанымыздай, қасиетті Құран-Кәрімнен үзінділер жұмбақ айтысында жиі қолданылады.

Түрік «жұмбақ айтысы (muamma, Askı asmak) – айтыстың тағы бір ерекше түрі. Қағазға жазылып, жасырылған затты сақинаға, сағатқа, қасыққа және тағы басқа қабырғаға ілулі тұрған орамалға оралған нәрсенің не екенін ақын-ашықтар бір-біріне жасырып, шумақтар арқылы табуға тырысады. Қазіргі айтыстарда жұмбақ айтысы қолданыста жоқ.

Түрік айтыстарында да сұрақ-жауап түріндегі айтыс да бар. Сұрақ-жауап айтысын Салих Шахин «Ozanlık Gelenekleri ve Doğulu Saz Şairleri» атты еңбегінде былай дейді: «Айтыс барысында соңында жауап бере алмай, сөз таба алмаған ақын жеңілгенін мойындап, жеңілістің дәлелі ретінде қолындағы аспабын береді. Өзара топтық айтыста ақындар бір-біріне сұрақ қойғаннан кейін, жауап бергенше келесі ақын өзінен кейінгі ақынға сұрағын әзірлеп отырады. Бәсекелес ақындар бір-біріне сұрақ қоя отырып, өзінен кейінгі ақынға және өзінің алдындағы ақынға да жауап бере алады» [137, 72-73]. Түрік ақындарында қазірге дейін жалғасып келе жатқан үрдіс өздерінің мықты екенін дәлелдеу және бедел жинау үшін айтысады. Олардың ерекшелігі танымал ақын соңғы ақын қалғанша әрқайсымен кезектесіп айтысып отырады. Соңында мықты деген жалғыз ақын қалғанша айтыс жалғасады. Айтыс халық алдында өтеді. Оларға сарапшы ретінде айтысты жақсы меңгерген, сөз қадірін түсінетін мамандар шақырылады. Олар қажет болған жағдайда айтысқа араласып, өз пікірлерін кез келген уақытта білдіре алады.

Бұрын түрік ақындары 2-3 күнге дейін айтыса беретін болса, қазір 2 сағат қана уақыт беріледі. Себебі TRT Стамбул телеарнасы мен радиосынан бөлінген уақыт шектеулі. Әрине, бұл уақыт айтыскерлердің толығымен ашылып айтысуына жетпейді. Қазақстандағыдай түрлі онлайн, интернет айтысы немесе қарақалпақ, башқұрт халықтары сынды белгілі бір әлеуметтік желі арқылы айтыс ұйымдастырылмаған.

Көне дәуірден бүгінге дейін жеткен түркі халықтарының төл мұрасы – айтыс өнері интернет дамыған бүгінгі заманда да маңызды болып отыр. Дамыған технологияның көмегімен одан әрі тарап, қазақ халқының рухани тірегі ретінде қызметін жалғастыруда. Ұйымдастырушылар да интернеттің мүмкіндігін айтысты және айтыс арқылы түркі мәдениетін насихаттауға ұтымды пайдалануда. Басқаша айтқанда жаһандану мен технологияның дамуы кезінде қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен түркі мәдениеті жойылып кетпей, қайта даму үстінде. Сөз өнерінің жастарға жаңа форматта ұсынылуын халық жағымды қабылдады. Қазақ меценаттарының спонсор болуы және Қазақстан мемлекеті тарапынан қаржы бөлінуі айтыстың қазақ қоғамында әлі

де өзекті екенін көрсетеді. Оған дәлел бүгінгі таңда «Асыл домбыра», «Алтын домбыра», «Күміс домбыра» сынды бірнеше айтыстардың ұйымдастырылуына куә болып жүрміз.

Әр нәрсенің жағымды тұсымен бірге жағымсыз тұсының да қатар жүретіні секілді, интернет-айтыстың артықшылығымен қатар, кемшін тұстары да жоқ емес. Интернет – айтыстың ең бірінші кемшілігі, айтыс үшін маңызды саналған дүние – халықпен тікелей байланыстың болмауы. Ықылым заманнан айтыс халық пен билік арасындағы алтын көпір болды. Оның үстіне, халықтың қолпаштауы ақынға шабыт қосып, аузына сүбелі сөз салды. Демек, жаңаша сипатқа ие болып отырған интернет-айтыс пен онлайн-айтыста ондай әсер ету жоқ. Осыған орай интернет-айтыс – халық шығармашылығының жаңа ортасына айналды десек те болады. Себебі, онлайн айтыс та бүкіл елдің, тұтас ұлттың сипатын айқын көрсететін маңызды құралға айналып үлгерді. Қай айтыс түрін алсақ та, ол жерде сол заман адамдарының сенімдері, олар қолданған түрлі рәсімдер, сондай-ақ, сол дәуірдің қолданысына айналған салт-дәстүрлер толығымен көрініс табады. Айтыскер ақындар ел тарихын және сол сәттегі әлеуметтік мәселелерді назардан тыс қалдырмай, көпшіліктің талқысына салады.

Интернет-айтыстың тағы бір ұтымды тұсы – жазбаша түрде жазылып сақталуында. Себебі, көп жағдайда ауызекі түрде жететін айтыс сөздерінің кейде ұмытылып, кейде керісінше, түпнұсқадағы сөздердің жаңа сөздерге өзгертіліп жету ықтималдығы жоғары. Интернет-айтыстың осы тұста жазбаша ақындықтың дамуына да өзіндік ықпалын тигізгенін көруге болады. Дулат Бабатайұлының 220 жылдығына орай «Асыл домбыра-2020» атты ақындар байқауында Жүрсін Ерманның халыққа айтқан мына сөзінен аңғаруымызға болады: Айтыс YouTube каналымыздан тікелей эфирден жүріп жатыр. Залдағы көрерменнен бөлек, YouTube каналынан мыңдаған көрермендер бүгін тамашалайды. Бүгін көрмегендер кейіннен қарап алады. Демек, айтыстың интернет жүйесі арқылы әлемнің түкпір-түкпірінен мыңдаған қаралымдар болатындығын тілге тиек етті.

Айтыстың қай түрін алсақ та, ол қазақ халқының өн бойынан шығып, ғасырлар тоғысында ұлтпен бірге қалыптасып, дамып, ұлт келбетін өз тереңіне мықтап сіңірді. Бүгінде айтыс көрермендерге толы зал жинап, көк экраннан көрсетілуде. Сахнада тапқырлығымен, шешендігімен, өткір тілімен көзге түскісі келмейтін ақындар кемде-кем. Және бұл өнер бізге өз болмысын жоғалтпай жеткенімен қоса, өзінің дамуының жаңа деңгейіне көтерілді. Осылайша, айтыс – қазақ халқының ауызша әдеби мұрасы ғана емес, ақындық өнердің, тұрмыс-тіршіліктің, әдет-ғұрыптың нәтижелі жемісі. Айтыс жанры бүкіл елдің, ұлттың мінез-құлқын айқын көрсетеді. Айтыста адамдардың наным-сенімдері, ұстанып жүрген түрлі өмірлік қағидалары, сол кездегі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері толық көрініс табады. Бұл ретте айтыстың маңызы ел тарихын, сол кездегі әлеуметтік мәселелерді жырлауымен өлшенеді. Аталғандардың бәрі айтыс жанрының сан қырлы өнер екендігіне айқын дәлел болмақ. Ал бүгінгі интернет-айтыс соны жалғастырып отыр. Әрі айтыс

өнерінің жаңаша сипат алуы сандық технологиялар ғасырында білім алып жатқан жас ұрпаққа да оң әсер етеді деуге толық негіз бар. Виртуалды әлемнен өзіне дос іздеп, көбіне тыңдағаннан гөрі ізденгенді жақсы көретін Z буынының өкілдері үшін ұлттық өнерді дәріптеп, сіңіруге интернет-айтыс жол ашады. Бос уақытын ғаламтор желісінде өткізетін жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды терең сіңіру үшін рухани мұраларымызды соларға лайықтап ұсыну оңтайлы жолы. Интернет-айтыстың мақсаты да ұялы телефонға телмірген жастарды жаһандық жаңалықтарды ғана оқып қоймай, ұлттық руханиятымыздың шежірелі өнегесін замана ырғағына сай бейнелейтін онлайн айтыспен таныстыру. Айтыс дәстүріндегі жаңа толқын тек жаңашыл бағытты ұстанып қана қоймай, ежелден қалыптасқан халық даналығын заманауи үлгіге сай етіп, көпшілікке ұсынуы айтыс өнерін дамытатын жағдай. Ал интернет-айтыста әлеуметтік мәселелерді көтеру мәселесі дәстүрлі айтыстан гөрі аз қамтылған. Оның орнына ізденіс, жаңаша сипаттағы қағытпа әзілдер, жастардың «жаргондары», интернет тілі, «хайп» көбірек. Ең маңыздысы, айтысқа деген қалың көрерменнің қызығушылығы дәстүрлі айтыста болсын, интернет-айтыста болсын еш толастаған емес. Айтыста берілетін жүлде қоры да жоғары. Айтыс ақыны, егер талантты болса, бір жыл ішінде жұлдызға айналуы әбден ықтимал. Себебі, халық айтысты жақсы көреді, айтыскерлерді сүйіп тыңдайды.

Айтыс ақындары биліктің көңілін табуға ұмтылмаған, олар халықтың мұңын, тілегін жеткізуші ретінде танылады. Егер тарихта бірлі-жарым ақын билікке жағымпазданған болса, халық оның шындықты бұрмалағанын бірден сезіп, сол ақыннан бас тартқан. Айтыс тек өнер түрі ғана емес, ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайын көрсетуге арналған аса маңызды құрал болған. Айтыс, сондай-ақ, мемлекеттік идеологияның бағыт-бағдарын таразылап, халықтың санасына терең ой салып, қоғамдық пікір қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Айтыс өнері тәуелсіздік кезеңіндегі идеологиялық ұстанымдардың темірқазығы ретінде, елді саяси-экономикалық даму стратегиясына сендіре отырып, халықты бірлікке және ынтымақтастыққа шақырады.

Қазіргі айтыс ақындарының алдында бірнеше маңызды міндеттер тұрғанын атап өтуге болады:

1. Әлеуметтік жауапкершілік: айтыста қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, рухани дем беру, халық рухын көтеру. Ақындар ұлттық құндылықтарды насихаттаумен қатар, әділетсіздіктерге үн қату арқылы халықтың үніне айналып келеді.

2. Психологиялық дайындық: көпшілік көрермен алдында өнер көрсету үшін ақыннан үлкен дайындық пен сенімділікті талап етеді; өзіне халықты қарату мен халық көңілінен шығу. Айтыскерлер өз ойларын жинақтап, өткір жеткізу үшін тыңғылықты психологиялық дайындықтан өтеді.

3. Этикалық және эстетикалық ұстанымдар: сахна мәдениетін сақтау мен этикалық қалыпты сақтау, көрермен мен тыңдарманға жағымды әсер қалдыру, халықтың сүйіктісіне айналу. Қазіргі айтыс көрерменге жағымды әсер

қалдыра отырып, айтыстың беделін арттырады. Өзіндік жеке тұлғасын қалыптастырады.

Қазіргі трансформациялық өзгеріске дайын болған айтыс тек өнердің бір түрі ғана емес, ұлттық сана-сезімді қалыптастырып, қоғамдық пікір қалыптастырушы күшке айналды. Түркі халқымен бірге түлеген аталмыш өнер бүгінгі күні халықтың рухани сұранысына жауап беріп, ұлттың мәдени және рухани жаңғыруына үлес қосуда. Айтыс өнері – ұрпақтар сабақтастығының жарқын көрінісі, әрі түркі халқының болмысын сақтап, дамытудағы баға жетпес асыл қазына.

Өнер болғаннан кейін теріс пікір, жағымсыз көзқарастар да қатар жүреді. Сонымен бірге аға буынның жаңа буынды сынап жататытыны да белгілі. Көбіне сындар айтыстың көркемдігі мен мақамына байланысты болып келеді. Әсіресе қазақ жерінде әр жақтың өзіндік мақамы мен әуені бар. Ол жағы айтыста басшылыққа алына бермейді. Кешегі аға буынның өзіндік әуезі, тұлғалық жеке үні болды. Оны мойындауымыз керек. Қазіргі айтыскерлер біресе әннің, біресе бір ақынның немесе сазгердің әуеніне салып, құйқылжата айтысатыны бар. Дегенмен де, қазіргі айтысқа қатысып жүрген ақындардың барлығы дерлік жоғары білімді десек артық айтқандық емес. Айтыс ақындарының ішінде ғылым кандидаттары мен ғылым докторлары да жетерлік. Басым көпшілігі саяси аренаға шығып, барынша халықтың үнін жеткізуде үлес қосып келеді. Бір сөзбен айтқанда айтыс арқылы қоғамдық пікір қалыптасты.

Қазіргі айтыстың ұстанған бағыты мен әлеуметтік ұстанымы әрдайым белгілі бір мақсатта тоғысып, бір-бірімен үйлесім тауып, мағыналас бағытта дамып келе жатқанын дәлелдейді.

Интернет айтыс – дәстүрлі өнердің жаңа заманға трансформациялануы. Қазақтың ғасырлар бойы жалғасқан ауыз әдебиетінің бұл түрі интернет арқылы кең таралып, жаңа форматта дамуға мүмкіндік алды. Онлайн-айтыс кез келген адамға ұялы телефон немесе интернет арқылы сүйікті өнерін тамашалауға жағдай жасайды.

Айтыстың интернеттегі нұсқасында да дәстүрлі өнердің ең маңызды қасиеті – табан астында сөз тауып айту сақталады. Ақындар тосыннан сұрақ қойып, қарсыласына ойлы әрі өткір жауап қайтарып, шеберлігімен жарысады. Олар өз өнерінде өмірдің түрлі құбылыстарын жұмбақтап жеткізіп, әзіл-қалжың арқылы тыңдарманды қызықтырады. Бұл айтыстар ақындардың терең білімін, ел тарихы мен дәстүріне деген құрметін, сондай-ақ шапшаң ойлау қабілетін көрсетеді. Тығырықтан шығып, қарсыласын сөзбен сүріндіре алған жүйрік ақындар ғана көпшіліктің ықыласына бөленеді. Интернет арқылы айтыс өнерінің халыққа қолжетімді болуы – ұлттық мұрамызды сақтап, жаңа буын арасында насихаттаудың тиімді жолы. Бұл айтыстың заманауи әрі жаһандық қоғамда маңызын жоғалтпай, өркендеуіне мүмкіндік береді.

Айтыс өнері тәуелсіздік жылдарында жаңа белеске көтеріліп, оның мазмұны мен формасы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Қазіргі айтыстардың көпшілікке қолжетімді болуы, теледидар мен әлеуметтік желілер

арқылы кең аудиторияны қамтуы – бұл өнердің әлеуметтік мәні мен ықпалын арттырған басты ерекшеліктердің бірі. Бұрын тек жергілікті деңгейде өтетін айтыстар енді халықаралық дәрежеге дейін көтеріліп, ақындардың шығармашылық әлеуетін кеңінен танытуға мүмкіндік беруде.

Сондықтан кешеден келе жатқан ұлы өнерді қазіргі заманына сай ұлықтау және ұлттық менталитет пен болмысты сақтау – уақыт талабы. Қашан да жаңа мен ескінің арасында қайшылық болатыны шындық. Кешегі мен бүгінді жалғастырып келе жатқан ұлық өнер айтыста қай заманда болсын халық жүрегінен орасан орын алып, ұлт тағдырын жан дүниесімен сезініп, трансформациялық даму сипат алып келеді. Түркі халықтарының қайсысын алсаңыз да ақын, ашық немесе сесендер рухани қазынаны, мұраны дәріптеп, елдің жоғын түгендеп, мұңын жеткізді. Бізді қоршаған ментальді кеңістікте бір ғана ұлық, жоғары тұрған бейне бар. Ол – халықтық сана, халықтық ойлау. Сондықтан зерттеу жұмысымызда түркі танымына сай ортақ қазынамыз ретінде өлмей келе жатқан айтыстың орны айрықша.

Жазба айтыстың е-айтысқа қарағанда ерекшелігі мұнда уақыт шектеу жоқ. Интернет айтысында белгілі бір уақыт межесінде жауап қайырып үлгеру керек. Сондай-ақ айтысқа бас-аяғы 3-5 сағат уақыт қана бөлінеді. Ал жазба айтыста әр жұп ақынға бір апта уақыт беріліп, айтыс жарты жылға дейін созылады. Сол уақыт аралығында сөзден семсер, жүректен жылы да шымыр ой шығып, оқырманды баурап алуы шарт. Жаңа формациялық қоғамда тек өндіріс пен техника ғана өзгеріп қоймайды, сонымен бірге өнер де, мәдениет пен оның құндылықтары да модификацияланып, ақпараттық құрылымдар арқылы тиімді арнаға бет бұрады.

Жаңа уақыт пен кеңістікте ақпараттық ресурстарды орынды қолдану арқылы рухани байлықтарымызды оңай, әрі тез икемдеу – заман талабы. Сондықтан өнердің трансформациялануы мен модификациялануынан қашпауымыз керек. Керісінше, қазіргі қолданыста толық жетіліп кетпесе де, болашақта ары қарай адымдап басуына нық қадамдар жасау орынды. Жедел хабарламалық ақпараттарды. мейілінше, жедел қабылдап, өнердің сан алуан түрінде жүйелі қолдану шарт. Көз ілеспес жылдам ақпараттың бүгінгі электронды ресурстар арқылы қарыштап дамуын қанша жерден сынға алсақ та, жаңа буынның әлемді тануы мен қабылдауы осы интернет арқылы жүзеге асырылып жатқаны баршаға аян. Сондықтан жас буынды алдымен төл өнермен сусындатып, содан кейін барып, үлкен өмірге дайындау қажет. Жаңа буынның ойлау жүйесі мен қабылдауына әсер ету оңай шаруа емес. Десек те, қолда бар мүмкіндікті мейілінше, пайдаланған дұрыс. Айтыс жазба түрде өтсе де онда дискурс бар, диалог бар. Сол үшін де түркі халықтары арасында әр жерде өтіп жатқан виртуалды және жазба түрдегі түрлі өнерді бағалау керек және қолдау шарт.

Зерттеу барысында байқағанымыздай, айтыстың бұл түрі түркі халықтарының біразында бар. Алдымен қазақ халқының қазіргі жазба айтыстарына тоқталсақ. Қазақстанның бірнеше қаласында тұрақты түрде жазба айтысы өтіп тұрған. Атап айтсақ, Қызылорда, Түркістан, Қостанай және

Ақмола облысында. Соның ішінде, Қостанай қаласында 2018 жылдан бері жылда тұрақты түрде өткізіліп келеді. 2018 жылы Елорданың 20-жылдығына орай өткізілген жазбай айтысы жыл сайын атап айтсақ, 2019 жылы халық ақыны Омар Шипиннің 140 жылдығы мен қарымды қаламгер Бейімбет Майлиннің 135 жылдығына орай «Құтты мекен – Қостанай» тақырыбында, 2020 жылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Мен бір жұмбақ адаммын…» атты республикалық ашық жазба айтыс өткен. Осы Абайдың 175 жылдығына арналған айтыс алты айға созылған. Жазба айтысының арнайы талаптары мен шарты бар. Ақындарға тақырып алдын ала беріліп, айтыс жобасы аясында өтеді. Қойылған талап бойынша ақындар жеребе тарту арқылы анықталады. Әр жұпқа бір апта уақыт беріліп, бір тәулік ішінде бір-біріне жауап берулері керек. Қайсы шартты орындамайды немесе жауапсыздықпен қараса, бірден айтыстан шеттетілген. Айтыскерлердің сөз өткірлігі мен тапқырлығы, мәтіннің көркемдік деңгейі, берілген уақытты тиімді пайдалану және қарсыласына ұтымды жауап беру шеберлігі сынды талаптар қойылып, осы шарт бойынша қазылар алқасы тарапынан бағаланған. Жыр сайысы бойынша арнайы «Жазба айтыс – жыр-жаyhap» атты жинақ жарыққа шыққан. Абайдың 175 жылдығына арналған ватсап (whatsapp web) әлеуметтік желісі арқылы өткен жазба айтыстың алғашқы жұбы Балтасар Істілеуов пен Нәрия Ақбабақызының арасында өтеді.

Айтысты бастаған ***Балтасар***:

Кеудемде күй күмбірлеп, ән тасыған,
Дәстүрлі ұлы өнерім болса асығам.
"Қостанай таңы" жасап жазба айтысты,
Көп үміт күтіп отыр баршасынан.
Ассалаумағалейкум, оқырмандар,
Жыр күткен ақындардың алқасынан.
Шығыстың бір гүлімен жұп қылыпты,
Ойып алып ақындардың ортасынан, - деп амандасып алып,
... Қызыққа батырайын жыр алаңын,
Ағайын, сол болса егер сұрағаның?
Он сегіз ақын топқа қосылыппыз,
Көбінің шамасы елге, сірә, мәлім.
Алғашқы жұбы айтыстың екеуіміз ғой
Қарындасым жолықса, қуанамын.
Текті жұрттың баласы емес пе едік,
Сондықтан жөн болмайды-ау сынағаным.
Айтыс-тартыс болғанмен басты шарты,
Сыйласып, табайықшы бір амалын.
Жүз шайыссақ, онымыз кімге керек?
Жүзі жылы еді ғой бұл ағаның.
Ендеше, көрсетейік ақындардың
Баласы екендігін бір ананың...

***Нәрия**:*
...Айтысқа басын бұрып күреңімнің,
Ақырын аяңдатып жүре кірдім.
Армысыз, патша пейіл оқырмандар,
Бәйге алсам, иесі сен жүгенімнің.
«Қостанай таңы» жазба айтыс жасап,
Күндей сынды күлімдеуі-ай іреңімнің, -
деп айтысты ұйымдастырушылар жайында хабар беріп,
Жазба айтыста еліме сөзім жетсе,
Дұрыс қой жасымауы жігерімнің,
Даусымды емес, жеткізіп өлеңімді,
Дүрсілін сездіртейін жүрегімнің [116], - дей келе, Балтасардың «Шығыстың бір гүлімен жұп қылыпты, Ойып алып ақындардың ортасынан» - деген сөзіне жауап ретінде:
«Шығыстың қызысың» деп айтып тұрсыз,
Қорғаған адамға ұқсап құмырасын.
Елге, жерге бөлінбеу – мақсатымыз,
Қалайша жершілдікке жығыласың?!
Қазаққа ортақ болсақ, арман бар ма,
Анықтап ақиқаттың құбыласын!
Даналардың жалғасақ дара жолын,
Ұсақталып қалмайды ірі басың!
Мысалы,адамдықтың жолы осы,
Қалайша тар ойлауға тығыласың?
Шығыстан шыққанменен хакім Абай,
Шашып тұр бар әлемге шұғыласын [116], - деп сөз қақтығысын бастайды.

Мұндағы «жығыласың, тығыласың» деген сөздер ұйқасқа құрылғанымен аса бір мағына үстеп тұрған жоқ. Бірақ соңғы шумақта «Шығыстан шыққанменен хакім Абай, Шашып тұр бар әлемге шұғыласын», - деп әдемі сөз тауып кеткен. Жастар арасында ватсап (whatsapp web) әлеуметтік желі арқылы өткен жазба айтыс тіс қаққан алдыңғы буынға қарағанда әрине, олқы және ұйқасқа құрылған басы артық шумақтар да кездеседі. Қазіргі айтыстарының кемшін тұстарын аңғарып қалған ғалым З. Сейітжанов «Қазіргі айтыстың тақыптық-идеялық және жанрлық ерекшеліктері» мақаласында да орынды атап көрсетеді: «Қарсыласына ілтипат білдіре әдептен аспай отырып-ақ сын айтуға болады. Теледидарда өткізіліп жүрген айтыста кейбір ақындардың сөздерінен жадағайлық, қарабайырлық байқалып қалады. Кейде қарсыласының сауалына тиімді жауап қайтарудың орнына орағыта сөйлеуге бой алдырады. Мұндай қауқары жоқ жылтыр сөз ақынның дәрменсіздігін танытады, көпшіліктен де қолдау таппайды. Айтыс сауық-сайран үшін ғана болмаған. Оның тамашалық та, танымдық та мәні зор» [138, 20]. Десе де, өнерді өрге сүйреу мен жастарды ынталандырудың бір амалы – бүгінгі күннің бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, болашақ өткеннен де басым

болатынына сендіру. Айтыс әлемдік дәрежедегі әмбебап өнер шыңына көтеріле қоймас, бірақ түркі дүниесінде үстемдік ететін деңгейде жұмыстар мен шаралар жасалуы тиіс. Адам ақыл-ойының абсолюттік шамасы қанша жоғарыласа, дәстүр мен ментальді мәдениет те соғұрлым биіктейді. Сондықтан кеше мен бүгінді байланыстыру, айтыстың конструктивтік жағын көрсету сөз додасының маңызын арттырады. Е-айтыс қазақ халқының ұлттық құндылықтарына деген құрметін және шығармашылық нормаларды заманауи технология, әлеуметтік желі арқылы дамытуға деген ұмтылысын көрсетеді.

Қандай дәуір, қандай қоғам болмасын, айтыстың қоғамдық – әлеуметтік мәні терең болатын болса, оның идеалогиялық ықпалының да мол болатындығы белгілі. Айтыс өнерінің халыққа, қоғамға, уақытқа қызмет ете беретіндігін өмірдің өзі дәлелдеді. Айтыс өнерінің халыққа тәлім-тәрбие беру жолындағы рөлі ерекше маңызды. Оның негізгі ерекшелігі — белгілі бір тақырып аясында пікір алмасу арқылы мәселенің әр қырын терең талқылау. Айтыс ақындары өз өнерлерінде тек сөзбен ой жарыстыруды ғана емес, халыққа бағыт-бағдар беруді де мақсат етеді. Бір тақырыпты қайталай беру немесе ойды шиырлау айтыс табиғатына сай келмейді. Керісінше, айтыстағы ойдың тереңдігі мен өткірлігі ақын шеберлігін айқындайды.

Мемлекеттік идеология мен ұлттық құндылықтарды жеткізудегі орны ерекше. Айтыс шығармалары халыққа заманауи мәселелерді ұғындырумен қатар, елдің болашағына сенім ұялатып, ортақ мақсатқа жұмылуға шақырады. Әсіресе тәуелсіздік алған жылдардан бері айтыста елдің экономикалық дамуы, саяси тұрақтылығы мен бірлік идеясын насихаттау алдыңғы орынға шықты.

Айтыстың онлайнға ауысып, әлеуметтік желі, радио, түрлі сайттар арқылы өтуі интернеттің жоғары мүмкіндіктерін пайдаланып, түйткілді мәселелерді шешуге болатыны аңғартты. Сонымен қатар халықтың ықыласы артпаса кеміген жоқ. Онлайн айтыс дәстүрлі өнердің жаңа форматта дамып, сондай-ақ қазіргі заманның өзекті мәселелерін қозғауға тың мүмкіндіктер туғызды. Қазақ халқының мәдени мұрасы мен рухани өмірінде айтыс өнерінің алатын орны ерекше. Карантин кезеңінде ақындардың әлеуметтік желілер мен радио арқылы сөз қағыстыруы халықтың көңілін аулап, қоғамдағы түйткілді мәселелерді шешудің тағы бір жолын көрсетті.

Теледидар мен онлайн-айтыстың ерекшелігі теледидарда қырқылып-кесіліп берілсе, онлайн айтысты халық біртұтас тыңдайды. Десе де, онлайн-айтыстың бір кемшілігі суырыпсалып айтысатын болғандықтан басы артық сөздердің айтылып кетуі мүмкін. Ондай жағдайда оны кесіп, қырқып ала алмайды. Ал ол ел алдында үлкен дау немесе кереғар пікір туғызуы мүмкін. Сондықтан онлайн-айтысты ұйымдастырарда абай болған жөн. Отыз екі тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайтынын білсек, сөзден сүрінген ақынды келемеждеп, сағын сындыруға дейін апарады. Ақындар шығармашылық адамы болғандықтан әрбір сөзді жанына жақын алып, жүрегін жаралауы бек мүмкін. Сол себепті тыңдарманы бар ақын бақытты да бар ақын деуге болады.

Қоғамда болып жатқан түйткілді мәселелерді халық ақындардың аузынан естігісі келеді. Оларға үлкен сеніммен қарап, әлеуметтік жүк артады.

Айтыстың басты ерекшелігі – оның суырыпсалмалылығы. Айтыс ақындары өз заманының айнасы мен бет-бедері десек артық айтқандық емес. Олар қоғамда болып жатқан жылт еткен жаңалықты қалт жібермей, халықтың көкейіндегісін айта білді. Сондықтан да халық арасында бедел жинап, абыройлы болды. Карантин уақытында айтыс онлайн форматқа ауысса да, бұл ерекшелік пен талап сақталып қалды. Айтыс ақындарының әрбір сөзі халық жадында сақталып, жұрт көңіліне демеу бола білді. Онлайн-айтыстың тағы бір артықшылығы – оның кең аудиторияны қамти алуы, интернет арқылы бүкіл әлемге таралуы.

«Ықылым заманнан айтыс қазақ халқының сөз маржанын тергізіп, жиналған қауымның құлақ құрышын қандырып, тыңдаған есті құлаққа сөздің мәйегін сүзіп беретін өнердің бірегейі. Айтыс үнемі белгілі бір әуен және музыкалық аспаппен сүйемелденіп отырды. Ақындардың көбі айтыста өзіне домбыраны серік етті» [140, 269]. Ақындар айтысы қашанда өзінен бұрынғы дәстүрлерден сусындап, ұлттық аспабымыз домбыра аспабымен айтар әнін сүйемелдеп отырған. Айтыскер ақындар домбыра аспабын жанына серігі етіп, үнемі бірге алып жүрген. Түркі халықтары ұлттық аспаптарын ерекше бағалайды.

Әр тарихи кезеңнің өзіне тән әлеуметтік ерекшелігі, көпшіліктің танымы мен түсінігі, дүниетанымы мен ойлау жүйесі уақыт өте келе өзгеріп, барлық салада трансформациялану құбылысы болады. Ежелгі түркі мұралары мен кейінгі ақындар шығармашылығын салыстыруға болмас. Алайда, ең бастысы – түркі дәуірі мен қазақ хандығы кезеңіндегі әдеби туындыларда тілдік ерекшеліктер болғанымен, оларды біріктіретін мәселе – рух пен болмыс тұтастығы.

Сөз құдіретін түсінетін халық үшін сөзбен байланысты барлық өнер туындысы құнды да баға жетпес қазына. Қазақ халқы – табиғатынан әзілге, табанасты тауып сөйлеуге, астарлап сөйлеуге, көңілін ым мен ишаратпен білдіруге шебер халық. Олар осындай өшпес өнерді жан дүниесімен терең түсінген олар, айызы қана тыңдай да алады.

Біртұтас ұлтты белгілі бір мақсат пен мүддеге ұйыстыру – әрқашан өзекті мәселе. Бұл бағытта жазушы-ғалымдар мен қоғам қайраткерлері өз ойларын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы талай рет ортаға салды. Алайда олардың бастамалары көпшіліктің санасына терең сіңіп, қоғамды бір арнаға тоғыстыра алмады. Уақыт өте келе, экономикалық жағдай жақсарып, саяси тұрақтылық орнықты. Ұлттық идеология туралы пікірталастар да дәл осы кезеңде өрши түсті. Бірақ бүгінгі күні ұлттық идеологияның өзегін құрайтын, жұртқа рухани демеу болар құндылықтарды айқындау мәселесі шешімін таппай тұр. Мұндай құндылықтар ата-бабамыздан мұра болып қалған дәстүрлер мен санада, рухани білім мен мәдениетте, өнер мен ғылымда жатыр. Алайда сол асыл мұраларды жарқыратып көрсетіп, халыққа жеткізе білуге жігеріміз бен белсенділігіміз жетіспей жатқандай.

Түркі әлемінде рухани мәдениетті қалыптастырудың бір амалы – жаңа қоғамға трансформацияланған өнер түрлерін біріктіру және кең таралуына

жол ашу. Халықты көркемөнер мен тарихи-мәдени дәстүр жақындастырады. Әлем қазір күннен-күнге сәт сайын өзгеріс үстінде. Әлемнің креативті дамуы мен өзгеруіне сай көркем өнер мен рухани мәдениеттің трансформациялық өзгеруін де тез қабылдау керек. Түркі халықтарының рухани дәстүрі мен өнерінде алшақтық жоқ екендігіне зерттеу барысында көз жеткіздік. Сондықтан түркі бұқарасына танымал бекзаттық өнер айтысты дискурстық мәдени белгісі ретінде қарап, өнердің шығармашылық модификациясына кеңінен жол ашқанымыз дұрыс. Ол үшін қалыптасқан жыр додаларын жаңа форматтағы оқырмандарға жаңа кеңістік пен уақытқа бейімделген өнер түрлерін ұсыну және айтыс тыңдарманының мәдениет семиотикасына сай белсенді түрде әсер ету.

Қорыта айтқанда, бүгінгі жаңа технологиялық мүмкіндіктерге сай адамдардың қарым-қатынас түрі өзгерді. Бастапқы адам жадысы сақталса да, байланыс пен жеткізу формасы өзгеріске ұшырады. Сондай өзгерістер мен жаңалықтар айтыс өнеріне де әсер етіп, айтыстың фоникалық, поэтикалық мәні де жеткізу формасына қарай трансформацияланды. Уақыт пен кеңістіктің тарылуына байланысты виртуалды е-фольклоры қалыптасты. Сан алуан әлеуметтік желі арқылы онлайн айтыстың небір түрлері өткізіле бастады. Виртуалды желі қолданушылары айтысты онлайн-порталы арқылы сондай-ақ, Youtube арнасы, электронды пошта, телеграм әлеуметтік желісі, ватсап (whatsapp web), вконтакте желілері арқылы арнасын кеңейтіп келеді. Кешегі Құлмамбет айтысының үлгісі жетіліп, жаңғыра бастады. Оны қазақ, қырғыз, түрік және әзербайжан, башқұрт, қарақалпақ ақындары айтысынан аңғаруға болады. Тарау басында айтып өткеніміздей, башқұрт айтысы қазіргі уақытқа дейін «вконтакте» әлеуметтік желісінде өтуде. Ал қарақалпақ айтысы «Телеграм» әлеуметтік желісінде күнде болып жатыр. Осында айрықша атап өтуге болатын бір жағдай – аз халықтардың төл өнерін өлтірмес үшін жасап жатқан жанкештілігі. Аталмыш жайттар тарауымызда барынша талданып берілді.

Атадан келе жатқан саф өнерді көздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу – уақыт талабы. Өткені мен бүгінгіні жалғастырып келе жатқан ұлық өнер айтыс қай уақытта болсын халық жүрегінен орасан орын алып келеді. Ұлық өнерді халық сусап, тамсана тыңдайды. Трансформациялық сипат алған айтыс өнері ұлт мүддесі мен халық болмысын жырлауды әсте тоқтатқан емес. Әлемді қоршаған ментальді кеңістікте адамзатты ерекшелендіріп тұрған ұлық бейне бар. Ол – халықтық сана мен ойлау. Сондықтан зерттеу нысанымыз болып отырған түркі танымына ортақ айтыстан барынша түркілік тұтастық пен атамұралық сабақтастықты іздедік. Түркі халықтары айтыстарынан оны тапқанда, түбіміз бір түркі екендігімізді қуана жар салып, әр тарауда оны талдап, жүйелеп, жеткізуге тырыстық. Алдағы уақытта түркі халықтарында әлі күнге дейін сақталып, мүмкіндігінше жаңа сипат алып, дамып келе жатқан төл өнерімізді ұлықтау – бізге міндет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Халық ұғымында ата салт дәстүрімен байланысты туып, қанат жайып, трансформалық даму үстіндегі айтыс өнері – көне де көркем өнер түрі. Басқа фольклорлық шығармаларынан дараланып, айтыс жанры әлеуметтік сипат алды. Өйткені айтыс көркемдік, бейнелілік сипатымен қатар, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді көтеруімен халық арасында үлкен қолдауға ие болды. Сондай-ақ ақындардың суырыпсалмалық табанасты сөз шиырлау қасиеттері елді тәнті етті. Күні бүгінге дейін айтыс десе, делебесі қозбайтын қазақ кемде-кем. Айтыс – сонысымен де өміршең, бекзат өнер түрі.

Біз зерттеу жұмысымызда түркі әлеміне ортақ мұра айтыстың түрлері және оның трансформациялануы, е-фольклордағы айтыс жанрының өзіндік ерекшелігін саралай келе, біршама мәселелер қарастырылды. Жұмыста суырыпсалмалық өнер айтыстың тарихы мен зерттелуі жайында мағлұматтар беріліп, айтысқа қатысты ғылыми зерттеу жұмыстары жүйеленді. Ғалымдардың ғылыми сараптаулары басшылыққа алынып, еңбектеріне шолу жасалды. Түркі халықтары зерттеушілерінің ғылыми зерттеу еңбектеріндегі айтыс түрлеріне жасаған классификациясы назарға алынды.

Импровизаторлық өнердің жанрлық сипатына ғылыми пайымдар мен тұжырым жасаған ғалымдар еңбегін жүйелеп бердік. Түркі халықтарында айтыс өнерінің орны орасан екендігі зерттеушілер еңбегінде жоғары бағаланған. Аумақтық кеңістігіне қарамастан импровизарторлық өнердің тамырластығы мен біртұтастығын басшылыққа алынған зерттеу еңбектерінен аңғардық. Тарихы тереңге тартқан саф өнердің түркі халықтарына ортақ түрлеріне талдау жасалды. Айтыс ақындары бойындағы асыл қасиеттерді ескере отырып, өнерге тән синкретизм дәстүрінің ерекшелігі жұмыс барысында сарапталды. Бәдік пен жар-жардан бастау алған айтыс жалпыхалықтық сипат алып, ары қарай басқа түрлерінің дамуына ықпал етті. Айтыстың тарихи түрлері түркі халықтарының дүниетанымына сай ортақтығы ғылыми тұрғыда бағамдадық. Түркі елдерінің басынан кешкен тарихи-мәдени тіршілігі, әлеуметтік-қоғамдық, саяси және мәдени ортада өмір сүргендігі, олардың дүниетанымының ортақтығы жұмыс барысында қарастырдық. Түркі әлемінің саф өнері осы уақытқа дейін сабақтастықта дамып, рухани мұраның айрықша моделін жасады.

Ұланғайыр кеңістікті игерген түркілердің өнері де орасан зор. Ұзақ уақыт бойы бір-бірімен алмасқан өнер мен мәдениет ұрпақтар алдында өшпес мұра болып, түркілік өркениеттің өміршең болуына үлес қосып келеді. Айтыстың түрлері мен жіктеулерінде аса алшақтық жоқ. Олардың әр тарапта зерттеу нысанына алынғанымен бәрінде бір ортақтық бар. Ол – түркілік салтпен сабақтастықта дамуы. Сондықтан да айтыс барша түркі халықының тамырына мәңгі ажырамастай берік байланған. Сол себепті жұмысымыздың алдағы бөлімдерінде айтыстың түркі халықтарына ортақ түрлері мен қазірге дейін жалғасып келе жатқан сөз додасының үлгілерін жүйелеп, ұлттық менталитетіне сай түрлеріне талдау жасалды.

Жазба айтыс өнерінің кешегі қалыптасқан түрлерімен қатар жаңа заманға бейімделген трансформацияланған түрлері салыстырылды. Е-фольклорындағы айтыстың әдеби поэтикалық байланыстарын түркілік өркениеттің даму арналарымен трансформацияланған түрлері ғылыми пайымдалды. Интернет фольклорының түркілік руханияттан алатын орны мен танымдық-тағылымдық сипатына ғылыми тұжырым жасалды. Айтыстың бастапқы семантикалық мағынасы мен көркемдік формасының ұқсастығы сөз етіле отырып, айтыстың трансформациялық сипаты сараланды. Айтыстың синкерттік жанрлығымен қатар импровизаторлық, драмалық сипатына талдау жасалды.

Айтыс интернет сайттарында ғана емес, әлеуметтік желілерінен де маңызды орын алып келеді. Түркі халықтарында қазіргі кезеңге дейін әлеуметтік желі және түрлі интернет сайттары арқылы дамып келе жатқан е-фольклоры жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін мейлінше қолданып келеді. Бүгінгі жаңа ақпарттық қоғам бізге біршама тенденциялар мен кешегі классикалық жанрлардың түрленіп, айрықша сипаттағы әлеуметтік модельдік құрылымдарды ұсынып отырмыз. Бұл құрылымдар әдебиетке де инновациялық өзгерістер мен жаңа поэтикалық даму мүмкіндігін белгілеп беріп отыр.

Біз осы әлеуметтік жаңашылдықтың ішінен е-фольклор айрықша дамып келе жатқанын атап айтқымыз келеді. Жедел хабарламалық ақпараттарды тез қабылдап, бүгінгі электронды ресурстар арқылы қарыштап дамуын қанша жерден сынға алсақ та, жаңа буынның әлемді тануы мен қабылдауынан тыс қалмауымыз шарт. Сондықтан келер ұрпақты алдымен төл өнермен сусындатып барып, үлкен өмір тезіне салған орынды. Технологиясы қарыштап дамыған заманда қазіргі жас өркеннің ойлау жүйесі мен қабылдауына әсер ету оңай емес. Десек те, мүмкіндігінше айтыстың жазбаша түрдегі дикурс, диалогын жалғастырған дұрыс. Осы шарттарды басшылыққа ала отырып, түркі әлеміндегі жазбаша е-фольклордың қазіргі көрінісі жайлы осы тараушада талдап бердік. Кешегі сауырпсалмалық өнердің трансформацияланған хат түріндегі жазбаша айтыстар мен интернет-айтыстарға тоқталып, айтыс арнасының кеңейгенін нақты деректермен пайымдау жасадық. Алдағы тараушада е-фольклорының уақыт пен кеңістіктің жаңа даму сатыларына сай белең алған трансформациялануы сөз етілді.

Бастапқы адам жадысы сақталса да, байланыс пен жеткізу формасы өзгеріске ұшырады. Сондай өзгерістер мен жаңалықтар айтыс өнеріне де әсер етіп, айтыстың фоникалық, поэтикалық мәні де жеткізу формасына қарай трансформацияланды. Уақыт пен кеңістіктің тарылуына байланысты виртуалды е-фольклоры қалыптасты. Сан алуан әлеуметтік желі арқылы онлайн айтыстың небір түрлері өткізіле бастады. Трансформациялық сипат алған айтыс өнері ұлт мүддесі мен халық болмысын жырлауды әсте тоқтатқан емес. Әлемді қоршаған ментальді кеңістікте адамзатты ерекшелендіріп тұрған ұлық бейне бар. Ол – халықтық сана мен ойлау. Сондықтан зерттеу нысанымыз болып отырған түркі танымына ортақ айтыстан барынша түркілік

тұтастық пен атамұралық сабақтастықты іздедік. Түркі халықтары айтыстарынан оны тапқанда, түбіміз бір түркі екендігімізді қуана жар салып, әр тарауда оны талдап, жүйелеп бердік.

Зерттеу нәтижелері мынадай тұжырымды мәселелерді айқындап алуға мүмкіндік берді:

Біріншіден, түркі халықтарының тамыры терең әдебиеті мен мәдениеті өзара сабақтас екендігін атап өткен орынды. Түркі әлемінің өмір сүру дәстүрі мен мәдени салттық тұрмыс-тіршілігі тамырлас. Айтыстың тарихи-генетикалық, халықтық сипат алу тұрғысынан да тармақтас сипатқа ие. Екіншіден, түркі халықтары фольклорында орын алып келген айтыс түркі руханиятында тарихи-генетикалық, типологиялық, классификациялық жағынан ұқсастығы бар екендігін зерттеу барсында көз жеткіздік. Үшіншіден, сөз бен әуені келіскен өнер құдіреті айтыстың даралығын айрықша атауға болады. Адамның ішкі әлемі мен жан дүниесіне әсер ете отырып, адамды өзіне баурап алатын қасиеті бар айтыстың өміршеңдігі – түркілік дәстүр тектестігінің көрінісі. Төртіншіден, айтыс өнері келелі бірнеше кезеңдерді бастан өткерді. Кешегі дәстүрлі айтыстың жалғасы болғанымен, замана талабына қарай трансформациялық сипат алып отырғанын да жұмыста атап өттік. Ақындардың туған және тұрған ортасына қарай әр жердің мақамы мен сөз саптау мәдениеті болғанын жұмыстың арнайы тарауында көрсеттік. Бесіншіден, барлық түркі халықтарының бастан кешкен дәуірі мен дәуреніне қарау айтыс тұтастай трансформациялық сипат алып, саяси-әлеуметтік, көркемдік жағынан арнасын кеңейтті. Мәселен, кешегі әлемде болған вирустық-эпидемиялық жағдайға байланысты жазба айтыстың әлеуметтік желі арқылы айтысу түрі пайда болғанын атап өтуге болады. Сондай-ақ е-фольклоры пайда болып, түркілік байланыстың арнасы кеңейді.

Айтыс мәтіні мен түркі руханиятына ортақ өнердің текстологиясы алдағы уақытта талай ғылыми жұмыстардың зерттеу нысанына айналары сөзсіз. Келелі ғылыми зерттеу нәтижелері түркі халқының көнеден келе жатқан саф өнерінің даралық сипатын танытады. Айтыс – қазақ халықының ғана емес, туыстас түркі әлемінің қайталанбас, өшпес мұрасы. Түркі бұқарасы мен руханияты тұрғанда айтыс әрдайым трансформациялық сипат ала отырып, дамиды және өрісі кеңейеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тоқаев Қ.К. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2023 жылдың 3 қарашасында «Түркі мемлекеттері ұйымының X саммитінде» сөйлеген сөзі. https://www.akorda.kz/kz/turki-memleketteri-uyymynyn-x-cammiti-otti-3103641

2 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 569 б.

3 Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибирии Джунгарской степи. Часть 3, – Санкт-Петербург: СПб, 1870. – 737 с.

4 Диваев Ә. Тарту. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 256 б.

5 Көпейұлы М.Ж. Қазақ фольклоры: ауыз әдебиеті үлгілері. – Алматы: Ел-шежіре, Т.3, 2006. – 296 б.

6 Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. – Алматы: Жалын, 1979. – 269 б.

7 Рычков Н. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степи. – Санкт-Петербург: Академия наук, 1772. – 104 с.

8 Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдеби қолжазбалары. – Қызылорда: Қазақстан, 1931. – 152 б.

9 Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: ҚҚӘБ, 1956. – 298 б.

10 Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аударғанлар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

11 Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.

12 Әуезов М. Айтыс өлеңдері. /Айтыс Т.2. – Алматы: Жазушы, 1965.

13 Әуезов М. Совет ақындарының айтысы./Айтыс. Т.3. Алматы: Жазушы, 1966. – 620 б.

14 Мұқанов С. Айтыстар туралы. /Айтыс. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1965.

15 Жумажанов К. Фольклорная и индивидуальная традиция в акынской поэзии. – Алма-Ата, 1984. – 275 с.

16 Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұраттас, 2001. – 293 б.

17 Құсманова К.А. Мәдениеттегі ұлттық стереотип: айтыстың лингвистикалық сипаттамасы. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 290 б.

18 Асанов К.Д. Айтыс өнерінің публицистикалық сипаты. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 292 б.

19 Қойлыбаев Ш.С. Қазіргі айтыстың идеялық-көркемдік өзгешеліктері: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана: ЕҰУ, 2009. – 169 б.

20 Имашев Б. Айтыстағы сатира мен юмор: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана: ЕҰУ, 2006. – 149 б.

21 Таштемиров Ж. Токтогулдун айтыштарынын өзгөчөлүктөрү. – Фрунзе: Адабият, 1989. –100 б

22 Байходжоев С. Эл ырчысы Калык. – Фрунзе: КСИА, 1960. – 311 б.

23 Байходжоев С. Османкул ырчы. – Фрунзе: Илим, 1964. – 196 б.

24 Бапаев Х. Кыргыз-казак, кыргыз-өзбек адабий байланыштары. – Фрунзе: Кыргызстан, 1975. – 312 б.

25 Турдугулов А. Акындык поэзиянын көркөмдүк табияты. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Бишкек, 2010. – 259 б.

26 Кебекова Б. Кыргыз ел ырчыларынын тарыхынын очерктери. – Бишкек, 2009. – 346 б.

27 Кебекова Б. Кыргыз, казак фольклордук байланышы. – Фрунзе: Илим, 1982. – 260 б.

28 Көлбаева М.К. Айтыш өнөрүнүн табияты. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Бишкек, 2015. – 265 б.

29 Ирисов П. Кыргыз айтыштарынын жанрдык өзгөчөлүгү. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Бишкек, 1971. – 160 б.

30 Эшиев А. Акындар поэзиясы: эволюциясы, интегративдик тенденциясы, типологиялык процесстер. – Бишкек, 2011. – 321 б.

31 Садыков А. Борбордук Азия өлкөлөрүнүн адабияты (тажик, өзбек, казак адабияты). – Бишкек, 2011. – 113 б.

32 Обозканов А. Төкмөлүктүн башаты, калыптану этаптары жана синкреттүү табияты. – Бишкек: Шам, 2006. – 264 б.

33 Обозканов А. Калык Акы уулунун көп кырдуу чыгармачылык өнөрканасы. – Бишкек, 2000. – 196 б.

34 Жусупбеков А. Жеңижоктун чыгармачылык өзгөчөлүгү. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Бишкек, 2012. – 150 б.

35 Бегалиева Н. Арстанбектин чыгармачылыгында эл тагдыры жана доор маселеси. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Бишкек, 2011. – 150 б.

36 Алимов У. Кыргыз айтыштары. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Измир, 2010.

37 Қарақалпақ фольклоры. Т.11. Айтыс. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1982. – 301 б.

38 Yakıcı A. Ozan Dili Çevik Olur: Âşık Edebiyatı Yazıları. – Ankara, 2009. – s.315

39 Elçin Ş. Halk Edebiyatı Araştırmaları, 2. Baskı. – Ankara, 1997, s.674.

40 Köprülü M.F. Saz Şairleri, 3.baskı. – Ankara, 2004, s.726.

41 Aydın O. Günümüz Aşıklık Geleneğinde Atışma ve Atışma Örnekleri. – Анкара, 2010. – 670 s.

42 Sargın H. Çankırı âşıklık geleneği ve çankırlı âşık durmazî (Bilâl Durmaz). – Анкара, 2011. – s.340.

43 Artun E. Âşıklık Geleneği ve Âşık Edebiyatı, – Ankara. – 2001.

44 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі (Диван-и Лұғат-ат Түрік). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 178 б.

45 Günay U. Türkiye'de Âşık Tarzı Şiir Geleneği ve Rüya Motifi. – Ankara, 1999. – s.292.

46 Özarslan M. Erzurum Âşıklık Geleneği. – Ankara, 2001.

47 Yıldız N. Aytışlar ve atışmalar. // KutBilim Journal of Social Sceinces and Arts, e-ISSN: 2791-6340 Vol.1, No.1. 2021.

48 Çapraz E. Söz söyleme yarıaşında yenilmezliğin bir başka boyutu: Develili seyrânî ile molulu rev âî arasında bir mektuplu atışma. – Ankara: Türk Kültürü, 2014. – s.319.

49 Eke M. Geçmişte Yapılan Âşık Atışmalarının Günümüzdeki Görünümü. //Acta Turcica Çevrimiçi Tematik Türkoloji Dergisi, II/1, Ocak 2010.

50 Doğan K. Ansiklopedik Türk Halk Edebiyatı Terimleri Sözlüğü. – Ankara: Akçağ Yay, 2007.

51 Султангареева Р.А. Башкирский фольклор: семантика, функции и традиции. Т. 1: Миф. Обряд. Танец. Сказительство. Шаманский, религиозный, музыкальный фольклор. Современные традиции. – Уфа: Башкирская энциклопедия, 2018. - 520 с.

52 Хусаинов Г.Б. Древние башкирские письменные памятники // История башкирской литературы. – Уфа, 1990. – Т. 1. – 280 с.

53 Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. – Москва: Наука, 1974. – 571 с.

54 Баимов Б.С. Творчество баксы // Шонкар, – 1993. – № 1. – 85 с.

55 Киреев А.Н. Башҡорт халыҡ ижады. Студенттар өсөн уҡыу әсбабы. – Өфө: БДУ, 1981. – 232 с.

56 Булякова Г. М., Аминева З. Р. Кто скажет, что он не сэсэн… (Школа сэсэнства юго-восточного региона Башкортостана на современном этапе). – Уфа: Гилем, 2012. – 212 с.

57 Бурангулов М. Завещание сэсэна. – Уфа: Литературно-художественное издание, 1995. – 352 с.

58 Утарбаева З.Р., Килмухаметов Т.А., Ишимбаева Г.Г. Художественные особенности жанра айтыш в творчестве башкирских сэсэнов. // Вестник Башкирского университета. 2016. Т. 21. – №4

59 Aşıqlar. – Bakı, Azərnəşr, 1935. – s.263; Aşıqlar. – Bakı, Azərnəşr, 1937. – 523 s.; Aşıqlar. – Bakı: Azərnəşr, 1938. – 489 s.; Aşıqlar. – Bakı: Azərnəşr, 1936. – 437 s.; Aşıqlar. – Bakı: Gənclik, 1970. –108 s.

60 El şairləri. – Bakı: Azərnəşr, 1935. – 209 s.; El şairləri. – Bakı, Azərnəşr, 1935. – 482 s.

61 Təhmasib M.H. Azərbaycan xalq dastanları (orta əsr lər), – Bakı: Elm, 1972. – 397 s.

62 Həkimov M. Bayatılar. – Bakı: ADPU, 1991. – 101 s.; Azərbaycan aşıq ədəbiyatı. – Bakı: Yazıçı, 1983, 240 s.; Azərbaycan aşıq şer şəkilləri və qaynaq ları. – Bakı, Maarif, 1999. – 276 s.; Azərbaycan xalq dastanları, əfsanə- əsatir və nağıl

deyimləri. – Bakı, Maarif, 1999. – 296 s. Haqq aşığı Dədə Şəmşir. Bakı, Dünya, 2004. – 157 s.

63 Vəliyev V. Azərbaycan folkloru. – Bakı, Maarif, 1985. – 414 s.

64 Namazov Q. Aşığın sazı və sözü. – Bakı, Yazıçı, 1980. – 155 s.; Azərbaycan aşıq sənəti. – Bakı, Yazıçı, 1983. – 192 s.; Namazov Q. Aşıqlar, I k., – Bakı, Səda, 2004. – 444 s.

65 Кәрібаева Б. Ғылымдағы жанкештілік үлгісі. //Ана тілі газеті, 2008. – №52)

66 Жирмунский В.М. Среднеазиатские народные сказители. – Москва: ИГВО, Т.78, 1947. – 416 с.

67 Сыдыкбеков Т. М.Қашқари – орта ғасырдағы түркі ойшылы. – Бишкек, 2011. – 229 б.

68 Тұрсынов Е. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау. – Астана, 1999. – 214.

69 Әуезов. М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.

70 Сыдиқов Қ. Ақын жыраулар. – Алматы: Ғылым, 1974. – 240 б.

71 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 304 б.

72 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Жазушы, 1938.-154 б.

73 Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: ҚҚӘБ, 1956. – 340 б.

74 Мухаммадиев Р. Аския. Острословие жанр узбекского народного творчество. /Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферати. – Ташкент, 1961. – 29 с.

75 Носиров С. Творческое и исполнительское мастерство в узбекском народном творчество. /Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Ташкент, 1990. – 240 с.

76 Давқараев Н. Очерки по истроии дореволюционной Каракалпакской литературы. – Ташкент: НАН Узб., 1959. – 222 с.

77 Каташ С.С. Специфика жанров Алтайского фольклора. /Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Ташкент, 1987. – 263 с.

78 Hüseynzadə T. Aşıq deyişmələrinin poetikası. – Bakı: Gənclik, 2017. – 312 s.

79 Nəbiyev A. Azərbaycan Xalq ədəbiyyatı. – Bakı: Elm, 2009. – 611 б.

80 Qasımlı M., Allahmanlı M. İzahlı aşıq ədəbiyatı sözlüyü. – Bakı, 20197 – 224 s.

81 Aslanoğlu İ. Özel Görüşme. – İstanbul: Göztepe, 1993.

82 Artun E. Âşıklık Geleneği ve Âşık Edebiyatı Terimleri Üzerine Bir Deneme, Adana: Adana Halk Kültürü Araştırmaları, 2000.

83 Çırakman H. Halkın Sesi Halk Ozanları, – Ankara, 1975.

84 Майтанов Б. Әдебиеттер достығының жыршысы. /Ғалым мұраты, – Түркістан, 2004.

85 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2013. Т. 93: Магиялық фольклор. – 432 б.

86 Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. 1 кітап. –Қызылорда: Қазақстан, 1932. – 234 б.

87 Ercilasun A.B. Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Sözlüğü. – Ankara 1991. – 1183 s.

88 Абылқасымов Б. Бәдік // Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. – Алматы: ҚАЗақпарат,2008. – Т.1. – Б. 192-198.

89 Mirvaliev S. O‘zbek adiblari. – Toshkent: Yozuvchi, 2000. - 320 b.

90 Nəbiyev A. Azərbaycan Xalq ədəbiyyatı. – Bakı: Elm, 2006. – 685 s.

91 Диваев А. Несколько слов о свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области. Казан, 1900. – 225 с.

92 Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы: Ғылым. – 1976. - 168 б.

93 Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 288 б.

94 Татар фольклорының жанрлары. – Казан, 1978. – 140 б.

95 Узбек халқ ижады. Тошкент: Фан, 1967. – 200 б.

96 Nəbiyev A. Azərbaycan Xalq ədəbiyyatı. – Bakı: Cıraq, 2009, – 640 с.

97 Матыжанов К. Жар-жар. /Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2008. –Т.1. – Б.89-98.

98 Имашев М. «Біржан - Сара» айтысындағы өмір шындығы және оның көркемдік, текстологиялық ерекшеліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1992. – 150 б.

99 Әуезов М. Айтыс өлеңдері // Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1948. – Т.1. – 266 б.

100 Artun E. Türk Halk Edebiyatına Giriş. – İstanbul: Kitabevi Yayınları, 2004. – 296 s.

101 Kafkasyalı A. Mikâyıl Azaflı. – Erzurum, 1996, - s.375.

102 Turan H.A. Sazın Sözün Sultanları. C:1, – Ankara s. 436

103 Aslan E. Çıldırlı Âşık Şenlik Hayatı Şiirleri ve Hikayeleri, – Ankara 1975, s.217

104 Қарақалпақ фольклоры. Т.12. Айтыс. Нөкис: Қарақалпақстан, 1982. – 367 б.

105 Алтай албатынынг қожондары. Горно-Алтайск, 1972. – 198 б.

106 Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 200 б.

107 Халық ынийылары. Әйтештәр. – Башкортостан: Стәрлетамак – 2015. – 568 б.

108 Будақ Ф. Қазақстан: өткені, бүгіні мен ертеңі. – Анкара, 2000. – 314 б.

109 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.64: Жұмбақтар. – Астана: Фолиант, 2010. – 432 бет.

110 Қазақ өнерінің антологиясы. Айтыс. Т. I. (Кеңестік кезеңге дейінгі айтыс). – Астана: Күлтегін, 2014. – 400 б.

111 Қазақ өнерінің антологиясы. Айтыс. Т. II. (Кеңестік кезеңге дейінгі айтыс). – Астана: Күлтегін, 2014. – 400 б.

112 Айтыс. – Алматы: Жазушы, 1965. – 2 т. – 664 б.

113 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: ҚазМем оқу –педогогика баспасы, 1964. – 344 б.

114 Төреқұлов Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: Қазақстан, 2001. – 592 б.

115 Әбдіхалықова Л.М. Сыр сүлейлерінің жазба айтысы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана, 2004. – 129 б.

116 Нұриманов Б.Т. Студенттер мен жас ғалымдардың «Ғылым және Білім – 2013» атты VIII Халықаралық ғылыми конференциясының мақалалар жинағы. Астана, 2013. – 341 б.

117 Turan F.A. Sazın Sözün Sultanları**.** C:1, – Ankara, 2008. – 336.

118 Қазақтың халық творчествосы. –Алматы: Ғылым, 1989.- 416 б.

119 Айтыс: Балғынбек Имаш пен Элмирбек Иманалиевтың айтысы https://www.youtube.com/watch?v=jMuzGhB9JL4

120 Айтыс: Бауыржан Халиолла мен Балғынбек Имаштың айтысы https://abai.kz/post/2576. (Интернет-айтыс: Бауыржан мен Балғынбек (abai.kz)).

121 Нұриманов Б.Т., Кішкенбаева Ж., Küresel salgln (covıd-19) sürecinde Kazakistan'da aşık atışmaları ve salgınla ilgılı şırılerın incelenmesi./ Millî Folklor, 2021, Yıl 33, Cilt 17, Sayı 129. – 102 б.

122 Быстрова К.В. Интернет как современный ареал бытования сказки. // Филолгия и человек. №1. 2009. – 110 с.

123 Айтыс: Мейірбек Сұлтанхан мен Шалқарбай Ізбасаровтың айтысы https://youtu.be/gd5MKwtCTTc

124 Онлайн айтыс. Мейірбек Сұлтанхан мен Шалқарбай Ізбасаровтың айтысы https://youtu.be/WprD9PKTkpM

125 Айтыс: Бекарыс Шойбеков пен Айбек Қалиевтің айтысы https://www.youtube.com/watch?v=FK4-xXOcq9U

126 Айтыс: Мақсат Аханов пен Айым Маратбекованың айтысы. https://www.youtube.com/watch?v=ZZaMFcwDsZ8

127 Мақсат Аханов пен Әсем Ережеқызының айтысы https://www.youtube.com/watch?v=3ECSXFJ7t_w

128 Мақсат Аханов пен Жансая Мусинаның айтысы https://www.youtube.com/watch?v=z34DqFbUakY

129 Балғынбек Имаш пен Айнұр Тұрсынбаеваның айтысы https://www.youtube.com/watch?v=PK0MPZEmZ2g

130 Айтыс: Балғынбек Имаш пен Айнұр Тұрсынбаеваның айтысы https://www.youtube.com/watch?v=CJuhEAUBvMs

131 Башқұрт айтысы: https://vk.com/topic-162654874_37548763?offset=20

132 Онлайн айтыс. Дарханбаева М. https://el.kz/aitys_online_zamanaui_onerdin_zhana_zhanri_27091/

133 Онлайн айтыс. Aitys ONLINE | ВКонтакте (vk.com)

134 Әшірбаев Б. Қазіргі ақындар айтысы және әлеуметік өмір. // Хабаршы. Журналистика сериясы №5, Алматы, 1999.

135 Қарақалпақ айтысы. Телеграм әлеуметтік желісінде: https://tgstat.com/ru/channel/%40qaraqalpaqaytis

136 Асылбеков А. Жар-жар. https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/music/799/

137 Şahin S. Ozanlık Gelenekleri ve Doğulu Saz Şairleri. – Ankara: Yorum Matbaacılık Sanayii, 1983. – 394 s.

138 Сейітжанов З.Н., Мекебаева Л.А., Нуртазина А.О. Қазіргі айтыстың тақыптық-идеялық және жанрлық ерекшеліктері. /Керуен. №4, 77-том, 2022. – 330 б.

139 Orakova L. Performans Teori'nin Aytislara Uygulanmasi ve Konisbay'in Sinbolat'la Yaptigi Aytista Soleyici Genel Dinleyici. Bilig Journal. 2014. – 280 p.

Қосымша

Алматы қаласында өткен Республикалық «ASSYL DOMBRA» - 2022 ақындар айтысы

Қазақстанның халық ақыны, әділқазы мүшесі Асия Беркенова

Қ.Жалғасбаева: *Сәлеметсіз бе, айтыстың талай дәуірін көріп келесіз. Жалпы салыстырмалы түрде сіздің пікіріңізді білсек.*

Асия Беркенова**:** Мен ойлаймын, 80- жылдардағы айтысты XXI ғасырға жетізген лек Әселхан, Қонысбай, Қатимолла, Манап Көкенов, Көкен Шәкиев әкелген ісін бері қарай жалғастырып, айтыстың нағыз суырып салма үлгісін реанимацияладық десекте болады. XIX ғасырдағы қазақ айтысының үлгісі қолма- қол суырып салма айтыс болса, бізден кейінгі келгендер кезіндегі үгіт насихат болып кетті. Одан кейін, келген лектерге жыраулық дәстүрді айтыспепенен өрді деп айтуға болады. Мен бір жігітпенен айтысқанда (атын айтпай ақ қояйын) айтыс кезінде өзінің айтысып отырғанын ұмытып кетіп, өсиет сөздерді, толғауларды, айтып кеткен болатын. Сонда бір айтқаным бар:

Өзіңнен күтіп едім құнарлы ағын
Қашанда төкпе жырға құмар жаным.
Жібекті кендірменен қақ ұрғандай
Айтысты термеменен жұмарладың.

Содан кейін «Бес ғасыр жарлайды» кітабын жаттап айту сол кезде бір дәстүрге айналған болатын. Сол үгіт насихат толғаулық сипаттағы айтыстар белең алды. Оның да өзінің әкелген өкілдері бар. Халық оларды «ойпырмай мынау бір сұңғыла екен, шешен екен- деген сияқты қабылдады. Бірақ оның арғы жағында әркімнің оқитын бір негізі болады ғой, сол Бес ғасыр, Алты ғасырдағы Тұрмағамбет, Балқыбазар сияқты жыраулардың өсиеттерін елге таратты. Оны жаман деп айта алмаймын. Ол да халыққа ой салатындай өмірлік қағидаға айналды.

Қ.Жалғасбаева**:** *Қазіргі таңда айтысты көп ұйымдастырып жүр. Соған көзқарасыңыз қандай?*

Асия Беркенова**:** Мектептерде оқушылар айтысы деген өтірік айтыстар қаптап кетті қазір. Өздері шала-пұла ұйқастырып жүрген ақынсымақтар қаптап кетті. Жалпы ақындардың қаптап кетуі мүмкін емес нәрсе. Ақындық ол табиғаттың таланты, дарыны болған кезде шынайы нақты болып қана шығуы керек. Ал қолдан жасап алып айтысқан талайлар орта жолды қалды. Мақтанды демеңіз, 80-жылдары мен, Әселхан, Шолпан Қыдырниязова, Жұмаш

Оспанбекова сынды жеті-сегіз жас келіншектер шықтық. Соның ішінен Әселхан екеуміз ғана қалдық. Қазір өкінішке орай, айтыстың салмағы жеңілдеп кетті.

***Қ.Жалғасбаева*:** *Пікіріңізге рақмет.*

2. Айтыскер ақын Мұхтар Нияз

***Қ.Жалғасбаева*:** *Айтыстың бүгіні мен өткенін салыстырсақ, даму басым ба? Жалпы айтыстың хәл- ахуалы қандай?*

***Мұхтар Нияз*:** Оны салыстыру үшін, екі заманды салыстыру керек. Сол екі заманның сұраныстары бірдей болса, онда ақындарына да бірдей талап қойылады. Өкінішке орай, біз екі түрлі қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Кешегі сіз айтып отырған ақындарымыз, олар көшпелі дәуір әдебиетінің адамдары. Түрлі қоғамдың формасының ауысуының тұсында зар-заман ақындары болсын, басқа ақындар болсын сол елдің басына түсіп тұрған нәубетті, бейнетті, келіп тұрған қиындықтардың барлығын алдын алып ұрпақты сақтандырып өз өзімізбен ел болайық, өзіміздің іргемізді орнатайық, деген секілді үлкен - үлкен армандарың жетегінде кетті. Ал қазір, сол күндердің көбісі қолымызға түсті. Олар армандаған жемістің көбісі бақшамызда пісті. Ә.Кекілбаев айтқандай: «Қазаққа бодандықтың сынағынан бостандықтың сынағы ауыр» деп, өйткені чемпион болу оңай, оны сақтап тұру қиын. Тәуелсіз болу да оңай емес, бірақ салыстырмалы түрде оңай болуы мүмкін. Оны сақтап тұрғаннан. Сондықтан да қазір мемлекет басшылары босын, қоғам қайраткерлері болсын халықтың ішіндегі жанашырларымыз болсын барлығы әр түрлі мамандық иелері әр түрлі жағынан келгенмен барлығы ортақ бір мақсат, бір мүдде. Ол елдің амандығы, халықтың болашағының жарқындығы, елдің қарынының тоқтығы, эканомикасының дұрыстығы, еліне деген үлкен сенімі. Осы айтыстың да ішінде өзінің бүр жарып халыққа үлкен бір ой тастап отырады. Себебі, біз идеямен өмір сүретін халықпыз. Жалпы адамзат баласында жарқын күнге деген ұмтылыс бар. Сол ұмтылыстарды жоғалтып алмай, өзін- өзі жоғалтып алмай жүрсе, егер олардың бәрінің қызығы таусылып қалса, түрлі депрессиялар басталуы мүмкін. Сондықтан біз әр түрлі жолдармен ертеңге деген үмітпен үлкен бір өткенімізді саралай отырып, тарихымыздан сабақ ала отырып, жарқын күнге қарай жүруіміз керек деп ойлаймын.

***Қ. Жалғасбаева*:** *Айтыскер ақынның негізгі миссиясы қандай?*

***Мұхтар Нияз*:**Айтыскер ақынның негізгі миссиясы мына жерде жазылған деген ешқандай сөз жоқ. Бірақ, мен ойлаймын тек қана өнердің өкілі болып қалмау керек. Кез келген өнердің өкілі сол қоғамның қайраткері болады. Айтыскер ақынның бойында бірнеше қабілет бар. Отбасылық деңгейде емес, отандық деңгейде үлкен парасаттылықпен қарайтын адам бола алуы керек деп ойлаймын.

***Қ.Жалғасбаева*:** *Алдыңғы буын ағалардан кімдерді үлгі тұтасыз?*

***Мұхтар Нияз*:** Бізде аллаға шүкір айтыстың үлгілері өте көп. Ол жағынан біз кенде емеспіз. Ең супер додаларда топ жарған Аманжол, Бекарыс, Мелс, Бауыржан, Мұхаммеджан, Дәулеткерей, Балғынбек, Бекжан Әшірбек тағы да басқа ағаларымыздың қай қайсысы болсын бір-біріне ұқсамайтын бір-бір төбе. Сондықтанда біреудің көлеңкесі болғаннан өзің болғаны жақсы ғой. Соларға еліктейміз. Бойларындағы жақсы қасиеттерді алып, ұстаз тұтамыз. Өзімізден өткізу арқылы, кейінгі ұрпақты сол арқылы тәрбиелеп кетсек, ұрпақтың сабақтастығы да айтыста сақталады деп ойлаймын.

Қ.Жалғасбаева: *Сөзіңіз халықтың жүрегіне жету үшін нені ескеру қажет?*

***Мұхтар Нияз*:** «Өзі адам жаспен есеймейді, жауапкершілікпен есейеді» - дейді ғой. Халықтың жүрегіне жету үшін адам өзі сол нәрсені шынымен уайымдап, Абай атамыз айтқандай: «Жанбай айтпаймын ерін сөзін» дегендей мәселе соның жан жүрегіңмен қалап айттың ба, жоқ әлде халық маған қол ұрып сол сәтте өзімді бір бақытқа кенелейін деп айттың ба,,, екі нәрсенің ара жігін айыра білу керек. «Атқа мінгенің ажалға мінгенің» - дейді, жауапкершілікті ұстап, осы сахнаға көтерілдің ба сенің мойныңа қаласаң да қаламасаң да жауапкершілік ілінеді. Сол жауапкершілік арқылы мына отырған халықты танымайтын шығармыз бірақ халық бізді таниды және жанұямыздың бір бөлшегі сияқты тілекшіміз болып отырады. Сондықтан сен танымаған адамың үшін оларды пайдалануға болмайды. Керісінше жанұяңа, өзіңе қандай нәрсе тілейсің жалпы «елде болса, ерніңе тиеді» дегендей айтыссүйер халық болсын жақтырсын жақтырмасын біз барлығына тек елдің амандығын, тыныштығын тілейміз.

***Қ.Жалғасбаева*:** *Қазіргі таңда айтыс сыншылары бар ма?*

***Мұхтар Нияз*:** Айтыстың белгілі бір сыншысы келіп отырмағаннан кейін өткендегі сөзін айтуы мүмкін немесе ұйқаспайтын сөзін айтуы мүмкін. Немесе әдемілік үшін, ішкі мазмұнын сақтамай айтуы мүмкін. Жалпы поэзия ақындары болсын кез - келген өнердің түрі сыншылардың қаламын есептеп

отырып солардың қабағын есептеп отырып (халық ол өзінше сыншы ғой) сыншылардың ішінде күреңбай көз сыншылары әр өнердің жілігін шағып беретін сыншыларға зәру. Айтыс тап кәзіргі кезде жанашырларым айтыс ұйымдастырып жүрген ұйымдастырушыларға айтар едім, тек қана ақындарды, қазыларды емес, осы айтыстың сыншыларын да алып жүрсе, айтыстың дамуына бұл да үлкен септігін тигізеді деп ойлаймын.

Қ.Жалғасбаева: *Сұқбатыңызға рақмет!*

3. Айтыс ақыны Арғынбек Қалбаев Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласынан «Асыл домбыра-2022» айтысының финалисті

Қ.Жалғасбаева**:** *Бүгінгі айтыстан алған әсеріңізбен бөліссеңіз.*

Арғынбек Қалбаев**:** Бүгінгі айтыстың ерекшелігі сахнада тұрып жеребемен тартып қарсыластың кім екенін білу. Бұл таза әділдік деген сөз. Айтыстың табиғатын бұзбай бұрынғы көне айтыстың сарыны қайтып келгендей. Бұрын басқа айтыстарда кіммен айысатынымыз алдын ала белгілі болатын. Осы «Асыл тас» компаниясының ұйымдастыруынан кейін қарсыласыңды сахнада жеребе арқылы білу жүйесін енгізді. Жүрсін ағамыздың өзі осы жүйені қолдап, жасандылық, жаттандылық болмасын шынайы түрде сахнада суырып салу өнерін көрсетсін деді. Бұл жерде айтыстың жаңа серпін алып жатқанын байқаймыз.

Қ.Жалғасбаева**:** *Ақындық қасиет сізге кімнен дарыған?*

Арғынбек Қалбаев**:** Жалпы өзім мамандығым мұнайшы. Айтыс өнері маған қанмен келген деп айта аламын. Аталарым ақын болған. Маңғыстауда белгілі Жорық деген жырау өткен. Махамбет, Исатай батырлар заманында өмір сүрген жорық жырауы Қалнияз Шопыұлы деген өткен. Сол кісінің тікелей ұрпағы болып келеміз. Оның бержағында Өмірзақ Қалбай деген Адайдың қала берді Алаштың шежіресін жазған Өмірзақ Қалбайұлы дейтін менің өзімнің туған атам болады. Сол кісілердің қанымен келіп жатқан өнер шығар деп ойлаймын.

Қ.Жалғасбаева**:** *Сұқбатыңызға рақмет!*

4. «Біржан-Сара ізімен» атты Алматы каналының телеажобасы 27.11.2022

а) Айтыскер ақын Рүстем Қайыртайұлымен сұхбат.

Қ. Жалғасбаева: *Бүгінгі қазақ айтысына көзқарасыңыз?*

Р. Қайыртайұлы**:** Сол бұрынғы айтыстың деңгейіне көтеріле алмай келе жатырмыз ба қорқамын. Өйкені бұрын айтыстар жалпы табиғи болатын. Сол табиғи айтысты поэзия қосып, көптеген тіркестер қосып, кісінің ойына келмейтін оқиға теңеулер қосып, ауырлатып алдық. Ауырған адамға антибиотик беріп, артынан ол адамға парацетамол берсең жазылмай қалатын сияқты халықтың талғамын биіктетіп алдық. Өзіміз үнемі сол талғамнан шыға алмай жатамыз. Біздің дертіміз осы. Әйтпесе, жұмбақ айтыс, қайым айтыс, өлі мен тірінің айтысы, қызбен жігіттің айтысы деген айтыстың түрлері өте көп. Біз соның тек қана сүре мен түре айтыс түрін ғана алып жүрміз. Ал енді басқа түрлерін жойып алдық десекте болады. Сұраған кезде болмаса айтыста ол мүлде жоқ. Ал енді, ең басты дүние айтысқа көзқарас жақсы. Жойылып кетті дейтіндей немесе мән бермей қоятындай деңгейде емеспіз. Кез келген облыста, республикада мәдениет министрлігінде жалпы айтыс деген сөз айтылып тұрады. Жылына бірнеше айтыстар өткізіліп тұрады. Айтыс көп өткізіліп жатқанымен кім айтысып жүргенін халық білмейді. Бұрын бір ақын шықса, екі айтыскер ақын танылатын. Қазір, он айтысқа шықса да ақындар танылмай жүр. Мен ол ақындардың өз кінәсі деп ойлаймын. Ерекшелікпен шықпаса, екінің бірі болып қалады. Қазір енді Жүрсін ағадан талап ете алмаймыз. Ол кісі жетер жеріне жеткізді. Айтысты түрлендіретін, заманға сай сәукеле кигізіп, заманауиландыру керек сияқты. Ол енді жеңілденді деген сөз емес, көрерменнің талабына сай айтысқа жақсы аудитория көрерменге дейін айтысқа қызығушылығын оятып, енді не болар екен деген сияқты түрлендіру керек. Бұрынғы Асия апайлар, Айнұр Тұрсынбаева кезіндегі айтыскерлер өз заманындағы міндеттерін атқарды. Қазіргі айтыс жастардың талғамына жауап бере алмай жатыр.

Қ.Жалғасбаева**:** *Қалай ойлайсыз, кейінгі жастардың кітап оқымауының кесірінен емес па?*

Р. Қайыртайұлы**:** Иә, дұрыс айтасыз. Сондықтан осы зиялылық, интелектілік төмендеп кетеді.Содан кейін бір көрініп танымал бола салсам деген жастарда ой бар. Ол мүмкін емес. Ізденіспен, үлкен интеллектпен зиялылықпен барып, жұртқа танылатын дүние ғой «Айтыс» деген. Сондықтан ақындар өздері ізденіске бармайды. Қайтсем осы сөзді қоғамға өткізсем деген. Мысалы, саудагерлер киімін саудалайды, машина жасайтындар машиналарының маркасын ауыстырып жұртқа ұсынады. Сол сияқты айтысты

да адам мойнын бұратындай жаңашылдық керек сияқты. Мүмкін біздің қолымыздан келмей жатқан болар, негізі бізге криативті заманауй ұйымдастырушы керек. Мен мысалы, Ринат Зайытовтан байқап жүрмін. Ол кісі айтыстар ұйымдастырып жүр. Өткен жолы «Жекпе жек», «Жастар айтысын» жасады. Соның өзінде ерекшелікке барғысы келеді. Әр ақынның серісі, салы, балуаны, мешкейі еріп жүрген сияқты бірнеше ел болып, ауылмен ауыл болып, аймақ пен аймақ болып айтыстыру керек па,,,,Өзі бір бөліп аймақ- аймаққа бөлінгенді жақсы көреміз ғой қазақтар. Жүрсін ағадан кейінгі айтысты ұйымдастыруда Ринатты көремін. Себебі, ішкі әділдігі бар. Айтыстың деңгейін алып келеді бірақ, ішкі әділдік деген болу керек. Жанын беретін, соған уақытын аямайтын бірде бір адам Рекең деп ойлаймын. Сондықтан осы айтысты түрлендіріп (түрлендіру деген сорақы қалыпқа түсіп, сайқымазақ қылу емес) керісінше сән -салтанат қосып ерекшелінсе деген ой бар.

Бүгінгі айтыста талап еткен дүние «қыз бен жігіт айтысы». Айтыстың бір саласы. Қыз-жігіт боп айтысу - қырындап ғашық болып, отбасын құрайық деген сөз емес, қыз-жігіт болып отырып, көп нәрсені айтуға болады. Өткенді, бүгінді жеткізуге болады. Қыз бен жігіт айтысы деген арнайы айтыс болмаған. Халыққа қызық болып тұр себебі, қалжың айтуға көп мүмкіндік бар. Әсірелеп әдемі айтуға да мүмкіндік бар. Ер адам мен ер адам айтысына қарағанда.

***Қ.Жалғасбаева*:** *Бұрынғы айтыстарымызда белгілі зиялы адамдар әділқазы мүшесі болатын, сонымен қатар әр айтыс белгілі газеттерге шығып, сын пікірлерін жазатын.*

***Р. Қайыртайұлы*:** Иә, осы бұл дәстүр қырғыз халқында әлі күнге дейін сақталған. Қырғыздардың ерекшелігі осында деп айта аламыз. Өкінішке орай бұл үрдіс бізде жоғалды. Жақында Түркияның айтысына бардым. Түркі халықтарының суырыпсалма және импровизациялық өнеріне байланысты. Сонда түріктердің айтыстарын көрдім. Тілін түсінбеймін дегенменде, Айтысқа деген ықыластары жақсы екен. Сәл бір нәрсені суырып айтса, орыстардың «частушкасы» сияқты (шымшыма айтыс) Түріктерде ұзын сонар айтыс жоқ екен. Қатты бір ұқсастықта жоқ. Бірақ қандарында бар дүние болғасын ба қызығушылығы жақсы екен. Қазіргі таңда айтысты өте көп ұйымдастыруда. Бұрын бізді арнайы шақыртатын. Қазіргі таңда сол жақта оқып жүрген айтыскер ақындарды (Бекарыс Нұриман, Нұрқанат Қайрат, Әсем Ереже) шақыртатын болды. Біздің елде Түркиядан, Өзбекстаннан, Азербайжан, Қырғызстаннан шақырып үлкен айтыстың өткенін өз басым бір рет қана көрдім. Нағыз Халықаралық айтыс деген сол елдің өкілі болуы керек. Қазақ елінде ғана құндылық ретінде үлкен кәсіби деңгейде айтыс дамыды, Жүрсін ағаның арқасында. Бірақ, соны ұстап тұруы үшін үлкен еңбек керек. Қазіргі

жастар, жеңіл ойлайды, жеңіл әзілдерге барады. Тереңдік жоқ. Былайша айтқанда айызыңды қандырмайды.

Қ.Жалғасбавеа**:** *Қазіргі таңда арнайы айтыскер мамандығын дайындайтын оқу орындары бар ма?*

Р. Қайыртайұлы**:** Иә, Алматы қаласында Т.Жүргенов атындағы Өнер Академиясында Айтыскерлерді дайындайтын кафедра бар. Бірақ, көп бала оқымайды оншақты ғана. Астана қаласында Ұлттық Өнер Академиясында да бар. Айтыскер ақын Еркебұлан Қайназаров сонда жұмыс атқарады. Ол жақта тек айтысты емес, жыршылық, сөйлеу әдебі жалпы ақынға не нәрсе керек соның бәрін оқытады. Негізі ол өте жақсы дүние. Былтырлары түлектері бітіріп шықты. Қазіргі таңда айтыста жүр. Атап өтер болсақ, Ниязбек, Дәурен Ысқақ, Айым секілді жастар айтыскер мамандығының түлектері.

Қ.Жалғасбаева**:** *Сұқбатыңызға рақмет!*

ә) Айтыскер ақын Әсем Ережекызымен сұхбат.

Қ.Жалғасбаева**:** *Сәлеметсіз бе, сізді түрік халқының айтысынан жиі көреміз. Түрік халқының айтыстарының ерекшеліктерін айтып берсеңіз.*

Әсем Ережекызы**:** Түрік халықының айтыстарындағы махамдарында аса бір айырмашылық жоқ. Он бір буындыққа бір мақамдары бар. Жеті буындыққа бір мақамдары бар. Айтысының мақамын қара түзең (әуен, мақам) деп атайды. Екі түрлі музыкалық аспаптары бар. Олар Баалама және саз. Айтысқа көбінесе саз аспапбын қолданады. Түрік халқының айтысында аяқ беру (тақырып беру) деген бар. Аяқ берген кезде жеті буынмен берсе, жеті буынмен айтады немесе он бір буындық берсе сол буынмен айтысады. Екі ақында ортаға шығарып, Айтышыма десе олар айтысады. Айтышымаға көбінесе 3-4 ақын шығады. Үшеуі де бір әуенмен айтысады. Біздегі Құлмамбет айтысы сияқты. Бірін бірі жалғап айтады. Қошламаға екі ақын шығады. Сол халықтардың арасында жүріп әуендерінің әр түрлі екенін ажырату қиын. Айтысу барысында Төрт жолды айтып қалған екі жолды қайталап отырады. Айтысу барысында олар ән айтып, өлеңде оқи салады. Айтыстары концерт болып өтеді. Олардың ішінде Атышымасы, ташламасы болады. Ташлама (өлеңмен тас лақтыру) бір бірінің кемшіліктерін теріп бір-бірімен айтысады. Жалпы айтысу алдында кімнің Атышымаға немесе ташламаға шығатынын ескертілмейді. Бірден сахнаға шыққан бойда ортаға шақырып бір тақырып (аяқ береді) беруі де мүмкін, немесе бір күн бұрын тақырыптары белгілі болуы мүмкін. Тағы бір ерекшеліктері біреуіне сен тек ән ғана орындайсың десе, келесі адамға тек өлең оқытуы мүмкін.

Қ.Жалғасбаева**:** *Сұқбатыңызға рақмет!*

3. Жас ақын Райымбек Өтеп. Т.Жүргенов атындағы Өнер Акедемиясының «айтыс мамандығы» бойынша 4-курс студенті.

Қ.Жалғасбаева*: *Өзіңізді таныстырып өтсеңіз.

Райымбек Өтеп: Мен, Райымбек Өтеп. Орал қаласы Қаратөбе ауданының тумасымын. 8- сыныптан бастап айтысқа келдім. Ең алғаш Алматы қаласындағы оқушылар айтысына шықтым, содан бастап айтыста өнер көрсетіп келе жатырмын. Қазіргі таңда Т.Жүргенов атындағы Өнер Академиясында Айтыс өнері бойынша Серік Қалиевтің сыныбында білім жатырмын.

Қ.Жалғасбаева*: *Айтысқа қызығушылығыңды оятуға не себеп болды?

Райымбек Өтеп: Өзімінің қызығушылығым бала кезден болды. Әкем жағынан ақындық қасиет қонған. Айтысқа деген махаббат болғасын айтыста жүрмін.

Қ.Жалғасбаева*: *Айтыста кімдерді үлгі тұтасыз?

Райымбек Өтеп: Барлық ақындарды үлгі тұтамын. Бекарыс Шойбеков, Мұқтар Ниязов, Жандарбек Бұлғақов, Серік Қалиеав және тағыда басқалары.

Қ.Жалғасбаева*: *Ақындығыңды дәлелдеп біз ауыз өлең жолын айтып берсеңіз.

***Райымбек Өтеп*:**

Жыр десе жыр төгетін ұл едім мен
Бұндай кезде болады тілегім кең,
Айтысқа махаббатым ашылды ғой
Өнерге тұнып жатқан бұл өмірден.
Біржан-Сара айтысына келіп қалдық
Бұл айтыста мықтылар көп білемін мен.
Кешегі Біржан менен Саралардың
Жалғастары көп болсын деп тіледім мен.

Қ.Жалғасбаева*: *Ой, бәрекелді. Рақмет!

4. Анкара қаласы, Газ университетінде тағылымдамадан өту барысында алынған сұхбат 17.06.2022ж

Түрік айтыс ақыны Мұстафа Айдын.

***Қ.Жалғасбаева*:** *Сәлеметсіз бе, сізбен танысқаныма өте қуаныштымын. Өзіңізді таныстырып өтсеңіз және ақындық өнерге қалай келдіңіз.*

***Мұстафа Айдын*:**17.01.1963ж Түркияның Карыс қаласының Бейтеп деген жерде дүниеге келдім. Шығармашылық өмірге келуім мектеп жасынан басталған. Лицейде студент болып оқып жүрген кезінде 17-жасында түс көремін. Түсінде бір сұлу қызды көрдім. Түсімде көрген қызды біраз жыл іздедім. Бірақ таппадым. Сөйтіп жүрген кезімде Измирге барып өзіме арнайы саз аспабын сатып алдым. Сол жақта жүріп аспапты меңгеріп, халық әндерін айтуды үйрендім. Араға үш жыл салып өзім оқыған лицейіне келсем, түсімде көрген қызды кесдестірдім. Ол қыз да Қыздар Лицейінде оқиды екен. Сол кезден бастап өзімнің ішкі сырларымды жазып жүрдім. Түсімде көрген қызға арнап «Қар шешегі» деген өлең жазып, сол әуенге ең алғаш әуен (музыка) жазып, түсімде көрген қызға орындап бердім. Әуенде қызға қалай ғашық болғанымды, қызды қалай көргенімді соның бәрін суреттеп баяндайдым. Содан кейін Гази университетінің Педагогика факультетінде оқып жүрген кезімде Мелек деген қызбен танысып, шаңырақ құрдым. Ол да мұғалім болып қызмет атқарған. Мелектен бір ұл, бір қызым болды. Өкінішке орай, Мелек жол апатынан қайтыс болды. Оған арнап өлеңмен хикая дастандар жаздым. Мен сияқты тағдыры ауыр адам жоқ шығар...

***Қ.Жалғасбаева*:** *Ақындық қасиет сіздің бойыңызға ата-анаңыздан дарыған ба?*

***Мұстафа Айдын*:** Маған ақындық өнер әке тарапынан немесе ана тарапынан келді деп ойламаймын. Мен алғаш түс көргеннен бастап маған Аллатағалам бойыма шабыт берді. Сондықтан Илхам (түсінде көрген қыздың аты) менің шабытым. Содан бастап мен сөйлеуді үйрендім. Енді бір нәрсе бар, менің анамның анасы яғни әжем ескі халық әндерін айтып отыратын. Бірақ, мен оны олай қабылдамаймын, маған өнер шабыт арқылы яғни табиғаттан келген деп есептеймін. Ең алғашқы шығарған шығармам сегіз тармақтан тұрды. Сегіз тармақтан тұратын өлшем өлеңмен жазғам. Өлеңдерімде мен көбінесе тармақтарға мән берем. Өлеңдер жасанды болмауы керек.Табиғи шығу керек. Менің жүрегімнен шыққаннан кейін ерекше әсерден туады. Өзіме шығарған арнауымды орындап берейін. (Әнін орындап берді)

***Қ.Жалғасбаева*:** *Ақындық өнерде ұстазыңыз бар ма?*

***Мұстафа Айдын*:** Ең алғаш ақындық өнерге түскен кезде ұстаздардың алдынан өтіп батасын алу керек болады. Қазақтарда айтыскер ақындық ата-бабасынан келген, қанмен келген, ұлттық кодпен келген мәдениет болады. Менде ондай болған жоқ. Менде шабыт арқылы көргеннен кейін маған кішкене қиындау болады. Сондықтан, алдымдағы ақындарды іздедім. Ашық Бисел деген кісі болған көзі көрмейтін. Сол кісінің алдына бата сұрап бардым, мен Карста туылғаным үшін мені қабылдауы өте қиын болды. Саяси мәселелерге байланысты. Маған зарары тимесін деді ма, маған бастасын бермей қойды. Бір жылдан кейін кел деді, бір жылдан кейін барсам, тағы бір жылдан кейін кел деп қайтара берді. Сосын тағы бір жыл барғанымда маған дауысың керемет, бірақ сені қабылдай алмаймыз. Себебі, саясаттың саған салқыны тиіп кетеді деп арада бес -алты жыл өтіп кетеді. Сонда да қайтпай тағы барып, үйінің сыртында шығарған жырымды орындадым. (Жырын орындап берді)

Былтыр келдім, батаңды бермедің
Биыл тағы келіп тұрмын.
Үмітімді үзбедім.
Мен де өнер бар.

Соны тыңдап көр.-дедім. Сол кезде Ашық Бисел қолына аспабын алып, көзі көрмесе де аңырап дауыспенен жауап қайтарды.

Иә, бір жыл бұрын келдің рас бетің қайтардым. Бұл дерт сенің бойыңа да жұққан өнер дерті екен. Сенің көңіліңді қайтармайын деп.- деп жауап қайтарды. Ең соңында риза болған үлкен ұстазым маған былай дейді: Осы үйдің отанасы сенің анаң болады. Менің жеті қызым бар. Алладан ұл сұрадым, бірақ ұл бермеді. Жеті қызым енді сенің қарындас бауырың болады.

Солармен бірге сенің менің жанымда жүресің деп жауап берді. Ең соңында:

Былтыр тағы келдің, батамды берем жан ұлым.
Биыл тағы келдің, батамды берем жан ұлым.
Үлкен үйге келдің, жан ұлым.- деп, мені жан ұлы ретінде қабылдады.

Сонда маған үш шарт қойды. Бірінші, менің сырым сенің сырың болады. Ешқашан осы бағыттан таймайсың. Екінші, осы үйдің әйелі сенің анаң болады. Осы үйдің қыздары сенің қарындас бауырың болады.Үшінші, бұл үйдің қақпасы, есігі саған қашанда ашық. Бұл үйдің есігінен кірген кезде ендігәрі жатырқамай өз үйіңдей жүріп кір. Мен саған батамды берем, деген екен. Осылай өнер жолына түстім.

***Қ.Жалғасбаева*:** *Сұқбатыңызға рақмет!*